Осы сабақтағы тапсырмаларды орындау барысындағы білім алушыларда еңбекқорлық, жауапкершілік, адал еңбек, құрмет және эмпатия сияқты құндылықтар қалыптасады. Жеке тапсырмалар арқылы әр білім алушы өз қарқынымен әрекет етіп, өз ісіне жауапкершілік сезімін дамытады. Жұптық және топтық тапсырмалар арқылы олар бір-бірін тыңдауды, бірлесіп шешім қабылдауды үйренеді. Диалогтар мен сахналық әрекеттер кезінде эмпатия дамып, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін түсіне отырып, өз ойларын жеткізе білу дағдылары қалыптасады. Көркем жазу арқылы кәсіби шеберлікке талпынады, әр әріп пен сөйлемге мән беруді үйренеді. Осылайша құндылықтар тек теориялық тұрғыдан емес, нақты іс-әрекет арқылы бойына сіңіріледі. Бұл білім алушының тұлғалық, әлеуметтік және азаматтық дамуына ықпал етеді.

Сынып	2
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Хабарлы сөйлем
Оқу мақсаты	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу; 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
Құндылық	Әділдік пен Жауапкершілік

«Менің жетістік жолым» тапсырмасы хабарлы сөйлемдер мен нұсқаулық-постер жасау арқылы білім алушыны заң мен тәртіпті сақтауға, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға, жүйелі ойлап, өз жетістіктерін дұрыс жеткізе білуге тәрбиелейді.

Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Жетістік картасын тарату	«Жетістік картасын» әр білім алушыға таратып, тапсырманы түсіндіру	Өз дамуына қатысты мақсаттарын ойластырады (спорт, оқу, өнер)
Суреттер мен тірек сөздерді пайдаланып сөйлем құрастыру	Хабарлы сөйлемнің ерекшелігін түсіндіріп, тірек сөздерді көрсетеді	«Жақсы білім аушы болу ережесін» құрастырып, әр сөйлемді хабарлы етіп жазады (нүкте қояды)
Постер (нұсқаулық) құрастыру	Постер жасау үшін материалдар ұсынады; жетелеуші сұрақтар қояды: - Сен бүгін білім алу үшін не істедің?	Сөйлемдерді жинақтап, логикалық түрде постер құрастырады; хабарлы сөйлеммен өз ойын жеткізеді
Постерді таныстыру және талқылау	Сұрақтар қояды: - Сенің нұсқаулығың басқа балаларға қалай көмектеседі?	Постерді таныстырып, сөйлемдердің маңызын түсіндіреді; өз әрекеттерін

	- Неліктен әр сөйлемді орындау маңызды?	қорғайды, ашықтық пен сенімділікті көрсетеді
Сабақты қорытындылау	«Сенің жазған әрбір сөйлемің – сенің болашақ жетістігіңнің қадамы» деп түйіндейді	Сабақтағы әрекеттерін ой елегінен өткізіп, өз жетістігін бағалайды, ішкі мотивация қалыптасады

Білім алушы хабарлы сөйлемдерді дұрыс құрастыру арқылы өз ойын нақты жеткізуді, әр сөйлемге нүкте қою арқылы ақпаратты толық әрі дұрыс баяндауды меңгереді. Постер жасау барысында білім алушы өз жетістіктерін басқаларға көрсетіп, ашықтық пен сенімділікті дамытады. Сонымен қатар, тірек сөздерді сөйлемге айналдыра отырып, ақпаратты логикалық жүйеде жинақтап, өз ісін жоспарлай білу дағдысын қалыптастырады. Мұның бәрі білім алушыны заң мен тәртіпті құрметтейтін, саналы әрі жауапты тұлға ретінде тәрбиелеуге, әділдік пен шыншылдықты ұстануға, өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалауға және оқу мен өзін-өзі дамытудың өмірлік маңызын түсінуге бағыттайды.

Сынып	2
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Сөйлемдегі сөздердің байланысы
Оқу мақсаты	2.2.5.1 дереккөздерден мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу; 2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен тірек сөздерді, сөйлем, суреттерді пайдаланып, қарапайым постер, құттықтау, нұсқаулық (бұйым жасау нұсқаулығы, қауіпсіздік ережесі) құрастыру
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ

Білім алушылар суреттегі балалардың іс-әрекеттеріне қарап, берілген сызбалар бойынша сөйлем құрастырады. Сөйлемдердегі сөздердің байланысын («кім? не істеді? қандай?») сұрақтар арқылы анықтайды. Суреттегі өзара көмек пен татулық көріністерін тауып, кестені толтырады. Сосын «Мұзайдындағы достық ережесі» постерін жасайды. Педагог әр қадамда бағыттаушы сұрақтар қою арқылы білім алушының өздігінен ойлануына ықпал етеді.

Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Сызба бойынша сөйлем құрастыру 	Суреттегі балалардың әрекетін көрсетіп, тапсырманы түсіндіру; сұрақтар қою	Сызбаға қарап сөйлем құрастыру, сөздердің байланысын сұрақ арқылы анықтау
Кімге көмек керек, кім көмектесті, қандай құндылық көрінеді?	Кесте толтыру жолын көрсету, бағыттау	Суреттегі әр бейнені кестеге түсіру; мысалы, мұзда тайғанаған балаға досы қолынан ұстады (жанашырлық, қамқорлық)

Постер жасау	«Медеудегі достық» ережесін 3-4 тармақтан тұратын нұсқаулық түрінде құруға көмектесу	Сөйлемдерді жинақтап, постерге орналастыру; мейірімділік пен татулықты бейнелеу
Қорытындылау	Әр топ постерін көрсетуге мүмкіндік беру, ерекше құндылық сөздерін атап мадақтау	Постерді таныстыру; әр сөйлемнің мазмұнын түсіндіру; өз тәжірибесімен бөлісу

Бұл тапсырма білім алушыларға жанашырлық, қамқорлық, мейірім, келісім, бірлік және жауапкершілік сияқты құндылықтарды іс-әрекет арқылы тәжірибеде көрсетуге мүмкіндік береді. Сызба мен суреттер арқылы сөздерді дұрыс байланыстыру арқылы білім алушы өз әрекетін ой елегінен өткізіп, қиындық кезінде көмек көрсетуге, досына немесе өзгелерге жанашырлық танытуға үйренеді. Постер жасау барысында білім алушылар бір-бірімен келісімде жұмыс істейді, бір-бірін ренжітпейді, көмек көрсетеді және мейірімділік танытады. Мұндай сабақ барысында білім алушы қоғамдық орындарда қауіпсіздік пен тәртіпке жауапкершілікпен қарайды, өзгелерге қол ұшын созудың маңызын түсінеді және өз мінез-құлқына бақылау жасайды.

Сынып	2
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Сан есім
Оқу мақсаты	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; 2.2.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ - тату болу, бір-бірін сыйлап үйрену; - бірлікте, ортақ мақсатта ынтымақты болуға дағдылану

Жұмыс түрі: мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс, жұптық жұмыс

Сабақтың кезеңі	**Тапсырма**	**Білім алушының әрекеті**
Білімді өзектендіру кезеңі	ЖЖ. Төмендегі суретке сан есімдер мен Бірлік және Ынтымақ құндылықтарын кіріктіре отырып шағын мәтін құрастырып жаз  Тірек сөздер: саяхат, ынтымақ, шатыр, тоғыз, бірлікте	Берілген сурет бойынша тірек сөздерді қолдана отырып, әңгіме құрастырып жазады
	ТЖ. Шығармашылық тапсырма: «Мақалды жалғастырып жаз» *1. Бірлік болмай, ... (тірлік) болмас.* *2. Жүз теңгең болғанша, ... (жүз) досың болсын.*	Топ мүшелері мақалдардағы көп нүктенің орнына жақша ішіндегі сәйкес

	3. Бір кісі қазған құдықтан, ... (мың) кісі су ішеді. *4. Алтау ала болса, ... (жақындағы) кетеді.*	келетін сан есімдерді қойып, жұптастырып жазады
	ЖЖ. Бағыттаушы сұрақтарға жауап беру 1.Мақалдың мағынасын түсіндіру 2. Қай мақалда бірлік пен ынтымақ туралы айтылған?	Мақалға керекті сан есімдерді қойып, жалғастырады; мағынасын түсіндіреді
	Мәтінмен жұмыс «Болжау» әдісі (метроның сурет) Сұрақтарға жауап беру: - Бұл қандай көлік түрі? - Неге үлкен адамдарға орын беру керек деп ойлайсыңдар, метро қанша бекеттен тұрады? - Метро туралы дүниетану, әдебиеттік оқу пәндерінен не оқып, білдіңдер? - Білім алушылардың жауаптарын (экология, көмектесу, жылдам жүреді, т.б.) тыңдап, тақтаға жазып қиюға болады. Метро туралы «Түртіп алу» әдісімен оқып танысамыз. Өздерің бұрыннан білетін ақпаратқа, жаңа оқып біліп отырған мәлімет түсініксіз болса, түртіп аламыз. Мәтіннен Метро сипаттайтын сан есімдерді теріп жазамыз (7 минут, бесеуі, 11 бекет, т.б.). «Болашақтағы метро» (жасампаздық) Метро картасын сызып, тағы бірнеше бекет қоссақ қалай болар еді? Шығармашылық тапсырма: «Болашақтағы метро ұшақ түрінде үлгісі». Білім алушылар өз қиялдарынан Метроға тән материалдарды пайдаланып, жаңа үлгі (дизайн) ойлап табуы керек	Өз пікірін жай сөзбен емес, мәтіннен нақты жолдарды оқып беру (дәлелдеу) арқылы негіздеу дағдысы дамиды. Бірлікте жұмыс жасаған адам кез келген ресурсты игере білсе, құнды дүниеге шығара алатынын біледі.

Педагог білім алушыларды құндылықтарды практикада қолдануға бағыттауы тиіс. Оған білім алушыларға сан есімдерді қолдана отырып, құндылықтарға негізделген сөйлемдер ойлауға мүмкіндік беру жатады. Қабілеті жоғары білім алушыларға сурет арқылы құндылықтарды таңдау мен көрсетуге арналған ойын түріндегі тапсырмалар беру тиімді. Педагог қателіктен қорықпауға назар аударып, тапсырманы орындау барысында білім алушылардың ынтымақта, бірлікпен жұмыс жасауын қадағалауы қажет. Құндылықтарды ұзақ түсіндірмей, «пікірлесу → таңдау → мәтіннен мәлімет алу → қорытынды шығару» тізбегі арқылы меңгерту әдісі әсіресе нәтижелі болып табылады. Мұндай тәсіл білім алушылардың өз ойын еркін білдіруіне, саналы шешім қабылдауына және іс-әрекетінде мейірімділік, жанашырлық пен жауапкершілік сияқты құндылықтарды іс жүзінде қолдануға үйретеді.

Сынып	2
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Диалог. Монолог
Оқу мақсаты	2.1.3.1 күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға байланысты сөйлеу мәдениетін сақтап, диалогке қатысу
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

1- тапсырма (қолдану, сөйлеу дағдысын дамыту): ЖЖ *«Диалог құрастыру»*

Жағдаят: Әли мен Айдана қазақ тілі сабағында диалогқа түсіп тұр. Сендер де диалог құрастырыңдар.

Тапсырма: Жұппен диалог құрастыру

Нұсқаулық:

- еңбекқор адам қандай болатынын айт;
- бір мамандықты таңдау (дәрігер, мұғалім, құрылысшы, аспаз, т.б);

Сол маманның жақсы жұмыс істеу үшін не істеу керек екенін айт. Кемінде 4 диалог болу керек.

Үлгі:

- Сен өскенде қандай маман иесі болғың келеді?
- Ол маман еңбекқор болу керек, себебі.....

Тапсырма	**Педагог**	**Білім алушы**
Мақсаты: білім алушылардың сөйлеу дағдысын, диалог құру қабілетін дамыту, мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, еңбекқорлық ұғымын түсіндіру 	- Педагог суретте Әли мен Айдана не туралы сөйлесуі мүмкін екенін ойға салады, білім алушылар өз болжамдарын айтады. - Педагог білім алушыларды екі-екіден жұптастырады. - Тақтаға түрлі-түсті мамандық иелерінің суреттері ілінеді. - Білім алушылар жұптасып, тақтадан бір мамандық суретін таңдап алып, сол мамандық бойынша диалог құрады. - Диалогты құру кезінде келесі критерийлерге назар аударылады: 1) Диалог кем дегенде 4 сөйлемнен тұруы керек. 2) Жұптар еңбекқор адам қандай болатынын айтып, таңдалған мамандық туралы сөйлеседі. 3) Монолог пен диалогты ажырата білу. - Педагог сыныптағы барлық жұптардың диалогтарын тыңдап, кері байланыс береді	- Жұппен диалог құру арқылы сөйлеу және диалог құру дағдысы дамиды. - Мамандықтар туралы білімдері кеңейеді. - Өз ойын нақты және логикалық түрде жеткізуге үйренеді. - Ауызекі сөйлеу тілі жетіледі

Түйін: Көп еңбектенген адам өз мамандығын жетік меңгеріп, кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігін арттырады. Еңбекқорлық – табысқа жетудің және қоғамға пайда әкелудің негізгі жолы.

Сынып	2
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Мәтін және оның түрлері

Оқу мақсаты	2.2.1.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу/сипаттау/ пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау		
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік		
Тапсырма атауы	**Мазмұны / Жұмыс барысы**	**Білім алушының әрекеті / дағдысы**	**Сөйлемді жалғастыруға көмек**
Шығармашылық тапсырма: Жағдаятты жалғастыру	- Мәтін: «Сыныпта Айша мен Данияр бірдей сурет салады. Мұғалім қайсысы бірінші салғанын сұрады. Данияр шындықты айту керек екенін білді…» - Білім алушылар мәтінді 5-6 сөйлеммен жалғастырады. - Жұмысқа 7 минут беріледі. - Уақыт аяқталған соң білім алушылар өз мәтіндерін оқып береді.	- Әңгімелеу мәтінін логикалық түрде жалғастырады. - Сыни ойлау және шығармашылық қабілеті дамиды. - Өз ойын жазбаша жеткізу дағдысы қалыптасады. - Әділдік пен шындықты айту құндылығын түсінеді.	✔ Данияр шындықты айтты. ✔ Мұғалім оның адалдығын мақтады. ✔ Айша да қуанды, себебі әділ шешім қабылданды. ✔ Балалар шындық айту маңызды екенін түсінді. ✔ Сыныпта достық пен сенім артты.

<u>Түйін:</u> Әділдік пен жауапкершілік бір-бірімен байланысты

Сынып	2
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Сан есім
Оқу мақсаты	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ

ТЖ «Күш-бірлікте». Мәтінмен жұмыс

Мақсаты: сан есімдерді дұрыс қолдану дағдысын дамыту, есептеу және логикалық ойлау қабілетін жетілдіру арқылы білім алушыларға бірлік пен ынтымақтың ортақ мақсатқа жетудегі маңызын түсіндіру.

Жұмыс барысы	**Білім алушының әрекеті**
- Мәтін оқылады: *«Мектеп ауласында бес қыз және жеті ұл ойнап жүр. Олар бірлесіп үш топқа бөлінді. Әр топтағы балалар саны тең болу үшін қанша бала бір топта болу керек?»* **Тапсырмалар:** 1. Мәтіндегі сан есімдерді тауып, астын сызу. 2. Әр топқа қанша баладан тиесілі екенін есептеу. **Ұйымдастыру:** - Педагог білім алушыларды сандар арқылы топқа бөледі.	- Сан есімдерді мәтіннен табады. - Сан есімдерді басқа сөз таптарынан ажыратады. - Оқып отырып есеп шығарады. - Топпен жұмыс жасау дағдысы дамиды. - Логикалық және шығармашылық ойлау қабілеті жетіледі. Дескриптор: - мәтіндегі сан есімдерді табады;

- Әр топқа карточка, А3 қағазы және маркерлер беріледі. - Топтар тапсырманы орындайды. - Әр топтан бір білім алушы шығып, жұмысын қорғайды.	- балалардың жалпы санын анықтайды; - оларды үш топқа тең бөлу үшін есеп шығарады; - нәтижені постерге түсіріп, топ атынан қорғайды.

Тапсырманы орындау барысында білім алушылар бірлік пен ынтымақтың маңызын түсінеді, бірлесіп жұмыс істеудің тиімді екенін ұғынады. Ортақ мақсатқа жету үшін өзара қолдау көрсету, жауапкершілікті бөлісу және бірге әрекет ету қажеттігін сезінеді.

Сынып	3
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Тұрлаулы мүшелер
Оқу мақсаты	3.3.7.2 мұғалімнің көмегімен бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын білу және қою; 3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы бастауыш, баяндауыш және тұрлаусыз мүшелерін ажырату
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ Дәйексөз «Бірлік болмай, тірлік болмас»

ТЖ «Ынтымақ көпірі»

Мақсаты: бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаны меңгеру және сөйлем мүшелерін ажыратуды үйрену

Тапсырманың барысы: білім алушыларға «Көмекке мұқтаж сөйлемдер» туралы хикая айтылады. Сөйлемдердің бастауыштары мен баяндауыштары араздасып, ортасындағы «көпірлері» (сызықшалары) сынып қалыпты. Білім алушылар татулық пен келісімнің арқасында осы сөйлемдерді құрастырып, көпірді жөндеуі керек.

Кезең / Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
1-кезең: Көпірді жөндеу Мысалы: Көптің бірлігі - жеңілмейтін күш Жанашырлық - ізгіліктің белгісі Татулық - табылмас бақыт Мейірімді адам - айналасына шуақ шашатын күн	«Көмекке мұқтаж сөйлемдер» туралы хикая айтып, топтарға қиылған сөздер таратады Сызықшаның қойылу ережесін еске түсіреді Ынтымақтастыққа бағыттайды	Қиылған сөздерден мағыналы сөйлем құрастырады Бастауыш пен баяндауышты сәйкестендіріп, зат есімнен болған жағдайда арасына сызықша қояды Бір-біріне көмектеседі
2-кезең: Тұрлаулы мүшелерді анықтау Сөйлемдер құрастырылып болған соң, оқушылар келесі схема бойынша жұмыс істейді: Кім? Не? сұрақтарына	Сөйлемдерді талдаудың алгоритмін ұсынады (Кім? Не? Не істеді?) Түрлі-түсті қалам қолдануды ұсынады	Сөйлемнен бастауышты бір сызықпен, баяндауышты екі сызықпен сызады

жауап беретін сөздің астын бір сызықпен (Бастауыш) сызады. Не істеді? Кім? Не? (есім сөздерден болғанда) сұрақтарына жауап беретін сөздің астын екі сызықпен (Баяндауыш) сызады. Бастауыш та, баяндауыш та зат есімнен болғанда арасына қойылған сызықшаны қызыл қаламмен белгілейді.	Бағыт-бағдар береді	Зат есімнен болған мүшелер арасына қойылған сызықшаны белгілейді
3-кезең: Жүректен жүрекке Мысалы: «Жанашырлық - ізгіліктің белгісі» деген сөйлемді талдаған топ, мейірімді болудың маңызы туралы 1-2 сөйлем айтып өтеді.	Әр топқа сөйлем мағынасын түсіндіруді ұсынады Құндылықтық мазмұнға назар аудартады Қорытынды жасайды	Өздері құрастырған сөйлемнің мағынасын түсіндіреді Мысал келтіреді Құндылық туралы 1-2 сөйлем айтады
Бағалау кезеңі	Критерий бойынша кері байланыс береді Ынтымақтастық пен белсенділікті атап өтеді	Өз жұмысын және топ жұмысын бағалайды Қателерін түзетеді

Қалыптасатын дағдылар:

- бастауыш пен баяндауышты ажырату;
- сызықшаның қойылу орнын дұрыс анықтау;
- мағыналы сөйлем құрастыру;
- топта бірлесіп жұмыс істеу;
- өз ойын дәлелдеп айту

Бұл тапсырма арқылы білім алушылар тек грамматикалық ережені меңгеріп қана қоймай, бірлік пен өзара көмектің нәтижеге жеткізетінін іс жүзінде түсінеді. «Ынтымақ көпірін» бірге тұрғызу барысында білім алушылар татулық, жауапкершілік, жанашырлық және өзара қолдау құндылықтарының маңызын сезінеді. Бірлескен әрекет арқылы «Бірлік болмай, тірлік болмас» қағидасының өмірлік мәнін ұғынады.

Сынып	3
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Қыстырма сөздер
Оқу мақсаты	3.3.7.1 қаратпа, қыстырма сөздерді ажырату және тыныс белгілерін дұрыс қою; 3.3.5.1 жіберілген пунктуациялық орфографиялық грамматикалық қателерді мұғалімнің көмегімен тауып, түзету
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Дәйексөз «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»

Тапсырма: Батырдың өсиеті *(шығармашылық-ізденіс жұмысы)*

Мақсаты: сөйлем ішінен қыстырма сөздерді тану, олардың тыныс белгілерін (үтір) дұрыс қою және отансүйгіштік сезімін ояту

Кезең / Тапсырма	Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті
Мәтінмен жұмыс Ұрпағым, меніңше туған жердің әр тасы алтыннан да қымбат. Әрине батырлық білекте емес, жүректе болады. Сөзсіз Отанды сүю - бабалар аманатына адалдық. Мүмкін сен де ертең ел қорғайтын азамат боларсың. Туған елдей ел болмас, сірә!	Батырдың «өсиет хатын» ұсынады, тапсырманың мазмұнын түсіндіреді Қыстырма сөз туралы ережені еске түсіреді	Мәтінді мұқият оқиды Қыстырма сөздерді табады («меніңше», «әрине», «сөзсіз», «мүмкін», «сірә»)
Пунктуациялық түзету - Мәтінді оқып, қыстырма сөздерді табады - Қыстырма сөздердің екі жағынан (немесе бір жағынан) тиісті үтір белгілерін қояды - Қыстырма сөздердің сөйлемге қандай мағына (сенімділік, күмән, ой иесін білдіру) үстеп тұрғанын айтады	Қыстырма сөздердің тыныс белгісін қою жолын бағыттайды Интонация арқылы пауза жасатып оқытады	Қыстырма сөздердің екі жағынан (немесе бір жағынан) үтір қояды Дұрыс тыныс белгісін қоя отырып мәтінді түзетеді
Мағыналық талдау	Қыстырма сөздердің мағыналық рөлін сұрайды (сенімділік, күмән, пікір білдіру)	Әр қыстырма сөздің сөйлемге қандай реңк үстеп тұрғанын түсіндіреді
Шығармашылық жалғастыру	Білім алушыларға батырдың атынан немесе ұрпақ атынан қысқа жауап хат жазуды ұсынады	Қыстырма сөздерді қатыстырып шағын мәтін немесе жауап хат жазады
Кері байланыс («Үш үтір» әдісі)	Білім алушылардан сабақ әсерін қыстырма сөздер арқылы айтуды сұрайды	Өз ойын қыстырма сөздерді қолданып жеткізеді («Меніңше,... Әрине,... Сірә,...»)

Педагогтерге арналған ұсыныстар:

- интонациямен жұмыс: қыстырма сөздерді оқығанда міндетті түрде кідіріс жасатып, тыныс белгісінің қажеттілігін сезіндіру;

- рөлдік ойын: бір білім алушыға «Батыр» рөлін беріп, өсиетті мәнерлеп оқыту;

- эмоциялық әсерді күшейту: мәтінді баяу, салмақты әуенмен тыңдатуға болады;

- кері байланыс: «Үш үтір» әдісі арқылы сабақтан алған әсерін қыстырма сөздермен айтқызу.

Бұл тапсырма арқылы білім алушы тілдік нормаларды меңгерумен қатар, туған жерге деген сүйіспеншілік, тарихи жадыға құрмет және батырлар аманатына адал болу құндылықтарын жүрегімен сезінеді. Қыстырма сөздерді

дұрыс қолдану арқылы ойын әсерлі жеткізе отырып, азаматтық жауапкершілік пен отансүйгіштік қасиеттерін дамытады.

Сынып	3
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Қыстырма сөздер
Оқу мақсаты	3.1.7.1 сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі-сембі, жауынгер-жауыңгер); 3.1.2.1* баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік Дәйексөз «Жауапкершілік адамды адам етеді»

Тапсырма: Естір құлақ – әділ төреші (диалогтік жұмыс)

Мақсаты: сөз ішіндегі дыбыстардың айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылықты (үндесуді) тану, жауапкершілікпен анық сөйлеуге дағдылану.

Кезең / Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Топқа бөлу	«Жауапкершілік - адамның сөзі мен ісінің үндесуі» деген ойды айтады. Сыныпты «Сөйлеушілер» және «Төрешілер» топтарына бөледі	Өз рөлін қабылдайды, топ ішінде міндеттерін бөліседі
Дыбыстық жаттығу	Карточкадағы сөздерді ұсынады (сенбі, жауынгер, күмбір, көнбіс). Жазылуы мен айтылуының айырмашылығын еске түсіреді	Сөздерді алдымен жазылуы бойынша, кейін үндесу заңына сәйкес (сембі, жауыңгер, күмбір, көмбіс) анық әрі баяу оқиды
Бағалау кезеңі	«Төрешілерге» әділ бағалау критерийін түсіндіреді. Сыпайы кері байланыс үлгісін көрсетеді	Дыбыстық үндесуді тыңдап, әділ бағалайды. «Әділ әрі жауапты сөйлеуші» белгісін береді. Пікірін мәдениетті түрде жеткізеді
Мәтіндік жұмыс	Мәтінді оқытады: «Әділ бала әрқашан шындықты айтады...». Талдау сұрақтарын қояды	Мәтінді оқиды, жауапкершілік туралы ойды түсіндіреді. Қарамен берілген сөздің дұрыс айтылуын анықтайды
Қорытындылау	Дыбыстық үндесу мен адам бойындағы үйлесімділік арасындағы байланысты түсіндіреді	Үндесудің тек тілдік емес, өмірлік үйлесім екенін тұжырымдайды

Бұл жұмыс 3.1.7.1 және 3.1.2.1 оқу мақсаттарына сәйкес келеді. Дыбыстардың үндесу заңы теория жүзінде емес, практикалық сөйлеу әрекеті арқылы меңгеріледі.

Білім алушылар «төреші» рөлінде бола отырып, әділ бағалауды, жауапкершілікпен пікір айтуды үйренеді. Дыбыстардың бір-бірімен үндесіп,

үйлесім табуы сияқты, адамдар да қоғамда әділдік пен сыйластық арқылы үндесуі керектігін түсінеді.

«Жауапкершілік адамды адам етеді» қағидасы негізінде бала өз сөзіне, дыбысты анық айтуына және бағалауына жауапты болуды үйренеді.

Педагогтерге арналған ұсыныстар:

- «Дыбыстық айна» әдісі: білім алушылар бір-бірінің ерін, тіл қимылын бақылап, дыбыс өзгерісін сезінеді;

- адамгершілікке негізделген бағалау: «Дұрыс / бұрыс» деудің орнына, жетілдіру жолын ұсынуды үйрету;

- салыстырмалы жұмыс: орфографиялық және орфоэпиялық нұсқаларды қатар көрсету;

- интонациялық жаттығу: сөздерді баяу, буынға бөліп айтқызу.

Бұл тапсырма арқылы білім алушылар дыбыстық үндесуді меңгерумен қатар, сөз бен істің үйлесуі жауапкершіліктің белгісі екенін түсінеді. Өз сөзін анық айтуға жауапкершілікпен қарау арқылы әділдік, сыйластық және мәдениетті қарым-қатынас құндылықтарын бойына сіңіреді.

Сынып	4
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Тіл және сөйлеу
Оқу мақсаты	4.1.1.1 тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Жұмыс түрі: мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс

Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс 1) Мәтінді мәнерлеп оқу 2) Негізгі ойды анықтау 3) Тірек сөздерді табу	- Білім алушыларды 3-4 топқа бөледі - Мәтінді тұтас оқуды ұйымдастырады - Әр топтан бір білім алушыға мәнерлеп оқытады - Негізгі ойды анықтауға бағыттаушы сұрақтар қояды - Тірек сөздерді табуды түсіндіреді	- Мәтінді мұқият тыңдайды және оқиды - Мәнерлеп оқуға қатысады - Мәтіннің негізгі ойын анықтайды - Тірек сөздерді дәптерлеріне белгілейді
2-тапсырма. «Ақиқат немесе жалған» 	- Білім алушыларды шағын топтарға бөледі - Әр топқа мәтін бөліктері жазылған қима қағаздарды таратады - Тақтаға «Ақиқат» және «Жалған» құмыраларын іледі	- Қима қағаздағы сөйлемдерді оқиды - Пікірдің ақиқат немесе жалған екенін анықтайды - Сөйлемдерді тиісті құмыраға орналастырады - Топта өз пікірін дәлелдейді

	- Тапсырманың орындалуын бақылайды, бағыт береді	
ЕБҚ білім алушыларға қолдау	- Тапсырманы ықшамдап ұсынады - Тірек сөздердің астын сызу немесе бояу сияқты жеңілдетілген нұсқа береді - Қосымша уақыт береді - Әр талпынысты мадақтайды	- Тірек сөздерді белгілейді немесе бояйды - Сурет арқылы сөйлемді аяқтайды - Қарым-қатынасқа қатысуға талпынады
«Ойды аяқта» әдісі	- Сөйлемнің басын айтады - Сурет немесе тірек арқылы аяқтауға бағыттайды	- Сөйлемді аяқтайды - Қарапайым тілдік қарым-қатынасқа түседі

Берілген тапсырмалар арқылы білім алушылар туған жердің байлығы мен кеңдігін танып, елге деген мақтаныш сезімін қалыптастырады. Топпен жұмыс жасау барысында бір-бірін тыңдау, пікірін құрметтеу, ортақ шешімге келу дағдылары дамиды. «Ақиқат немесе жалған» тапсырмасы шындықты ажыратуға, әділ пікір айтуға үйретеді. Диалог пен бірлескен әрекет арқылы жанашырлық, өзара сыйластық, жауапкершілік сияқты адами қасиеттер нығаяды.

Сонымен қатар «Еңбек адамы» құндылығы негізінде еңбексүйгіштікке, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, табысқа жету үшін еңбек етудің маңызын түсінуге тәрбиелейді. Нәтижесінде білім алушылар бойында отаншылдық сезім, адалдық, бірлік пен өзара түсіністікке негізделген мінез-құлық қалыптасады.

Сынып	4
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Сөз және оның мағынасы
Оқу мақсаты	4.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; 4.2.2.1 тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Жұмыс түрі: мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс

Тапсырма / кезең	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Мәтінмен жұмыс (4-жаттығу «Теңізші»)	- Мәтінді тізбектей оқуды ұйымдастырады - Оқу барысында теңізші мамандығының қиындығы мен қызығына назар аудартады - Сұрақ қояды: 1) Теңізші болу үшін адам бойында қандай қасиеттер болуы керек?	- Мәтінді кезекпен оқиды - Мамандықтың ерекшелігін түсінеді - Батылдық, төзімділік, өжеттілік, адалдық сияқты қасиеттерді атайды

Мәтінді талдау (топтық жұмыс)	- Топтарға тапсырма береді: мәтіндегі теңізшінің іс-әрекеті арқылы оның мамандығын қалай жақсы көретінін табу - Талқылауға бағыт береді	- Мәтінді талдайды - Теңізшінің жауапкершілігі мен еңбексүйгіштігін анықтайды - Өз ойларын топта талқылайды
Білімді өзектендіру: сөздік жұмыс	- Негізгі сөздердің мағынасын түсіндіреді - Антоним, синонимдерді анықтауды ұсынады	- Сөздердің мағынасын түсінеді - Антоним және синонимдерін табады - Сөздік қорын байытады
«Кеме капитаны» ойыны (топтық жұмыс)	- Әр топқа мамандыққа қатысты сөздер береді - Сөздің мағынасын түсіндіруді және мамандықтың қоғамға пайдасын айтуды тапсырады - Қимыл-қозғалыспен немесе шағын сахналаумен көрсетуге бағыттайды	- Мамандық атауын түсіндіреді - Оның қоғамға тигізер пайдасын айтады - Рөлдік қимылдар арқылы көрсетеді - Топ алдында қорғайды

«Еңбек адамы» қағидаты:

Бұл тапсырмалар білім алушылардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Теңізші бейнесі арқылы олар қиындықтан қорықпау, тәртіп сақтау, өз ісіне адал болу керектігін түсінеді. Мамандықтар туралы талқылау әр еңбектің қоғам үшін маңызды екенін ұғындырып, «мамандықтың жаманы жоқ, еңбектің адалы бар» қағидасын санасына сіңіреді.

Сонымен қатар «Еңбек адамы» қағидаты арқылы адал еңбек пен табандылықтың адамды жетістікке жеткізетіні, өз мамандығын сүйіп атқарған адамның қоғамға пайда әкелетіні түсіндіріледі. Топтық жұмыс барысында бір-бірін тыңдау, пікірін құрметтеу, ортақ шешім қабылдау дағдылары дамып, өзара сыйластық пен ынтымақтастық нығаяды.

Сынып	4
Пәні	Қазақ тілі
Тақырыбы:	Қарсы мәнді сын есімдер
Оқу мақсаты	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; 4.3.5.1 стилистикалық қателерді мұғалімінің көмегімен анықтап, түзету; жазба жұмысын пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық нормаларға сәйкес өз бетінше редакциялау
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік Жасампаздық және Жаңашылдық

Мәтінмен, жұптық және топтық жұмыс

Тапсырма / кезең	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Білімді өзектендіру. Жұптық жұмыс: «Адал азаматтың бейнесі»	- Сын есімдерге қарсы мәнді сөздерді табуды ұсынады	- Қарсы мәнді сөздерді жазады

	- Қасиеттерді жағымды және жағымсыз топтарға бөлуді түсіндіреді	- Адал азаматқа тән қасиеттерді ажыратады - Жағымсыз қасиеттерді бөлек топтастырады
Топтық жұмыс: «Мақалдың мәнін аш»	- Мақалдардағы бос орындарға қарсы мәнді сын есімдерді қоюды тапсырады - Мақал мағынасын түсіндіруге бағыт береді	- Қарсы мәнді сөздерді дұрыс қояды - Мақалдардың тәрбиелік мәнін түсіндіреді - Өз ойларын топта талқылайды
Жұптық жұмыс: «Сәйкесін тап» (кестемен жұмыс)	- Сын есімдерді қарсы мәнді сөздерімен сәйкестендіру тапсырмасын береді - Орындау жолын түсіндіреді	- Сөздерді салыстырады - Қарсы мәнді жұптарды дұрыс сәйкестендіреді
Мәтінмен жұмыс: «Болжау» әдісі (Марс)	- Марс ғаламшарының суретін көрсетеді - Бағыттаушы сұрақтар қояды - Жауаптарды тақтаға жазып отырады - «Түртіп алу» әдісімен мәтін оқуды ұйымдастырады	- Марс туралы өз білімдерін айтады - Жаңа мәліметтерді түртіп алады - Бұрынғы және жаңа ақпаратты салыстырады
Сын есімдермен жұмыс	- Мәтіннен Марсты сипаттайтын сын есімдерді табуды ұсынады - Қарсы мәнді сын есімдер табуға бағыттайды	- Сипаттайтын сөздерді теріп жазады - Қарсы мәнді сын есімдерді табады
Шығармашылық тапсырма: «Ғарыштық дизайн»	- Марс түсін өнерде немесе өндірісте қолдану туралы ойлануға бағыттайды - Марс тозаңынан жасалған киім немесе көлік үлгісін ойлап табуды ұсынады	- Жаңа дизайн идеяларын ұсынады - Марс түстерін пайдаланып үлгі жасайды - Өз жұмысын таныстырады

Берілген тапсырмалар білім алушылардың бойында адалдық, жауапкершілік, мейірімділік және тәртіптілік сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Қарсы мәнді сөздермен жұмыс арқылы олар жақсы мен жаманды ажыратып, «адал азаматқа» тән мінез-құлықты түсінеді. Мақалдардың мағынасын ашу өмірлік тәжірибемен байланысты ойлау дағдысын дамытады. Марс туралы мәтін мен шығармашылық жұмыс білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, жасампаз ойлауын дамытады. Нәтижесінде білім алушылар кез келген ресурсты тиімді пайдаланып, пайдалы әрі құнды дүние жасауға болатынын түсінеді, өз ойларын еркін жеткізуге және бірлесіп жұмыс істеуге үйренеді.

Сынып	4
Пәні	Қазақ тілі

Тақырыбы:	Жіктеу есімдіктерінің септелуі
Оқу мақсаты	4.2.4.1 мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; 4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық

Жұмыс түрі: мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс

Тапсырма / кезең	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Мәтінмен жұмыс (47-жаттығу «Гүлді жұлма»)	- Білім алушыларды топқа бөледі - Мәтінді күбірлеп оқуды ұйымдастырады - Сұрақтар қояды: 1) Тақырып мазмұнға сай ма? 2) Негізгі ой қандай?	- Мәтінді топта оқиды - Тақырып пен мазмұнның сәйкестігін талқылайды - Негізгі ойды анықтайды
Негізгі ойды мақал-мәтелдер арқылы ашу	- «Бір тал кессең, он тал ек», «Гүл өссе, жердің көркі» мақалдарының мағынасын түсіндіруге бағыт береді	- Мақалдардың мәнін түсіндіреді - Табиғатты қорғау идеясымен байланыстырады
Талқылау сұрақтары	Сұрақтар қояды: - Автор неліктен «гүлді жұлма» деп ескертеді? - Қандай адами қасиет туралы айтылып тұр?	- Табиғатқа қамқорлық, жанашырлық, жауапкершілік туралы ойларын айтады
Эмпатияны дамыту: «Сезімтал жүрек»	- Кестедегі жағдаяттарды ұсынады - Гүлдің сезімін елестетуге бағыттайды	- Жағдаяттарды талдайды - Гүлдің «сезімін» сипаттайды - Өз әрекетін ұсынады
Шығармашылық жұмыс: «Гүлдің хаты»	- Эссе жазуға бағыт береді - Сұрақтар ұсынады: гүл адамдарға не айтқысы келеді? өзін қалай қорғайды?	- Қысқаша эссе жазады - Табиғатты қорғау туралы ойын жеткізеді

Сынып	2
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Ә.Табылды. Оспантайдың ойыны
Оқу мақсаты	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқымен іс-әрекетін бағалау
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Тапсырма: Кейіпкерлер үні және менің таңдауым (жеке жұмыс)

Білім алушылар мәтін мазмұнына сүйене отырып, кестені жеке орындайды. Тапсырманың мақсаты: мәтіннен алған ақпаратты жүйелеу және оны білім алушының ішкі құндылықтарымен байланыстыру.

Кезең / Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Кестемен таныстыру	Кестенің мақсатын түсіндіреді: кейіпкерлер әрекетін бағалау және	Кесте құрылымымен танысады, тапсырма шартын түсінеді

	жеке көзқарасын білдіру Бағандарды қалай толтыру керектігін үлгі арқылы көрсетеді	
Мәтінге қайта оралу	Негізгі оқиғаларды еске түсіреді. Бағыттаушы сұрақтар қояды: - Оспантайдың қателігі неде? - Отбасы не айтты?	Мәтіннен қажетті ақпаратты іріктейді Кейіпкер сөздері мен іс-әрекетін анықтайды
Кестені толтыру	«Сенің пікірің» бағанында негіздеме жазуды талап етеді (мақал-мәтел, тұжырым арқылы)	Кейіпкер әрекетін бағалап, өз пікірін жазады. «Денсаулық - басты байлық», «Тәртіпті бала сөзінде тұрады» сияқты дәлелді ой айтады
Талдау және қорытынды	Сұрақтар қояды: - Оспантай қандай сабақ алды? - Тәртіп бізді қалай қорғайды?	Өз ойын тұжырымдайды, себеп-салдарлық байланысты анықтайды. Жеке таңдауын айтады

Кейіпкерлердің іс-әрекеті мен сөздеріне салыстырмалы талдау жасау арқылы білім алушының сыни ойлауы дамиды, оқиғаның себеп-салдарын анықтау дағдысы қалыптасады.

Оспантайдың қателігі мен отбасы мүшелерінің ескертулері арқылы «заң мен тәртіп», өзін-өзі бақылау, уақытты тиімді пайдалану қағидаларының өмірлік маңызы ұғындырылады. Білім алушы дұрыс пен бұрысты ажыратып, жауапкершілік танытуға, тәртіпке ішкі сеніммен бағынуға үйренеді.

Бұл тапсырмаларды орындау барысында білім алушы:

- өз денсаулығын сақтаудың маңызын түсінеді;
- әр әрекеттің (мысалы, компьютер ойнаудың) салдары бар екенін ұғынады;
- негізгі ақпаратты іріктеп, оны жүйелеу дағдысы қалыптасады;
- отбасылық ынтымақтастық пен үлкендердің ақыл-кеңесін құрметтеуді үйренеді;
- жеке шешім қабылдауға дағдыланады.

Білім алушы бойында:

- өз уақыты мен денсаулығына жауапкершілікпен қарау;
- пайда мен зиянды ажырата білу;
- саналы таңдау жасау;
- жанашырлық таныту;
- ішкі тәртіп пен өзін-өзі бақылау қасиеттері қалыптасады.

Бұл тапсырма білім алушыны жалаң мораль айтудан сақтайды, себебі ол кейіпкер әрекетін өз бетінше бағалап, қорытынды жасайды.

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:

- «Сенің пікірің» бағанында қысқа әрі мағыналы негіздеме жазуды талап ету;
- қабілеті жоғары білім алушыларға күрделі сұрақтар қою:

1) Оспантай бұл жағдайдан қандай сабақ алды?

2) Қарындасының жылағаны оны неге ойландырды?

3) Тәртіп бізді қауіптен қалай сақтайды?

- тапсырманы «компьютер - зиян» деген ұстаныммен емес, «технологияны пайдалану мәдениеті мен жеке тәртіп - адал азаматтың белгісі» деген заманауи көзқараспен қорытындылау.

Бұл тапсырмаларды орындау арқылы білім алушы кейіпкер әрекетін саралай отырып, өз өміріне жауапкершілікпен қарауды, тәртіпке саналы түрде бағынуды және денсаулық пен уақыттың қадірін білуді үйренеді. Ішкі бақылау мен саналы таңдау - адал азаматтың басты белгісі екенін түсінеді.

Сынып	2
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Қ. Мырза Әли. Қазақша күрес
Оқу мақсаты	2.2.2.1 сұрақ қою және жауапты мәтіннен табу
Құндылық	Заң және Тәртіп

Тапсырма: «Адал қадам» ойыны (қозғалыс арқылы таңдау). Сыныптың бір жағы - «Дұрыс әрекет», екінші жағы - «Бұрыс әрекет» деп белгіленеді. Педагог әрекеттерді оқиды, білім алушылар өз таңдауы бойынша тиісті жаққа барып тұрады.

Әрекеттер:

- ✔ Балуан ережені сақтады;
- ✘ Қарсыласын итерді;
- ✔ Жеңген соң қарсыласына қол берді;
- ✘ Мақтанып кетті;
- ✔ Әділ күресті.

Әр әрекеттен кейін педагог: «Неге бұл жаққа тұрдың?» - деп сұрайды. Бұл сұрақ білім алушының өз таңдауын мәтінмен байланыстырып дәлелдеуіне, жауапкершілік алуына және «Заң мен тәртіп» қағидаларын саналы түсінуіне мүмкіндік береді.

Кезең / Тапсырма	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**
Ойын шартын түсіндіру	«Дұрыс» және «Бұрыс» аймақтарын белгілейді, ережені түсіндіреді	Ойын ережесін тыңдайды, түсінеді
Әрекеттерді ұсыну	Әр жағдаятты оқиды	Өз таңдауы бойынша тиісті жаққа орналасады
Дәлелдету кезеңі	Жасаған таңдауын сұрайды Жасаған таңдауына мәтіннен дәлел сұрайды	Таңдауын мәтінмен байланыстырып түсіндіреді, нақты жолдарды келтіреді
Қорытындылау	Дұрыс әрекеттің мәнін, тәртіп пен әділдіктің маңызын түйіндейді	Өз шешіміне жауапкершілікпен қарайды, қорытынды жасайды

Бұл ойын белсенді қозғалыс арқылы ойландыруға негізделген. Білім алушылар мәтіннен дәлел тауып, сұрақтарға жауап беру дағдысын бекітеді. Қозғалыс элементі зейінді арттырып, қызығушылықты күшейтеді. Спорттық этика мысалында «Заң мен тәртіп» қағидалары (ережеге бағыну, әділдік, құрмет) өмірлік ұстаным ретінде түсіндіріледі. Білім алушы өз мінез-құлқын бағалауға және кез келген жағдайда ережені сақтаудың маңызын түсінуге дағдыланады.

Бұл қимыл қозғалыс ойынын ойнау арқылы білім алушы:

- дұрыс пен бұрысты саналы түрде ажыратады;
- таңдау жасау және сол таңдауға жауап бере алады;
- мәтіннен дәлел келтіреді;
- өзгенің пікіріне құрметпен қарайды;
- тез шешім қабылдап, әділ қорытынды шығара алады.

Білім алушы бойында шыншылдық, әділдік, жауапкершілік, құрмет көрсету, ережеге бағыну, қарсыласын итермеу, жеңген соң қол беру сияқты әрекеттер арқылы өзгенің еңбегін бағалау және т.б. қасиеттер қалыптасады. Ойын ережесіне бағыну арқылы заң мен тәртіптің бәріне ортақ екені түсініледі.

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:

- тек «дұрыс / бұрыс» деп шектелмей, міндетті түрде дәлел сұрау;
- әлсіз білім алушыға мәтіннің тиісті бөлігін нұсқап, қолдау көрсету;
- сұрақтар қою:

1) Балуанның бұл әрекеті адал ма?

2) Егер бәрі ережені бұзса, ойын неге айналар еді?

- құндылықтарды «қозғалыс → таңдау → мәтіннен дәлел → қорытынды» тізбегі арқылы меңгерту.


Бұл тапсырма арқылы білім алушы әділдік пен тәртіпті сыртқы талап ретінде емес, ішкі ұстаным ретінде қабылдайды. Саналы таңдау жасап, өз әрекетіне жауап беру - адал азаматтың белгісі екенін түсінеді.

Сабақты: «Мен ойында әрқашан ...» деген сөйлемді жалғастырумен түйіндеу білім алушының өзіне берген ішкі уәдесі ретінде тәрбиелік мәнге ие болады**.**

Сынып	2
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Лев Толстой. Өрттен құтқарушы иттер
Оқу мақсаты	2.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; 2.2.8.1 мұғалімнің көмегімен сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау
Құндылық	Заң және Тәртіп

1 – тапсырма: Сурет арқылы әңгіме құру (жұптық жұмыс)





Тапсырма мақсаты: сурет мазмұнына сүйене отырып, оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту, кейіпкер әрекетін бағалау арқылы «Заң және тәртіп» құндылығын түсіндіру.

Педагогтің әрекеті	Білім алушының әрекеті
- Оқулықтағы «Өрттен құтқарушы» иттер мәтінін (Әдебиеттік оқу, II-бөлім, Алматы «Атамұра», 2022 ж., 29–31 бет) мәнерлеп, түсініп оқуды ұсынады	Суретке мұқият қарап, ретін сақтай отырып әңгіме құрастырады
- Мәтін мазмұнын жұпта бір-біріне әңгімелеп айтқызады	Жұбымен ой бөліседі
- Интербелсенді тақтадан суреттерді көрсетеді	
- Әңгіме жазу барысында мына сұрақтарды басшылыққа алуды ескертеді:	
- Ит не істеді?	Кейіпкер әрекетін бағалап, өз көзқарасын білдіреді
- Өрт сөндірушілердің іс-әрекеті қандай құндылықты көрсетеді?	
- Егер сен өрт сөндірушінің орнында болсаң, қалай әрекет етер едің?	Қарапайым, түсінікті сөйлемдермен шағын мәтін жазады

Тапсырманы орындау арқылы білім алушылар сурет арқылы ой қорытып сөйлеуге; кейіпкердің іс-әрекетін бағалауға; мәтін мазмұнын жүйелі жеткізуге; заң және тәртіп құндылығын түсінуге; өз ойын нақты әрі қарапайым сөйлемдермен айтуға үйренеді.

Бұл тапсырма мәтінді түсініп оқуды, мазмұндауды және көргенін жүйелі баяндауды дамытады. Сурет пен мәтінді байланыстыру арқылы білім алушының логикалық ойлауы мен тіл байлығы артады. Жұптық жұмыс білім алушылардың бірін-бірі тыңдауына, пікір алмасуына мүмкіндік береді.

Өрт сөндірушілер мен құтқарушы иттің әрекеті арқылы білім алушылар батылдық, жауапкершілік, тәртіпке бағыну және өзгенің өмірін қорғау сияқты қасиеттердің маңызын түсінеді.

Заң және тәртіп тек ережеге бағыну емес, қауіпсіздік пен адам өмірін қорғауға бағытталған ортақ жауапкершілік екенін ұғынады.

Сынып	3
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Құмырсқаның қанағаты (ертегі)

Оқу мақсаты	3.2.6.1 кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау; 3.1.4.2 сөйлеу барысында иллюстрациялар, көрнекіліктер, фотосуреттер қолдану
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік Дәйексөз: «Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім!»

Тапсырма: Еңбек - бақыттың кілті. Білім алушыларға кесте беріледі және олардан сол кестені толтыру сұралады. Білім алушы кестені толтырмас бұрын «еңбекқорлық» пен «қанағат» ұғымдары бойынша қысқаша талқылау жүргізіледі. Содан соң кесте толтырылады:



3. Оқыған мәтіндеріңе сүйеніп, құмырсқаны сипаттап жаз.

Мәтіннің аты	Мәтіннің түрі	Құмырсқаның сипаты
И. Крылов «Шегіртке мен құмырсқа»		
«Құмырсқаның қанағаты» (Ертегі)		



Ойын элементі: білім алушылар кестені толтырып болған соң, «Құмырсқаның еңбек жолы» атты шағын иллюстративті карта сызады. Онда құмырсқаның қалай жұмыс істейтінін (фотосуреттер немесе суреттер арқылы) көрсетіп, оның «кәсіби шеберлігін» сипаттайды

Тапсырманың басты мақсаты: білім алушыны еңбекке баулу. Құмырсқаның іс-әрекеті арқылы білім алушы «ертеңгі күнді бүгін ойлау» керек екенін түсінеді. Мысал мен ертегіні салыстыра отырып, еңбектің тек күш қана емес, үлкен шыдамдылық пен қанағат екенін сезінеді.

Бұл тапсырманы орындау арқылы екі түрлі жанрдағы кейіпкердің ортақ қасиетін (еңбекқорлық) табуды үйренеді. Кейіпкердің портреті мен мінез-құлқын мәтінге сүйеніп жүйелі жеткізе алады. Еңбексіз тапқан нанның татымы болмайтынын, қанағатшыл болудың маңызын ұғады.

Қалыптасатын құндылықтар: кез келген істі тиянақты орындауға дағдылану. Барға риза болып, оны ұтымды пайдалану (кәсіби біліктілік негізі). Өз болашағы үшін бүгіннен бастап еңбек ету керектігін түсіну.

Педагогке ұсынымдар:

- Иван Крылов мысалындағы құмырсқа мен ертегідегі құмырсқаны салыстыру үшін Венн диаграммасын қолдану;
- «Ата-анам - тірегім» дәйексөзін құмырсқаның илеуімен байланыстыру;
- Проблемалық сұрақ қою:

1) Құмырсқа илеуін қалай қорғайды?

2) Біз отбасымыз үшін қандай еңбек ете аламыз?


- 3.2.6.1 оқу мақсатын жүзеге асыру мақсатында білім алушыларға құмырсқаның «еңбекқорлық портретін» сөзбен мүсіндеуді тапсыру.

Сынып	3
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	А. Пушкин. Қысқы кеш
Оқу мақсаты	3.2.7.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет, кейіптеу) табу; 3.2.2.1.қолдануға практикалық, бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру
Құндылық	Әділдік пен Жауапкершілік Дәйексөз: «Әділет – мемлекеттің негізгі күші» (Әл-Фараби)

Тапсырма: Құндылықтар детективі (жобалық жұмыс). Білім алушыларға кесте таратылады. Олар «детектив» ретінде өлеңдегі бейнелерді талдайды.

Мәтіннің аты	Мәтіннің түрі	Кейіпкер мен табиғаттың сипаты (Әділ баға)
А. Пушкин «Қысқы кеш»	Өлең	Боран: Қасқырдай ұлыған, баладай жылаған. Ол - табиғаттың қатал, бірақ әділ күші
Өлең кейіпкері (автор мен күтуші)	Лирикалық кейіпкер	Жауапкершілік: Қиын сәтте бір-біріне мейірім сыйлап, жалғыздықты жеңген адал жандар

Білім алушылар «Боран» мен «Құмырсқаны» (өткен тақырыппен байланыстыра отырып немесе өлең кейіпкерін) салыстырады. «Пушкин боранның қорқынышты екенін жасырмай, неге ашық жазды?» деген сұраққа жауап іздей отырып, кестені толтырады.

	Сызбаны толтыру барысында білім алушылар шығарманың техникалық құрылымын (ұйқас, шумақ) ғана емес, автордың өзін-өзі дамыту жолындағы ізденісін табады. «Автордың оқырманы алдындағы жауапкершілігі неде?» деген сұраққа сызбаның «Негізгі ой» бөлімінде жауап жазады

Бұл тапсырма арқылы білім алушы өлеңді жай оқып қана қоймай, «Әділдік» пен «Жауапкершілік» ұғымдарын көркем туынды арқылы терең сезінеді. Боран бейнесі - өмірдегі қиындықтың символы, ал өлеңдегі жылулық - адамгершілік пен достықтың көрінісі екенін түсінеді. Көркем образдарды талдау арқылы білім алушы сыртқы құбылыс пен ішкі рухани құндылықтың байланысын аңғарады.

Тапсырмаларды орындау барысында білім алушы:

- көркемдегіш құралдарды (теңеу, эпитет) табу арқылы мәтіннің мазмұнын түсінеді;

- шығарманың авторын, аудармашысын, ұйқас түрін анықтау арқылы жүйелі талдау дағдысы қалыптасады;

- автордың қарт күтушісіне деген құрметі мен мейірімі арқылы үлкенді сыйлау, қамқор болу құндылығын бойына сіңіреді;

- өлеңдегі шынайылықты бағалап, өнер туындысына жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Сынып	3
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Әйтеке би шешендігі
Оқу мақсаты	3.2.3.1 шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу; 3.2.1.2 шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу
Құндылық	Заң және Тәртіп Дәйексөз: «Талап бар жерде тәртіп бар»

Тапсырма: Әділдік лабиринтті: билердің алтын ережесі. Білім алушылар Әйтеке бидің «Сөз сандығын» ашу арқылы сыныптың «Тәртіп заңын» құрастыруы керек.

1-кезең: «Сөздерді ретке келтіру» білім алушыларға шашыраңқы сөздер беріледі. Олар Әйтеке бидің шешендік сөздерін логикалық тұрғыдан дұрыс құрастыруы керек.

Сұрақ: Неге «Ашуды - ағын суға», ал «Ақылды - дарияға» теңеді?

2-кезең: «Бидің бейнесін тану» Лабиринттен өту үшін Әйтеке бидің тұлғалық қасиеттерін (сипатын) анықтау қажет.


4. Әйтеке бидің шешендік өнерін сипаттеңдер.

Ашу деген – ...	олжаға жолығады
Ақыл деген – ...	дария
Сөз қуған ...	ағын су
Жол қуған ...	пәлеге жолығады

Кестені толтыру. Бидің бойындағы «Әділдік», «Жауапкершілік» және «Тәртіп» нышандарын мәтіннен тауып жазады. Дұрыс пен бұрысты ажырататын тұлғаның үлгісін көреді

3-кезең: «Болашақ заңы». Лабиринттің соңында Білім алушылар шығарманың негізгі ойын талдап, сызбаны толтырады. Тапсырма: «Жол қуған олжаға жолығады» дегенді қалай түсінесің? Осы сөзді сызбаның «Негізгі ой» бөліміне жазып, өмірлік заң ретінде қабылдау.

Қалыптасатын құндылықтар;

- сөздің де, істің де тәртібі бар екенін түсіну;

- шешім қабылдағанда сезімге (ашуға) емес, ақылға (дарияға) сүйену;

- әрбір айтылған сөздің («Сөз қуған - пәлеге») соңында жауапкершілік тұрғанын сезіну;

- дұрыс пен бұрысты ажырату, әрекет пен сөздің салдарын бағалау.

Сабақ Әйтеке бидің «Талап бар жерде тәртіп бар» деген ұстанымы арқылы білім алушының бойында мына қасиеттерді қалыптастырады:

- «Ашу деген - ағын су» теңеуі арқылы сезімді ақылмен басқаруды үйретеді;

- сөздің жүйесін тауып, «Жол қуған олжаға жолығады» қағидасымен дұрыс пен бұрысты ажырата білуге тәрбиелейді;

- «Өнер алды - қызыл тіл» екенін, сөздің де өз заңы мен тәртібі (жүйесі) бар екенін ұғындырады.

Бұл сабақ білім алушыға тек ой мен сөздің заңдылығын ғана емес, өмірлік тәжірибеде дұрыс шешім қабылдауды да үйретеді.

Сабақта берілген тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар мәтінді сызба бойынша талдау арқылы ақпаратты жүйелеу және бағалау дағдылары қалыптасады; шешендік сөздердегі астарлы ойды түсініп, күнделікті өмірдегі жауапкершілікті сезінеді; кейіпкердің іс-әрекеті мен сөзіне сүйене отырып, оның мінез-құлқын (портретін) ашуды үйренеді.

Педагогке әдістемелік ұсынымдар:

- білім алушыларға Әйтеке бидің нақыл сөздерін бүгінгі мектеп ережелерімен байланыстыру. Мысалы: «Сыныптағы Сөз қуған мен Жол қуағанның айырмашылығы неде?»

- сәйкестендіру тапсырмасын орындағанда түстік кодтарды қолдану:

ашу - қызыл түс

ақыл - көк түс

Бұл дұрыс пен бұрысты ажыратуға көмектеседі.

Мәтінді оқығанда білім алушыларға «тәртіп» нышандарына («бидің әділдігі») «+», «тәртіпсіздік» нышандарына («ашу, пәле») «–» белгісін қоюды тапсыру.

Сабақ соңында білім алушылар өздерін «Кіші би» ретінде сезініп, сыныптастарына «Әділдік батасын» немесе «Тәртіп ережесін» айтуға мүмкіндік беру.

Бұл тәсіл арқылы білім алушы тек мәтінді талдап қана қоймай, жеке өмірінде де тәртіп пен әділдіктің маңызын саналы түрде түсінеді және іске асырады.

Сынып	4
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Ер серігі-тұлпары
Оқу мақсаты	4.1.2.1* шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін (I немесе III жаққа өзгертіп, жағдаяттар қосып, оқиғаларды өрбітіп) қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау; 4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу.
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Заң мен Тәртіп

Мақсаты: білім алушылар қазақ халқының батырлары арқылы тәуелсіздік пен отаншылдық құндылықтарын түсініп, олардың өмірлік тәжірибесін талдай отырып, өз Отанына деген құрметін арттыру.

Мотивациялық кезең: педагог өлең жолдарын оқып, орын ауыстырылған әріптерден сабақ тақырыбын табуды ұсынады. Білім алушылар бірге өлеңді оқып, әріптерден «батырлар» сөзін шығарады. Бұл әрекет арқылы олар ерлік пен батырлыққа қызығушылық танытып, отаншылдық сезімін оятады.

Топқа бірігу және ережені еске алу: педагог топты ұйымдастырады, топ басшысын сайлауды және «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң мен тәртіп» құндылығын түсіндіреді. Білім алушылар топқа бірігіп, топ басшысын сайлайды, топ ережесін еске түсіреді. Осылайша тәртіпке бағыну, бірлесіп жұмыс істеу және ынтымақтастыққа үйренеді.

Өлеңді «ДЖИКСО» әдісімен оқу: педагог өлең үзіндісін бөліп таратып, мәнерлеп оқуды ұйымдастырады. Білім алушылар өлеңді бөліп оқып, мазмұнын талдайды, мәнерлеп жеткізеді. Бұл кезең тіл мәдениетін, мәтінді түсіну және тыңдау дағдыларын қалыптастырады.

Топтық жұмыстар:

1-топ: «Батыр» сөзіне кластер құру: білім алушылар батырдың қасиеттерін талдайды, кластер арқылы жүйелейді. Бұл аналитикалық ойлау мен батырлық қасиеттерді тануға септігін тигізеді.

2-топ: тұлпар бейнесін сипаттау: білім алушылар суретке қарап тұлпардың бейнесін сөзбен сипаттайды. Мұнда қиял мен көркемдік ойлау, сипаттау қабілеті дамиды.

3-топ: қазіргі заман батырларын талдау: педагог шекарашылар, әскерилер, құтқарушылар, дәрігерлер мысалын келтіреді. Білім алушылар қазіргі батырларды атап, олардың қасиеттерін талдайды. Бұл тәуелсіздік пен отаншылдықты түсіну мен заманауи батырлықты бағалауға үйретеді.

Сұрақ-жауап әдісі:

- Батыр не үшін күресті?
- Тұлпар батырға қалай көмектесті?
- Егер осындай батырлар болмағанда еліміз қандай болар еді?

Білім алушылар сұрақтарға мәтіннен дәлел келтіре отырып жауап береді, осылайша тарихи сананы, сыни ойлауды және отаншылдық сезімін дамытады.

Сабақ соңында білім алушылар қазақ батырларының өмірі мен ерлігін зерделеп, олардың өткен тарихын бүгінгі күнмен байланыстырады. Топтық жұмыстар барысында өз ойын білдіру, бір-бірін тыңдау және қолдау дағдылары қалыптасады. Мәтінді талдау және қазіргі заман батырларын салыстыру арқылы білім алушылар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының «Заң және тәртіп» құндылығын саналы түрде түсінеді.

Құндылықтар:

1) Отаншылдық: білім алушылар өз елінің тарихын зерттеп, батырлардың ерлігін түсінеді.

2) Заң және тәртіп: топтық жұмыс пен сұрақ-жауап арқылы әрбір іс-әрекеттің маңыздылығын, ережеге бағынуды сезінеді.

3) Ынтымақ: бірлесіп жұмыс істеу, ой бөлісу және қолдау көрсету дағдылары дамиды.

4) Сыни ойлау: мәтінді талдау, салыстыру және қорытынды жасау арқылы ойлау қабілеті жетіледі.

Білім алушы сабақ соңында өз әрекеті мен сөзінің жауапкершілігін сезініп, әділдік пен адалдыққа негізделген азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Батырлық, әділдік және тәртіп арқылы өмірлік маңызды құндылықтарды практикалық тұрғыда түсінеді.

Сынып	4
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Жеті түсті желбір гүл (ертегі)
Оқу мақсаты	4.2.4.1аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау. 4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру.
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Заң мен Тәртіп

Сабақ басында педагог білім алушыларды «Ынтымақ шеңберіне» шақырып, жылы тілектер айтқызады. Бұл кезеңде білім алушылар бір-біріне қолдау білдіріп, ортақ ортада сенімділік пен бірлік атмосферасын қалыптастырады. Кейін топтарға бөлініп, топ ережелерін еске түсіреді. Осы арқылы «Біз бір командамыз» деген түсінік бекітіледі.

Жұптық жұмыста «Құндылықтар пирамидасы» әдісі қолданылады. Білім алушылар Женяның тілектерін «Өзімшілдік» және «Қайырымдылық» деп екі топқа бөліп жазады.

Нәтижесінде білім алушылар алғашқы тілектердің өз мүддесіне бағытталғанын, ал соңғы тілектің өзгеге қуаныш сыйлауға арналғанын талдайды. Олар шынайы бақыттың өзгеге көмектесуде екенін түсінеді.

«Егер менде сиқырлы гүл болса...» тапсырмасында әр топқа жеті күлтесі бар гүлдің суреті ұсынылады. Білім алушылар ақылдаса отырып, сыныптың бірлігін арттыруға бағытталған жеті тілек жазады. Мысалы:

- Біз ешқашан ұрыспаймыз;
- Бір-бірімізге көмектесеміз;
- Сыныпта тәртіп сақтаймыз.

Бұл тапсырма арқылы білім алушылар ортақ шешім қабылдауға, бірін-бірі тыңдауға, ынтымақтастықта әрекет етуге үйренеді.

«Драматургиялық үзінді» әдісінде білім алушылар Женя мен Витяның кездесу сәтін сахналайды. Витяның сауығып, өз аяғымен жүгіруі – достық пен ынтымақтың жеңісі ретінде бейнеленеді. Бұл кезеңде білім алушылардың сөйлеу мәдениеті, эмоцияны жеткізу қабілеті және шығармашылығы дамиды.

Педагог қорытынды жасап:

– Женя алғашқы тілектерінде тек өзін ойлады, сондықтан шынайы қуаныш сезінген жоқ. Ал соңғы күлтесін досының бақыты үшін жұмсағанда ғана нағыз бақытқа қол жеткізді, – деп тұжырымдайды.

Білім алушылар өз ойларын білдіріп, ертегідегі оқиға жүйесін бөліктерге бөліп, жоспар құрады.

Қолданылған әдіс-тәсілдер білім алушылардың танымдық қабілетін арттырып, мәтінмен жүйелі жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Оқиғаны бөліктерге бөлу, жоспар құру – логикалық ойлауды қалыптастырады. Сахналау – сөйлеу мәдениетін, эмоциялық интеллектіні және шығармашылық қабілетті дамытады.

«Ынтымақ шеңбері» сенімділік пен бірлік сезімін оятады. Топтық жұмыс ортақ мақсатқа жету жолында жауапкершілік пен ынтымақтастықты қалыптастырады. Жұптық жұмыста өзімшілдік пен қайырымдылықты салыстыру арқылы білім алушылар жақсылық жасаудың адамды бақытты ететінін түсінеді.

Бұл сабақта бірлік пен ынтымақ, қайырымдылық, жауапкершілік, достық құндылықтары қалыптасады. Білім алушылар шынайы бақыттың материалдық емес, рухани құндылықтарда екенін ұғынады. Өзімшілдік уақытша қуаныш сыйлағанымен, өзгеге жақсылық жасау – ұзаққа созылатын шынайы бақыт әкелетінін түсінеді.

Сабақ соңында білім алушы өз әрекетінің қоғамға әсерін сезініп, «Адал азамат» болудың негізі бірлік, мейірімділік және ортақ мақсат жолында ынтымақтасу екенін саналы түрде қабылдайды.

Сынып	4
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Өнер – таусылмас азық
Оқу мақсаты	4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету
Құндылық	Бірлік және Ынтымақ Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік Жасампаздық пен Жаңашылдық

Жұмыс түрі: мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс

Мотивациялық кезең: педагог сыныпқа бір зат көрсетеді (мысалы, домбыра, кестелі орамал немесе мүсін).

Сұрақ-жауап әдісі

Бұл заттарды жасау үшін адамға не қажет? (Білім, еңбек, өнер қажет).

Білім алушылар мысал өлеңді тізбектей оқып, екі кейіпкердің бойындағы қасиеттерді салыстырады:



өнерлі, еңбекқор



мақтаншақ, жалқау

Құндылықты түйін: өрмекші сияқты еңбекқор, өнерлі болу, өз ісін соңына дейін жеткізуге үйрену.

ТЖ. Басқаша аяқта. Білім алушылар Шыбынның үлгісін өзгертіп, өрмекшіге ұқсап еңбектеніп, бастаған ісін аяғына дейін жеткізген, соңында өнерлі болып шыққан нұсқасын ойлап табады.

Құндылық: бұл тапсырма білім алушыны өзіне сенімді болуға, қиындықтардан жол табуға және табандылықпен еңбек етуге баулиды.

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:

- білім алушыларға мысалдың жай ғана жәндіктер туралы ертегі емес, адамдар арасындағы қарым-қатынастың көрінісі екенін түсіндіру;

- Өрмекші мен Шыбынның бойындағы қасиеттерді адамдардың мінез-құлқымен тікелей байланыстыру;

- топтық жұмыс барысында білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға көңіл бөлу: әр білім алушы өз нұсқасын қорғап, өзгелердің ойына құрметпен қарауы керек.

- сабақ соңында түйінді сұрақ: «Өз ісіңде өрмекші сияқты еңбекқор және өнерлі болу үшін сен қандай қадамдар жасай аласың?»

Бұл сабақ құрылымы білім алушыға еңбекқорлық, табандылық, шығармашылық және өз-өзіне сенімділік сияқты құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

Сынып	4
Пәні	Әдебиеттік оқу
Тақырыбы:	Ғарышайлақ
Оқу мақсаты	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербальды емес тілдік құралдарды қолдану
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Жасампаздық пен Жаңашылдық

Жұмыс түрі: мәтінмен жұмыс, топтық жұмыс

Мотивациялық кезең: бейнебаян немесе сурет арқылы зымыранның ұшу сәтін көрсету.

Мәтінмен жұмыс

1) Өлеңді мәнерлеп оқу: әр білім алушы өлеңдегі сөздерді оқып, эмоциямен жеткізеді.

2) Сөздік жұмысы: *ғарышайлақ, зымыран, кеме, аспан әлемі.*

«Ғылыми болжам» тәсілі (жаңашылдық)

Сұрақ-жауап әдісі:

- Байқоңырдың табиғатқа әсері қандай?

- Адал азамат ретінде біз ғылымды дамыта отырып, табиғатты қалай қорғай аламыз?

Талқылау: экологиялық жауапкершілік туралы қысқаша ой бөлісу.

Білім алушылар жауапкершілік, ғылыми ойлау, экологиялық сана қасиеттерін дамытады.

Педагогке арналған ұсынымдар:

- сабақ барысында Байқоңырдан ұшқан қазақ ғарышкерлерінің суреттерін қолдану;

- жаратылыстану пәнімен байланыстыра отырып, ғарыш кемесінің құрылысы немесе орбита туралы қысқаша дерек беру,

- негізгі идеяны ерекше атап көрсету: «Ғарышқа ұшу үшін тек білім ғана емес, үлкен ерік-жігер мен батылдық керек».

Білім алушы бойында қалыптасатын құндылықтар:

- отаншылдық: өз елінің жетістіктеріне мақтаныш сезіну;

- жасампаздық: ғылым мен техникада жаңалық ашуға ұмтылу;

- экологиялық жауапкершілік: табиғатты қорғауды үйрену;

- тұлғалық даму: білімді, батыл және еңбекқор болуға ұмтылу.

Шетел тілі / English

Grade	**4**
Subject	Foreign Language / English
Topic	Professions. A musician
Learning Objective	4.3.2.1 recognise familiar names, words, and basic phrases in common everyday situations
Value	Diligence and Professionalism
Key Concept	Hardworking person (*Еңбек адамы*)
Quote	“Hard work makes talent stronger.”

Task: The golden path of a musician

Task description for students

You will read a short text about the dombyra and a musician.

A musician is a hardworking person (*Еңбек адамы*).

He or she practises every day, works hard and brings joy to people.

Then you will read, speak and answer simple questions about the profession of a musician.

Stage 1: “Meet a Musician”

Students look at the picture of a musician with a dombyra and answer simple questions:

- Who is this?
- What does a musician do?
- What instrument does he / she play?



Figure 1.5.1 A musician

Key sentence:

A musician plays music.

Stage 2: “Find the key words”

Students read a short text about the dombyra and find familiar words and phrases.

Key words:

musician, dombyra, music, practise, work hard, national instrument

Question:

Why does a musician need to practise every day?

This stage helps students recognise familiar words and basic phrases in a short text.

Stage 3: “True or False?”

Students work in pairs and check the facts from the text.

Sentence	**True / False**
A musician plays music.	True
A musician practises every day.	True
A musician does not work hard.	False
Dombyra is a national instrument of Kazakhstan.	True

Stage 4: “Golden Rule of a Musician”

Students complete simple sentences:

A musician plays music.
A musician practises every day.
A musician works hard.
A musician brings joy to people.

Then students choose one sentence as the “Golden Rule” of a musician:

A good musician works hard and practises every day.

Formative Assessment and Self-Reflection: «The Melody of My Learning»

At the end of the lesson, students use the dombyra images from the provided visual to reflect on their progress:



Figure 1.5.2 Self-Reflection

Green dombyra — I understood everything.

Yellow dombyra — I have some questions.

Red dombyra — I didn't understand anything.

This reflection helps students understand that learning, like playing the dombyra, requires practice, effort and responsibility.

Français

Classe	**3e classe**
Discipline	Langue étrangère / Français
Thème	Module 3. Les personnes que j'aime
Sous-thème	Mon arbre familial
Activité	Jeu A1 — Devine qui est dans ma famille !
Compétences	Expression orale, compréhension orale
Valeur	Unité et solidarité
Objectifs d'apprentissage	3.2.6.2 communiquer des informations très élémentaires sur des détails personnels de façon simple; 3.5.4.5 utiliser les présentateurs : il y a

Activité ludique : Le cercle de ma famille

Description de l'activité pour les élèves

Les élèves participent à un jeu de devinettes sur les membres de la famille. À travers ce jeu, ils apprennent à décrire une personne avec des phrases très simples, à poser des questions et à écouter leurs camarades avec respect. L'activité montre que chaque membre de la famille a sa place et que la famille repose sur l'unité, l'attention et la solidarité.

Étape 1 : "Choisis une carte"

Un élève reçoit une carte avec un membre de la famille. Il ne montre pas la carte aux autres élèves.

Exemples de cartes :

la mère

le père

la sœur

le frère

la grand-mère

le grand-père



Figure 1.5.3 Carte (Grand-mère)

L'enseignant peut aussi utiliser des images pour aider les élèves à comprendre le vocabulaire.

Étape 2 : "Décris sans nommer"

L'élève décrit la personne avec des phrases simples, sans dire le mot écrit sur la carte.

Modèles de phrases :

- C’est une femme.
- C’est un homme.
- Il est dans la famille.
- Elle est dans la famille.
- Il est gentil.
- Elle est gentille.

Exemple :

- ✓ C’est une femme.
- ✓ Elle est dans la famille.
- ✓ Elle est gentille.

Étape 3 : “Devine et réponds”

Les autres élèves posent des questions et essaient de deviner le membre de la famille.

Exemples :

C’est la mère ?
C’est la grand-mère ?
C’est la sœur ?

Réponse :

Oui, c’est la grand-mère.
Non, ce n’est pas la mère.

Étape 4 : “Il y a dans ma famille”

À la fin du jeu, les élèves composent une phrase simple avec il y a.

Exemples :

- Dans ma famille, il y a une mère.
- Dans ma famille, il y a un père.
- Dans ma famille, il y a une grand-mère.

Cette étape permet de consolider l’objectif grammatical : utiliser la structure “il y a”.

Extension — niveau A1+

Les élèves peuvent ajouter une petite description :

Elle est gentille.
Il est grand.
Elle aime jouer.
Il aime lire.

Type d’activité

Travail en paires / jeu en classe entière.

Résultat attendu

Commentaire méthodologique pour l’enseignant

Cette activité développe la communication orale, l’écoute active et la coopération entre les élèves. En décrivant les membres de la famille avec des phrases simples et en utilisant la structure il y a, les élèves enrichissent leur vocabulaire et participent à une interaction orale adaptée au niveau A1. La valeur « unité et solidarité

» est renforcée lorsque les élèves s’entraident, écoutent les réponses de leurs camarades et les soutiennent pendant le jeu. L’enseignant peut proposer des cartes illustrées et des modèles de phrases au tableau, par exemple : C’est une femme, C’est un homme, Il / Elle est dans la famille, Dans ma famille, il y a…. À la fin de l’activité, les élèves peuvent dire une phrase positive comme « La famille, c’est l’unité » ou « Dans la famille, on s’aide».

Сынып	1
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Монеталардың құны. Баға
Оқу мақсаты	1.1.3.6 1 тг, 2 тг, 5 тг, 10 тг, 20 теңгелік тиындармен түрлі төлем жасау; 1.5.1.6 қосу мен азайтуға берілген есептерге қатысты таңдаған амалдарын негіздеу, шығару әдісін түсіндіру
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік



1.6.1 Оқулық, «Алматыкітап», 2021 ж., 102–103-б.

Сабақта жұптық жұмыс ұйымдастырылады. Әр жұп қысқаша жазылған есепке сүйене отырып, кері есеп құрастырады. Педагог білім алушыларға монеталардың суреті бар қысқаша жазуды ұсынады.

Тапсырма	Педагогтің іс-әрекеті	Білім алушының с-әрекеті
Балада 100 теңге болды. Ол 20 теңге жұмсады. Неше теңге қалды? 1) Есепті шығару; 2) Жұпта берілген есептің шартына сүйене отырып, кері есеп құрастырыңдару; 3) Құрастырған кері есепті шығарып, жауабын негіздеу	Педагог тапсырманың шартын түсіндіреді. Жұптық жұмысты ұйымдастырады. Білім алушылардың бір-бірін тыңдауына назар аударады. Қажет жағдайда бағыттаушы сұрақтар қояды. Есепті шығару тәсілін дайын күйінде айтпайды, білім алушылардың өз ойымен дәлелдеуіне мүмкіндік береді	Білім алушы жұбымен бірге есепті талдайды. Қандай амал қолданатынын бірге шешеді. Жұбының пікірін тыңдайды. Өз ойын дәлелдеп айтуға тырысады. Ортақ шешімге келеді

Аталған элемент жұптық жұмыс арқылы есеп құрастыру және шығару дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл тәсіл білім алушылардың ойлау белсенділігін арттырып, есептің мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік береді. Жұпта жұмыс істеу барысында олар бір-бірін тыңдауға, пікір алмасуға және

ортақ шешім қабылдауға үйренеді. Сонымен қатар есепті дайын күйінде алмай, өздері құрастыру арқылы математикалық әрекетті саналы түрде түсінеді.

Тапсырма мазмұнын өмірлік жағдаятпен байланыстыру білім алушылардың ақшаның құнын тәжірибемен ұштастыра түсінуіне ықпал етеді. Өз ойын айту, серіктесінің пікірін тыңдау және бірлесіп талқылау арқылы ауызша сөйлеу және ынтымақтастықта жұмыс істеу дағдылары дамиды. Нәтижесінде білім алушылар өз шешімін негіздеп айту арқылы адалдық танытады, серіктесінің пікіріне құрметпен қарайды және ортақ шешім қабылдау барысында жауапкершілік сезімі қалыптасады.

Сынып	1
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Шамалар (Алматыкітап, 2021 жыл, 48-49- б)
Оқу мақсаты	1.1.3.1 уақыт шамаларын ажырату, оларды өлшеу үшін өлшемдер мен құралдарды таңдау, өлшемдер жүргізу; 1.1.3.2 өлшем бірліктерді: уақыт (сағ.) қолданып өлшеу
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік

Тапсырма	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Сағаттағы уақытты дұрыс айту	Білім алушылардың назарын сабақ тақырыбына аудару; сағат суреттерін көрсету; ойларын тыңдау	«Сағатта неше сағат көрсетілген?» сұрағына жауап беру; өз сезімін, ой-пікірін білдіру
Ай атаулары мен апта күндерін дұрыс реттеу карточкалар арқылы	Білім алушыларды топтарға бөлу; ай атаулары мен апта күндерінің карточкаларын тарату; топ қорытындысын тыңдау	Топпен бірлесе отырып ай атаулары мен апта күндерін дұрыс ретпен орналастыру; қорытындысын ортаға шығару
Топтық және жұптық тапсырмаларды орындау барысында құндылықтарды іс-әрекетпен көрсету	Топтық және жұптық жұмыс кезінде пікірді тыңдау; қиын тапсырмаларда қосымша қолдау көрсету; «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасында берілген құндылықтарын іс-әрекет арқылы көрсету	Шын пікір айту, бір-біріне көмектесу; әділдік таныту; өз тәжірибесі арқылы ойлану

Сабақ барысында білім алушылар адалдық қасиетін сағаттағы уақытты дұрыс айту арқылы көрсетеді. Әрбір білім алушы өзіне сенімді болып, дұрыс жауапты таңдай отырып, дербестік пен саналы таңдау жасау дағдыларын дамытады. Уақытты тиімді пайдалану арқылы олар елге жауапкершілікпен қарауды үйренеді.

Топтық жұмыс кезінде әділдік құндылығы іске асады: білім алушылар тапсырманы бір-біріне әділ бөлісіп, әркімнің үлесін бағалайды. Сонымен қатар, басқа топтардың ойларын тыңдау арқылы құрмет көрсетеді. Бірлесіп талқылау

барысында ынтымақтастық дағдылары қалыптасады: білім алушылар бірге шешім қабылдап, ретті дұрыс анықтайды.

Сабақ барысында іске жауапкершілікпен қарау да көрініс табады: уақытты дұрыс пайдаланып, өздеріне ғана емес, өзгелерге де көмектеседі. Осылайша, әр білім алушы сабақтағы әрекеттері арқылы адалдық, дербестік, әділдік, құрмет, ынтымақтастық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды тәжірибеде меңгереді.

Сынып	1
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Жиын (Алматыкітап, 2021 жыл, 124-125 б)
Оқу мақсаты	1.4.1.3 жұп құру арқылы нысандар жиындарын салыстыру, тең жиындарды, бос жиындарды анықтау; 1.4.1.1 екі жиынның бірігуін және жиыннан оның бөлігін айырып алуды диаграмма арқылы көрнекі түрде кескіндеу.
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік

Сабақ барысында педагог білім алушыларды шағын топтарға бөледі. Әр топқа заттар немесе суреттер ұсынылады, олар жақсы әдеттерді бейнелейді: мысалы, кітап оқу, ойыншықты жинау, бөлмені таза ұстау. Білім алушылар нысандарды түске, пішінге немесе әрекетіне қарай жиындарға бөліп, топтастырады. Педагог әр топтан неліктен заттарды дәл солай бөлгенін сұрап, ойларын тыңдайды.

Келесі кезеңде білім алушылар жұппен жұмыс істейді. Олар екі жиынды салыстырып, қай жиын тең, қай жиын бос екенін анықтайды. Өз шешімдерін ауызша түсіндіру арқылы әр білім алушы өзінің әрекетін қорытындылайды. Мұндай тапсырмалар жиын ұғымын өмірмен байланыстырып түсіндіруге мүмкіндік береді.

Сабақ барысында әділдік табиғи түрде қалыптасады: нысандарды бірдей ережемен бөліп, әркімнің үлесін бағалау арқылы. Жауапкершілік те дамиды, себебі әр білім алушы тапсырманы тиянақты орындауға тырысады және ортақ іске үлес қосады. Білім алушылар өз әрекетінің маңызын түсініп, жақсы әдеттердің ортақ тәртіпке қалай әсер ететінін байқайды. Топтық және жұптық жұмыс барысында олар өзгенің еңбегін ескеруді үйренеді, саналы таңдау жасап, нысанды белгілі бір жиынға қосу себебін түсіндіреді.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» қағидаты арқылы тазалықты сақтау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау, тәртіп пен мәдениетті күнделікті өмірде ұстанудың маңызын түсінеді.

Педагог әдістемелік ұсынымдарда заттардың анық және түсінікті болуына назар аударуды, қиындық көрген білім алушыларға нақты үлгі көрсетуді ұсынады. Жылдам орындаған білім алушыларға өз шешімін түсіндіру тапсырылуы мүмкін. Талқылау кезінде тиімді сұрақтар: «Неге бұл затты осы жиынға қостың?» немесе «Егер бір затты қоспасақ, не өзгереді?» болып

табылады. Педагог құндылықтық қорытындыны дайын түрде айтпайды, білім алушылардың өз жауабына сүйене отырып, оларды әділдік пен жауапкершілікке бағыттайды.

Сынып	2
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Ақиқат және жалған пікірлер
Оқу мақсаты	2.4.1.3 жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу, элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ

Сабақтың негізгі бөлімінде «Ынтымақ шеңбері» тақырыбы бойынша білім алушылар 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Әр топқа екі шеңберден тұратын Эйлер-Венн диаграммасы және «Құндылықтар» жазылған сөздер (элементтер) беріледі. Жиындарды анықтау үшін А жиыны «Мейірімділік» (жанашырлық пен көмек көрсету әрекеттері), ал В жиыны «Татулық» (бірлік пен достық әрекеттері) болып белгіленеді.

Білім алушылар диаграмманы толтыру барысында өзара келісімде әрекет етіп, ақиқат пікірлерді тиісті бөлікке орналастырады: тек А, тек В немесе екі жиынның қиылысу аймағына. Ақиқат пікірлерге мысалдар: «Бірлесе көтерген жүк жеңіл», «Досыңа көмектесу - мейірімділік белгісі», «Тату сыныпта келісім мен сыйластық болады», «Өзара көмек пен жанашырлық - достықтың негізі», «Ынтымақты топ кез келген қиындықты жеңеді».

Жалған пікірлерді диаграмманың сыртына орналастыру арқылы білім алушылар жағымсыз әрекеттердің адамгершілікке жатпайтынын түсінеді. Мысалы: «Нағыз дос тек өз пайдасын ойлайды», «Келісімде әрекет ету үшін бір-біріңді тыңдау міндетті емес», «Мейірімді болу - әлсіздіктің белгісі», «Тек жеке жұмыс істеу арқылы ғана ынтымаққа жетуге болады».

Пікірлерді талдау және диаграмманы толтыру барысында білім алушылар жиындардың қиылысуы мен бірігуін визуалды түрде меңгереді. Олар математикалық логиканы өмірлік құндылықтармен байланыстырады. Сонымен қатар, топтық жұмыс кезінде келісімде әрекет етуді, ортақ шешімге келуді, өзгенің пікірін ескеруді және мәдениетті түрде дәлел келтіре білуді үйренеді.

Осы тапсырма арқылы білім алушылар өзара көмек пен жанашырлық таныта отырып, сыныптағы татулықты нығайтады. Пікірлерді талдау арқылы дұрыс құндылықтарды ажырата білуді меңгереді. Логикалық ойлау, ақпаратты диаграмма түрінде жүйелеу және топтық пікірталас жүргізу дағдылары қалыптасады. Сонымен бірге, ортақ күш арқылы үлкен нәтижеге жетуге болатындығын сезінеді: «Бірлік бар жерде - жеңіс бар».

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар: білім алушылар ақиқат пікірлерді диаграмманың тиісті бөліктеріне орналастыруы керек. Қиылысу нүктесін «Ынтымақ нүктесі» деп атап, элементтердің жиынға тиістілігін

анықтауда «Бұл іс біздің татулығымызға жата ма?» деген сұрақ арқылы бағыт беру ұсынылады. Сабақ қорытындысында педагог «Математикада жиындар біріккенде элементтер саны артады, сол сияқты біздің бірлігіміз бізді күшті етеді» деген ойды жеткізеді.

Сынып	2
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Монеталар мен қағаз ақшалар
Оқу мақсаты	2.1.3.6 50 тг, 100 тг монеталарды, 200 тг, 500 тг купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау
Құндылық	Заң және Тәртіп

Тапсырма: Қарды детективінің есебі. Жағдаят шешу: дүкендегі бағалар мен төлемдерде «қателіктер» кеткен. Сенің міндетің есепті тексеріп, заң мен тәртіпті қалпына келтіру.

Детективтің тапсырмасы	**Сатып алынған заттар**	**Төленген ақша**	**Сатушының қайтарған ақшасы (Қате болуы мүмкін!)**	**Детективтің шешімі (Ақиқатты анықта: Қанша ақша қайту керек және артық болса не істейсің?)**
«Артық тиын»	Шырын (250 тг)	500 тг	350 тг қайтарды	Дұрыс есеп: _____ тг. Шешім: _____ артық теңгені қайтарып беремін
«Ұмытылған төлем»	Балмұздақ (150 тг), Сүт (200 тг)	500 тг	50 тг қайтарды	Дұрыс есеп: _____ тг. Шешім: сатушыға қатесін айтып, тәртіпті сақтаймын
«Адалдық сыны»	Кітап (450 тг)	500 тг	Сатушы қайтарым беруді ұмытты	Дұрыс есеп: _____ тг. Шешім: сөйлеу мәдениетін сақтап, қайтарымды сұраймын

Сабақ барысында білім алушылар қаржылық есептерді орындау арқылы адалдық пен әділдік қасиеттерін меңгереді. Олар қателікті байқап, артық ақшаны дұрыс есептеп, сатушыға сыпайы түрде хабарлай отырып, өз әрекетінде жауапкершілік танытады. Сонымен қатар, сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді. Мұндай тәжірибе арқылы әр білім алушы өз пайдасынан гөрі шындықты жоғары қоя білуді, ережеге бағынуды және өзгелердің еңбегін құрметтеуді меңгереді. Сонымен бірге, олар өз іс-әрекетінің сыныптағы тәртіп пен әділдікке қалай әсер ететінін түсініп, адамгершілік қағидаларын өмірлік тәжірибемен байланыстырады. Осылайша, сабақ барысында білім алушыларда адалдық, әділдік, жауапкершілік, мәдениеттілік және өзара құрмет сияқты құндылықтар қалыптасады.

Сынып	2
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Ақиқат және жалған пікірлер

Оқу мақсаты	2.4.1.3. Жиындар мен олардың элементтерін диаграммада белгілеу, элементтердің жиынға жиындардың бірігуіне және қиылысуына тиістілігін анықтау; 2.4.2.1тұжырымдардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау, ақиқат немесе жалған тұжырымдар құру
Құндылық	Бірлік пен ЫнтымақБірлік шеңбері


Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
Топқа бөліну және диаграмманы алу	Білім алушыларды 4 адамнан тұратын топтарға бөледі. Эйлер-Венн диаграммасын және «Қазақстан» элементтері бар сөздерді таратады	Білім алушылар топқа бөлініп, тапсырмамен танысады
Диаграмманы толтыру	А жиыны: «Қазақстан», В жиыны: «Отаным» екенін түсіндіреді. Ақпаратты дұрыс орналастыруға бағыттайды	Білім алушылар өзара келісімде әрекет етіп, ақиқат пікірлерді тиісті бөлікке орналастырады (тек А, тек В немесе қиылысу аймағы)
Жалған пікірлерді ажырату	Жалған пікірлерді мысалмен көрсетіп, білім алушыларға ойлануға мүмкіндік береді	Білім алушылар жалған пікірлерді анықтап, неге дұрыс емес екенін дәлелдейді
Топтық талқылау	Пікірлердің қай бөлікте орналасқанын, олардың мәнін талқылауға жағдай жасайды	Білім алушылар бір-бірімен ақылдасып, элементтерді дұрыс аймаққа орналастыруда ортақ шешімге келеді
Қорытындылау	«Бұл іс біздің бірлігімізді көрсете ме?» деген сұрақ арқылы бағыт береді. Сабақты «Математикада заттарды біріктірсек саны өседі. Бізде біріксек, жеңіске жетеміз» деген оймен қорытындылайды	Білім алушылар өз ойларын жүйелеп, пікірін дәлелдейді. Бірлескен әрекет арқылы сыныптағы татулық пен достықты сезінеді

Сабақ барысында білім алушылар бір-бірімен ақылдасып, топтық шешім қабылдауды үйренеді. Олар әр пікірдің дұрыс немесе бұрыс екенін талдап, өз ойларын жүйелі түрде жеткізуді меңгереді. Жұптағы досы түсінбей жатса, оған сабырмен түсіндіру арқылы өзара көмек көрсету қасиеті қалыптасады. Пікірлер сәйкес келмеген жағдайда мәдениетті түрде дәлел келтіру арқылы өзара сыйластық, татулық және ынтымақтастық дами түседі. Осылайша, сабақ барысында білім алушыларда бірлікке бейімділік, өзара көмек, әділдік, мәдениеттілік, татулық және жауапкершілік сияқты құндылықтар қалыптасады.

Сынып	3
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Ақиқат және жалған пікірлер
Оқу мақсаты	3.4.2.1 ақиқат немесе жалған пікірлер құру; 3.2.1.5 үш амалдан артық әріпті, санды өрнектерді салыстыру
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

ТЖ. Ақиқат пен жалған пікірді құрастыру

Тапсырма: кестені пайдаланып, ақиқат немесе жалған пікірлерді құрастырады.



1.6.2 Математика Алматыкітап баспасы 2021ж, 4-бөлім 40 бет

Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
Кестені пайдаланып, пікір құрастыру	Топтарға бөліп, кестелерді таратады. Табиғат пен математикалық мазмұнды байланыстыру арқылы тапсырманы түсіндіреді	Білім алушылар кестені пайдаланып, әр пікірдің ақиқат немесе жалған екенін анықтайды және өз бетімен жаңа пікірлер құрастырады
Ақпаратты саралап талдау	«Бұл пікір шындық па, әлде өтірік пе?» деген бағытталған сұрақтар қояды, сын тұрғысынан ойлауды дамытады	Білім алушылар әр пікірді тексереді, логикалық қорытынды жасайды, дұрыс пікірлер мен қате пікірлерді ажыратады
Қоршаған орта мен еңбек құндылығын байланыстыру	Табиғатты қорғау, қоқыс тастамау, от жағу тәрізді мысалдарды көрсетіп, еңбекқорлық қағидасын түсіндіреді	Білім алушылар қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, табиғатты таза ұстау үшін еңбек етуді үйренеді
Қорытындылау	Білім алушылардың жасалған пікірлері бойынша топтық талқылау жүргізеді, дұрыс пікірлер мен қателіктерді талдайды	Білім алушылар өз ойларын жүйелеп, пікірін дәлелдейді, топтағы талқылауға белсенді қатысады

Сабақ барысында білім алушылар сыни тұрғыдан ойлауды, әр пікірдің дұрыстығын тексеруді үйренеді. Олар ақпаратты саралап, логикалық қорытынды жасау арқылы өз шешімін негіздейді. Табиғатты қорғау және оны таза ұстау арқылы еңбекқорлық қасиеті қалыптасады; олар саналы және ерікті еңбектің адамға қуаныш әкелетінін түсінеді. Сонымен қатар, саналы талдау және салыстыру дағдылары арқылы математикалық заңдылықтарды меңгеріп, қоршаған орта мен сандық ақпаратты байланыстыра білуді үйренеді. Осылайша сабақ білім алушыларда сыни ойлау, экологиялық мәдениет, салыстыра білу және еңбекқорлық сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Сынып	4
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Пайыздар
Оқу мақсаты	4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну; 4.5.2.4 **пайызды % символымен белгілеуді қолдану
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ Жасампаздық және Жаңашылдық

Тапсырма: «Болашақтың мектебі» жобасы

Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
«Жасыл мектеп» жобасы: әр нысанның ауданын есептеу	Педагог жалпы мектеп аумағының 1000 кв метр екенін түсіндіреді. Жасыл баққа, спорт алаңына, оқу корпусына бөлінетін пайыздарды көрсетеді	Білім алушылар әр нысанның ауданын пайыз бойынша квадрат метрмен есептейді (Жасыл бақ - 25%, Спорт алаңы - 10%, Оқу корпусы - 50%)
«Жаңашыл кәсіпкер»: бюджетті тиімді бөлу	Педагог виртуалды 100 000 теңге бюджет береді. Әр топқа құрал-сайман, жарнама және зертханаға пайыздық үлестерді есептеп, ресурсты тиімді бөлу тапсырмасын береді	Білім алушылар өз «Startup» жобасын құрастырып, бюджетті пайыздар бойынша бөледі (құрал-сайман - 20%, жарнама - 10%, зертхана - 70%)
Саралау тапсырмалары: деңгейлер бойынша	Педагог әр деңгейдің тапсырмасын түсіндіреді: А (білу), В (қолдану), С (жинақтау)	Білім алушылар деңгейге сәйкес есептерді орындайды: А - пайыз есептеу, В - уақытты есептеу, С - өз бөлменің дизайнын жоспарлау және пайыздық үлестерін есептеу
Қорытындылау	Педагог математика мен жаңашылдықты байланыстыра отырып, әр тапсырманың өмірлік мәнін түсіндіреді	Білім алушылар есептеу арқылы жасампаздыққа байланысты практикалық шешімдер қабылдайды, өз идеяларын нақтылап, логикалық қорытынды жасайды

Сабақ барысында білім алушылар математика арқылы өз шығармашылық қабілетін дамытады және логикалық ойлауды үйренеді. Олар әр нысан мен бюджетті тиімді есептеу арқылы жауапкершілік пен есеп-қисап дағдыларын меңгереді. Жобалық тапсырмаларда топтық жұмыс арқылы бірлесіп шешім қабылдау қасиеті қалыптасады, өз идеяларын ортаға салу және оларды дәлелдеу дағдылары дамиды. Сонымен қатар, білім алушылар жасампаздық, саналы жоспарлау, экономикалық түсінік және шығармашылық көзқарас сияқты құндылықтарды меңгереді. Математика мен практикалық жобаны байланыстыра отырып, олар өз қоршаған ортасын жақсартуға, жаңа тиімді шешімдер ойлап табуға үйренеді.

Сынып	4
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Бірлескен жұмыс
Оқу мақсаты	4.5.1.2 **есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс; өнімділік шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
Құндылық	Бірлік пен Ынтымақ Жасампаздық және Жаңашылдық

«Бірлескен шеберхана» әдісі

Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
1 минутта 2 ұшақ және 1 минутта 3 ұшақ жасау моделін ұйымдастыру	Білім алушыларды топқа бөледі. Бір білім алушыға – 1 минутта 2 қағаз ұшақ, екіншісіне – 1 минутта 3 ұшақ жасау тапсырмасын береді. 20 ұшақты бірге қанша уақытта жасайтынын есептеуді ұсынады	Алдымен жеке өнімділікті анықтайды (2 және 3). Бірлескен өнімділікті қосады (2+3=5). 20 ұшақты жасау уақытын табады (20:5=4 минут). Практика арқылы формуланы түсінеді

«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі

Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
Мәтінді есептерді талдау	Есепті жеке оқуға, деректерді жазуға бағыттайды. Жұппен талқылауға жағдай жасайды	Ойлан – есепті жеке талдайды Жұптас – шешім жолын талқылайды Бөліс – сынып алдында түсіндіреді

Кестемен жұмыс (бірлескен жұмыс есебі)

Кейіпкерлер	Өнімділік (v)	Уақыт (t)	Жұмыс (A)
1-жұмысшы	5 бөлшек/сағ	? сағ	20 бөлшек
2-жұмысшы	4 бөлшек/сағ	? сағ	20 бөлшек
Бірлескен жұмыс	5 + 4 = 9	20:9	20

Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
Өнімділік, уақыт, жұмыс арасындағы байланысты табу	Кесте арқылы формулалық байланысты түсіндіреді (A = v × t)	Өнімділіктерді қосады (5+4=9). Жалпы жұмысты өнімділікке бөлу арқылы уақытты табады

Педагогтерге арналған ұсынымдар:

- бірлескен жұмыс есептерін заманауи мамандықтармен байланыстыру тиімді:

– «IT маманы код жазуда...»

– «Робот құрастырушылар бөлшек жинауда...»

– «Дизайнер баннер дайындауда...»

Бұл білім алушыларға кез келген үлкен жоба тек бірлік пен ынтымақтың арқасында жүзеге асатынын түсіндіреді.

Сабақ барысында білім алушылар бірлескен жұмыстың тиімділігін нақты есеп арқылы көзбен көріп, тәжірибе жүзінде түсінеді. Олар жеке өнімділікті анықтап, оны біріктіру арқылы ортақ нәтижеге тезірек жетуге болатынын ұғынады. Бұл тек математикалық заңдылық қана емес, өмірлік қағида екенін

сезінеді. Топтық талқылау кезінде бір-бірін тыңдау, пікірін құрметтеу және ортақ шешім қабылдау дағдылары дамиды.

Осылайша, білім алушылар бойында бірлік пен ынтымақ, жасампаздық пен жаңашылдық, жауапкершілік және өзара құрмет сияқты маңызды құндылықтар қалыптасады. Олар кез келген табысты нәтиже – бірлескен еңбектің жемісі екенін түсінеді.

Сынып	4
Пәні	Математика
Тақырыбы:	Бөліндінің мәнінде нөлдер болатындай көптаңбалы сандарды екі таңбалы санға жазбаша бөлу
Оқу мақсаты	4.1.2.13 бөлінді мәнінде нөлдер болатын жағдайда көптаңбалы санды бір таңбалы/ екі таңбалы/ үш таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
Құндылық	Бірлік пен ЫнтымақЖасампаздық және Жаңашылдық


Психологиялық ахуал қалыптастыру

Тапсырма	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Зейінді шоғырландыру	«Математика - нақтылықты сүйеді. Бір ғана нөлді ұмыту - бүкіл есептің мәнін өзгертеді. Өмірде де солай: кішкентай қателік үлкен салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан бүгін біз өте ұқыпты боламыз» деген мотивациялық сөз айтады	Назарын сабаққа аударады, ұқыптылықтың маңызын түсінеді
Жұптық жұмыс: нөлдері бар бөлу амалдары	Бөлу амалдарын ұсынады, нәтижені көбейту арқылы тексеруді талап етеді	Есепті шығарады, көбейту арқылы тексереді, қатесін анықтайды
Құндылықты талқылау	«Тексеру жасау - өз ісіңе адалдық» екенін түсіндіреді. Қатені мойындау мәдениетін қалыптастырады	Өз қатесін түзетуден қорықпайды, есептің дұрыстығына жауапкершілікпен қарайды
«Қатені тап» практикалық кезеңі	Тақтаға бөліндіде нөлі түсіп қалған қате есеп жазады. Себебін талдатқызады	Қатені табады, нөлдің маңызын түсіндіреді, нәтижеге қалай әсер еткенін дәлелдейді

Ұқыптылық пен зейінділік - табысқа жетудің кілті. Әр санды өз орнына дұрыс жазу- жауапкершіліктің белгісі.

Топтық жұмыс: «Ән-жұмбақ»







Топтарға Шәмші Қалдаяқов әндеріне байланысты карточкалар және бөлу амалдары беріледі.

Тапсырма	Педагог әрекеті	Білім алушы әрекеті
1-топ: «Менің Қазақстаным» әні қашан жазылды?	Бөлу амалдары арқылы жылды табуға бағыттайды	Есепті шығарып, дұрыс жылды анықтайды
2-топ: Осы ән жазылған кезде Шәмші Қалдаяқов неше жаста болды?	Алынған нәтижені өмірбаяндық мәліметпен байланыстыруға жетелейді	Жасты есептейді, тарихи дерекпен салыстырады
Ынтымақтастық	Топ ішінде рөлдерді бөлуге, бір-бірінің қатесін түзетуге бағыттайды	Бірлесіп талқылайды, қатені түзетеді, ортақ шешімге келеді

Мұнда білім алушылар Менің Қазақстаным әні арқылы патриоттық сезімдерін нығайтады.

Сабақ барысында білім алушылар әр санға жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Нөлдің түсіп қалуы есептің нәтижесін қалай өзгертетінін көріп, ұқыптылықтың маңызын түсінеді. Қатені тексеру мен түзету арқылы өз ісіне адал болу қасиеті қалыптасады. Топтық жұмыс кезінде бір-бірінің ойын тыңдап, қатесін бірге түзету арқылы ынтымақтастық пен өзара құрмет дағдылары дамиды.

Сонымен қатар, ұлттық музыкамен байланысты тапсырмалар білім алушылардың отаншылдық сезімін оятып, туған еліне деген мақтаныш сезімін арттырады. Осылайша сабақ барысында жауапкершілік, ұқыптылық, адалдық, ынтымақтастық және патриоттық рух сияқты маңызды құндылықтар қалыптасады.

Сынып	1
Пәні	Дүниетану
Тақырыбы:	Менің туған өлкем (Атамұра, 2021, 40-42-б.)
Оқу мақсаты	1.1.3.1* иллюстрация, аудио, бейнежазба және кітап басылым материалдарының көмегімен мәтін мазмұнын болжау; 1.4.1.1* айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу, есту және есте сақтау арқылы жазу
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Бірлік және Ынтымақ

Сабақ барысында «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары жүйелі түрде іске асырылады. Сабақ басында білім алушылармен әңгімелесу арқылы олардың тұрғылықты жері, көше атауы туралы білімдері еске түсіріледі. Бұл жұмыс білім алушылардың жеке өмірлік тәжірибесін оқу мазмұнымен байланыстыруға мүмкіндік береді, өз ойын ашық айтуға, өзгелерді тыңдауға үйретеді. Осы арқылы адалдық, өзгені құрметтеу және азаматтық ұстаным қалыптасады.

Жаңа білімді меңгеру кезінде суреттер мен карта қолданылып, елді мекеннің басты көшесі, мектеп, саябақ және мәдени нысандар таныстырылады. Бұл тәсіл білім алушылардың қабылдауын жеңілдетіп, туған жерге құрметпен қарау мен қоғамдық мүлікке жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінуге ықпал етеді. Жауапкершілік пен адал қатынас дағдылары дамиды.

Практикалық жұмыс барысында білім алушылар топпен жұмыс істеп, «Менің көшеме саяхат» тақырыбында постер құрастырады. Бірлескен әрекет арқылы әр білім алушы өз міндетін орындап, ортақ нәтижеге үлес қосады. Бұл жұмыс ынтымақтастықта әрекет етуге, әділдік сақтауға және дербестікке тәрбиелейді.

Бастауыш сынып педагогіне арналған әдістемелік ұсынымдар:

Тапсырмаларды білім алушыға таныс, күнделікті өмірде кездесетін нысандармен байланыстыру ұсынылады. Дайындық деңгейі төмен білім алушыларды суреттер, тірек сөздер арқылы қолдау қажет. Талқылау кезінде әрекетке бағытталған сұрақтарды қолдану тиімді. Құндылықтық қорытындыны дайын тұжырым ретінде бермей, білім алушылардың өз ойы арқылы шығаруына бағыттау маңызды. Артық насихаттаудан сақтанып, нақты әрекеттер мен олардың салдарын талдауға назар аудару ұсынылады.

Сабақтың мазмұндау тілі нақты, түсінікті және практикалық әрекетке негізделген. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтары ұран түрінде емес, нақты тапсырмалар мен жағдаяттар арқылы ашылады. Педагог бағыттаушы рөл атқарып, білім алушының белсенді іс-әрекетіне жағдай жасайды.

Сынып	1
Пәні	Дүниетану
Тақырыбы:	Тәуелсіз Қазақстан (Атамұра, 2021, 63-64 б)
Оқу мақсаты	1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Бірлік және Ынтымақ

Әр сабақ кезеңіне нақты «Адал азамат» құндылықтары мен мысалдарын қосып, педагогтің қолданылуына ыңғайлы нұсқасы:

Сабақ кезеңі	**Жұмыс түрі**	**Тапсырма / әдіс**	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Мотивациялық кезең	Жеке	«Қазақстан туралы не білесіңдер?» сұрағы, қысқа әңгіме	Балалардың ойын тыңдайды, бағыт береді	Өз ойларын айтады
Білімді өзектендіру	Топтық	Топпен Қазақстанның негізгі белгілері: ту, елтаңба, әнұран,	Топтарды бағыттау, дұрыс ақпаратпен толықтыру	Топта ой бөлісу, қорытынды жасау

		тәуелсіздік күні, мемлекеттік тіл туралы әңгімелеу		
Мәтінмен / тапсырмамен жұмыс	Жұптық	Мәтіннен Қазақстанның тәуелсіздік белгілерін тауып, бір сөйлеммен сипаттау	Түсіндіру, мысал келтіру	Жұппен талқылау, мәтінді талдау
Рефлексия	Жеке / топтық	«Мен бүгін қандай жаңа нәрсе үйрендім?» сұрағына жауап беру, топтық қорытындылау	Талқылауға бағыттау, сұрақтар қою	Өз ойларын айту, қорытынды шығару

Сабақ барысында білім алушылар өз елінің құндылықтарын танып, оларды саналы түрде бағалауға үйренеді. Пікір алмасу кезінде әркім өз ойын ашық айтып, өзгелердің көзқарасын құрметтеуді меңгереді. Бұл – әділдік пен адалдықтың көрінісі. Топтық және жұптық жұмыстар барысында бір-бірін тыңдау, ортақ шешімге келу арқылы ынтымақтастық пен өзара сыйластық қалыптасады.

Қазақстанның рәміздері мен тәуелсіздік белгілері туралы әңгімелеу білім алушылардың ұлттық мақтаныш сезімін оятып, елге деген сүйіспеншілігін арттырады. Өз жетістігін саралап, «Мен бүгін не үйрендім?» деген сұраққа жауап беру арқылы жауапкершілік сезімі нығаяды.

Осылайша сабақ барысында білім алушылар бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік, ынтымақтастық және отансүйгіштік сияқты «Адал азамат» бағдарламасына негізделген маңызды құндылықтар қалыптасады.

Сынып	2
Пәні	Дүниетану
Тақырыбы:	Адам еңбегі
Оқу мақсаты	2.1.1.3 Түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау; 2.1.1.4 бақылау мен сұрақ-жауап арқылы тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін білу
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Топтық жұмыс (ДЖИКСО әдісі)

1-топ: Зеректер. Мәтінді мұқият түсініп, оқып шығады.


Қай жерге барсаң да, сенің айналаңда адамдар болады. Үйде – туысқандарың, автобуста – жолаушылар, мектепте – достарың, сыныптастарың

мен мұғалімдер. Қала мен ауыл тұрғындарының күнделікті іс-әрекетінде ұқсастықтар көп. Олардың барлығы қоғамды құрайды. Адамдар бірге жұмыс істейді, оқиды, демалады, бір-біріне көмектеседі. Әр адам қоғамның бір бөлшегі болып есептеледі.

2-топ: Талапкерлер. Мәтін мазмұнын түсініп оқып шығу.

Адамдар бір-біріне көмектесу керек. Бұл-қоғамдағы адамдардың өзара қарым-қатынасы. Сен екінші сыныпта оқысаң да, айналадағы адамдарға көмек көрсетуіне болады. Сынып, үй, аула және көше тазалығына өз үлесіңді қоса аласың. Адам қоғамға пайда келтіретін іспен айналысуы керек. Әр алам өзінің және басқа адамдардың мүлкіне ұқыптылықпен қарағаны дұрыс.

3-топ: Ізденімпаздар. Шығармашылық тапсырма



1.7.1. «Дүниетану» оқулығы Алматы «Атамұра» 2022, 14-бет

Қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстаудың белгілі бір ережелері болады. Оларды әдептілік ережелері деп атайды. Адамдар қоғамда мынадай әдептілік ережелерін сақтай білуі керек:

- өзге адамдармен жақсы қарым-қатынас орната білу;
- өзіңді сайлаған адамға құрмет көрсету. Сен әдепті болудың кейбір ережелерін күнде орындап жүрсің. Олар:
- қоғамдық көліктерде үлкен адамдарға орын бересің;
- қарт адамдардың жолдан өтуіне көмектесесің;
- сыныпқа мұғалім кіргенде, орныңнан тұрасың.

Білім алушылар бөлініп берілген мәтіндерді тізбектей оқиды. Топтар берілген кестеге өздері оқып, білген мәліметтерді жазады. Әр топ тізбектей жүріп отырып, басқа топ мүшелерімен мәтіннен өз білген ақпараттарымен бөліседі. Осы жерде еңбекқорлық құндылығы көрініс табады. Себебі әр топ еңбектеніп, бір-біріне өзара көмек қалыптасады. Білім алушы өз табында және өзге топтарда жұмыс істей білу біліктілігін, көрсете алады. Өзгені тыңдау, түсіну, диалог жүргізе алу, айналасындағыларға көмек көрсету, еңбектену сияқты құндылықтарды бойына сіңіреді.

Бұл тапсырмалар арқылы білім алушылар қоғамдағы әр адамның орны мен маңызын түсінеді. Бірлескен жұмыс барысында олар өзара көмектесуді, пікір алмасуды және жауапкершілікпен әрекет етуді үйренеді. Әр топ өз бөлігін

мұқият орындап, оны басқа топтарға түсіндіру арқылы еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік қасиеттерін дамытады.

Сонымен қатар, қоғамдық тәртіп пен әдептілік ережелерін талқылау арқылы үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық көрсету дағдылары қалыптасады. Өзгенің еңбегін бағалау, ортақ іске үлес қосу және қоғамға пайдалы болуға ұмтылу білім алушы бойында жауапкершілік пен саналы азаматтық ұстанымды нығайтады.

Нәтижесінде білім алушыларда еңбекқорлық, жауапкершілік, өзара көмек, кәсіби біліктілік және қоғамға пайдалы болуға ұмтылу сияқты маңызды құндылықтар қалыптасады.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» құндылығы арқылы қоршаған ортаны таза ұстау, табиғатқа жанашырлықпен қарау, қоғамдық орындардағы тәртіп пен тазалықты сақтаудың маңызын түсінеді.

Сынып	3
Пәні	Дүниетану
Тақырыбы:	Менің отбасымның рухани құндылықтары
Оқу мақсаты	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау
Құндылық	Заң және Тәртіп Дәйексөз: «Талап бар жерде тәртіп бар»

Шығармашылық жоба: «Біздің әулеттің алтын діңгегі»






Жобаның мақсаты: білім алушы өз отбасының жазылмаған рухани заңдарын (құндылықтарын) анықтап, оларды көрнекі түрде бейнелеу арқылы тәртіптің отбасы бірлігін сақтайтын тірек екенін түсінеді.

Тапсырманың орындалу барысы

1) «Ережелер сандығын» толтыру: білім алушы өз отбасында бұлжытпай орындалатын 3 негізгі тәртіпті анықтайды. Мысалы:

- үлкенге құрмет көрсету;
- дастарқан басында телефон қолданбау;
- кешкісін бірге кітап оқу.

2) Сәйкестендіру: әр тәртіптің артында тұрған рухани құндылықты анықтайды. Мысалы: тәртіп: кешкі асқа бәріміз бір уақытта жиналамыз. Құндылық: Бірлік пен сыйластық.

3) «Тәртіп ағашын» салу. Білім алушы А4 парағына ағаш бейнесін салады:

- Тамыры: Дәйексөз – «Талап бар жерде тәртіп бар»
- Діңі: Әулет атауы (мысалы, «Ахметовтар әулеті»)

- Жапырақтары: Отбасылық құндылықтар (мейірімділік, адалдық, еңбекқорлық, қамқорлық, үнемшілдік, кішіпейілділік т.б.)

4) Ой қозғау сұрағы: Егер отбасында ешқандай тәртіп пен талап болмаса, отбасы мүшелерінің арасындағы сыйластық қалай өзгерер еді?

Бұл сұрақ арқылы білім алушы тәртіптің шектеу емес, қорғаныш қызметін атқаратынын түсінеді.

Бұл жоба білім алушыға тәртіптің мәнін терең ұғындырады. Ол тәртіптің тек тыйым салу емес, отбасының бірлігі мен татулығын сақтайтын ішкі заң екенін түсінеді. Өз отбасының ерекшеліктерін қағаз бетіне түсіру арқылы оған деген құрметі мен мақтаныш сезімі артады.

Педагогке арналған әдістемелік ұсыныстар:

1) «Тәртіп» ұғымына оң көзқарас қалыптастыру. Сабақ басында тәртіптің қорғаушы рөлін түсіндіру. Мысалы: «Жол ережесі бізді апаттан қорғаса, отбасылық тәртіп те біздің татулығымызды қорғайды».

2) Кейс-стади әдісі. Жағдаят шешу: Бір үйде ешқандай тәртіп жоқ. Әркім қалаған уақытта тамақ ішеді, ешкім үй жинамайды, ешкім көмектеспейді. Мұндай үйде бақыт бола ма? Мақсаты: білім алушы дәйексөздің өмірлік мағынасын өздігінен түсінуі.

3) «Құндылықтар сөздігі». 3-сынып білім алушыларына көмек ретінде тақтаға сөздер тізімін іліп қою: қамқорлық, адалдық, үнемшілдік, қонақжайлылық, кішіпейілділік, еңбекқорлық.

Бұл олардың дұрыс құндылықты табуына көмектеседі.

4) Дифференциация. Шығармашыл білім алушыларға:

– Отбасының «Елтаңбасын» жасау;

– «Алтын ережелер» шағын кітапшасын құрастыру;

Тұйық білім алушыларға:

– Бір ғана жақсы дәстүр туралы айтып беруден бастау

5) Кері байланыс: «Жүректен жүрекке». Әр баланың жұмысынан бір ерекше тұсты атап өту. Мысалы: «Айсұлтанның отбасындағы «кешкі ас кезінде бәрі бір-бірін тыңдайды» деген тәртіп нағыз сыйластықтың белгісі екен!»

Бұл жоба арқылы білім алушы тәртіптің маңызын терең түсінеді. Ол отбасы ішіндегі талап пен ережелердің бірлікті сақтайтын рухани тірек екенін ұғынады. Өз әулетінің құндылықтарын анықтау арқылы балада отбасына деген құрмет пен мақтаныш сезімі қалыптасады. Сонымен қатар, тәртіпті саналы түрде қабылдау жауапкершілік пен өзін-өзі басқару қабілетін дамытады.

Нәтижесінде білім алушылар бойында жауапкершілік, адалдық, бірлік, сыйластық, еңбекқорлық және отбасылық құндылықтарды құрметтеу сияқты маңызды қасиеттер нығаяды.

Сынып	4
Пәні	Дүниетану

Тақырыбы:	Қандай кәсіби мерекелер бар?
Оқу мақсаты	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік

Білімді өзектендіру кезеңі

Жұмыс түрі: Сәйкестендіру. Білім алушылар мамандықтар мен олардың кәсіби мерекелерін сәйкестендіреді.

Мамандықтар	*Кәсіби мерекелер*
Мұғалім	Кеншілер күні
Дәрігер	Полиция күні
Кенші	Мұғалімдер күні
Полиция	Медицина қызметкерлері күні

Білім алушылар жұппен талқылап, дұрыс сәйкестікті анықтайды. Бір-бірінің пікірін тыңдап, ортақ шешімге келеді.

Педагогтің рөлі

Педагог бағыттаушы сұрақтар қояды:

- Бұл мамандық иесі табысты болуы үшін қандай қасиеттер қажет?
- Қай мамандықта жауапкершілік аса маңызды?
- Еңбекқорлық қай қырынан көрінеді?

Білім алушылардың жауаптарын толықтырып, кәсіби білім, тәртіп, адалдық, жауапкершілік сияқты ұғымдарды нақтылайды.

ТЖ: «Мамандық паспорты»

Әр топқа бір мамандық беріледі. Топ мүшелері «Мамандық паспортын» толтырады:

Мерекесі:

- Қандай білім қажет?
- Қандай қасиеттер керек?
- Еңбекқорлық қалай көрінеді?

Білім алушылар топ ішінде міндеттерді бөлісіп, бірлесіп жұмыс жасайды. Олар кез келген мамандық иесі болу үшін білім мен еңбектің маңызын түсінеді. Болашақ бастауыш мектеп түлегі ретінде қоғамдағы еңбектің құндылығын ұғынады. Еңбек адамдарына құрмет көрсету, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары қалыптасады.

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:

1) Тапсырманы өмірмен байланыстыру.

– Білім алушылардың ата-аналарының мамандықтарын мысалға алу.

– «Біздің қалада қандай мамандар бар?» деген сұрақ қою.

2) Құндылықтарды нақты атап өту.

– «Бүгін біз тек мерекелерді емес, жақсы маман болу үшін қандай қасиеттер керек екенін анықтаймыз» деп мақсатты айқындау.

3) Ойландыратын сұрақтарды қою.

– Бұл маманға еңбекқорлық не үшін керек?

– Білімсіз маман қандай қиындық туғызуы мүмкін?

Бұл кезеңде білім алушылар әр мамандықтың қоғамдағы маңызын түсінеді. Олар табысты болу үшін тек білім ғана емес, еңбекқорлық, жауапкершілік және тәртіп қажет екенін ұғынады. Жұптық және топтық жұмыс арқылы бірлік пен ынтымақтың нәтижелі іске жеткізетінін көреді. Еңбек адамдарына құрмет көрсету, олардың еңбегін бағалау сезімі қалыптасады.

Нәтижесінде білім алушылар бойында еңбекқорлық, жауапкершілік, кәсіби біліктілікке ұмтылу, құрмет және ынтымақтастық сияқты маңызды құндылықтар дамиды. Сонымен қатар адал еңбек ету, өз мамандығын құрметтеу, табандылық таныту және қоғамға пайда әкелуге ұмтылу қасиеттері қалыптасады.

Сынып	1
Пәні	Жаратылыстану
Тақырыбы:	Адам өмірінің кезеңдері
Оқу мақсаты	1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.2.3.3 адамның өсу және даму қажеттіліктерін анықтау
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік

ТЖ: «Адам қалай өседі?» зерттеу тапсырмасы

Мақсаты: білім алушыларға адамның өсуі мен дамуы барысында болатын өзгерістерді бақылауға, салыстыруға және ретімен сипаттауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бірлесіп әрекет ету, пікір алмасу және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.



Ұйымдастыру барысы: сабақта білім алушылар 3-4 адамнан топтарға бөлінеді. Әр топқа «Адам қалай өседі?» тақырыбында зерттеу жұмысы ұсынылады. Педагог суреттер, оқулық материалы және бағыттаушы сұрақтар береді.

Зерттеуге бағытталған сұрақтар:

- адам туған кезде қандай болады?
- бала өскен сайын қандай өзгерістер болады?
- нәресте, бала және ересек адамның айырмашылығы неде?
- адам өсуі үшін не қажет? (тамақ, су, ұйқы, қозғалыс, қамқорлық)

- адам өскен сайын не істей алады?

Педагог топтық жұмысты ұйымдастырады және зерттеу барысын бағыттайды. Ол жетекші сұрақтар қояды, бақылауға бағыт береді, әр топтың пікірін тыңдайды. Дайын жауап бермей, білім алушылардың өз ойымен қорытынды жасауына мүмкіндік туғызады.

Сабақ соңында білім алушылардың жауаптарын жинақтап, өмір кезеңдерінің ретімен дамитынын және өсу үшін дұрыс күтім мен қозғалыс қажет екенін нақтылайды.

Білім алушылар суреттерді бақылайды, салыстырады, талқылайды. Өз ойларын айтады, ортақ шешімге келеді. Адам өмірінің кезеңдерін ретімен атап, қарапайым тілмен сипаттайды. Қорытындыны сынып алдында ұсынады.

Бұл тапсырма орындау барысында білім алушылардың бақылау дағдысы қалыптасады; салыстыру және ретімен айту қабілеті дамиды; өмірлік тәжірибемен байланыстыра ойлау жүзеге асады; топта жұмыс істеу мәдениеті қалыптасады.

Педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар:

1) сұрақтарды нақты қою. Ұзақ әрі күрделі сөйлемдерден аулақ болу. Бір сұрақ – бір әрекет қағидасын ұстану.

2) көрнекілік пайдалану. Суреттер, отбасы мүшелері туралы мысалдар тақырыпты түсінуді жеңілдетеді.

3) деңгейлік қолдау көрсету. Сөйлеуге қиналатын білім алушыларға дайын тіркестер ұсыну: «Бала кезде…»; «Өскенде адам…». Қосымша сұрақтар арқылы ойды толықтыруға көмектесу.

4) Жас ерекшелігіне сай сұрақтар қою:

- Адам кішкентай кезде не істей алмайды?
- Өскенде не үйренеді?
- Адам өсуі үшін не қажет?

Бұл сұрақтар бақылау, салыстыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

5) Құндылықтық қорытындыға бағыттау. Сабақ соңында:

- Адам өсуі үшін кім көмектеседі?
- Өзіңді күту не үшін маңызды?

Білім алушылар қамқорлық, жауапкершілік және денсаулыққа мән беру туралы өз ойымен қорытынды жасайды.

Бұл зерттеу жұмысы арқылы білім алушылар адамның өсуі табиғи үдеріс екенін түсінеді және әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі бар екенін ұғынады. Олар өсу мен дамуға ата-ананың қамқорлығы, дұрыс тамақтану, қозғалыс пен күтім қажет екенін сезінеді. Өз өмірін бағалап, денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Сынып	2
Пәні	Жаратылыстану
Тақырыбы:	Уақыт және оның өлшем бірліктері
Оқу мақсаты	2.4.3.1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату
Құндылық	Жасампаздық және Жаңашылдық

Шығармашылық тапсырма: «Болашақтың сағаты»





Сабақтың соңында білім алушыларға «Болашақтың өнертапқышы» рөлі ұсынылады. Тапсырманың мақсаты: уақыт өлшем бірліктерін (секунд, минут, сағат, тәулік, ай, жыл) қолдана отырып, жаңа функциясы бар техникалық сағат моделін ойлап табу.

Педагог тапсырманы былай ұсынады: Қазіргі сағаттар тек уақытты көрсетеді. Ал сенің міндетің жаңа қызметі бар сағат ойлап табу. Бірақ ол сағат міндетті түрде уақыт бірліктерімен жұмыс істеуі керек.

Өнертапқыштың шешімі	**Сұрақтарға жауап (Жаңашыл әрекет)**	**Уақыт бірліктерін пайдалану**
Жобаның аты	Мысалы: Робот-көмекші сағат	Бұл сағат пен минутты қалай есептейді?
Жаңашыл функциясы	Мысалы: Ол 1 тәулікте атқарылған істерді талдайды	Ол секундты не үшін қолданады?
Техникалық ерекшелігі	Мысалы: Күн энергиясымен 1 жыл тоқтамай жұмыс істейді	Бұл сағат айларды қалай көрсетеді?

Бұл тапсырма арқылы білім алушы уақыт бірліктерін жай жаттап қана қоймай, олардың өзара байланысын түсінеді: секундтан минутқа, минуттан сағатқа, сағаттан тәулікке, ай мен жылға дейінгі жүйені модель арқылы ұғынады.

Шығармашылық ойлау арқылы білім алушыда «Мен жаңа нәрсе ойлап таба аламын» деген сенім қалыптасады. Уақытты тиімді пайдалану идеясы арқылы жауапкершілік сезімі дамиды. Техника мен жаратылыстану арасындағы байланысты байқап, болашақ мамандықтарға қызығушылығы артады.

Тапсырма орындау барысында білім алушының шығармашылық ойлау қабілеті дамиды; қиял мен ғылыми ұғымды байланыстыруды үйренеді; уақыт өлшем бірліктерінің маңызын түсінеді; жаңа шешім ұсыну арқылы мәселені шешу дағдысы қалыптасады; өз идеясын қорғау арқылы сөйлеу мәдениеті жетіледі.

Білім алушы қалыптасқан дайын үлгіні қайталамай, жаңа идея ұсынуға талпынады. Ол өз құрылғысының қалай жұмыс істейтінін уақыт өлшем

бірліктері арқылы түсіндіреді. Уақытты тек есептеу құралы емес, оны тиімді ұйымдастыру мен болашаққа жоспар құрудың негізі ретінде қабылдай бастайды.

Педагогке арналған әдістемелік ұсынымдар:

1) бағыттаушы идея беру: Мүмкін сенің сағатың 1 минутта ағаш отырғызатын шығар? 1 айда жаңа тіл үйретететін сағат ойлап табуға бола ма?

2) сұрақ қою арқылы ойландыру: Егер сағатың секунд пен минутты шатастырса, ол дұрыс жұмыс істей ме?

3) сабақты «Уақытты тек өлшеу емес, оны жасампаздықпен пайдалану - нағыз жаңашыл адамның ісі» деген оймен қорытындылауға болады.

Бұл тапсырма арқылы білім алушы уақыттың тек өтіп жатқан құбылыс емес, оны басқаруға, жоспарлауға және пайдалы іске жұмсауға болатын ресурс екенін түсінеді. Ол секундтың да, жылдың да маңызы бар екенін ұғынады. Шығармашылық ізденіс барысында өз мүмкіндігін сезінеді, жаңалық жасауға талпынады. Нәтижесінде бала бойында жасампаздық, жауапкершілік, техникалық ойлау, уақытты бағалау және болашаққа сеніммен қарау сияқты маңызды қасиеттер қалыптасады.

Сынып	3
Пәні	Жаратылыстану
Тақырыбы:	Күш және қозғалыс. Үйкеліс күші деген не?
Оқу мақсаты	3.5.1.3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысал келтіру
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық Дәйексөз: «Отан үшін отқа түс күймейсің»

Практикалық жұмыс: Батырдың мұзды және тасты жолы





Мақсаты: білім алушыларға үйкеліс күшін тәжірибе арқылы сезіндіру, оның қозғалысқа әсерін түсіндіру және физикалық құбылысты өмірлік, рухани мазмұнмен байланыстыра білуге үйрету.

Қажетті құралдар

- ойыншық сарбаз немесе жүк тиелген арба (Отанға қызмет ету символы);
- тегіс тақтайша (мұзды жол);
- құм қағазы немесе кілемше (тасты, кедір-бұдыр жол);
- серіппелі таразы (динамометр) немесе қолмен итеріп сезіну.

Зерттеу барысы

1-кезең: Мұзды жол

- батырды тегіс бетпен сырғытып көреді;
- бақылау: ол жеңіл әрі тез қозғалады;

- қорытынды: үйкеліс аз - қозғалыс жылдам.

2-кезең: Тасты жол

- батырды кедір - бұдыр бетпен қозғалтады;
- бақылау: қозғалу қиындайды, баяулайды;
- қорытынды: үйкеліс көп - кедергі жоғары.

Егер динамометр қолданылса, білім алушылар күштің айырмашылығын сандық түрде байқайды.

Құндылықтармен байланыстыру:

Педагог талқылау барысында ой тастайды:

1) Үйкеліс – кедергі. Өмір жолында да түрлі қиындықтар кездеседі. Олар үйкеліс күші сияқты қозғалысты баяулатады. Бірақ нағыз батыр кедергіден қорықпайды, оны жеңуге ұмтылады.

2) Үйкеліс – тірек. Егер үйкеліс мүлдем болмаса, батырдың тұлпары жерге тіреліп шаба алар ма еді? Жоқ, ол тайғанап құлар еді. Демек, үйкеліс – тек кедергі емес, нық қадам басуға мүмкіндік беретін тірек.

Осы салыстыру арқылы білім алушы құбылысты біржақты емес, жан-жақты қарауды үйренеді.

Бұл тәжірибе арқылы білім алушы физикалық заңды түсініп қана қоймай, оны өмірлік ұғымдармен байланыстырады. Батыр бейнесі арқылы бойында Отанға деген құрмет пен мақтаныш сезімі оянады. Қиындықты «үйкеліс» ретінде қабылдап, оны жеңуге болатын құбылыс деп түсінеді.

Білім алушы санасында кедергі тоқтау емес, шыңдалу мүмкіндігі екені қалыптасады. Ол табандылық пен төзімділіктің маңызын сезінеді. Сонымен қатар, «ел үшін қызмет ету» идеясы арқылы жауапкершілік сезімі дамиды.

Нәтижесінде білім алушы бойында отансүйгіштік, қайсарлық, төзімділік, жауапкершілік және намыс қасиеттері беки түседі. Ғылыми түсінік пен рухани құндылықтың бірлігін сезіну арқылы ол құбылыстарға терең әрі саналы көзқарас қалыптастырады.

Педагогикалық және тәрбиелік мәні

Ғылыми негізі: үйкеліс күші тәжірибе арқылы дәлелденеді. Білім алушы теорияны нақты әрекет арқылы меңгереді.

Тәрбиелік маңызы: физикалық заң ұлттық тәрбие мазмұнымен ұштасады. Бала ғылым мен рухтың бір-бірінен бөлек емес екенін түсінеді. Үйкелістің әрі кедергі, әрі тірек болатынын ұғыну арқылы өмір құбылыстарына сыни әрі кең көзқарас қалыптастырады.

Педагогке әдістемелік ұсынымдар:

1) эмоциялық орта құру: тәжірибе кезінде күй немесе батырлар жырынан үзінді қолдануға болады. Бұл білім алушының сезімдік қабылдауын күшейтеді.

2) салыстырмалы сұрақтар:

- Егер жер мен аттың тұяғы арасында үйкеліс болмаса не болар еді?

- Үйкеліс болмаса, біз жүре алар ма едік?

3) метафора қолдану: тегіс жол - жеңіл өмір. Кедір-бұдыр жол - сынақ жолы.

4) саралау:

Қосымша тапсырма ретінде:

- Үйкелісті қалай азайтуға болады? (майлау, тегістеу)

- Үйкелісті қалай көбейтуге болады? (бетті бұдырлау, таға қағу)

Бұл тапсырма жаратылыстану сабағын тек тәжірибелік деңгейде қалдырмай, оны рухани-адамгершілік мазмұнмен байытады. Үйкеліс күші арқылы білім алушы тек физикалық заңдылықты емес, өмірдің мәнін, кедергінің маңызын және табандылықтың құндылығын түсінеді.

Сынып	4
Пәні	Жаратылыстану
Тақырыбы:	Пайдалы қазба деген не?
Оқу мақсаты	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, көмір, табиғи газ) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету, сақтау және үнемді қолданудың жолдарын ұсыну; 4.1.2.2 алынған нәтижені білім алушы таңдаған формада ұсыну
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік Тәуелсіздік және Отаншылдық

1-тапсырма: Үнемшілдік - асыл қасиет. Жағдаят шешу.

Егер біз газ бен электр энергиясын (олар қазба байлықтардан алынады) шексіз пайдалансақ не болар еді?

Қорытынды: Адал азамат - ресурстарды ысырап қылмайтын, болашақ ұрпақты ойлайтын үнемшіл адам.

2-тапсырма: Еңбек адамын құрметтеу. Сұрақтар қою:

- Шахтерлер мен геологтардың еңбегі қаншалықты ауыр?

Қорытынды: өз ісіне адалдық пен кәсібилік - адал азаматтың басты белгісі. Жер астынан байлық шығару үшін мыңдаған адам адал еңбек етеді.

Педагог білім алушыларды топтарға бөліп, «Болашақ кеншілері» рөлдік ойыны ұйымдастырады.

Ойын мақсаты: білім алушыларға кәсібилік, жауапкершілік және ұжымда жұмыс істеу дағдылары арқылы адалдық құндылығын сіңіру.

Ойын барысы:

Сыныпты 3 топқа бөлу:

«Геологтар» тобы - пайдалы қазбаларды іздейді (картамен жұмыс, тапсырмалар).

«Инженерлер» тобы - қауіпсіз әрі тиімді өндіру жоспарын құрады.

«Экологтар» тобы - өндірістен кейін табиғатты қалпына келтіру жолдарын ойластырады (ағаш егу, жерді тазалау).

Әдіс-тәсілдер:

- Білім алушылар пайдалы қазбалардың түрлерін және олардың маңызын түсінеді.

- Табиғат ресурстарына жанашырлық, үнемшілдік пен еңбекқорлық сезімдері қалыптасады.

- Топтық жұмыс арқылы бірлесіп әрекет ету және өз пікірін қорғау дағдылары дамиды.

Сабақ барысында білім алушылар пайдалы қазбалардың түрін ғана емес, олардың өмірдегі және қоғамдағы маңызын түсінеді. Үнемшілдік арқылы ресурстарды ысырап етпеудің, еңбек арқылы өз ісіне адал болудың құндылығы көрініс табады. Топтық ойындар мен тапсырмалар арқылы олар бірлесіп жұмыс істеуді, әр адамның еңбегін құрметтеуді үйренеді. Нәтижесінде білім алушылар табиғатты қорғауға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға және еңбекқор азамат болуға дағдыланады.

Сынып	1
Пәні	Бейнелеу өнері
Тақырыбы:	Аққала (ермексаздан мүсіндеу)
Оқу мақсаты	1.2.4.1 жұмысты орындау үшін мүсін түрлері мен орындау техникасын үйрену
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік

Жұмыс түрі: жеке және жұптық

Тапсырма / Жұмыс түрі	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Аққаланы байқау және бөліктерін талқылау (жеке / жұптық жұмыс)	- Тақырыпқа қызықтыру - Аққаланың құрылымы мен бөліктерін көрсету - Жетекші сұрақтар арқылы ойлауға ынталандыру	- Аққаланың жеке бөліктерін талқылайды - Өз бақылаулары мен тәжірибесін ортаға салады
Аққала мүсінін жасау (жеке / топтық жұмыс)	- Мүсіндеу техникасын көрсету - Қиын сәттерде кеңес беру - Білім алушыларды бір-біріне көмектесуге бағыттау	- Аққаланың бөліктерін жасайды - Өз жұмысына баға береді - Бір-бірінің шығармашылығын бағалайды
Жетекші сұрақтар арқылы ойлау	-Аққаланың басын қалай жасауға болады? - Қолдарын, аяқтарын қалай қосуға болады? - Денесі қандай пішінде болады?	- Сұрақтарға жауап іздейді - Бөліктерді біріктіру арқылы бүтін мүсін құрады
Талдау және біріктіру	- Білім алушылардың жұмысын бақылау - Қиын сәттерде бағыт беру	- Аққаланың бөліктерін біріктіріп, толық бейнелейді - Салыстыру, талдау, біріктіру дағдыларын қолданады

Сабақ барысында білім алушылар аққаланың әр бөлігін жеке талдап, салыстыру және біріктіру арқылы логикалық ойлау дағдыларын дамытады. Жұптық және топтық жұмыс кезінде олар бір-біріне көмектесіп, шығармашылыққа жауапкершілікпен қарайды. Нәтижесінде білім алушыларда еңбекқорлық, ынтымақтастық және саналы таңдау жасау қасиеттері қалыптасады, заттардың жеке және жалпы белгілерін ажырата білу, шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды.

Сынып	2
Пәні	Бейнелеу өнері
Тақырыбы:	Спорттық жарыстар (түрлі түсті қарындаштармен сурет салу)
Оқу мақсаты	2.3.2.2 «Бақылау арқылы сурет салу» және «Есте сақтау арқылы сурет салу» ұғымдарын білу және талдау, графика құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді (сызық, пішін, фактура және т. б.) білдіру
Құндылық	Заң және Тәртіп

«Тілшінің блокноты» ойыны. Білім алушылар салған суреттерін бір-біріне көрсетеді.

Тапсырма / Жұмыс түрі	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Суреттерді көрсету және «Тілшінің блокноты» ойыны (жеке / жұптық)	- Ойынды түсіндіру - Қарапайым және бағыттаушы сұрақтар қою («Неліктен бұл сызық тәртіптің белгісі?») - Білім алушыларды графикалық элементтер мен спорттық ережелерді байланыстыруға бағыттау	- Досының суретін бақылау - Көріністегі графикалық элементтерді сипаттау - «Тәртіп сәтін» анықтау және графикалық талдау жасау
Кестені толтыру / ауызша талдау	- Кестедегі әр баған бойынша түсіндірме беру - Білім алушыларды өз ойларын дәлелдемелермен жеткізуге ынталандыру	- «Жеңіс сәті», «Ереже сақтау», «Төрешінің шешімі» бойынша кестені толтыру - Әр талдау арқылы графика мен тәртіпті байланыстыру
Коммуникативтік және сыни дағдыны дамыту	- Ашық сұрақтар қою («Неліктен?») - Әділ талдау жасағандарды марапаттау (номинация беру)	- Өз пікірін ортаға салу - Бір-бірінің жұмысын бағалау - Әділ шешім қабылдауға үйрену

«Тілшінің блокноты» ойыны арқылы білім алушылар тек сурет салуды емес, сонымен қатар әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды тәжірибеде меңгереді. Балалар графикалық элементтерді бақылау арқылы тәртіп пен заңның көрінісін түсінеді, бір-бірінің жұмысын бағалай отырып әділдік, жауапкершілік және құрмет қасиеттерін дамытады. Ойын барысында олар өз шешімдерін дәлелдей білуге, сыни ойлауға, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге үйренеді.

Сонымен қатар «Заң мен тәртіп» құндылығы арқылы ережені сақтау, ортақ тәртіпке бағыну, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау және өзгелердің құқығын құрметтеу қажеттігін түсінеді. Нәтижесінде оқушылар үшін тәртіп, әділдік және этика тек теориялық ұғым емес, күнделікті іс-әрекетте көрінетін құндылыққа айналады.

Сынып	3
Пәні	Бейнелеу өнері
Тақырыбы:	Қағаздан киіз үй жасаймыз
Оқу мақсаты	3.3.6.2 бейнелер мен пішіндерді зерттеу кезінде олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарының себептерін түсіне отырып, қоршаған әлемнің ерекшеліктерін түсіндіру және сәулет құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді білдіру
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік Дәйексөз: «Жауапкершілік – табыстың кілті»

Практикалық тапсырма: «Бірлескен шеберхана: Әділдік үйі»

Мақсаты: білім алушылар топқа бөлініп, киіз үйдің негізгі бөліктерін (кереге, уық, шаңырақ) қағаздан құрастырады. Мұнда әр білім алушының өз бөлігіне деген жауапкершілігі бүкіл үйдің беріктігіне әсер ететінін түсінуі тиіс.

Қажетті құралдар: Ақ және түрлі-түсті қағаздар, қайшы, желім, сызғыш, қарындаш, ою-өрнек үлгілері.

Тапсырма / Жұмыс түрі	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Рольдерді әділ бөлу (жеке/топтық)	- Топқа бөлуді ұйымдастыру - Міндеттерді қабілетіне қарай әділ бөлу - Әділдік пен бір-бірінің еңбегін бағалауға бағыттау	- Рөлін таңдау және орындау - Бір-бірінің жұмысын бағалау - Әділдік принципін түсіну
Киіз үйді жасау және зерттеу (топтық)	- Киіз үйдің құрылымын көрсету - Геометриялық пішіндер мен олардың мәнін түсіндіру (шеңбер - теңдік, тіктөртбұрыш - беріктік) - Қиындықтарда бағыт беру	- Қағаздан кереге, уық және шаңырақты жасау - Архитектуралық пішінді қағаздан құрастыру - Топпен бірлесіп жұмыс жасау
«Жауапкершілік сынағы» (құндық талдау)	- Топтардың жұмыстарын бақылау - Қиындықтарды талқылау - Әділдік пен жауапкершілікке қатысты пікірталас ұйымдастыру	- Киіз үйдің әр бөлшегіне мұқият қарау - Өз жұмысына жауапкершілік көрсету - Топтағы үйлесімділікті сақтау
Көрме ұйымдастыру және қорытынды (әлеуметтік тәжірибе)	- «Әділдік ауылы» көрмесін ұйымдастыру - Қиындықтарды қалай жеңгенін талқылауға мүмкіндік беру	- Өз үйін көрсету - Жұмыс барысындағы қиындықтар мен шешімдерін баяндау - Бір-бірінің жетістігін бағалау

«Бірлескен шеберхана: Әділдік үйі» тапсырмасы арқылы білім алушылар тек қағаздан киіз үй құруды ғана үйренбейді. Олар топта әділдікпен рөл бөліп, өз жұмысына жауапкершілік танытуды тәжірибе етеді. Киіз үйдің әр бөлшегін жасау барысында білім алушылар өз білімін дамытып, күрделі пішіндер мен геометриялық симметрияны сақтауды үйренеді. Топтық жұмыс арқылы бір-біріне көмектесу, сындарлы бағалау және әділ шешім қабылдау дағдылары қалыптасады. Нәтижесінде білім алушылар үшін әділдік, жауапкершілік, өзін-өзі дамыту және адамгершілік тек теориялық ұғым емес, күнделікті іс-әрекетте көрінетін нақты құндылыққа айналады.

Сынып	4
Пәні	Бейнелеу өнері
Тақырыбы:	Мүсін. Горельеф. Таза ауа-жанға дауа
Оқу мақсаты	4.3.4.1 Мүсін құралдары арқылы таныс бейнелер мен пішіндерді, қоршаған әлемнің күрделі бейнелері мен пішіндерінің ерекшеліктерін, олардың айырмашылықтарын, ұқсастықтары мен байланыстарын түсіндіру және сипаттау
Құндылық	Әділдік және Жауапкершілік Тәуелсіздік және Отаншылдық Жасампаздық және Жаңашылдық

Мотивациялық кезең «Сергек ой»

Тапсырма / Жұмыс түрі	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Мотивациялық кезең «Сергек ой» (жеке/топтық)	- Терең тыныс алу жаттығуын ұйымдастыру - Таза ауа туралы сұрақтар қою («Балалар, таза ауа дегенді қалай түсінесіңдер?», «Таза ауа үшін не істеуіміз керек?») - Құндылықты түсіндіру: адалдық және табиғатты сақтау	- Терең тыныс алу жаттығуын жасау - Таза ауаны қорғау жолдарын айту - Сұрақтарға ойлы жауап беру
Білімді өзектендіру: Горельефпен таныстыру (топтық/жеке)	- Рельеф, барельеф, горельеф түрлерін көрсету - Мүсін өнерінің ерекшеліктерін түсіндіру	- Горельеф, барельеф, рельефтің айырмашылығын ажыратады - Көргендерін талқылайды
Топтық жұмыс: Үндеулер жазу	- Төрт түрлі суретті ұсыну - «Суреттердің мазмұнынан не түсіндіңдер?» деген сұрақ қою - Топтағы пікірталасты бағыттау	- Суреттерді талқылайды - Ауаны таза ұстауға үндеулер жазып, қорғайды
Практикалық жұмыс: Горельеф жасау (топтық)	- Негіз дайындауды көрсету - Нысандарды мүсіндеуді бағыттау - Фигураларды көлемді етіп картонға жапсыруға көмектесу	- Негіз дайындайды (фон) - Ағаштар, гүлдер, балалар бейнесін мүсіндеу - Горельеф композициясын жасау - Жұмыс орнын таза ұстайды

	- Құндылықтарды еске салу: тазалыққа адалдық, табиғатқа жанашырлық	

Бұл сабақ арқылы білім алушылар тек горельеф жасау техникасын үйреніп қана қоймай, табиғатты қорғау және өз әрекетіне жауапкершілік көрсету құндылықтарын тәжірибе етеді. Топтық жұмыс барысында олар бір-бірінің пікірін тыңдап, ойларын қорғауды үйренеді. Бұл - әділдік пен ынтымақтастыққа негіз. Жұмыс орнын таза ұстау және мүсінді мұқият жасау арқылы білім алушылар адалдық пен тәртіпті меңгереді, ал табиғатқа жанашырлық арқылы отаншылдық сезімі оянады. Сонымен қатар, шығармашылық жұмыстың өзінде жаңа идеялар ұсыну арқылы жасампаздық пен жаңашылдық дағдылары дамиды. Нәтижесінде білім алушылар үшін эстетикалық дағды, әлеуметтік жауапкершілік және құндылықтарға негізделген ойлау бір сабақта бірлесіп қалыптасады.

Сынып	1	
Пәні	Еңбекке баулу	
Тақырыбы:	Қазақтың ұлттық ою-өрнегіне саяхат	
Оқу мақсаты	1.2.2.2 шығармашылық жұмыстарды жасау кезінде ұлттық мәдениеттің элементтерін атау; 1.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасымен танысу	
Құндылық	Тәуелсіздік және Отаншылдық	
Тапсырма / Жұмыс түрі	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Кіріспе: Ұлттық ою-өрнекпен таныстыру	- Сұрақтар қою: «Қазақтың ұлттық ою-өрнегін көрдіңіз бе? Ол не туралы айтады?» - Жұптық талқылауға бағыттау - Ұлттық ою-өрнектің мағынасын түсіндіру	- Жұппен сөйлесіп, ою-өрнектің элементтерін атап шығады - Мәдениет пен дәстүр туралы пікір білдіреді
Практикалық жұмыс: Сәнді сөмке жасау	- Қауіпсіздік ережесін еске салу - Бейнежазбаны көрсету, жұмыс кезеңін түсіндіру - Қиын сәттерде кеңес беру, шығармашылыққа ынталандыру	- Фетр қағазын дайындайды, өлшеп, белгілеп, қиып, біріктіреді - Сөмкені ұлттық ою-өрнекпен безендіреді - Өз жұмысына баға береді, бір-біріне көмектеседі
Топтық жұмыс және қорытынды	- Білім алушылардың жұмысын бақылау - Ұлттық оюлардың мағынасын түсіндіру - Топтық ынтымақтастықты ынталандыру	- Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды, көмектеседі - Құндылықтарды тәжірибеде қолданады (әділдік, жауапкершілік, сыйластық)

Бұл сабақ барысында білім алушылар ұлттық ою-өрнектердің тарихы мен мәнін түсініп қана қоймай, өз шығармашылықтарын қолданып, нақты нәтиже жасайды. Практикалық жұмыс арқылы олар жауапкершілік, әдептілік және ынтымақтастық қасиеттерін сезінеді. Сөмке жасау барысында әрбір детальдің сапасы мен дұрыс орындалуы бүкіл жұмыстың нәтижесіне әсер ететінін түсінеді, яғни өз ісіне адал болуды үйренеді. Топтық талқылау және бір-бірінің жұмысын бағалау арқылы балалар сыйластық пен әділдік сезімін дамытады. Осылайша сабақ өнер, шығармашылық және тарихи-мәдени білімді біріктіріп, білім алушылардың тұлғалық, метапәндік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады.

Сынып	2	
Пәні	Еңбекке баулу	
Тақырыбы:	Менің достарым	
Оқу мақсаты	2.2.1.1 қарапайым әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау 2.2.2.3 қарапайым тәсілдер мен материалдарды пайдаланып бөлшектерді модельдеу және құрастыру 2.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын қолдану	
Құндылық	Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік	
Тапсырма / Жұмыс түрі	**Педагог әрекеті**	**Білім алушы әрекеті**
Биік мұнара тұрғызу (жеке/топтық)	- Құралдарды тарату: А4 парақ, жіп, скотч, қайшы, ұсақ зат - Нақты мақсат қою: «Мұнара биіктігі пәленше сантиметр болады» - Қысқа уақыт беріп, шарттарды өзгерту (мысалы, бір қолмен жұмыс істеу, сөйлеуге болмайды) - Мұнараға әсер ету: үстелді сәл қозғау, желпу - Процесті бақылау, қажет болса бағыт беру	- Мұнараның жоспарын жасап, биіктігін болжайды - Берілген құралдармен мұнара тұрғызады - Құлаған жағдайда қайта жөндеп, нығайтады - Ұсақ затты төбеге қойып, мақсатқа жетуді бағалайды
Кесте бойынша талдау және рефлексия	- Сұрақтар қою: «Мұнара құлағанда қандай сезімде болдың?», «Мақсатқа жетуге не кедергі болды, не көмектесті?» - Тәжірибені пән тақырыбына байланыстыру (математика, тарих, т.б.)	- Қиындықтарды талқылайды - Шешім қабылдау мен табандылықты тәжірибе етеді - Сабақтан алған тәжірибені өз өмірімен байланыстырады

Бұл сабақ барысында білім алушылар мақсат қою, жоспарлау және әрекет ету дағдыларын тәжірибеден өткізеді. Мұнара тұрғызу арқылы олар табандылықты, жауапкершілікті және кедергілерге қарамастан алға жылжуды

сезінеді. Сәтсіздік кезінде мұнараны қайта тұрғызу білім алушылардың психологиялық төзімділігін қалыптастырады, ал нақты нәтиже (тиынды көтеріп тұру) қолмен көріп, мақсатқа жетудің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Топтық жұмыс барысында коммуникация, ынтымақтастық және шығармашылық шешімдер іздеу дамиды. Осылайша, сабақ тек физикалық тапсырманы орындауға ғана емес, білім алушылардың әділдік, жауапкершілік, табандылық, жаңашылдық және жасампаздық сияқты құндылықтарын практикада қалыптастыруға бағытталған.

Сынып	4	
Пәні	Еңбекке баулу	
Тақырыбы:	Мамандықтар әлемі бөлімі «Дизайнер мамандығы. Әдемі гүлшоғын жасау»	
Оқу мақсаты	4.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (соның ішінде АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру; 4.2.2.4 шығармашылық жұмысты аяқтау, дәстүрлі емес материалдармен безендіру	
Құндылық	Жасампаздық және Жаңашылдық Әділдік және Жауапкершілік Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік	
Тапсырма / Жұмыс түрі	*Педагог әрекеті*	*Білім алушы әрекеті*
Кіріспе: Дизайнер мамандығы мен салаларын таныстыру	- Дизайнер мамандығының түрлерін түсіндіру (флорист, ландшафт, декоратор, баспа ісі, зергерлік) - Құндылықтар мен кәсіби адалдықтың маңызын айту	- Дизайнер мамандығы туралы ой білдіреді - Өз қызметінің қандай нәтижелерге әсер ететінін түсінеді
Практикалық жұмыс: «Дизайнерлік бюро»	- Білім алушыларды «дизайнерлік топтарға» бөледі - Тапсырманы береді: «аналарға», «ұстаздарға», «досына» гүлшоқ жасау - Қиын сәттерде кеңес беру, шығармашылыққа ынталандыру	- Топ ішінде гүлшоқты жасайды - Өзіндік шығармашылықты қолданады - Материалдарды үнемдеп, сапалы жұмыс жасауға тырысады
Қорытынды талқылау	- Жұмыс сапасын бағалауды қадағалау - Табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіру - Қағаздан жасау арқылы тірі гүлдерді сақтауға назар аударту	- Өз еңбегінің сапасын тексереді - Бір-бірінің жұмыстарын бағалайды - Табиғатты қорғау мен адалдыққа мән береді

Бұл сабақта білім алушылар дизайнер мамандығы арқылы шығармашылықпен айналысып қана қоймай, өз жұмысына жауапкершілік, кәсіби адалдық және табиғатқа жанашырлық қасиеттерін үйренеді. Қағаздан гүл жасау арқылы тірі гүлдердің өмірін сақтауды түсінеді, ресурстарды үнемдеуді

практикалық тәжірибеде қолданады. Топтық жұмыс кезінде бір-біріне көмектесіп, шығармашылық пікір алмасу арқылы ынтымақтастық пен сыйластық сезімін дамытады. Осылайша сабақ білім алушыларға тек өнер мен шығармашылық дағдыларын беріп қана қоймай, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік туғызады.

Педагогтердің тәжірибесі көрсеткендей, «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын сабақтарда тиімді кіріктіру білім алушылардың тәуелсіздік пен отаншылдық сезімін, бірлік пен ынтымаққа бейімділігін, жасампаздық пен жаңашылдық қабілеттерін, заң мен тәртіпке бағынуын, әділдік пен жауапкершілік дағдыларын, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілікті нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар «Заң мен тәртіп» құндылығы арқылы ережелерді сақтау мен құқықтық мәдениет қалыптасса, «Таза Қазақстан» құндылығы қоршаған ортаны қорғау мен тазалықты сақтауға жауапкершілікті арттырады, ал «Еңбек адамы» құндылығы адал еңбекке құрметпен қарау мен кәсіби шеберлікке ұмтылуды күшейтеді.

1–4 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру тәсілдері

Бастауыш сыныптағы «Дене шынықтыру» пәні білім алушылардың қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, денсаулықты сақтау мәдениетін, достық қарым-қатынасты, тәртіптілік пен жауапкершілікті, әділдік пен еңбекқорлықты қалыптастыруға бағытталады.

Пән мазмұны баланың жас ерекшелігіне сәйкес ойын, қимыл-қозғалыс және жағымды эмоциялар арқылы жүзеге асырылады және Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартындағы негізгі құндылықтармен тығыз байланыста жүргізіледі.

Жалпы құндылықтарға қол жеткізу тетіктері

- қозғалыс ойындары мен эстафеталар;
- жұптық және шағын топтық жұмыстар;
- ойын ережелерін сақтау;
- бірін-бірі қолдау және мадақтау;
- қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- ұлттық қимылды ойындарды қолдану.

1-сынып

Тақырыбы: Қимыл-қозғалыс ойындары

Оқу мақсаты: 1.1.1.1 – қарапайым қозғалыс әрекеттерін орындау Құндылық: Бірлік және ынтымақ

Құндылыққа қол жеткізу:

Ойын барысында білім алушылар бір-бірімен тіл табысуды, кезек күтуді, серіктесін құрметтеуді үйренеді. Бірге ойнау арқылы достық қарым-қатынас қалыптасады, өзара көмектесу дағдылары дамиды.

Құндылықты ашу жолдары (сатысымен)

1-кезең. Ұйымдастыру және психологиялық дайындық

Мақсаты: Оқушыларды бірлікке бағыттау, жағымды орта қалыптастыру.

Талаптар:

Оқушылар шеңберге тұрады

Бір-біріне күлімсіреп, амандасады

«Біз – біргеміз», «Бірге ойнаймыз» деген қысқа ұран айту

Құндылыққа әсері:

Балалар өздерін топтың бір мүшесі ретінде сезінеді, бір-бірін қабылдауға үйренеді.

2-кезең. Қауіпсіздік ережесі мен тәртіпті түсіндіру

Мақсаты: Өзара құрмет пен жауапкершілікті қалыптастыру.

Талаптар:

Бір-бірін итермеу

Кезек күту

Серіктесіне көмектесу

Ойын ережесін бұзбау

Құндылыққа әсері:

Оқушылар тәртіп сақтаудың – бірлік пен ынтымақтың негізі екенін түсінеді.

3-кезең. Қимыл-қозғалыс ойындарын топпен орындау

Мақсаты: Бірге әрекет ету арқылы ынтымақтастықты дамыту.

Мысал ойындар:

«Кім жылдам?» (жұппен)

«Допты досыңа бер»

«Шеңбер бойымен қимыл жаса»

Талаптар:

Ойын жұппен немесе топпен орындалады

Балалар бір-біріне көмектеседі

Кезек сақталады

Құндылыққа әсері:

Балалар бір-бірімен тіл табысуды, серіктесін қолдауды үйренеді.

4-кезең. Ынтымақтастықты бекіту (қолдау көрсету)

Мақсаты: Достық қарым-қатынасты нығайту.

Талаптар:

Жеңілген баланы жұбату

Жеңген оқушының мақтанбауы

Бір-бірін қолпаштау («Жарайсың!», «Керемет!»)

Құндылыққа әсері:

Балалар өзара сыйластық пен көмектің маңызын түсінеді.

5-кезең. Қорытынды және рефлексия

Мақсаты: Құндылықты саналы түрде түсіндіру.

Сұрақтар арқылы талдау:

Ойынды бірге ойнау оңай болды ма?

Досыңа көмектестің бе?

Бірге ойнағанда не үйрендің?

Құндылыққа әсері:

Оқушылар бірлік пен ынтымақтың ойын арқылы жүзеге асқанын түсінеді.

1-сынып

Тақырыбы: Қауіпсіздік ережелері

Оқу мақсаты: 1.1.2.1 – дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік ережелерін сақтау

Құндылық: Заң және тәртіп

Құндылыққа қол жеткізу:

Білім алушылар өз денсаулығын қорғаудың маңызын түсінеді, жаттығуларды мұқият орындауға дағдыланады, сыныпта қауіпсіз орта қалыптастыруға жауапкершілікпен қарайды.

2-сынып

Тақырыбы: Жалпы дамыту жаттығулары

Оқу мақсаты: 2.1.1.1 – негізгі қозғалыс дағдыларын жетілдіру Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құндылыққа қол жеткізу:

Жаттығуларды қайталау арқылы білім алушылар шыдамдылық пен еңбекқорлықтың нәтижеге жеткізетінін түсінеді, өз күшіне сенімділігі арта түседі.

Сабақ барысында оқушылар жалпы дамыту жаттығуларын жүйелі және дұрыс орындау арқылы еңбекқорлықты қалыптастырады. Әр жаттығуды қайталап, нұсқауды мұқият тыңдау, қателерін түзету – табандылық пен жауапкершілікті талап етеді. Қозғалыстарды дәл әрі қауіпсіз орындауға үйрену арқылы оқушылар өз денесін басқару дағдыларын жетілдіріп, кәсіби біліктіліктің алғашқы негіздерін меңгереді. Топпен жұмыс жасау кезінде бір-біріне қолдау көрсету де құндылықтарды бекіте түседі.

2-сынып

Тақырыбы: Қимылды ойындар

Оқу мақсаты: 2.2.1.1 – ойын ережелерін сақтау

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Құндылыққа қол жеткізу:

Ойын кезінде әділ ойнауға, ережені бұзбауға, жеңіске де, жеңіліске де дұрыс қарауға үйренеді. Бұл балалардың адалдық қасиетін қалыптастырады.

Қимылды ойындар барысында оқушылар ойын ережелерін қатаң сақтауға үйренеді. Ережені бұзбай ойнау арқылы әділдік қағидаларын түсініп, барлық қатысушыға тең мүмкіндік берудің маңызын сезінеді. Өз әрекетіне жауапкершілікпен қарау, жеңіске адал жолмен жету және жеңілісті сабырмен қабылдау оқушылардың жауапкершілік сезімін қалыптастырады. Сонымен қатар, ойын кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау да жауапкершілікті арттыра түседі.

3-сынып

Тақырыбы: Төзімділік пен шапшаңдықты дамыту

Оқу мақсаты: 3.1.3.1 – физикалық қасиеттерін дамыту

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құндылыққа қол жеткізу:

Жаттығуларды орындау барысында білім алушылар қиындықты жеңе білуге, бастаған істі соңына дейін жеткізуге дағдыланады.

Сабақ барысында төзімділік пен шапшаңдықты дамытуға арналған жаттығуларды жүйелі орындау арқылы оқушылар еңбекқорлыққа үйренеді. Қиындықтарға қарамастан тапсырмаларды соңына дейін орындау, өз нәтижесін жақсартуға ұмтылу табандылықты қалыптастырады. Жаттығуларды дұрыс техникамен орындау, уақытты тиімді пайдалану және мұғалім нұсқауын сақтау арқылы оқушылар кәсіби біліктіліктің алғашқы дағдыларын меңгереді. Бұл олардың физикалық қасиеттерін саналы түрде дамытуына ықпал етеді.

3-сынып

Тақырыбы: Командалық ойын элементтері

Оқу мақсаты: 3.3.1.1 – топпен әрекет ету

Құндылық: Бірлік және ынтымақ

Құндылыққа қол жеткізу:

Командалық ойындар арқылы білім алушылар ортақ мақсатқа бірге жетудің маңызын түсінеді, өзара сыйластық пен жауапкершілік қалыптасады.

Командалық ойын элементтері барысында оқушылар топпен бірлесе әрекет етудің маңызын түсінеді. Ортақ мақсатқа жету үшін бір-біріне көмектесу, өзара келісіммен шешім қабылдау және серіктестерін қолдау арқылы бірлік пен ынтымақ қалыптасады. Әр оқушы өз рөлін жауапкершілікпен орындап, команданың жетістігіне үлес қосады. Ойын кезінде бір-бірін құрметтеу, пікірін тыңдау және ынтымақта жұмыс жасау құндылықтарды бекіте түседі.

4-сынып

Тақырыбы: Ұлттық қимылды ойындар

Оқу мақсаты: 4.3.2.1 – ұлттық ойын элементтерін қолдану

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Құндылыққа қол жеткізу:

Ұлттық ойындар арқылы білім алушылар халық дәстүріне қызығушылық танытады, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиеленеді.

Ұлттық қимылды ойындар арқылы оқушылар халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдени мұрасымен танысады. Ұлттық ойын элементтерін орындау барысында өз елінің тарихына, ұлттық құндылықтарына құрмет сезімі қалыптасады. Оқушылар Қазақстанның тәуелсіз ел екендігін сезініп, ұлттық ойындарды мақтанышпен ойнау арқылы отаншылдық рухын нығайтады. Сабақ барысында ұлттық құндылықтарды сақтау, дәріптеу және келер ұрпаққа жеткізу маңызын түсінеді.

4-сынып

Тақырыбы: Салауатты өмір салты

Оқу мақсаты: 4.1.4.1 – дене белсенділігінің денсаулыққа пайдасын түсіну

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Құндылыққа қол жеткізу:

Білім алушылар дене жаттығуларының денсаулыққа пайдасын түсінеді, күнделікті қозғалыстың маңызын ұғынады және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға үйренеді.

Салауатты өмір салты тақырыбын меңгеру барысында оқушылар дене белсенділігінің денсаулықты сақтаудағы маңызын түсінеді. Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, күнделікті қозғалысқа уақыт бөлу және зиянды әдеттерден аулақ болу жауапкершілік құндылығын қалыптастырады. Сабақ кезінде ережелерді барлығына бірдей сақтау, қауіпсіздік талаптарын орындау арқылы әділдік қағидалары бекітіледі. Оқушылар өз әрекетінің өзіне және айналасындағыларға әсерін сезіне отырып, саналы шешім қабылдауға үйренеді.

1–4 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні арқылы білім алушылардың бойында әділдік және жауакершілік, бірлік және ынтымақ, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, табандылық және тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтары жүйелі түрде қалыптасады.

Құндылыққа бағдарланған тәсіл бастауыш сынып оқушыларының физикалық дамуын олардың тұлғалық және әлеуметтік дамуымен ұштастыра отырып, саналы, белсенді және жауапты азамат тәрбиелеуге негіз болады.

НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ КІРІКТІРУ ТӘСІЛДЕРІ

Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған тапсырмалар білім алушылардың «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын саналы түрде қалыптастыруға бағытталған. Құндылықтар сабақ мазмұнына, жобалық жұмыстарға, пікірталастарға және топтық жұмыстарға кіріктіріледі. Білім алушылардың құндылықтарды оқу және сабақтан тыс іс-әрекеттерде қолдануға мүмкіндік беріп, тұтас тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні мазмұны арқылы жүзеге асыру тәсілдері

Сабақ тақырыбы: Өнер-білім бар жұрттар...
Оқу мақсаты: 5.1.6.1. тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру

Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық

Тыңдалым мәтіні: https://youtu.be/PKYbMqsZvUU?feature=shared

Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі

1-тапсырма. Өлеңнің негізгі идеясын ашу үшін, сөз тіркестерінің мағынасын ашыңдар.

2-тапсырма Кестедегі ақпараттарды дұрыс немесе бұрыстығына қарай саралаңдар.


2.10-кесте. Сөйлем

Сөйлем	**Дұрыс**	**Бұрыс**
Өнер-білімсіз халық дамиды		
Өнерлі халық жаңалық ашпайды		
Білім өмірде адамға жетістікке жетуге көмектеседі		
Өнер мен білім – дамудың негізі		
Өнерлі,білімді адам ең мықты адам		

Дескриптор

Дескриптор	**Балл**
Мәтінге сай ақпаратты анықтай алады.	1
Өз ойларын дәлелдейді.	1

3-тапсырма «Өнер» және «білім» сөзін қалай түсінесіңдер? Ойларыңды кластерге топтастыру арқылы дәлелд еңдер.





2.8-сурет. Білім мен өнер

Дескриптор	**Балл**
«Өнер» сөзінің мағынасын ашады.	1
«Білім» сөзінің мағынасын ашады.	1
Әр сөзге кемінде төрт сөзден жазады.	1

4-тапсырма Дәптермен жұмыс.

Сұрақ: Қазіргі заманда білім мен өнердің адам өміріне тигізер қандай пайдасы бар?

Өз ойларыңды 3–4 сөйлеммен жазыңдар

_____
_____
_____
_____
_____

Дескриптор	**Балл**
Берілген сұраққа нақты жауап береді.	1
Өз ойларын дәлелдейді.	1
Өмірден нақты мысалдар келтіреді.	1

Қорытынды: Шығармадағы «жасампаздық және жаңашылдық» құндылығының көрінісі:

Шығармадағы эпизод	Құндылықтың көрінісі	Жасампаздық және жаңашылдыққа қатысы
Айшылық алыс жерлерден Көзіңді ашып-жұмғанша Жылдам хабар алғызды Адамды құстай ұшырды Отынсыз тамақ пісірді Сусыздан сусын ішірді Біз болмасақ, - сіз барсыз Үміт еткен достарым, Сіздерге бердім батамды	Жаңашылдыққа ұмтылу	Өлеңде ғылым мен техниканың дамуы, адамның табиғатты өзгертуі, уақыт пен кеңістікті қысқартуы – бәрі жаңашылдық құндылығын көрсетеді. Жаңашылдық – технологиялық жетістік арқылы уақыт пен кеңістікті бағындыру. Оқушыларды надан болмай, білім алып, ізденуге, жаңашылдыққа, жасампаздыққа ұмтылуға шақыру

Сабақ тақырыбы: Бір атаның балалары

Оқу мақсаты: 5.1.2.1. тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау

Құндылық: Бірлік пен ынтымақ

1-мәтін: Ахмет ысырыла жол берген жұртты киіп-жарып балалардың алдына барды да қалт бөгелді. Қайсысын алсам екен деп ойланғандай. Жетімдерді жағалай шолып шықты да, ең баста тұрған ағайынды қазақ балаларының қасына келді. Екеуі біріне-бірі тығыла құшақтасып тұрған. Қолдарынан тартып еді, айрылмады. Ахаң тізесін бүгіп, екеуін бірдей баурына басты. Кезек-кезек маңдайларынан сүйді. Содан соң орнынан көтеріліп, балаларды жағалай бастарынан сипап өтті де, ең шетте тұрған неміс баласының қолынан ұстады.

– Мен осы мықтының өзін қаладым. Жұрт ду ете түсті...

«– Маған бәрі бірдей еді,– дейтін Ахаң. – Әйтсе де көп жетімнің ішіндегі шын жетім осы екен. Обалынан қорықтым...»

2-мәтін: Үлкендер Ахаңның әр сөзін бәрекелділеп қостап, бас изеп мақұлдағанымен, бала-шаға жағы Зигфридті /Зекенді/ бірден мойындамады. Маңына көп жолай қоймайды. Әкесінің қасында жүрген кезде ғана дұшпандық ниет танытпайды. Онда да беріліп ойнамайды. Үлкендердің көзі тайған сәтте қазақ боп бөліне кетуге, реті келсе зорлық жасауға, бірдеңесін тартып алуға бейім тұрады. Бірақ Зигфрид кекшілдігі жоқ, жайдары бала боп шықты. Көбіне жалғыз ойнайды. Әкесінің тымағын айналдырып киіп, көк шыбықты ат қып мініп, күнұзақ үйінің қасында асыр салады. Таяу маңда бала көрінсе болды, қол бұлғап шақырады. Қарамаса соңынан жүгіреді. Тек алысқа ұзамайды.

Ептеп қазақша сөйлей бастағаннан бері ауыл балаларымен арадағы алалық азайды. Бірлі-жарым балалар өзі іздеп келетін болды.

1-тапсырма «Кейіпкер бейнесі». Мәтін бойынша Ахмет мен Зигрфридке сипаттама бер.

Ахмет қария	Зигрфид /Зекен Ахметұлы/

Дескриптор	Балл
Ахмет қария бейнесін дұрыс анықтайды.	1
Зигрфрид бейнесін дұрыс анықтайды.	1
Кейіпкерлер бейнесін мәтінге сүйеніп дұрыс жазады.	1

2-тапсырма: «Дұрысын тап». Төменде берілген сөйлемдердің арасынан мәтінге сай ақпаратты тап, «+» белгісін қой.

Ахаң жетімдерді ұзақ таңдады.	
Зигрфрид - неміс баласы	
Ахаң тек қазақ баласын алғысы келді.	

Зигфрид кекшіл бала болды.	
Балалар алғашында оны қабылдамады.	

Дескриптор	Балл
Мәтінге сай ақпаратты анықтай алады.	1
Мәтін мазмұнын дұрыс түсінеді.	1

3-тапсырма «Құндылықтар аллеясы». Мәтіннен үзінді арқылы өз пікірін білдіреді.



Дескриптор	**Балл**
«Достық» құндылығына байланысты мәтіннен үзінді келтіріп, өз пікірін білдіреді.	1
«Мейірімділік» құндылығына байланысты мәтіннен үзінді келтіріп, өз пікірін білдіреді.	1
«Бірлік» құндылығына байланысты мәтіннен үзінді келтіріп, өз пікірін білдіреді.	1

4-тапсырма «Егер де...». Берілген екі сұрақтың бірін таңдап, өз ойын 4-5 сөйлеммен дәйектейді.

- Егер Ахаң неміс баласын алмаса, оқиға қалай өрбитін еді?
- Егер неміс баласының мінезі нашар болса, не өзгерер еді?

Дескриптор	Балл
Ойтолғауда басты құндылықтарды негізге алады.	1
Проблемалық сұраққа өз ойын білдіре алады. /4-5 сөйлем/	1

Қорытынды: «Бірлік пен ынтымақ» құндылығының шығармадағы көрінісі:

Шығармадағы эпизод	Құндылықтың көрінісі	Бірлік пен ынтымаққа қатысы
Ахмет қарттың немістің баласын таңдауы	Мейірімділік	Қазақ халқының жүрегінің кеңдігі, мейірімділігі, ұлтқа, тегіне қарамай, адамды адам ретінде қабылдау үлгісі. Соғыс зардабын көрген заманда неміс баласын жатсынбай, қамқорлық таныту – кеңпейілділік пен адамзаттық бірліктің белгісі
Үлкендердің Ахаңның шешімін қолдауы	Ынтымақ	Ой мен көзқарастың бірлігі, ауызбіршілік, қоғамдағы ынтымақтың

		көрінісі. Егер үлкендер қарсы болғанда, бала ортаға сіңісе алмас еді. Демек, бірлік – тек бір адамның емес, тұтас қауымның ортақ ұстанымы болғанда ғана нығаяды.
Бала-шаға жағы Зигфридті /Зекенді/ бірден емес кейін мойындауы	Балалық көзқарас	Балалардың бастапқы тосырқап, кейін қабылдауы – табиғи психологиялық үдеріс. Уақыт өте келе олардың Зекенді өз қатарларына қосуы – түсіністік пен бейімделудің нәтижесі. Бұл – ынтымақтың біртіндеп қалыптасатынын көрсетеді.
Таяу маңда бала көрінсе болды, қол бұлғап шақыруы, қарамаса соңынан жүгіруі	Достасқысы келуі	Балалық ойдың, көзқарастың пәктігі, шынайы достықтың белгісі. Ұлты бөлек болса да, балалардың оны өз ортасының бір мүшесі ретінде көруі – татулықтың, бөлінбеудің дәлелі, жас ұрпақтың жүрегі таза екендігі аңғарылады.

Сабақ тақырыбы: Ең үлкен байлық

Оқу мақсаты: 5.1.4.1. фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну

Құндылық: Заң және тәртіп

Мәтін: Бір дана қарттан:

– Дүниедегі ең үлкен байлық не? – деп сұрапты.

Қарт:

– Ең үлкен байлық – денсаулық, – деп жауап береді.

Адамдар алтын мен малды байлық санайды. Бірақ денсаулық болмаса, байлықтың да, бақыттың да қадірі жоқ. Денсаулығы мықты адам еңбек етеді, елге пайдасын тигізеді. Ал тәртіп сақтап, заңды құрметтеген қоғамда адамдар тыныш әрі бақытты өмір сүреді.

1-тапсырма «Байлық пирамидасы» Мәтінге сүйене отырып, байлық түрлерін маңыздылығына қарай орналастыр. (Денсаулық, Бақыт, Мал-дүние)

a) Ең жоғарғы саты: _____

b) Ортаңғы саты: _____

c) Төменгі саты: _____

Дескриптор	Балл
Денсаулықты ең үлкен байлық ретінде анықтайды	1
Бақыттың маңызын дұрыс орналастырады	1
Мал-дүниенің соңғы орында екенін көрсетеді	1

2-тапсырма «Шындық па, Жалған ба?» Мәтін бойынша кестені толтыр. Дұрыс болса «+», қате болса «-» белгісін қой.

Тұжырымдар	Шындық	Жалған
Ең үлкен байлық — алтын.		
Денсаулық болмаса, байлықтың қадірі жоқ.		
Тәртіп пен заң сақталған жерде адамдар тыныш өмір сүреді		
Бай адам ғана бақытты болады		

Дескриптор	Балл
«Шындық (+)» ақпаратты дұрыс табады	1
«Жалған (-)» ақпаратты дұрыс табады	1

3-тапсырма «Ойды дәлелде» Мәтіннен «Ең үлкен байлық — денсаулық» екенін дәлелдейтін 3 сөйлемді жаз.

a) _____

b) _____

c) _____

Дескриптор	Балл
Денсаулықтың маңызын ашатын дәлел келтіреді	1
Мәтінге сүйеніп жазады	1
Ойын толық әрі нақты жеткізеді	1

4-тапсырма «Тәртіп – байлық кепілі» Сөйлемдерді толықтыр.

1. Заңды сақтау дегеніміз — _____
2. Тәртіп бар жерде — _____
3. Денсаулықты сақтау үшін — _____

Дескриптор	Балл
Заң және тәртіп ұғымын дұрыс түсіндіреді	1
Қоғамдық тәртіптің маңызын ашады	1
Денсаулыққа қатысты дұрыс ой айтады	1

5-тапсырма 3–4 сөйлемнен тұратын шағын ойтолғау жаз. «Егер мен ең бай адам болсам, мен ең алдымен … бағалар едім, себебі …»

Дескриптор	Балл
Мәтіндегі негізгі ойды қолданады	1
3–4 сөйлеммен жүйелі жазады	1

Қорытынды: «Заң мен тәртіп» құндылығының шығармадағы көрінісі:

Шығармадан эпизод	Құндылық көрінісі	Заң мен тәртіпке қатысы
Қарттың «Ең үлкен байлық — денсаулық»,-деп жауап беруі	Қарттың көрегендігі	Заң мен тәртіп қоғамдағы адамдардың денсаулығын қорғауға бағытталған (қауіпсіздік ережелері, қоғамдық тәртіп, медициналық құқықтар).Заң сақталған жерде – тыныштық бар, ал тыныштық бар жерде – адам денсаулығы қорғалады.

Кей адамдардың дүниедегі ең үлкен байлық алтын мен мал деп есептеуі	Әділетсіздік	Материалдық байлықты бірінші орынға қою – кейде әділетсіздікке, заң бұзушылыққа әкелуі мүмкін (ұрлық, алаяқтық, жемқорлық). Рухани құндылық пен материалдық құндылықтың айырмасы көрсетіледі.
Денсаулығы мықты адам еңбек етеді, елге пайдасын тигізеді.	Заң мен тәртіп	Заңға бағынатын, тәртіпті, дені сау азамат – қоғамның тірегі. Мұндай адам адал еңбек етеді, мемлекет дамуына үлес қосады.

Сабақ тақырыбы: Көшпелілер – жауынгер халық

Оқу мақсаты: 5.1.2.1. тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау


Құндылық: Тәуелсіздік және Отаншылдық

Мәтін:

1. Сақтар мемлекетінде жауынгерлердің, әсіресе қолбасшылар мен батырлардың орны жоғары болды. Одақты сақ көсемдерінің кеңесі сайлаған патшалар биледі. Тайпа көсемдерін тайпа мүшелері сайлады. Сақ қоғамы үшке бөлінді: әскерлер, абыздар, ру мүшелері (егіншілер, малшылар, қолөнершілер және т.б.). Патша мен әскер көсемдерін тек қана әскер тобынан сайлады. Адамзат дамуының бұл кезеңін «Әскери демократия» деп атайды. Сақ жауынгерінің қару-жарағы мен сауыт-сайманы түгел болған. Еуропада мұндай қарулар орта ғасырларда ғана пайда болды.

2. Геродот: «Біз білетін халықтардың барлығынан да скиф халқы данышпан... Өздері разылық етпесе, олардың еліне басып кірген ешбір жау сақтарды жаулап ала алмайды. Олардан қашып та құтыла алмайды. Өйткені скифтердің қаласы, қамалы жоқ. Баспанасын өздерімен ала жүреді, барлығы аттылы, садақ атқыштар; олар жеңімпаз. Ешкім жеңе алмайтын болмағанда қайтеді! Скифтер өздерін де, аттарын да сауытпен қорғаған», –деп жазған.

1-тапсырма «Сақ қоғамының пирамидасы». Төмендегі бос орындарға мәтін бойынша сақ қоғамының үш тобын маңызына қарай орналастыр.



a) Ең жоғарғы саты: _____
b) Ортаңғы саты: _____
c) Төменгі саты: _____

Дескриптор	Балл
Étape 4 : « Je présente mon école idéale »

En binômes, les élèves présentent leur école idéale à la classe. Ils expliquent un problème et proposent une solution.
Modèle de présentation :

À mon avis, une école idéale est propre et sûre. Je pense que les élèves doivent respecter les règles. Dans la cour, il ne faut pas jeter des déchets. On doit garder l'école propre et aider les autres.

Différenciation

Soutien :

L'enseignant propose une liste de mots liés aux lieux de l'école, aux règles et aux actions quotidiennes afin d'aider les élèves à construire leurs phrases.

Défi : les élèves plus avancés expliquent comment les élèves peuvent améliorer la discipline, respecter les règles et contribuer à un climat scolaire positif.

Type d'activité

Travail en binômes / discussion guidée / mini-présentation.

Résultats attendus

À la fin de l'activité, les élèves seront capables de décrire leur école idéale, d'identifier des situations où les règles peuvent être violées et de proposer des solutions simples. Ils utiliseront le vocabulaire de l'école, les expressions d'opinion Je pense que…, À mon avis… et les structures d'obligation Il faut…, On doit….

Commentaire méthodologique pour l'enseignant

Cette activité développe la production orale, la pensée critique et la coopération entre les élèves. En observant les images, en identifiant les problèmes et en proposant des solutions, les élèves comprennent que chaque membre de la communauté scolaire est responsable du respect des règles, de la propreté et du climat positif à l'école. La valeur « Responsabilité et honnêteté » est renforcée à travers l'idée qu'un citoyen responsable commence par respecter son école, ses camarades et son environnement.

Grade	**8**
Subject	English
Module	Module 1 – Our World
Topic	Why Is the Steppe a Treasure?
Value Focus	Justice and Responsibility
Value-based Programme	«Adal Azamat»
Key Values	Respect for nature; environmental responsibility; national heritage of Kazakhstan; independence and patriotism
Learning Objectives	8.3.2.1 understand specific information and detail in short texts; 8.1.9.1 use imagination to express thoughts, ideas and feelings; 8.2.6.1 communicate meaning clearly at sentence level
Skills	Reading, speaking
Form of Work	Individual work, pair work, whole-class discussion
Visual Materials	Figure 1.5.8 QR Code for the Text; Figure 1.5.9 Golden Steppe

Task: "Why Is the Steppe a Treasure?"

Task Description for Students

Read the text about the Kazakh steppe and think about why it is called "a golden treasure". The steppe is not only land; it is also part of Kazakhstan's nature, history

and national identity. Your task is to find key ideas in the text, discuss them with a partner and prepare 3–4 sentences explaining why the steppe should be protected.

Figure 1.5.8 Qr code for the text



Figure 1.5.9 Golden Steppe

Stage 1: “Read and Find”

Students read the text and find specific information about the steppe.

Question:

Why is the steppe called “a golden treasure”?

Students should find at least three reasons from the text.

Examples:

The steppe is part of Kazakhstan’s nature.

It is home to animals and plants.

It is connected with Kazakh history and culture.

It is part of national heritage.

This stage helps students understand the main idea and important details of the text.

Stage 2: “Think about the meaning”

Students discuss the deeper meaning of the steppe.

Discussion questions:

Is the steppe only land, or is it part of national identity?

Why is the steppe important for Kazakhstan?

What can happen if people do not protect nature?

How can students help protect nature?

Students use simple opinion phrases:

I think that…

In my opinion…

The steppe is important because…

We should protect it because…

Stage 3: “Build Your Argument”

Students prepare 3–4 sentences with their arguments.

Sentence support:

The steppe is a treasure because _____.

It is important for Kazakhstan because _____.

People should protect the steppe because _____.

In my opinion, the steppe is part of our national identity.

We can protect nature by _____.

Example:
The steppe is a treasure because it is part of Kazakhstan's nature. It is home to many animals and plants. In my opinion, the steppe is part of our national identity. People should protect it for future generations.

Stage 4: "Share and Protect"

Students share their ideas in pairs or in a whole-class discussion. They listen to each other and choose the strongest argument about why the steppe should be protected.
At the end of the discussion, students complete one final sentence:
We should protect the steppe because _____.
This stage helps students express their ideas clearly and understand their responsibility for nature and national heritage.

Form of Work

individual work / pair work / whole-class discussion

Expected Results

By the end of the activity, students will be able to understand the key ideas and details of the text, identify arguments about the value of the steppe, express their opinion in 3–4 clear sentences and explain why the steppe is important for Kazakhstan. The task helps students develop respect for nature, environmental responsibility and understanding of the steppe as part of the cultural and national heritage of Kazakhstan.

Methodological Commentary

It is important to emphasize not only the natural facts about the steppe but also its emotional and cultural value for the people of Kazakhstan.

Grade	**8**
Subject	English
Module	Skills 1c – Change the world through engineering
Task Title	Engineering for good
Skills	Reading, speaking
Value Focus	Creativity and creation; helping society; innovation
Key Concepts	Work and professions of the future; respect for work; technological progress
Learning Objectives	8.3.2.1 understand specific information and detail in short texts; 8.2.6.1 communicate meaning clearly at sentence level; 8.1.7.1 develop interaction in pair and group discussions

Task: Engineering for Good

Task description for students

Read the text about engineering and think about how engineers help people and society. Engineering is not only about machines and technology. It is also about solving real problems, creating useful inventions and making people's lives safer and better. Your task is to find key information in the text, discuss the role of engineers with your classmates and prepare three arguments supporting the statement: **"**Engineering improves people's lives."

Figure 1.5.10 Qr code for the text



Figure 1.5.11 Engineering changes the World

Stage 1: “Read and understand”

Students read the text and identify the main idea and specific details.

Questions:

What problem did the earthquake cause?

How did engineering help people?

What solution did engineers create?

Why was this solution important?

This stage helps students understand the content of the text and find important details.

Stage 2: “Think like an engineer”

Students discuss how engineering can solve real-life problems.

Discussion questions:

Can engineers really change the world? Why?

Which inventions help people in everyday life?

Which inventions help your community today?

Why is innovation important for society?

Students use opinion phrases:

I think that…

In my opinion…

Engineering is important because…

Engineers help society by…

Innovation helps people because…

Stage 3: “Build your arguments”

Students prepare three arguments supporting the statement:

“Engineering improves people’s lives.”

Sentence support:

Engineering improves people’s lives because _____.

Engineers solve problems such as _____.

Innovation is important because _____.

Engineers help society by _____.

In the future, engineers can _____.

Example:

Engineering improves people's lives because engineers solve real problems. They can build safer houses, bridges and roads. Innovation is important because it helps people live better and safer lives.

Stage 4: "Share your future solution"

In pairs or groups, students share their arguments and suggest one invention or engineering solution that could help their school, city or community.

Examples:

a smart recycling bin;
a safe school crossing;
solar panels for schools;
clean water systems;
energy-saving lights;
earthquake-resistant buildings.

At the end of the discussion, students complete one final sentence:

An engineer for good is a person who _____.

This stage helps students understand that engineering is connected with creativity, responsibility, work and service to society.

Form of work

Individual work / pair work / group discussion / whole-class discussion

Expected Results

By the end of the activity, students will be able to understand the main idea and specific details of the text, explain how engineering helps society, give three clear arguments about the importance of engineering and discuss future-oriented professions. The task helps students recognise the value of creative and productive work, innovation and technological progress.

Methodological note for the teacher

This task develops students' reading, speaking, critical thinking and interaction skills through the topic of engineering. By analysing the text and discussing real-life problems, students understand that engineers are creators who use knowledge, imagination and responsibility to help society. The teacher should emphasize that engineering is not only about technology, but also about serving people, improving safety and solving practical problems. The task can be connected with future professions and innovations in Kazakhstan, such as renewable energy, smart infrastructure, environmental engineering and earthquake-resistant construction. This helps students see the importance of work, creativity and innovation for the progress of society.

Grade	**8**
Subject	English
Task Title	If nature could speak
Topic	Nature's Power

Skills	Reading, speaking, creative writing
Value Focus	Respect for nature; environmental thinking; responsibility
Key Concepts	Awareness of the power of nature; connection between human actions and nature
Learning Objectives	8.1.9.1 use imagination to express thoughts, ideas, experiences and feelings; 8.3.3.1 identify detail in a text to support understanding; 8.2.6.1 communicate meaning clearly in speaking tasks

Task description for students

Read the song “Nature’s power” again and find the words or phrases that show the power of nature, such as storm, lightning, wind, snow. Imagine that nature can speak to people. What would it say? Write a short monologue from the perspective of nature. In your monologue, explain what nature wants people to understand and what may happen if people do not listen.



Figure 1.5.12 Strong wind



Figure 1.5.13 Tornado

Stage 1: “Find nature’s voice”

Students read the song again and identify words or phrases that show the power of nature.

Examples:

storm
lightning
wind
snow
thunder
rain

Question:

What words in the song show that nature is powerful?

This stage helps students identify details in the text and understand the emotional meaning of the song.

Stage 2: “Feel the power of nature”

Students look at the pictures and discuss how nature is shown.

Discussion questions:

Is nature calm or powerful in these pictures?
What feelings do the pictures create?
Why should people respect nature?
What can happen if people ignore nature?

Students may use simple phrases:

I think nature is…

In my opinion, nature can…
People should…
We must respect…

Stage 3: “Write nature’s message”

Students write a short monologue from the perspective of nature.
Length: 6–8 sentences.
Guiding questions:

What do you want people to understand?
Are you angry, calm, powerful or protective?
What should people do?
What will happen if they do not listen?

Useful phrases:

I am…
I can…
You must…
You should…
If you…, I will…
I want people to understand that…

Example:

I am nature. I can be calm, but I can also be powerful. I give people air, water and life. You must respect me and protect the Earth. If you pollute rivers and forests, I will become dangerous. People should listen to nature before it is too late.

Stage 4: “Share and reflect”

Students exchange their monologues in pairs. Then several students may present their monologues to the class. After listening, students complete one final sentence:
I think people should respect nature because _____.
This stage helps students express their personal attitude, listen to others and understand the connection between human actions and consequences for nature.

Form of work

Individual work / pair exchange / voluntary public presentation

Expected results

By the end of the activity, students will be able to identify details in the song that show the power of nature, express their personal attitude toward nature and create a short imaginative monologue. The task helps students develop emotional intelligence, environmental awareness and responsibility for human actions toward nature.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Математика» (5–6 сыныптар), «Алгебра» (7–9 сыныптар) және «Геометрия» (7–9 сыныптар) оқу пәндері мазмұны арқылы жүзеге асыру тәсілдері

Мектептегі математика курсы дәстүрлі түрде тек академиялық пән ғана емес, сонымен қатар жан-жақты жеке дамудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Ол логикалық, сыни, аналитикалық және алгоритмдік ойлауды, сондай-ақ абстрактілі және кеңістіктік ойлауды дамытады. Математиканы оқу арқылы білім алушылар ақпаратты талдауды, заңдылықтарды анықтауды, дәлелдер құруды және есептердің оңтайлы шешімдерін табуды үйренеді. Сонымен қатар, мектептегі математика курсын игеру барысында математикалық, оқу, ақпараттық және қаржылық сауаттылық қалыптасады және дамиды.

Мектептегі математика курсының оқу бағдарламалары тек білімді ғана емес, сонымен қатар қазіргі қоғамдағы адамға қажетті жеке қасиеттерді де дамытады:

1) есептерді шешу арқылы білім алушылар жағдайларды талдауды, негізгі мәселелерді анықтауды, заңдылықтарды анықтауды және негізделген қорытындылар жасауды үйренеді. Бұл дағдылар тек сыныпта ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де маңызды, өйткені теңгерімді шешімдер қабылдау қажет;

2) кейбір есептер бірден шығарылуы мүмкін емес, сондықтан білім алушылар шыдамды болып, қателіктерді қайта қарастырып, жаңа шешімдер іздеуі керек. Бұл еңбекқорлықты, жауапкершілікті және өзіне деген сенімділікті тәрбиелейді;

3) математика курсы есептеулер мен жазуда дәлдікті, сондай-ақ кейбір мәселлерге назар аударуды талап етеді. Бір қателік дұрыс емес нәтижеге әкелуі мүмкін, сондықтан білім алушылар тәртіп пен ұйымшылдыққа үйренуі қажет;

4) үй тапсырмасын және жиынтық бағалауды орындау арқылы білім алушылар өз уақыттарын жоспарлауды, күш-жігерлерін бөле білуді және жұмыстың нәтижесіне жауапкершілікпен қарауды үйренеді;

5) математика ғылыми дүниетанымды дамытады, себебі ол әлемнің белгілі бір заңдарға бағынатынын және көптеген құбылыстарды сандар, формулалар және модельдер арқылы түсіндіруге болатынын көрсетеді. Бұл сыни ойлауды және білімге деген құштарлықты дамытады.

Математика білім алушыны тұлға ретінде дамуының маңызды құралы болып қызмет атқарады, яғни оның дүниетанымына, мінезіне, жұмысқа және танымдық белсенділігіне көзқарасына айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан оқу процесінде оқу іс-әрекетін ғылыми тұрғыдан негізделген ұйымдастыру, әсіресе жаттығулар жүйесін әзірлеу және енгізу ерекше маңызды. Мектептегі математика курсында оқудың білім беру, дамытушылық және педагогикалық мақсаттарына қол жеткізу жаттығулар жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл жаттығуларды жүйелі және мақсатты түрде орындау тек пән бойынша білім мен

дағдыларды дамытуға ғана емес, сонымен қатар оқушыларда тұрақты тұлғалық қасиеттерді дамытуға да ықпал етеді.

Мектептегі математика курсында «тәуелсіздік пен патриотизм», «бірлік пен ынтымақ», «әділеттілік пен жауапкершілік», «заң мен тәртіп», «еңбекқорлық пен кәсібилік», «жасампаздық пен жаңашылдық» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру жаттығулар жүйесі арқылы қалай жүзеге асырылатынын қарастырайық.

I. Тәуелсіздік және Отаншылдық

Мектептегі математика курсын меңгеру білім алушыларда білімнің жеке тұлға мен мемлекеттің зияткерлік тәуелсіздігінің негізі ретіндегі құндылығын түсінуді қалыптастыруға ықпал етеді. Нақты өмірлік жағдайлармен, тарихи деректермен және ғылым жетістіктерімен байланысты есептерді шешу ұлттық мұраға, отандық ғылым мен білім жетістіктеріне құрмет қалыптастырады. Математикалық сауаттылық елдің дамуының маңызды ресурсы және әрбір азаматтың оның өркендеуіне қосатын жеке үлесі ретінде қарастырылады.

Білімнің құндылығын ұғынуға, математиканың өмірмен, тарихпен және елдің дамуымен байланысын түсінуге бағытталған математикалық есептердің үлгілері оларды қолданудың әдістемелік тәсілдерінің сипаттамасымен және тәрбиелік аспектісін ашумен бірге ұсынылған (2.5.1-кесте).

2.5.1-кесте. «Тәуелсіздік және Отаншылдық» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру бойынша ұсынылған жаттығулар үлгісі

Есептің шарты	Әдістемелік тәсілдер	Тәрбиелік аспект
Математика, 5-6-сыныптар		
Бөлім: Пайыз Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару		
№1. Отбасы бір айға шығындарын жоспарлайды. Отбасының табысы 500 000 тг. Табыстың 45%-ы азық-түлікке, 18%-ы коммуналдық қызметтерге жұмсалады. Отбасы азық-түлікке қанша теңге жұмсайды? Азық-түлік пен коммуналдық қызметтерді төлегеннен кейін қанша теңге қалады?	– есепті шығармас бұрын талқылау ұйымдастыру: Отбасылық бюджетті жоспарлау неге маңызды? Қаржылық сауаттылық отбасының және елдің әл-ауқатына қалай әсер етеді? – топтық жұмыс және шешімдерді қорғау; – «Менің отбасымның/сыныбымның/ /мектеп іс-шарасының бюджеті» атты мини-жоба;	– ресурстарды (су, ақша) ұтымды пайдалану; – әрбір азаматтың ел дамуына қосқан үлесі екенін түсіну; – табиғи ресурстарға ұқыпты қарау; – азаматтық жауапкершіліктің көрінісі екенін ұғыну.

№2. Мектепте бір күнде 480 литр су жұмсалады. Су үнемдейтін крандар орнатылғаннан кейін шығын 15%-ға азайды. Күніне су шығыны қанша литрге азайды?		
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		
№3. Жер серігі Жерді тәулігіне 16 рет айналып шығады. 5 тәулікте ол неше рет айналады? №4. Ғалымдар деректерді 240 Мбит/с жылдамдықпен жеткізуге мүмкіндік беретін технология әзірледі. 3 секундта қанша мегабит ақпарат беріледі?	– Қазақстанның ғарыш саласының дамуы туралы қысқаша тарихи мәлімет; – есептің отандық ғалымдар мен инженерлердің үлесімен байланысы; – жоғары технологиялардың мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтудағы рөлін талқылау;	– елдің ғылыми жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру; – математикалық білімнің заманауи технологиялар, байланыс және ғарыштық зерттеулердің негізі екенін түсіну.
Алгебра, 7-9-сыныптар		
Бөлім: Квадраттық функция. Тақырыбы: Квадраттық функция және оның графигі. Оқыту мақсаты: 8.4.1.5 мәтінді есептерді шешу.		
№5. Кәсіпорын өнім шығарады. Шығындар мына формуламен сипатталады: ($C(x) = x^2 + 40x + 1000$), табыс – ($R(x) = 120x$). Пайда функциясын ($P(x)$) құрастырыңдар. Өзін-өзі ақтау (шығынсыздық) нүктелерін табыңдар. Өндіріс көлемінің қай мәнінде пайда ең үлкен	– әр функцияның экономикалық мағынасын талдау (шығын, табыс, пайда); – пікірталас: Өндірісті жоспарлау неге маңызды? – егер кәсіпорын шығынмен жұмыс істесе, не болады? – «Мен – кәсіпорын басшысымын» атты жағдайды модельдеу.	– шағын және орта бизнестің мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігіндегі рөлін түсінуді қалыптастыру; – сауатты есептеулер ұлттық экономиканың дамуына ықпал ететінін ұғыну; – еңбекке және кәсіпкерлік бастамаға құрметті дамыту.

болады? Өндірісті ұтымды жоспарлау туралы қорытынды жасаңдар.		
Геометрия, 7-9-сыныптар		
Бөлім: Аудан. Тақырып: Фигураның ауданы және оның қасиеттері. қыту мақсаты: 8.1.3.10 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу		
6. Сәулет нысанының макеті 1:75 масштабта жасалған. Макеттің табан ауданы 64 см². Нақты табан ауданын табыңдар. Макет ауданы нақты ауданнан неше есе кіші? Ескерткіштерді өңдеу кезінде дәл есептеулердің маңызын түсіндіріңдер.	– есепті еліміздің нақты сәулет ескерткіштерімен байланыстыру, мысалы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі; – тарихи нысандарды қалпына келтіру барысында дәл есептеулердің маңызын талқылау; – «Менің қаламның сәулетіндегі геометрия» атты жобалық жұмыс.	– мәдени мұраға ұқыпты қарауды қалыптастыру; – халық тарихын сақтауда ғылым мен дәл есептеулердің рөлін ұғыну.

Ұсынымдар:

1) тәрбиелік компонентті сабақтың әр кезеңіне кіріктіру: проблемалық сұрақтар қою; сабақ соңында рефлексия жүргізу: Бүгінгі тақырып ел өмірімен қалай байланысты?

2) пәнаралық байланысты пайдалану, мысалы, «Қазақстан тарихы» (ғылым мен техниканың дамуы); «География» (еліміздің ресурстары);

3) жобалық және зерттеу қызметін ұйымдастыру: мысалы, «Болашақ мамандықтардағы математика»; «Тәуелсіз мемлекеттің дамуындағы дәл ғылымдардың рөлі»; аймақтың даму статистикалық деректерін зерттеу;

4) оқытудың тұлғалық мәнін қалыптастыру, яғни әрдайым білім – зияткерлік тәуелсіздік; сауаттылық – бәсекеге қабілеттілік; дәлдік пен жауапкершілік – елдің өркендеуіне қосқан үлес екенін атап өту.

Жүйелі жұмыс білім алушыларда ұлттық жетістіктерге құрмет; мемлекеттің дамуындағы математиканың рөлін түсіну; экономикалық ойлау; азаматтық жауапкершілік; ел болашағына ортақтастық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мектептегі математикасы курсын оқыту тек пәндік құзыреттерді қалыптастыру құралы ғана емес, сонымен қатар патриотизмді

тәрбиелеудің және тәуелсіздік құндылықтарын нығайтудың маңызды тетігі болады.

II. Бірлік және ынтымақ

Мектептегі математикасы курсының мазмұны және оқу іс-әрекетін ұйымдастыру ынтымақтастық пен өзара көмектесу дағдыларын дамытуға да ықпал етеді. Есептерді жұпта және топта орындау келісімге келу, міндеттерді бөлісу, өзгелердің пікірін құрметтеу және нәтижеге бірлесіп жету дағдыларын қалыптастырады. Ортақ мақсатты және нәтижеге ұжымдық жауапкершілікті сезіну бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын нығайтады.

Төменде ынтымақтастықты, өзара көмекті және ұжымдық жауапкершілікті дамытуға бағытталған математикалық есептердің үлгілері мен жұптық және топтық жұмысты ұйымдастыру формалары ұсынылған, оларды қолданудың әдістемелік тәсілдерінің сипаттамасымен және тәрбиелік аспектісін ашумен бірге ұсынылған (2.5.2-кесте).

2.5.2-кесте. «Бірілік және ынтымақ» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру бойынша ұсынылған жаттығулар үлгісі

Есептің шарты	Әдістемелік тәсілдер	Тәрбиелік аспект
Математика, 5-6-сыныптар		
Бөлім: Жай бөлшектерге амалдар қолдану Тақырып: Жай бөлшектерді қосу және азайту Оқыту мақсаты: 5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау		
№7. $\frac{3}{4}+\frac{5}{8}$ өрнегінің мәнін табыңдар. Әр шешім қадамын әріптесіңізге түсіндіріңдер. Әріптес шешімді тексереді және нақтылау сұрақтарын қояды. Бір оқушы шешеді, екіншісі – бақылап, сұрақ қояды. Содан кейін рөлдер ауысады	– «Мұғалім–оқушы» тәсілі (жұпта өзара оқыту): бір оқушы алгоритмді дауыстап айтады, екіншісі нақтылау сұрақтарын қояды; – «Дұрыс кері байланыс» тәсілі: оқушылар «Менің ойымша…», «Назар аудар…» сияқты сөздерді пайдаланады;	– диалог және өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру; – төзімділікті және тыңдай білу қабілетін дамыту; – көмек пен конструктивті сынды өсу ресурсы ретінде қабылдау; – нәтижеге жетуде ынтымақтастықтың құндылығын түсіну;
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырып: Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару қыту мақсаты: 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану		

№8. Қабырғалары 6 см және 8 см болатын тіктөртбұрыштың ауданын табыңыз. Жұпта шешудің екі түрлі жолын (сөзбен, схема, формула) талқылаңдар.	– «Екі тәсіл – бір шешім» тәсілі (сөзбен түсіндіру, схема, формула); – салыстырмалы талқылау: қай тәсіл түсінікті және неге; – көрші жұпқа жұптық мини-презентация жасау.	–әртүрлі ойлау стильдеріне құрметпен қарау; – баламалы тәсілдердің құндылығын мойындау; – басқа логикаға төзімділікті дамыту; – жалпы мақсат жеке әдісті таңдаудан маңызды екенін түсіну.
Бөлім: «Натурал сандар және нөл» Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		
№9. Әр топқа деректердің бөлігі берілген: – А тобы: 248 + 372; – Б тобы: 900 – 458; – В тобы: 12 × 15. Топтың жалпы тапсырмасы: алынған нәтижелерді қосып, бір жалпы шешім ұсыну. Әрқайсысы өз бөлімі үшін жауап береді. Жиынтық нәтиже тек барлық қатысушының қатысуымен мүмкін.	– «Мозаика» тәсілі (әркім ақпараттың бір бөлігін біледі); – жеке жауапкершілікті нақты бөлу; – топ ішінде нәтижелерді салыстыру міндетті кезең; – жалпы шешімді топтық презентациялау.	– жалпы нәтижеге жеке үлесті түсіну; – ұжымдық жауапкершілікті қалыптастыру; – қатысушылардың өзара тәуелділігін түсіну; – топ ішіндегі сенімділікті дамыту
Бөлім: Пайыз Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару		
№10. Топ мектеп жәрмеңкесін жоспарлайды. Табысынан 40% – қайырымдылыққа, 35% – жабдық сатып алуға, қалғаны – сыйлықтарға жұмсалады. Табыс 140 000 тг болса, қаржының бөлінісін есептеңдер. Сыныпқа жалпы түсіндірме дайындаңдар.	–рөлдерді бөлу (есептеуші, тексеруші, рәсімдеуші, баяндамашы); – «Жалпы шешім – бір позиция» тәсілі: сөз сөйлеуден бұрын топ формулировкаларды келіседі; – әр қатысушының үлесін өздігінен бағалау; – бөлу әлеуметтік мәнін	–келісім және міндеттерді бөлу дағдылары; – әлеуметтік жауапкершілікті дамыту; – жалпы мақсат пен бірлескен күш-жігердің маңызын түсіну; – қолдау және өзара көмек – табыстың шарты.

Рөлдерді бөлу: есептеуші; тексеруші; шешімді рәсімдеуші; баяндамашы.	талқылау (қайырымдылық).	
Алгебра, 7-9-сыныптар		
Бөлім: Квадрат теңдеулер Тақырып: Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу		
№11. Үш еріктілер тобы жобаны бірге 4 күнде орындай алады. Бірінші топ екіншісінен 6 күнге тез аяқтайды, екінші топ үшіншісінен 4 күнге тез бітіре алады. Әр топ жұмысты жеке өзі неше күнде орындайтынын табыңдар. Бірлескен жұмыстың тиімді екенін дәлелдеңдер.	– «Салыстыру арқылы дәлелдеу» тәсілі: әр топтың және бірлескен жұмыстың өнімділігін есептеу; – ынтымақтастық артықшылықтары туралы топтық қорытынды жасау.	– күш-жігерді біріктіру тиімділігін түсіну; – өзара көмектесу қағидатын қалыптастыру; – ұжымдық жауапкершілік сезімін дамыту; – ынтымақтастық әр қатысушының нәтижесін күшейтетінін түсіну.
Геометрия, 7-9-сыныптар		
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары Оқыту мақсаты: 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№12. Төрт бірдей, тең қабырғалы үшбұрыш (қабырғасы 6 см) ромб жасау үшін біріктірілген. Алынған фигураның ауданын табыңдар. Периметрін есептеңдер. Фигураның осьтік симметрияға ие екенін дәлелдеңдер. Симметрия теңдік пен бірлікті қалай символдауы мүмкін екенін түсіндіріңдер.	– көрнекі модельмен жұмыс (қағаз үшбұрыштар); – топтық түрде фигура қасиеттерін дәлелдеу (аудан, периметр, симметрия); – «Математика және мағына» тәсілі: симметрияның символикалық мәнін талқылау.	– симметрия арқылы теңдік идеясына көзқарас қалыптастыру; – гармония мен баланс құндылықтарын түсіну; – математиканы эстетикалық қабылдау қабілетін дамыту; – бірлікті – бүтіннің бөліктерінің үйлесімділігі ретінде қабылдауды қалыптастыру.

Ұсынымдар:

1) топтық жұмысты ұйымдастыру, яғни жауапкершілік рөлдерін анықтау; өзара тексеру міндетті кезеңін қарастыру; топ құрамын және рөлдерді ауыстыру, әр оқушы әртүрлі функцияларды тәжірибелей алатындай ету;

2) диалог мәдениетін қалыптастыру, яғни балаларға ынтымақтастық сөйлеу үлгілерін үйрету: «Мен келісемін, өйткені…»; «Тексеруді ұсынамын…»; «Басқа тәсілді қарастыра аламыз ба?»;

3) қатысушылардың өзара тәуелділігін көрсету, яғни ақпарат бөлу немесе жалпы жауапкершілігі бар тапсырмаларды пайдалану, мұнда нәтиже әркімнің үлесі болмаған жағдайда мүмкін емес;

4) математикалық мазмұнды өмірлік құндылықтармен байланыстыру, яғни симметрия теңдік идеясын қалай көрсетеді, қаражатты бөлу әлеуметтік жауапкершілікпен қалай байланысты;

5) келесі критерийлерге назар аудару, яғни тыңдай білу, дәлелді түрде айту, әріптеске көмектесу, келісімдерді сақтау қабілеті.

Мектептег математикасы курсында жұптық және топтық жұмыс форматы арқылы оқушылар ынтымақтастық дағдыларын меңгереді, міндеттерді бөлуге үйренеді, көмекті қабылдауды және ұсынуды, әртүрлі ойлау тәсілдерін құрметтеуді үйренеді. Жеке үлестің жалпы нәтиже үшін маңызын түсіну ұжымдық жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

III. Әділдік және жауапкершілік

Мектептегі математикасы курсы оқушыларда әділеттілік пен жауапкершілік принциптерін объективті есептеулер, шешімдердің дәлдігі және нәтиженің анықтылығы арқылы қалыптастырады. Тапсырмаларды орындау адалдықты, өздігінен жұмыс істеуді және өз әрекеттері үшін жауапкершілікті талап етеді. Қателіктерді талдау және оларды түзету сыни ойлауды дамытуға және оқу процесі мен нәтижесі үшін жеке жауапкершілікті түсінуге ықпал етеді.

Әрі қарай оқушыларда әділеттілік, жауапкершілік, адалдық және саналы қатысу ұғымдарын қалыптастыруға бағытталған математикалық есептер үлгілері мен педагогқа арналған әдістемелік ұсыныстар берілген, оларды қолданудың әдістемелік тәсілдерінің сипаттамасымен және тәрбиелік аспектісін ашумен бірге ұсынылған (2.5.3-кесте).

2.5.3-кесте. «Әділдік және жауапкершілік» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру бойынша ұсынылған жаттығулар үлгісі

Есептің шарты	Әдістемелік тәсілдер	Тәрбиелік аспект
Математика, 5-6-сыныптар		
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		

№13. Бес оқушы бір есепті шешіп, әртүрлі жауап алды: 12, 14, 16, 14, 12. Тек бір ғана дұрыс шешім бар екені белгілі. Дұрыс жауапты өз бетіңізше есептеу арқылы табыңдар. Неліктен математикалық есепте бір ғана дұрыс жауап болатынын түсіндіріңдер. Неліктен бірдей ережелер бәрін бір нәтижеға жеткізеді?	– «Тәуелсіз тексеру» тәсілі: әр оқушы есептеулерді өздігінен орындайды; – шешімдерді кезең-кезеңімен салыстыра отырып, топтық талдау; – типтік қателіктерді талдау (алгоритмнен ауытқылған қадамды анықтау); – мини-дискуссия: «Неліктен математикалық шындық біреу?»	– математикалық нәтиженің объективтілігін түсіну; – әділеттіліктің бірдей ережелерге негізделгенін ұғыну; – жұмысты орындауда адалдықты қалыптастыру; – өз әрекеттерінің дәлдігі үшін жауапкершілік.
Бөлім: Жай бөлшектерге амалдар қолдану Тақырыбы: Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер. қыту мақсаты: 5.5.1.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтінді есептер шығару (мысалы, бірлесіп жұмыс жасауға қатысты есептер және тағы басқа)		
№14. 24 оқушыдан тұратын сынып мектеп аумағының 360 м² жерін тазалауы керек. Егер жұмыс біркелкі бөлінсе, онда бір оқушыға қанша шаршы метр келеді,? Егер 4 адам өз бөлігін орындамаса, қалғандардың жүктемесі қалай өзгереді?	– «Жағдайды модельдеу» тәсілі: алдымен біркелкі бөлу, кейін жағдай өзгергенде қайта есептеу; – мини-топтарда жұмыс жасап, шешімді міндетті түрде түсіндіру; – рефлексиялық сұрақ: «Егер біреу өз бөлігін орындамаса, не болады?».	– топ алдындағы жеке жауапкершілікті түсіну; – жалпы істегі қатысушылардың өзара тәуелділігін түсіну; – еңбек тәртібін қалыптастыру; – міндеттердің әділ бөліну сезімін дамыту.
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырып: Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану		
№15. Мектеп автобусының елді мекенде жылдамдығы 40 км/сағ аспауы керек. Автобус 2 км қашықтықты 3 минутта жүріп өтті. Автобустың нақты жылдамдығын табыңдар. Ереже бұзылған ба? Белгіленген жылдамдықты сақтау	– өлшем бірліктерін аудару (минуттан сағатқа) – дәлдікті тексерудің бөлек кезеңі; – жылдамдықты есептеу алгоритмі бойынша өзін-өзі тексеру; – нақты өмірлік жағдайды талқылау (жолдағы қауіпсіздік); – мини-дебат: «Неліктен	– бекітілген нормалар мен заңдарға құрмет; – қауіпсіздікке жауапкершілікті түсіну; – ережелерді сақтау әділетті тәртіпті қамтамасыз ететінін ұғыну; – заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру.

тәртіп пен қауіпсіздік үшін неліктен маңызды?	ережелер бәріне міндетті?».	
Бөлім: Қатынастар және пропорциялар Тақырып: Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару Оқыту мақсаты: 6.5.1.2 пайызға берілген есептерді пропорция арқылы шешу; 6.1.2.6 шамаларды берілген қатынаста бөлу; 6.1.2.7 шамаларды берілген сандарға кері болатын пропорционал бөліктерге бөлу		
№16. Аумақты абаттандыруға 500 000 тг бөлінді. Қаражатты үш үйдегі пәтер санына пропорционалды бөлу шешілді: бірінші үйде – 60 пәтер, екінші үйде – 45 пәтер, үшінші үйде – 30 пәтер. Пропорция құрыңдар. Әр үйге қанша қаражат тиесілі? Неліктен пропорционалды бөлу әділ деп саналады?.	– жұпта пропорция құру және оны қадамдап шешу; – бөлінген қаражат сомасын тексеру (есептердің әділдігін бақылау); – баламалы бөлу әдістерін және олардың салдарын талқылау; – «Өз ұстанымыңды дәлелде» тәсілі: неліктен пропорционалдық әділ деп саналады?	– тең құқықтылық принципін түсіну; – әділ бөлудің объективті критерийлерін түсіну; – қаржылық жауапкершілікті қалыптастыру; – дәлелді пікір айту дағдыларын дамыту.
Алгебра, 7-9-сыныптар		
Бөлім: Квадрат теңдеулер Тақырып: Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу		
№17. Бригада 240 бөлшекті 8 күнде өндіруі керек. Алғашқы 3 күнде олар күніне x бөлшек, ал қалған 5 күнде күніне (x + 6) бөлшек шығарды. Теңдеуді құрыңдар. Алғашқы үш күндегі өнімділікті табыңдар. Жұмысты уақытында орындау жауапкершілікпен қалай байланысты екенін түсіндіріңдер.	– теңдеуді нақты жағдайдың моделі ретінде құру; – түрлендірулердің дұрыстығын қадамдап тексеру; – темптің өзгеруі жалпы нәтижеге қалай әсер ететінін талдау; – рефлексия: «Жұмыс уақытында орындалмаса не болады?».	– жалпы нәтиже үшін жауапкершілікті қалыптастыру; – еңбек жоспарын құрудың маңыздылығын түсіну; – мақсаттылық пен тәртіптілікті дамыту; – жеке тиімділік пен ұжымдық табыс арасындағы байланысты түсіну.
Геометрия, 7-9-сыныптар		
Бөлім: Аудан		

Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары Оқыту мақсаты: 8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың, тіктөртбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№18. 600 м² аумақты үш отбасы арасында тең бөліп береді. Әр учаскенің ауданын табыңыз. Егер учаске 20 м × 30 м тіктөртбұрыш пішінінде болса, бөлу тәсілін ұсыныңдар. Неліктен аудандардың тең болуы маңызды?	– аудандардың тең үлестерін табу (600 : 3); – 20 м × 30 м тіктөртбұрыштың сызбасымен жұмыс жасап, тең бөлу нұсқаларын іздеу; – әртүрлі бөлу тәсілдерін топта талқылау (ұзындығы бойынша, ені бойынша, аралас); – шешімдерді әділдік тұрғысынан салыстыру.	– тең құқық принципін түсіну; – ресурстарды әділ бөлу маңыздылығын ұғыну; – әділдік сезімін қалыптастыру; – басқалардың мүдделеріне құрметті дамыту.
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары Оқыту мақсаты: 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№19. Үшбұрышты гүлзардың қабырғалары 6 м, 8 м және 10 м. Үшбұрыштың тікбұрышты екенін дәлелдеңдер. Ауданын табыңдар. Егер үш оқушы ауданды тең бөліктерге жауапты болса, әрқайсысы қанша аудан тазалау керек?	– Пифагор теоремасы бойынша тексеру (тікбұрыштығын дәлелдеу); – формула арқылы аудан есептеу; – алынған ауданды үш тең бөлікке бөлу; – талқылау: «Неліктен әркімнің үлесі тең болуы керек?».	– ұжымдық жауапкершілікті дамыту; – жалпы істегі тең қатысуды түсіну; – әділ үлесті түсіну; – міндеттерді әділ бөлу қағидатын нығайту.

Ұсынымдар:

1) математикалық заңдардың объективтілігін атап көрсету, яғни оқушыларға математикалық нәтиже жеке тұлғаға, симпатияға немесе пікірге тәуелді емес екенін, оның дұрыс әрекеттер мен ережелерді сақтауға байланысты анықталатынын түсіндіру. Бұл әдіс әділеттілікті біртекті нормаларды сақтау арқылы түсінуге көмектеседі.

2) жұмысты адал орындау мәдениетін қалыптастыру, яғни тапсырмаларды шешуде өздігінен жұмыс істеуді ынталандырыңыз, өзін-өзі тексеру және өзара тексеру кезеңдерін ұйымдастыру; академиялық адалдықтың, жеке нәтиже үшін жауапкершіліктің маңызын талқылау.

3) қателіктерді талдауды тәрбиелік ресурс ретінде пайдалану, яғни қателерді сабырлы және конструктивті түрде қарастыру; себептерін анықтау; оларды қалай болдырмауға болатынын талқылау; қателікті мойындау – пәнаралық жауапкершілік пен жетілгендіктің белгісі екенін атап көрсету.

4) тапсырмаларды өмірлік жағдайлармен байланыстыру, яғни нақты контексттерді талқылау – жол ережелерін сақтау, міндеттерді бөлу, ресурстарды әділ бөлу; оқушыларға математикалық модельдер мен әлеуметтік нормалар арасындағы байланысты көрсетуге көмектеу.

5) жұмысты орындағаннан кейін рефлексияны енгізу, яғни сұрақтар қою – бөлу әділ болды ма? Неліктен? Барлық қатысушылар жауапкершілік көрсетті ме? Нақты өмірге қандай қорытындылар жасауға болады?

6) бағалау критерийіне есептердің дәлдігі, шешімнің негізділігі, ұстанымды дәлелдей білу қабілеті, топтық жұмыс кезінде келісімдерді сақтау дағдыларын қосу.

Математиканы оқу оқушыларда әділеттілік пен жауапкершілік ұғымдарын қалыптастыруға қолайлы жағдай жасайды. Есептеулердің объективтілігі, нәтиженің бірмәнділігі, ережелер мен алгоритмдерді дәл сақтау қажеттілігі адалдықтың, тәртіптің және өздігінен жұмыс істеудің құндылығын түсінуге көмектеседі.

Қателіктерді талдау, практикалық бағытталған есептерді шешу және тең бөлудің принциптерін талқылау арқылы оқушылар әділеттілік біртекті ережелерге негізделгенін және жауапкершілік өз міндеттерін адал орындауда көрініс табатынын түсінеді. Математикалық білім құқықтық мәдениетті, әлеуметтік жетілгендікті және өз әрекеттері мен олардың салдарына саналы көзқарасты тәрбиелеудің маңызды құралы болып табылады.

IV. Заң және тәртіп

Математикалық ережелерді, алгоритмдерді және заңдылықтарды оқу оқушыларда бекітілген нормалар мен тәртіпке құрметті қалыптастырады. Есептеулер мен тапсырмаларды орындау кезінде алгоритмдерді сақтау тәртіптілік, дәлдік және ережелерді сақтау қажеттілігін түсінуді дамытады. Математика жүйелі ойлауды және бекітілген талаптарға құрмет көрсетуді тәрбиелейді.

Төменде мектеп математикасы курсында оқуды ұйымдастыру арқылы ережелерге, алгоритмдерге және бекітілген талаптарға құрмет қалыптастыруға тікелей бағытталған есептердің үлгілері мен педагогқа арналған ұсыныстар берілген, оларды қолданудың әдістемелік тәсілдерінің сипаттамасымен және тәрбиелік аспектісін ашумен бірге ұсынылған (2.5.4-кесте).

2.5.4-кесте. «Заң және тәртіп» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру бойынша ұсынылған жаттығулар үлгісі

Есептің шарты	Әдістемелік тәсілдер	Тәрбиелік аспект
Математика, 5-6-сыныптар		
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырып: Натурал сандардан тұратын сандар тізбегі Оқыту мақсаты: 5.2.3.1 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын анықтау; 5.2.3.2 натурал сандар тізбегінің жеткіліксіз элементтерін табу; 5.2.3.3 натурал сандар тізбегінің заңдылықтарын құрастыру және тізбектерді жазу		
№20. Сандар қатарын жалғастырыңыз: 2, 6, 12, 20, … Қандай ереже қолданылған? Заңдылықты түсінбей дұрыс жауап алуға бола ма?	– талқылау ұйымдастыру: Заңдылықты анықтамай, жауапты жай ғана болжауға бола ма? Неліктен ережені түсіну маңызды? – қатардың балама «қате» жалғастыру нұсқаларын ұсыну және талқылау: Қай жерде қате жіберілді? Қандай ереже бұзылды? – білім алушылармен бірге қорытынды жасау: заңдылық; – бұл ішкі тәртіп; ережені түсінбей, тұрақты түрде дұрыс нәтиже алу мүмкін емес.	– логикаға, құрылымға және белгіленген тәртіпті сақтаудың қажеттілігіне құрмет қалыптасады.
Бөлім: Пайыз Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. қыту мақсаты: 5.5.1.6 пайызға байланысты мәтінді есептерді шығару		
№21. Азамат табысының 9%-ын төлеуге міндетті. Оның табысы 200 000 тг болды. Салық сомасын табыңдар. Салықты төлегеннен кейін ол қанша қаражат алады? Неліктен салық төлеу – азаматтың міндеті?	– «Төлейді» және «төлемейді» жағдайларын салыстыруды ұсыну; – Салықтардың қайда жұмсалатынын талқылау (білім беру, медицина, жолдар).	– заңды сақтау – қоғамдық игілікке қосылған үлес екенін түсіну қалыптасады
Алгебра, 7–9 классы		
Бөлім: Квадрат теңдеулер Тақырып: Мәтінді есептерді шығару		

Оқыту мақсаты: 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу		
№22. Заң бойынша жылдамдықты 20 км/сағ-қа асыру 19 660 тг айыппұл салуға әкеледі. Автокөлік рұқсат етілген 60 км/сағ жылдамдықтың орнына (x + 15) км/сағ жылдамдықпен қозғалды. Жүргізуші жылдамдықты 25 км/сағ-қа асырғаны белгілі. Теңдеу құрастырып, оны шешіңдер. Нақты жылдамдықты анықтаңдар. Неліктен заң бұзу жауапкершілікке әкеледі?	– білім алушыларға теңдеуді өздері құрастыруды ұсыну; – заңды бұзу неліктен айыппұлға әкелетінін талқылау; – «Ережелер сақталмаса не болады?» деген сұрақ қою;	– себеп-салдарлық байланысты түсіну; – жеке жауапкершілікті сезіну; – құқықтық мәдениетті қалыптастыру.
Геометрия, 7–9-сыныптар		
Бөлім: Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар Тақырып: Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу Оқыту мақсаты: 8.1.3.7 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу үшін 30^0, 45^0, 60^0-қа тең бұрыштардың синус, косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану; 8.1.3.8 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу		
№23. Құрылыс нормалары бойынша баспалдақтың еңкею бұрышы 45°-тан аспауы тиіс. Баспалдақтың ұзындығы 4 м, биіктігі 3 м. Еңкею бұрышының синусын табыңыз. Осы бұрышты анықтаңыз. Құрылыс нормалары бұзылған ба?	– Мини-пікірталас өткізу: «Қайсысы маңызды – материалды үнемдеу ме, әлде норманы сақтау ма?»	– Адам өмірі мен денсаулығын сақтауда стандарттар мен регламенттердің рөлін түсіну.
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары қыту мақсаты: 8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың, тіктөртбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		

№24. Жол белгілерінің ережесі бойынша жаяу жүргіншілер өткелі 4 м × 2,5 м тік төртбұрыш пішінінде болады. Белгінің ауданын табыңдар. Егер 1 м²-ге 0,3 л бояу жұмсалса, қанша литр бояу қажет? Неліктен стандарттарды сақтау қауіпсіздік үшін маңызды?	– стандарттарды сақтауда мамандардың жауапкершілігін талқылау.	– техникалық регламенттер мен сапа стандарттарына құрмет қалыптастыру.

Ұсынымдар:

1) математикалық ережені өмір заңымен байланыстыру. Оқушылардың назарын математикадағы алгоритм – қоғамдағы заңның үлгісі екеніне аудару: ол баршаға міндетті және болжамды нәтиже береді. Есепті шығарғаннан кейін: «Егер әркім өз бетінше әрекет етсе, не болар еді?» деген сұрақ қою пайдалы;

2) себеп-салдар байланысын талқылауды ұйымдастыру. Құқықтық мазмұндағы есептерде (айыппұл, салық, нормалар) шешімімен қатар мына сұрақтарды талқылау: Бұл ереже не үшін бар? Оны бұзу неге әкеледі? Оны сақтау қоғамға және адамның өзіне қандай пайда әкеледі?

3) проблемалық жағдаяттар мен баламалы шешімдерді қолдану. Мысалы, сан қатарының қате жалғастыру нұсқаларын немесе теңдеудің қате шешімдерін ұсыну. Қателерді талдау ережені дәл сақтаудың маңызын түсінуге көмектеседі және сыни ойлауды қалыптастырады;

4) алгоритмнің әмбебаптығын көрсету. Теңдеулермен, пайыздармен, тригонометриялық функциялармен жұмыс барысында әрекеттердің кезең-кезеңімен орындалуына назар аудару. Оқушылармен бірге шешудің жалпы алгоритмін құрастыру – ойлаудың жүйелілігі мен тәртібін дамытады;

5) нақты өмірмен байланысты қалыптастыру. Айыппұл, салық, құрылыс нормалары және жол таңбалары туралы есептерде есептеулердің практикалық мәніне назар аудару. Мысалы: жылдамдықты арттыруды талқылағанда Қазақстан Республикасы заңнамалық нормаларына жүгіну; салық туралы есепте міндетті төлемдердің әлеуметтік рөлін атап өту; құрылыс талаптарын қарастырғанда қауіпсіздік нормаларын талқылау;

6) тәртіпке құндылықтық қатынасты дамыту. Математикалық ережелерді сақтау мыналарды қалыптастыратынын атап өту: нәтиже үшін жауапкершілік; ұқыптылық пен дәлдік; белгіленген талаптарға құрмет; қауіпсіздік пен әділдікті қамтамасыз етудегі нормалардың рөлін түсіну.

Мектептегі математикасы курсын оқыту барысында мүмкіндігінше құқықтық мәдениетті, тәртіпті және қоғамдық тәртіптің негізі ретіндегі заңға

құрметті қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар мен мысалдарды енгізу орынды.

V. Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Мектептегі математикасы курсының мазмұны табандылықты, шыдамдылықты және еңбекқорлықты дамытуға бағытталған. Жүйелі жаттығу, тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі және қателермен жұмыс оқу еңбегіне жауапкершілікпен қарауды қалыптастырады.

Математикалық білімді меңгеру әртүрлі қызмет салаларында қажет болатын кәсіби ойлау, дәлдік пен жауапкершіліктің негізін қалайды.

Төменде еңбекқорлықты, табандылықты, ұқыптылықты және кәсібилікті дамытуға бағытталған тапсырмалар үлгілері берілген. Сондай-ақ, оларды қолданудың әдістемелік тәсілдерінің сипаттамасымен және тәрбиелік аспектісін ашумен бірге ұсынылған (2.5.5-кесте).

2.5.5-кесте. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру бойынша ұсынылған жаттығулар үлгісі

Есептің шарты	Әдістемелік тәсілдер	Тәрбиелік аспект
Математика, 5-6-сыныптар		
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		
№25. Мектеп шеберханасында оқушылар ағаштан тіреуіштер жасайды. 1 күнде 4 адамнан тұратын бір топ 36 тіреуіш жасайды. Бір оқушы 1 күнде неше тіреуіш жасайды? Сол өнімділікпен 6 оқушы 2 күнде неше тіреуіш жасайды? Жұмысты жоспарлау кезінде есептеулерді дәл орындау не үшін маңызды екенін түсіндіріңдер.	– шешімді қысқаша жазба (кесте: «адам саны – уақыт – нәтиже») құрастыру арқылы ұйымдастыру; – жұппен жұмыс істеу және кейін өзара есептеулерді тексеру; – өмірлік жағдайды талқылау (шағын пікірталас: «Есептеуде қателессең не болады?»); – рефлексия: жіберілген қателерді және оларды түзету жолдарын талдау.	– ортақ еңбек нәтижесіне жауапкершілікті қалыптастыру; – ұжымдық жұмыста дәлдіктің маңызын түсіну; – еңбекке және әр қатысушының үлесіне құрмет сезімін дамыту.
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. қыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		

№26. Сыныпты жөндеу үшін 48 м плинтус қажет. Дүкенде ұзындығы 2,5 м болатын тақтайшалар сатылады. Неше тақтайша сатып алу керек? Қанша метр плинтус артық қалады? Құрылыс жұмыстарында алдын ала дәл есептеулер жүргізу не үшін маңызды?	– нақты жағдайды модельдеуге негізделген практикалық тапсырма; – практикалық мағынасын ескере отырып (үлкен жаққа) дөңгелектеу тәсілін үйрету; – нәтижені кері амал арқылы өздігінен тексеру; – «материал қоры», «қаражатты ұтымды пайдалану» ұғымдарын талқылау.	– ұқыптылық пен алдын ала ойлауды тәрбиелеу; – ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру; – математиканың тұрмыстық және кәсіби жағдайлардағы практикалық маңызын түсіну.
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		
№27. Оқушы олимпиадаға дайындалып жүр және күн сайын алдыңғы күнге қарағанда 3 есепке артық шығарады. Бірінші күні ол 5 есеп шығарды. 5 күнде барлығы неше есеп шығарады? Сабақтың жүйелілігі нәтижеге қалай әсер етеді?	– сандық тізбек құрастыру; – күнделікті ілгерілеуді бақылау үшін кесте пайдалану; – жалпылауға ынталандыру (қосынды формуласын шығару); – «Жүйелілік табысқа қалай әсер етеді?» тақырыбында рефлексия.	– табандылық пен шыдамдылықты дамыту; – тұрақты еңбектің рөлін түсіндіру; – жүйелі жұмыс арқылы өзін-өзі жетілдіруге ынталандыру.
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		
№28. Жобаны жүзеге асыруға 2 000 000 тг бөлінді. Материалдарға жұмсалатын шығын – х тг, ал жабдықтарға – одан 780 000 тг артық. х-ті табу үшін теңдеу құрастырыңдар. Материалдар мен жабдықтарға кететін шығынды табыңдар. Қаржылық сауаттылықтың кез келген мамандықта не	– есеп мәтіні бойынша теңдеу құрастыру; – бюджет құрылымын талқылау (материалдар, жабдықтар); – табылған мәндерді орнына қою арқылы өзін-өзі тексеру; – қаржылық жоспарлау туралы шағын пікірталас.	– қаржылық сауаттылықты қалыптастыру; – есептеулерде ұтымдылық пен дәлдікті дамыту; – кәсіби қызметтегі жоспарлаудың рөлін түсіну.

үшін маңызды екенін түсіндіріңдер.		
Алгебра, 7–9-сыныптар		
Бөлім: Квадрат теңдеулер Тақырып: Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 8.4.2.2 - мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу		
№29. Жұмысшы тапсырысты 12 сағатта орындай алады, ал оның шәкірті – 18 сағатта. Әрқайсысы 1 сағатта жұмыстың қандай бөлігін орындайды? Екеуі бірге тапсырысты неше сағатта орындайды?	– өнімділік ұғымын бөлшек арқылы енгізу; – бірлескен жұмыстың сызбасын құрастыру; – есепті әртүрлі тәсілмен шығару (бөлшектер арқылы және теңдеу арқылы); – нақты өндірістік жағдайларды талқылау.	– әр қызметкердің үлесінің маңызын түсіну; – кәсіби шеберлікке құрмет қалыптастыру; – ортақ нәтижеге жауапкершілікті дамыту.
Бөлім: Ықтималдықтар теориясының элементтері Тақырып: Ықтималдықтар теориясының негіздері Оқыту мақсаты: 9.3.2.3 - ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 9.3.2.4 - ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу		
№30. Фирма бөлшектер шығарады. Ақау ықтималдығы 0,02-ге тең. Дайындалған 500 бөлшектің ішінде қанша ақаулы бөлшек болуы мүмкін? Ақау пайызын азайту компания беделіне қалай әсер етеді? Неліктен кәсіби қызметте дәлдік пен өзін-өзі тексеру маңызды?	– пайыз және ықтималдық ұғымдарын қайталау; – күтілетін ақау санын практикалық есептеу; – ақау пайызының артуы/азаюы салдарын талдау; – «компания беделі» ұғымын талқылау.	– еңбек сапасына жауапкершілікті қалыптастыру; – өзін-өзі тексеруге ұмтылысты дамыту; – мамандықтағы дәлдік пен тәртіптің маңызын түсіну
Геометрия, 7–9-сыныптар		
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары Оқыту мақсаты: 8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың, тіктөртбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№31. Ұзындығы 30 м және ені 20 м болатын тікбұрышты учаскені қоршау қажет. Учаскенің периметрін табыңдар.	– өлшемдерді көрсетіп сызба жасау; – периметрді қадам-қадаммен есептеу; – есік жағдайын ескеріп	– өлшеулерде ұқыптылықты дамыту; – геометрияның практикалық маңызын түсіну;

Есіктің ені 4 м деп есептесек, қанша метр қоршау қажет болады? Құрылыс салуда өлшеулердің дәл болуы не үшін маңызды?	шартты талдау (нәтижені практикалық түзету); – сызбаларды өзара тексеру.	– құрылыс есептеулеріне жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру.
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары Оқыту мақсаты: 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№32. Шатыр тең бүйірлі үшбұрыш пішінінде, негізі 10 м, бүйір жағы 13 м. Шатырдың биіктігін табыңдар. Оның ауданын есептеңдер. Архитекторға геометриялық білімнің маңызы неде?	– биіктікті көрсетіп сызба жасау; – Пифагор теоремасын қолдану; – үшбұрыш аудан формулысын өздігінен шығару; – архитектурада дәл есептеулердің рөлін талқылау.	– кәсіби ойлау қабілетін қалыптастыру; – архитектор мен құрылысшы мамандықтарында геометриялық білімнің маңызын түсіну; – дәлдік пен кеңістік елестету қабілетін дамыту.
Бөлім: Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар Тақырып: Тікбұрышты үшбұрыштың сүйір бұрыштарының тригонометриялық функциялары. Пифагор теоремасы Оқыту мақсаты: 8.1.3.2 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу; 8.1.3.3 Пифагор теоремасын дәлелдеу және қолдану; 8.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін дәлелдеу және қолдану		
№33. Ұзындығы 5 м баспалдақ қабырғаға тіркелген. Төменгі ұшы қабырғадан 3 м қашықтықта орналасқан. Баспалдақтың жоғарғы ұшы қандай биіктікте? Баспалдақ жерге қандай бұрышпен орналасқан? Есептеулерді сақтау қауіпсіздік үшін неге маңызды?	– тапсырманы графикалық түрде көрсету (тікбұрышты үшбұрыш салу); – Пифагор теоремасы мен тригонометриялық қатынастарды қолдану; – нәтижені альтернативті жолмен тексеру; – қауіпсіздік техникасын талқылау.	– еңбек қауіпсіздігіне жауапкершілікті қалыптастыру; – дәл есептеулер мен адамның өмірі мен денсаулығы арасындағы байланысты түсіну; – тәртіптілік пен мұқияттылықты дамыту.

Ұсыныстар:

1) математика мен нақты кәсіби қызмет арасындағы байланысты қарастыру, тапсырмалардың практикалық бағытына көңіл бөлу (өндіріс, құрылыс, қаржы, жобалық қызмет). Бұл болашақ мамандықта және күнделікті өмірде дәл есептеудің маңызын түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, талқылауды өмірлік жағдайдан бастау; оқушылардан өз өмірінен немесе отбасы мен қоғамнан мысалдар келтіруді сұрау; есептеулердегі қателіктердің салдары туралы шағын пікірталастар ұйымдастыру;

2) оқу еңбегі мәдениетін қалыптастыру, шешімдерді ұқыпты жазуға, сызбалар мен түсініктемелерді дұрыс рәсімдеуге көңіл бөлу, бұл кәсіби тәртіпті қалыптастырады. Тапсырмалармен жүйелі жұмыс келесі әрекеттерді қамтуы мүмкін: материалды кезең-кезеңімен күрделендіру; міндетті өзін-өзі тексеру және өзара тексеру; типтік қателіктерді талдау; тапсырма орындаудың қорытынды рефлексиясы («Нәтижеге жетуге не көмектесті?», «Қай жерде табандылық қажет болды?»);

3) жауапкершілік пен командалық әрекетті дамыту, бірлескен жұмыс, өнімділік, бюджет жоспарлау немесе материалдарды есептеу тапсырмаларын жұппен немесе шағын топтарда орындау тиімді. Мұндай жұмыс әр қатысушының үлесін сезінуге және басқа адамдардың еңбегіне құрмет қалыптастыруға ықпал етеді;

4) тәрбиелік компонентті сабақ мазмұнына интеграциялау арқылы проблемалық сұрақтар қою («Құрылыс саласында дәлдік неге маңызды?»; «Ақаулы өнім пайызы компания беделіне қалай әсер етеді?»); мамандық қасиеттерін талқылау (жауапкершілік, тәртіп, ұқыптылық); оқу қызметін болашақ кәсіби өзін-өзі анықтауымен байланыстыру;

5) жоспарлау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту, жұмыстың көлемін жүйелі түрде арттыруға, бюджетті есептеуге немесе өнімділікті есептеуге байланысты тапсырмалар арқылы уақытты жоспарлау, мақсат қою, өз мүмкіндіктерін бағалау және жүйелі еңбек арқылы нәтижеге жету дағдыларын қалыптастыру.

Мектеп математика курсында практикалық бағыттағы тапсырмаларды шешу пәндік білім мен дағдылармен қатар жеке тұлғалық қасиеттерді – еңбекқорлық, табандылық, жауапкершілік, ұқыптылық және кәсібилік – қалыптастырады.

VI. Жасампаздық және жаңашылдық

Мектеп математикасы шығармашылық және логикалық ойлауды дамытады, тапсырмаларды стандарттан тыс жолмен шешу қабілетін қалыптастырады. Зерттеушілік және практикалық бағыттағы тапсырмаларды пайдалану танымдық белсенділікті және жаңа идеяларды іздеуге қызығушылықты ынталандырады. Талдау, модельдеу және болжам жасау

қабілетін қалыптастыру шығармашылық ойлауды дамытуға және инновациялық қызметке дайындыққа ықпал етеді.

Төменде тапсырмалардың мысалдары келтірілген, онда мазмұны мен формулировкасы арқылы еңбекқорлық, табандылық, ұқыптылық және кәсібилік құндылықтары айқын көрсетілген. Сондай-ақ, оларды қолданудың әдістемелік тәсілдерінің сипаттамасымен және тәрбиелік аспектісін ашумен бірге ұсынылған (2.5.6-кесте).

2.5.6-кесте. «Жасампаздық және жаңашылдық» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру бойынша ұсынылған жаттығулар үлгісі

Есептің шарты	Әдістемелік тәсілдер	Тәрбиелік аспект
Математика, 5-6-сыныптар		
Бөлім: «Натурал сандар және нөл» Тақырыбы: Мәтінді есептерді шығару. Оқыту мақсаты: 5.5.1.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдана отырып, мәтінді есептерді шығару		
№34. Мектеп ауласында үш түрлі гүлден тұратын гүлзар отырғызу қажет: раушан, тюльпан, нарцисс. Барлығы 15 өсімдік. Раушан саны тюльпандардан екі есе көп, нарцисс саны раушан мен тюльпандардың қосындысына тең. Гүлзардың схемасын жасаңдар және гүлдерді орналастырудың өз нұсқауын ұсыныңдар.	– проблемалық оқыту; – математикалық модельдеу; – топтық жұмыс («дизайнерлер», «математиктер», «сарапшылар»); – визуализация (сурет, схема, аппликация); – рефлексия: «Мен не жаңа нәрсе аштым?»	– сыни ойлауды дамыту (барлық ақпарат дұрыс болмауы мүмкін); – қателерді табу және түзету қабілетін дамыту; – баламалы шешімдер іздеуге дайындық; – жалпы іске жауапкершілік (мектеп гүлзары жобасы); – эстетикалық қабылдау және үйлесім сезімі.
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырып: Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару қыту мақсаты: 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану		
№35. Мектеп ауласының жоспарын тіктөртбұрыштар мен басқа фигураларды пайдалана отырып жасау. Гүлзарлардың, жолдардың, спорт алаңының ауданын есептеу. Қоршаулардың периметрін анықтау.	– практикалық бағыттағы модельдеу (масштабпен жұмыс); – топтық жұмыс (рөлдерді бөлу: сәулетші, есептеуші, дизайнер); – мини-жобаны қорғау; – сызба құралдарын және АКТ қолдану.	– жалпы кеңістікке жауапкершілік қалыптастыру; – шығармашылық ойлауды дамыту; – нақты есептердің өмірдегі маңызын түсіну; – ынтымақтастық дағдыларын дамыту

Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырып: Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару қыту мақсаты: 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану		
№36. 3×3 көлеміндегі сиқырлы квадраттың жасалу принципін зерттеу. Өз сиқырлы квадратыңызды құру және заңдылықтарды түсіндіру.	– ішінара ізденістік әдіс; – гипотезалар ұсыну; – заңдылықтарды талдау; – әртүрлі шешім нұсқаларын салыстыру.	– логикалық және стандартты емес ойлауды дамыту; – заңдылықтарды іздеуге қызығушылық қалыптастыру; – шешім табу барысында табандылықты дамыту
Бөлім: Натурал сандар және нөл Тақырып: Формула арқылы есептеу. Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 5.5.1.9 мәтінді есептерді шығару үшін формулаларды қолдану		
№37. Еденді жабу үшін плитканың санын есептеу, ең үнемді сатып алу нұсқасын таңдау (бағалар мен қаптамаларды салыстыру).	– практикалық бағыттағы есеп; – кестелермен жұмыс; – талдау және болжам жасау; – мини-зерттеу «Қалдықты қалай азайтуға болады?»	– қаржылық сауаттылықты қалыптастыру; – рационалды ойлауды дамыту; – үнемділікті тәрбиелеу
Алгебра, 7–9-сыныптар		
Бөлім: Квадраттық функция Тақырып: Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 8.4.2.3 - қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану; 8.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру		
№38. Нәтиженің (мысалы, спорттық жетістіктер немесе оқу көрсеткіштері) жаттығулар санына/дайындық уақытына тәуелділігін модельдеу. Функция графигін құру және қорытынды шығару.	– математикалық модельдеу; – функция графиктерімен жұмыс; – жобалық әдіс; – нәтижелерді интерпретациялау жөнінде талқылау	– жүйелі еңбек рөлін түсіну; – нәтижені болжау қабілетін дамыту; – мақсаткұмарлықты қалыптастыру
Бөлім: Тізбектер Тақырып: Мәтінді есептерді шығару Оқыту мақсаты: 9.4.2.2 - геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару		

№39. Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар өмірде қай жерде кездесетінін зерттеу (жинақтар, банктік пайыздар, ақпарат таралуы). Кез келген банктің қызметі мысалында (пайыздарды есептеу) келтіруге болады.	– проблемалық оқыту; – зерттеу жұмысы; – нақты деректермен жұмыс; – математикалық модель құру.	– қаржылық сауаттылықты қалыптастыру; – аналитикалық ойлауды дамыту; – математиканың экономика мен инновациядағы маңызын түсіну.
Бөлім: Квадраттық функция Тақырып: Квадраттық функция және оның графигі Оқыту мақсаты: 8.4.2.3 қолданбалы есептерді шығару үшін квадраттық функцияны қолдану: 8.4.3.1 - есеп шарты бойынша математикалық модель құру		
№40. Кішігірім жобаның (мысалы, сувенирлер жасау) пайдасын есептеу үшін теңдеулер жүйесін құру. Табысты/шығынсыз нүктені анықтау.	– математикалық модель құру; – шағын топтарда жұмыс; – бірнеше сценарийді талдау; – шешімдерді қорғау.	– кәсіпкерлік ойлауды дамыту; – есептеулерге жауапкершілікті қалыптастыру; – жоспарлауда математиканың рөлін түсіну
Геометрия, 7–9-сыныптар		
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары Оқыту мақсаты: 8.1.3.12 үшбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№41. Үшбұрыштар туралы білімді пайдалана отырып көпір моделін жобалау (құрылымның беріктігі), элементтердің ұзындықтарын есептеу.	– жобалық іс-әрекет; – модельдеу (сызбалар, макеттер); – геометриялық тұжырымдарды дәлелдеу; – пәндер аралық байланыс (физика, технология).	– инженерлік ойлауды қалыптастыру; – ғылымның шығармашылықта рөлін түсінуді дамыту; – инженерлер еңбегіне құрмет тәрбиелеу
Бөлім: Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу Тақырып: Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер Оқыту мақсаты: 8.1.1.7 Фалес теоремасын білу және қолдану; 8.1.1.8 пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану;		

№42. Алтын қиманың ұғымын зерттеу. Мысалдарды сәулет өнерінде табу (мысалы, Парфенон пропорциялары).	– зерттеу әдісі; – қосымша дереккөздермен жұмыс; – пропорцияларды геометриялық талдау; – нәтижелерді презентациялау.	– эстетикалық қабылдауды дамыту; – ғылым мен өнердегі үйлесімділікті түсінуді қалыптастыру; – мәдени көркемдік көкжиегін кеңейту
Бөлім: Аудан Тақырып: Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары қыту мақсаты: 8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың, тіктөртбұрыштың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану		
№43. Қай периметрде тіктөртбұрыштың ауданы максималды екенін зерттеу. Практикалық қолдану туралы қорытынды жасау (құрылыс, дизайн).	проблемалық оқыту; гипотезалар ұсыну; геометриялық есепті алгебралық әдіспен шешу; – нәтижені жалпылау.	зерттеушілік мәдениетті дамыту; қорытынды жасау қабілетін қалыптастыру; инновациялық қызметте оңтайландырудың маңызын түсіну

Жалпы алғанда, мұндай тапсырмалар талдау, модельдеу және болжам жасау дағдыларын қалыптастырады; стандартты емес шешім жолдарын табуға қабілеттілікті дамытады; танымдық және зерттеушілік белсенділікті ынталандырады; шығармашылық және инновациялық ойлауды қалыптастыруға септігін тигізеді; жауапкершілік, бастамашылдық және еңбекке құрмет сезімін тәрбиелейді. Мұндай тапсырмаларды жүйелі түрде қолданған жағдайда, математика тек оқу пәні ғана емес, сонымен қатар шығармашылыққа және жаңашылдыққа қабілетті тұлғаны дамыту құралына айналады.

Мектептің математика курсын оқыту барысында «тәуелсіздік пен патриотизм», «бірлік пен ынтымақ», «әділеттілік пен жауапкершілік», «заң мен тәртіп», «еңбекқорлық пен кәсібилік», «жасампаздық пен жаңашылдық» құндылықтарын пән мазмұнына кіріктіру – білім берудің сапасын арттырудың және тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етудің тиімді жолы болып табылады. Аталған құндылықтарды оқу мазмұнына кіріктіру білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Оқу процесінде мазмұны сәйкес жаттығуларды қолдану білім алушылардың ел тарихына, мәдениетіне құрметін арттырады; топтық жұмыстар арқылы бірлік пен ынтымақ нығаяды; жаттығуларды дұрыс және әділ бағалау арқылы әділеттілік пен жауапкершілік қалыптасады; математикалық дәлдік пен

тәртіп заң мен тәртіп құндылықтарын ұғынуға негіз болады; күрделі есептерді шешудегі табандылық еңбекқорлық және кәсіби біліктілікті дамытады; ал зерттеу, жобалау жұмыстары жасампаздық және жаңашылдыққа жетелейді.

Сонымен, мектептің математика курсын оқыту арқылы құндылықтарды жүйелі және мақсатты түрде қалыптастыру – білім алушылардың тек білімді ғана емес, сонымен қатар саналы, отансүйгіш, жауапты және бәсекеге қабілетті тұлға ретінде тәрбиелеудің маңызды шарты.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Информатика» оқу пәнінің мазмұны арқылы жүзеге асыру тәсілдері

5 сынып

Сабақтың тақырыбы: Компьютердегі деректерді қалай қорғауға болады.

Оқу мақсаты: 5.4.2.2 – Құжаттарға пароль орнату.

5.1.3.1 – Ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау және жүктеу.

Тапсырма 1

Құндылық: Заң және тәртіп.



Сурет. 2.8.1 «Қауіпсіз пароль құру ережелері»

Жағдаят: Оқушы өзінің жеке жобасын дайындайды. Онда жеке мәліметі бар. Ол құжаттарын қалай қорғауы керек.

Өз құжатыңызды құрыңыз, құжатқа пароль орнатыңыз парол сенімді болуы керек және оңай болмау керек. Парольда (Z,z,*, @, 1) латынның кіші және үлкен әріптері мен сан және арнайы символдар болу керек. Қауіпсіз пароль құру ережесін түсіндіріңіз.

Тапсырма 2

Құндылық: Әділдік пен жауапкершілік.



Сурет. 2.8.2 «Ақпаратты қорғау »

Жағдаят: Сыныпта ортақ жоба дайындалуда. Барлық оқушылар бір ортақ папкада жұмыс істейді. Кейбір жағдайда оқушылар басқа адамның мәтінін рұқсатсыз өзгертіп жіберуі мүмкін. Бұл – әділ әрекет емес және ортақ еңбекке құрметсіздік танытуды білдіреді.

Сондықтан әр оқушы өз бөліміне жауапкершілікпен қарап, өзгертулерді келісіммен енгізуі тиіс.

Мұғалім көрсеткен ортақ папканы ашыңыз. Өз атыңызбен жаңа файл жасаңыз немесе берілген файлды көшірмесін пайдаланыңыз. Берілген мәтінге шағын, мағыналы өзгеріс енгізіңіз (мысалы: бір сөйлем қосу, қате сөзді түзету, тақырып қосу). Өзгеріс енгізген бөлікті белгілеңіз (мысалы, жақшаға алып немесе өзгеріс енгізді деп көрсетіңіз). Файлды сақтап, қайта ортақ папкаға жүктеңіз.

Тапсырма 3

Құндылық: Заң және тәртіп.

Жағдаят: «Құпия ақпаратты қорғау».

Аружан 5-сынып оқушысы. Ол мектепте «Менің отбасым» тақырыбында жоба дайындады. Жобада оның отбасы туралы суреттер мен мәліметтер бар.

Бір күні сыныптастары компьютерде бір-бірінің файлдарын ашып көріп жатқанын байқайды. Аружан өз жұмысының рұқсатсыз ашылғанын қаламайды. Себебі онда жеке ақпарат бар.

Сондықтан ол өз құжатын қорғауды шешті.

«Мен деректерімді қалай қорғаймын?» тақырыбында 3–4 қысқа сөйлем жазыңыз. Мысалы: Мен күрделі пароль қолданамын. Бөтен адамға құпия сөз айтпаймын. Күмәнді сілтемелерді ашпаймын. Құжатқа пароль орнатыңыз. Құжатты сақтаңыз. Құжатты жауып, пароль арқылы қайта ашып көріңіз.

6 сынып

Сабақтың тақырыбы: Арифметикалық амалдардың жазылу ережелері.

Оқу мақсаты: 6.3.2.1 Python тілінде сызықтық алгоритмдерді жазу.

Тапсырма 1

Құндылық: Әділдік пен жауапкершілік.

Жағдаят: Мектеп дүкенінде 1 дәптердің бағасы – 120 теңге. Оқушы 7 дәптер сатып алмақшы. Сатушы мен сатып алушы арасындағы есеп айырысу әділ және дұрыс болуы тиіс.

Python тілінде сызықтық алгоритм құрып, жалпы төлем ақыны есептейтін бағдарлама жаз. Бағдарламада көбейту, қосу амалдарын қолдан.



Сурет. 2.8.3 «Python тілінде алгоритм құру»

Тапсырма 2

Жағдаят: Оқушының қолында 15000 теңге бар.

Ол 4780 теңгеге оқу құралдарын сатып алды, 2300 теңгеге жолақы төледі.

Енді оқушыда қанша ақша қалғанын есептеу керек.

Python тілінде сызықтық алгоритм құрып, қалған ақшаны есептейтін бағдарлама жазыңыз.

Бастапқы ақшаны айнымалыға сақтаңыз, Оқу құралдарының бағасын айнымалыға жазыңыз, жолақы шығынын айнымалыға жазыңыз, алдымен бірінші шығынды азайтыңыз, содан кейін екінші шығынды азайтыңыз, қалған ақшаны экранға шығарыңыз.

Тапсырма 3

Құндылық: Бірлік және ынтымақ.

Бірлік пен ынтымақтастық сақталмаса, сыныпта түсініспеушілік туындайды.

Адал оқушы бәріне тең қарауды қолдайды.

Жағдаят: жалпы сыныпта 28 оқушы бар. Оқушыларға дүкеннен 112 кәмпит әкелінді.

Әр оқушыға неше кәмпиттен тиетінін және қанша кәмпит артылатынын анықтаңыз (// және % қолданыңыз).

7 сынып

Сабақ тақырыбы «Тармақталған алгоритмдерді программалау».

Оқу мақсаты: 7.2.1.1 — Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу.

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік.

Жағдаят: Мектепте оқу үлгерімін бағалау кезінде әділдік пен жауапкершілік қағидаттары сақталуы тиіс. Кейбір оқушылар бағаны өзгерту

немесе артық балл қосу туралы өтініш айтуы мүмкін. Бірақ адал оқушы әрқашан өз еңбегіне сай баға алуы керек екенін түсінеді. Осы мақсатта бағалау үдерісін автоматтандыратын бағдарлама құру қажет.



Сурет. 2.8.4 «Python тілінде алгоритм құру»

Тапсырма 1

Мектепте оқушының бақылау жұмысынан алған балы енгізіледі.

Бағдарлама келесі шарт бойынша нәтиже шығаруы керек:

егер балл 90–100 аралығында болса → «Өте жақсы»;

егер 75–89 аралығында болса → «Жақсы»;

егер 50–74 аралығында болса → «Қанағаттанарлық»;

егер 0–49 аралығында болса → «Қосымша дайындық қажет».

Қосымша шарт:

Егер енгізілген балл 0-ден кіші немесе 100-ден үлкен болса, «Қате мән енгізілді» деп шығару керек.

1. Тармақталған алгоритм құрыңыз.

2. Python тілінде if–elif–else құрылымын қолдана отырып программа құрыңыз, нәтижесінің дұрыстығына көз жеткізіңіз.

3. Неліктен бағалауда әділдік маңызды деп ойлайсыз соны түсіндіріп өтіңіз.

Тапсырма 2

Жағдаят: Интернетті пайдалану кезінде жас ерекшелігіне сай қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып пайдаланушының жасы енгізіледі.

Егер жасы 13-тен кіші болса → «Әлеуметтік желіні ата-ананың бақылауымен қолдану керек»

Егер 13–17 жас аралығында болса → «Жеке мәліметтердіңізді жарияламаңыз»

Егер 18 жастан үлкен болса → «Интернет қауіпсіздігін сақтаңыз»

Егер жас теріс (-1,-2) сан болса → «Қате енгізу» деп шығару керек.

Блок-схема құрыңыз.

if–elif–else операторларын қолданып код жазыңыз, интернеттегі жауапкершіліктің маңызын түсіндіріңіз.

Тапсырма 3

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.

Жағдаят: Жұмыс сағатына байланысты хабарлама шығаратын бағдарлама жаз және тармақталған алгоритм құр. Оқушы өзінің бір күндік жұмыс сағаты енгізіледі.

Егер жұмыс сағаты 0–4 аралығында болса → «Жартылай жұмыс күні»

Егер 5–8 аралығында болса → «Толық жұмыс күні»

Егер 8 сағаттан артық болса → «Еңбек заңнамасын сақтаңыз»

Егер теріс сан енгізілсе → «Қате мән» деп шығару керек

Сынып: 8

Сабақтың тақырыбы: Желідегі қауіпсіздік.

Оқу мақсаты: 8.4.2.1 – желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернетте алаяқтық пен агрессия).

Бағалау критерийі:

Қауіпті хабарламаны дұрыс анықтай алады;

Интернеттегі алаяқтық пен агрессияға қарсы әрекет стратегияларын қолданады;

Өз әрекеті мен достарының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік көрсетеді.

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Түсіну және қолдану – интернеттегі қауіп-қатерді тану, дұрыс шешім қабылдау.

Құндылықтар: Әділдік және жауапкершілік: жеке ақпаратты қорғау, шынайы әрекет жасау; өз әрекеттері мен достарының қауіпсіздігіне жауап беру;

Тапсырма 1. Гарри Поттер мен виртуалды платформадағы қауіпсіздік

Гарри Поттер мен достары Хогвартстың виртуалды платформасында онлайн тапсырмалар орындап отыр. Әрқайсысына әртүрлі хабарламалар келеді:

1. Біреу хабарлама жібереді: «Егер сен маған құпия тастың орнын айтсаң, сенің аккаунтыңды ашып беремін!»

2. Басқа біреу хабарлама жібереді: «Мен мектеп әкімшілігінің атынан хабарлап отырмын, сенің парольді растауың керек, әйтпесе үй тапсырмасын есептемейміз».

Сұрақтар:

1. Гарри мен достары бұл хабарламаларды қалай тануы керек?

2. Қандай іс-әрекет жасау керек?

3. Бұл алаяқтықтың қандай түрлеріне жатады және терминдерінің анықтамасын жазыңыз.



Сурет. 2.8.5 «Гарри Поттер мен достары»

Сынып: 8

Сабақтың тақырыбы: Кірістірілген функция.

Оқу мақсаты: 8.2.2.3 электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды пайдалану.

Бағалау критерийі:

Электрондық кестеге деректерді дұрыс енгізеді;

Кірістірілген функцияларды қолдана отырып есептеулер жүргізеді;

Нәтижелерді салыстырып, қорытынды жасайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану, талдау

Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, Әділдік және жауап кершілік

Тапсырма 1

Елімізде «Таза Қазақстан» ауқымды республикалық экологиялық акциясы өтуде. Бұл бастаманың мақсаты – еліміздегі экологиялық жағдайды жақсарту ғана емес, сонымен қатар азаматтардың экологиялық жауапкершілікті ойлауын қалыптастыру, сана мен ой тазалығын сақтау, отансүйгіштік, табиғатты аялау мәдениетін дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қоғамның қатысуын арттыру. 8-сынып оқушылары «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында мектеп ауласында және жақын саябақта әр түрлі ағаш көшеттерін отырғызды. Әр сынып отырғызған көшеттер саны төмендегі кестеде көрсетілген.



Сурет. 2.8.6 «Таза Қазақстан экологиялық акциясы»

Кесте. 2.8.1. «Берілген деректер»

Сынып	*Қарағай (дана)*	*Қайың (дана)*	*Алма ағашы (дана)*
8А	6	5	4
8Ә	8	7	7
8Б	5	6	7
8В	10	8	7
8Г	7	6	7

Тапсырма

Берілген мәліметтерді электрондық кестеге енгізіңіз;

Кірістірілген функцияларды қолданып:

SUM функциясы арқылы әр сыныптың жалпы отырғызған көшет санын есептеңіз;

SUM функциясы арқылы әр көшет түрі бойынша жалпы санын табыңыз;

AVERAGE функциясы арқылы бір сыныпқа шаққандағы орташа көшет санын есептеңіз;

MAX функциясы арқылы ең көп көшет отырғызылған сыныпты анықтаңыз;

MIN функциясы арқылы ең аз көшет отырғызылған сыныпты анықтаңыз;

Нәтижеге сүйене отырып, экологиялық қорытынды жазыңыз.

Қорытынды жазу (1–2 сөйлем)

«Таза Қазақстан» акциясы оқушыларды

_____

_____

_____

Сынып: 8

Сабақтың тақырыбы: Цикл for циклі.

Оқу мақсаты: 8.3.3.2 For цикл операторын пайдалану, ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану, талдау.

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық.

Тапсырма 1. Мәтін: «Ұлы билер даналығы».

Билердің даналық сөздері – халқымыздың өмірлік тәжірибесі мен ұлттық құндылықтарын көрсетеді.

Төле би: «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!»

Әйтеке би: «Өмірім халқымдікі, өлімім ғана өзімдікі.»

Қазыбек би: «Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-берекең атаң қымбат.»

Бұл билердің даналық сөздері бізге тарихқа құрмет көрсетуге, патриотизмді сезінуге және ұлттық бірлікті нығайтуға үйретеді. «Билердің даналық сөздерін цикл арқылы шығару» Берілген деректер:

biler = [{"аты": "Төле би", "сөзі": "Халқыңа адал бол, жауыңа қатал болды досыңа адал бол!"}, {"аты": "Әйтеке би", "сөзі": "Өмірім халқымдікі, өлімім

ғана өзімдікі."}, {"аты": "Қазыбек би", "сөзі": "Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт берекең атаң қымбат."}]

Сізге қажет:

For циклін пайдаланып, әр билердің сөзін 3 рет шығарыңыз.

Шығарылатын нәтиже мынадай форматта болу керек:

1.[АТЫ]:[СӨЗІ]

2.[АТЫ]:[СӨЗІ]

3.[АТЫ]:[СӨЗІ]

Әр билердің сөздері арасында бір бос жол қалдырыңыз.

Қосымша: қанша билер бар екенін және жалпы сөздердің санын санаңыз.

Бағалау критерийі:

Python код мысалы:

```
# Ұлы билердің даналық сөздері
biler = [
 {«аты»: «Төле би», «сөзі»: "Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!"},
 {"аты": "Әйтеке би", "сөзі": "Өмірім халқымдікі, өлімім ғана өзімдікі."},
 {"аты": "Қазыбек би", "сөзі": "Алтын ұяң – Отан қымбат, Құт-берекең атаң қымбат."} ]
print("Ұлы билер даналығы:\n")
# Әр бидің сөзін 3 рет шығару
for bi in biler:
for i in range(1, 4):
print(f"{i}. {bi['аты']}: {bi['сөзі']}")
print()  # Бос жол
# Билердің жалпы саны
biler_sany = len(biler)
# Барлық сөздердегі сөз санын есептеу
jalpy_soz_sany = 0
for bi in biler:
jalpy_soz_sany += len(bi["сөзі"].split())
print("Қосымша ақпарат:")
print("Билер саны:", biler_sany)
print("Барлық даналық сөздердегі сөз саны:", jalpy_soz_sany)
```

Сынып: 9

Сабақтың тақырыбы: Сұрыптау.

Оқу мақсаты: 9.3.2.1 сұрыптау алгоритмдерін қолдану.

Бағалау критерийі:

Массивті дұрыс енгізу;

Python арқылы есептеулер жүргізу;

Нәтижені экранға шығару;

Экологиялық құндылықты түсіну (суды үнемдеу).

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану және талдау – алгоритмді деректерге қолдану, нәтижені түсіндіру.

Құндылықтар: Әділдік және жауапкершілік.

Тапсырма 1

Қожа – 9-сынып оқушысы. Ол күнделікті су пайдалануын есептеп көргісі келеді. Теледидардан су үнемдеу жөніндегі бейнекөріністі көріп, судың адам өміріндегі маңыздығын түсінеді. Қазақта бекер айтылмаған: «Су – жер бетіндегі тіршіліктің тамыры».

Қожа әр күні пайдаланатын су көлемі (литрмен):

Қол жуу – 8

Тіс жуу – 6

Унитазға су жіберу – 15

Душ – 20

Кір жуу – 130

Ванна – 150

Сұрақтар:

Python тілінде массивке осы күнделікті пайдаланатын су көлемін енгізу;

Күнделікті пайдаланатын сумен барлық әрекеттерді сұрыптап, өсу ретімен экранға шығару;

Қожаның күндік, айлық және жылдық су шығынын есептеу;

Есептің соңында суды үнемдеу бойынша хабарлама шығару.

Мысал күтілетін нәтиже:

Сұрыпталған су көлемі (литр): [6, 8, 15, 20, 130, 150]

Қожа күнделікті пайдаланатын су: 339 литр

Айлық шығын: 10170 литр

Жылдық шығын: 123835 литр

Ескерту: Су – тіршіліктің тамыры! Суды үнемдеңіз!

Python код мысалы:

Қожа күнделікті пайдаланатын су көлемі water_usage = [8, 6, 15, 20, 130, 150]

Сұрыптау (өсу ретімен) water_usage.sort() print ("Сұрыпталған су көлемі (литр):", water_usage) # Күнделікті жалпы шығын daily_total = sum(water_usage) print("Қожа күнделікті пайдаланатын су:", daily_total, "литр") # Айлық және жылдық шығын monthly_total = daily_total *

30 yearly_total = daily_total * 365 print("Айлық шығын:", monthly_total, "литр")

print("Жылдық шығын:", yearly_total, "литр")

Экологиялық хабарлама print("Ескерту: Су – тіршіліктің тамыры! Суды үне деңіз!")

Сынып: 9

Сабақтың тақырыбы: Компьютердің конфигурациясы.

Оқу мақсаты: 9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау.

Бағалау критерийі:

Қолдану мақсатына сәйкес компьютер конфигурациясын таңдайды;

Таңдаған компоненттердің себебін дәлелдейді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Талдау және бағалау – мақсатқа сәйкес техникалық сипаттамаларды саралау, тиімді шешім қабылдау.

Құндылық: Бірлік және ынтымақ.

Тапсырма 1

Тони Старк (Темір адам) зертханасына жаңа компьютер сатып алғысы келеді. Бірақ ол компьютерді әртүрлі мақсатта қолдануы мүмкін: 3D модельдеу және инженерлік жобалау үшін.

Заманауи ойындар ойнау үшін

Қарапайым офис және оқу жұмыстары үшін

Сіз – техникалық кеңесші. Сіздің міндетіңіз – әр мақсатқа ең тиімді компьютер конфигурациясын таңдап, себебін түсіндіру.

Кесте. 2.8.2. «Берілген компоненттер»

Компонент	Нұсқалар
Процессор	Intel i3 / Intel i7 / Intel i9
Жедел жад (RAM)	8GB / 16GB / 32GB
Видеокарта	Integrated / RTX 3060 / RTX 3080
Жинақтауыш (SSD)	256GB / 512GB / 1TB
Монитор	22" / 27" / 32"

Сұрақтар:

Әр мақсат үшін ең тиімді конфигурацияны таңдаңыз.

Таңдаған әр компоненттің себебін түсіндіріңіз.

Неліктен дәл осы конфигурация тиімді екенін дәлелдеңіз.

Жауап үлгісі (оқушы толтырады)

1.3D модельдеу үшін

Процессор: _____

RAM: _____

Видеокарта: _____

SSD: _____
Монитор: _____
Себебі:

2 Ойындар үшін
Процессор: _____
RAM: _____
Видеокарта: _____
SSD: _____
Монитор: _____
Себебі:

3. Қарапайым оқу және офис жұмыстары үшін
Процессор: _____
RAM: _____
Видеокарта: _____
SSD: _____
Монитор: _____
Себебі:

Сынып: 9
Сабақтың тақырыбы: Электрондық кестеде деректер базасын құру.
Оқу мақсаты: 9.2.2.2 электрондық кестеде деректер базасын жасау.
Бағалау критерийі:
Электрондық кестеде деректер базасын құрады;
Кесте құрылымын дұрыс ұйымдастырады (баған атауы, жол, жазба);
Деректерді енгізеді және сұрыптайды;
Қарапайым сүзгіні (фильтр) қолданады.
Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану, талдау.
Құндылықтар:
Әділдік және Жауапкершілік
Тапсырма: «Адалдық дүкені» деректер базасы
Мектептерінде «Адалдық дүкені» ұйымдастырылды. Тәрбиелік мәні зор бұл шара «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде өткізілді
Дүкеннің ерекшелігі — сатушы жоқ, әр оқушы өзіне қажетті тауарды алып, ақшасын арнайы жәшікке қалдырады.
Сендерге дүкенде сатылымда тұрған өнімдер туралы деректер базасын құру тапсырылды.
Тапсырма 1: Деректер базасын құру (Жеке жұмыс)

Электрондық кестеде (мысалы, Microsoft Excel) «Адалдық дүкені» үшін деректер базасын құрыңдар.

Кесте. 2.8.3. «Кесте құрылымы»

№	*Өнім атауы*	*Бағасы (тг)*	*Саны*	*Сатылған саны*	*Қалған саны*

Кемінде 8–10 өнім енгізіңдер (дәптер, қалам, қарындаш, сызғыш, өшіргіш т.б.).

Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Химия» оқу пәнінің мазмұны арқылы іске асыру (7–9-сыныптар)

Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі, педагог-шебер Ш.А. Кудеринаның іс-тәжірибесінен

	Ковалентті байланыс
Оқу мақсаты	8.1.4.1 электртерістілік ұғымы негізінде атомдар арасындағы ковалентті байланыстың түзілуін түсіндіру
сынып	8
	
Құндылық : Бірлік және ынтымақ	Адамдар арасындағы шынайы достық бір-бірін түсінуге, бөлісуге және қолдауға негізделеді. Химияда да атомдар ковалентті байланыс түзу үшін электрондарын ортақтасып, яғни жұптасып пайдаланады. Бұл байланыс екі жаққа да тұрақтылық береді. 1- тапсырма: Полюсті және полюссіз ковалентті байланысы бар заттарды ажыратыңыз. HCl, N_2 ,Fe, H_2S, CO, O_2 , S, Cl_2 , MgO, CH_4, H_2 , H_2O 2-тапсырма: «Электрон жұбы мен достық» кестесін толтырыңыз молекуланың формуласын жазыңыз; атомдар арасында неше ортақ электрон жұбы барын көрсетіңіз; бұл «ортақтасуды» достықтағы қандай әрекетпен салыстыруға болады?

Заттың аты	Молекула формуласы	Байланыс түрі	Ортақ электрон жұбы	Достықпен ұқсастығы
Сутек газы				
Оттек газы				
Су				

3-тапсырма

Төмендегі заттардың химиялық формулаларын жазыңыз, Льюис диаграммасы арқылы қанша ортақ электрон жұбы бар екенін көрсетіңіз:

Хлор молекуласы → _____

Аммиак молекуласы → _____

Күкіртсутек молекуласы → _____

Көмірқышқыл газы → _____

4-тапсырма:

Неліктен H_2 молекуласы тұрақты, ал жеке H· атомы тұрақсыз? Жауапта электрон жұбы және ортақтасу сөздерін қолданыңыз.

Қорытынды рефлексия

Сұрақ:

Ковалентті байланыс туралы білім сенің достыққа деген көзқарасыңды қалай толықтырды?

Дескриптор	Барлығы (балл)
Полюсті және полюссіз ковалентті байланысы бар заттарды ажыратыңыз	2
«Электрон жұбы мен достық» кестесін толтырады	3
заттардың химиялық формулаларын жазады	2
Льюис диаграммасы арқылы қанша ортақ электрон жұбы бар екенін көрсетеді	2
Молекула мен атом бөлшектерін салыстырады	1
Барлығы	10

Тақырып	Мұнай және мұнай өнімдері

<table>
<tr><td></td><td>  </td></tr>
<tr><td>Сынып</td><td>9</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты</td><td>9.4.3.16 Қазақстандағы көмірдің, мұнайдың, табиғи газдың кен орындарын атау және оларды өндірудің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру
9.4.3.17 мұнай фракцияларын және шикі мұнайды айдау өнімдерінің қолдану аймақтарын атау</td></tr>
<tr><td>Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</td><td>Тапсырма
Мұнай өңдеу зауыты тәулігіне 500 тонна мұнай өңдейді. Орта есеппен мұнайдың 8% өңдеу барысында шығынға ұшырайды (газдану, қалдық, булану).
1.Тәулігіне қанша тонна мұнай шығын болады?
2.Егер жаңа катализатор қолдану арқылы шығынды 8%-дан 3%-ға дейін төмендетсе, қанша тонна мұнай үнемделеді?
3.Бұл үнемдеудің:
экологиялық
экономикалық
маңызын ғылыми тұрғыда түсіндіріңіз.

<table><tr><td>№</td><td>Дескриптор: Білім алушылар</td><td>Балл</td></tr><tr><td>1</td><td>Мұнай шығынын есептейді</td><td>1</td></tr><tr><td>2</td><td>Үнемдейтін мұнай массасын табады</td><td>1</td></tr><tr><td>3</td><td>Экологиялық және экономикалық тұрғыдан сипаттайды</td><td>1</td></tr></table>
Жағдаяттық тапсырма (ғылыми талдау)
Мұнай тасымалдайтын танкерден теңізге 1000 тонна мұнай төгілді.
Мұнай қабаты су бетінде жұқа қабық түзеді.
Тапсырма:
Мұнайдың су бетінде қалқып тұруын тығыздық пен полярлық тұрғысынан түсіндіріңіз.
Мұнай қабығының:
✓ фотосинтезге
✓ газ алмасуға әсерін ғылыми негізде сипаттаңыз.
✓ Мұнайды жинаудың физикалық, химиялық және биологиялық әдістерін ата және қайсысы экологияға тиімді екенін дәлелдеңіз.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>
Тапсырма:
Мұнай өңдеу өнімдерін олардың химиялық қасиеті мен қолданылуымен сәйкестендіріңіз.
<table>
<tr><th>№</th><th>Мұнай фракциясы</th><th></th><th>қолданылуы</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Газдар (C_1–C_4)</td><td>A</td><td>Жол жабындысы, жоғары молекулалы көмірсутектер</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Бензин (C_5–C_{10})</td><td>B</td><td>Полимерлер мен органикалық синтезге шикізат</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Керосин (C_{10}–C_{16})</td><td>C</td><td>Тұрмыстық және өнеркәсіптік отын</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Мазут (C_{20}↑)</td><td>D</td><td>Реактивті қозғалтқыштарға арналған отын</td></tr>
</table>
Қосымша сұрақ:
Неліктен көмірсутек тізбегі ұзарған сайын:
✓ қайнау температурасы артады?
✓ экологиялық зияны күшейеді?
<table>
<tr><th>№</th><th>Дескриптор: Білім алушылар.</th><th>Балл</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Мұнай фракцияларын сәйкестендіреді</td><td>4</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Сұрақтарға дұрыс жауап береді</td><td>2</td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td>Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</td><td>
Қазіргі таңда мұнай – әлемдік энергетиканың негізгі көзі.Алайда оның қоры шектеулі және жануы атмосферадағы CO_2 мөлшерін арттырады.
Тапсырма:
1. Мұнайдың жану реакциясын жазыңыз (жалпы түрде).
2. Бұл реакцияның климатқа әсерін ғылыми тұрғыда түсіндіріңіз.
3. Мұнайды алмастыра алатын 2 балама энергия көзін атап және олардың артықшылықтарын дәлелдеңіз.
<table>
<tr><th>№</th><th>Дескриптор: Білім алушылар</th><th>Балл</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Мұнайдың жану реакциясын жазады</td><td>1</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Бұл реакцияның климатқа әсерін ғылыми тұрғыда сипаттайды</td><td>1</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Екі балалам энергия көзін атайды</td><td>1</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық	Тапсырма: «Мұнай – өркениетті дамытты, бірақ оны шектен тыс пайдалану болашаққа қауіп төндіреді»деген пікірге ғылыми дәлелдер келтіріп, өз көзқарасыңды жазыңыз. Есеп №1 Құрамында ω(C)=84% және ω(H)=16% тұратын 1 кг бензинді толық жағу үшін теориялық қажетті құрғақ ауаның массасын есептеңіз. Ауадағы оттектің мөлшері масса бойынша 23%. Берілгені шешуі m(бензин)=1кг m(C) =1000·0,84=840 ωC=84% mH=1000·0,16=160 ωH=16% $C+O_2=CO_2$ $2H_2+O_2=2H_2O$ ωO_2=23% $\frac{840}{12}=\frac{x}{32}$ $\frac{160}{4}=\frac{y}{32}$ Т/к m(ауа)=? x=2240г O_2 y=1280г O_2 $m(O_2)$=2240 + 1280 = 3520г жалпы масса $\frac{x}{100}=\frac{3520}{23}$ Жауабы: m(ауа)=15305г=15,31кг
Тақырып	Отын
сынып	9
Оқу мақсаты	9.4.3.15 құрамында көміртек бар қосылыстардың отын ретінде пайдалану мүмкін екендігін білу және альтернативті отын түрлерін зерттеу, олардың
Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық	Есеп Ауыл мектебіндегі қазандық орта есеппен күніне 3 тонна көмір жағып отыр. Көмірдің құрамында: 85% көміртек, 4% мыс, 3,2% күкірт, 5% су, 2,8% жанбайтын заттар бар. Егер күніне 1 га орман 10 кг O_2 шығатын болса, өртенуге кететін O_2 жоғалту үшін орманның көлемі қанша болуы керек? Мәселені түсіну (өмірмен байланыстыру) Тапсырма: *1-қадам.* Мәтінді оқы: Ауыл мектебінің қазандығы күніне 3 тонна көмір жағады. Көмір жану үшін оттек қажет, ал оттек – орман арқылы табиғатта толықтырылады. Сұрақ: Бұл жағдай табиғатқа қандай әсер етуі мүмкін? *Оқушы табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсінеді.* *2-қадам.* Жанатын заттарды анықтау

<table>
<tr><td></td><td>Тапсырма:
Көмір құрамынан жануға қатысатын заттарды таңдаңыз.
Көміртек, күкірт , мыс, су, , жанбайтын қалдықтар
Жауапкершілікпен ақпаратты іріктеу дағдысы қалыптасады.

3-қадам. Химиялық реакцияларды жазу
Тапсырма:
Жанатын заттар үшін жану немесе тотығу реакция теңдеулерін құрастырыңыз:
Көміртек →
Күкірт →
Мыс →
Ғылыми сауаттылық пен дәлдік құндылығы дамиды.

4-қадам. Оттек шығынын есептеу
Тапсырма:
Реакция теңдеулерін пайдаланып, бір күнде қанша оттек жұмсалатынын есептеңіз.
Сандық дерек арқылы экологиялық мәселені түсінеді.

5-қадам. Орманның рөлін бағалау
Тапсырма:
1 га орман күніне 10 кг O_2 бөлетінін ескере отырып:
Қанша гектар орман қажет екенін анықтаңыз.
Табиғаттың адам өміріндегі рөліне құрмет қалыптасады.
6-қадам. Құндылықтық ой қорыту
Тапсырма:
Сұрақтарға жауап бер:
Орман неге маңызды?
Егер орман азайса, не болуы мүмкін?
Отынды тиімді пайдалану не үшін қажет?
Экологиялық сана мен азаматтық жауапкершілік дамиды.

7-қадам. Шешім ұсыну (саналы таңдау)
Тапсырма:
Қоршаған ортаға зиянды азайту үшін кемінде 2 ұсыныс жазыңыз:
отынды үнемдеу;
балама энергия көздері;
ағаш отырғызу т.б.
Белсенді азаматтық ұстаным қалыптасады.</td></tr>
<tr><td>Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</td><td>ЕСЕПТІҢ ШЫҒАРЫЛУЫ
<table><tr><td>Берілгені:</td><td>шешуі</td></tr><tr><td>m (көмір) =3т</td><td>m(C) = 3·0,85 =2,55т</td></tr><tr><td>ω (C) =85%</td><td>m(Cu) = 3·0,04 =0,12т</td></tr></table></td></tr>
</table>

ω (Cu) = 4%	m(S) = 3·0,032 =0,1т	
ω (S) = 3,2%	$C+ O_2= CO_2$ $\frac{2.55}{12}=\frac{x}{32}$ $x=\frac{2.55\cdot 32}{12}$ $x=6.80$	$2Cu+O_2= 2CuO$ $\frac{0.12}{128}=\frac{x}{32}$ $x=\frac{0.12\cdot 32}{128}$ $x=0.03$ $S+ O_2= SO_2$ $\frac{0.1}{32}=\frac{x}{32}$ $x=\frac{0.1\cdot 32}{32}$ $x=0.1$
m (O_2)=10 кг		
S=1 га		
m (O_2)=?		
S (орман) =?	1күнде жұмсалатын оттек массасы: m (O_2) = 6,80 + 0,03 + 0,1= 6,93т 1га - 10 кг x га - 6930 кг $x=\frac{1\cdot 6930}{10}=693$ *Жауабы: S(орман) = 693га*	

Қазандықта бір күнде жағылатын көмірдің оттек шығынын өтеу үшін
шамамен 693 гектар орман қажет.

Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Биология» оқу пәнінің мазмұны арқылы іске асыру (7-9-сыныптар)

7-сынып

1-тапсырма

Тақырып: Жергілікті өңірдің ҚР Қызыл кітабына енген жануарлар мен өсімдіктер

Оқу мақсаты:

7.3.2.4 жергілікті өңірдің Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктеріне мысал келтіру

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

2.10.1- кесте. ҚР Қызыл кітабына енгізілген жануарлары мен өсімдіктерінің таралу хронологиясы

Жыл	Қорғау мәртебесі	Таралу аймағының өзгеруі	Негізгі қауіп
1950	Табиғи популяция	Оңтүстік Қазақстан тау бөктерлері	Табиғи жайылымдар
1980	Қызыл кітапқа енгізілді	Аймақтардың 30%-ға қысқаруы	Гүлдерді жаппай жинау, пиязшықтарын қазу
2024	Мемлекеттік қорғауда	Микро-популяциялар түрінде сақталған	Инфрақұрылым құрылысы, заңсыз сауда

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Неліктен Грейг қызғалдағын қорғау «Ұлттық мүдде» құндылығына тікелей байланысты?
2. Кесте бойынша 1980 жылдан кейін популяцияның азаюына адамдардың қандай іс-әрекеттері себеп болды?
3. Мектеп оқушылары арасында «Қызғалдақты сақтау – ұлттық бренді сақтау» атты ақпараттық науқанды қалай ұйымдастыруға болады?

Тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Қазақстанның эндемик өсімдіктерін таниды, оларды қорғаудың маңыздылығын «Адал азамат» құндылықтарымен байланыстырады.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор
1. Ұлттық мүдде байланысы	*Грейг қызғалдағы* Қазақстанның табиғи бренді және әлемдік қызғалдақтардың атасы. Оны сақтау елдің табиғи мұрасын, символын және гендік қорын келешек ұрпаққа жеткізу (патриотизм).	Ұлттық мүдде мен табиғатты қорғау арасындағы логикалық байланысты түсіндіреді.
2. Ар-ождансыз іс-әрекеттер	Гүлдерді заңсыз сату үшін жаппай жұлу, пиязшықтарын қазып алып, табиғи тепе-теңдікті бұзу. Бұл жеке пайданы қоғамдық игіліктен жоғары қою (жауапкершіліктің жоқтығы).	Кестедегі мәліметтерді талдап, адам факторының кері әсерін атайды.

3. Ақпараттық науқан	Әлеуметтік желілерде #SaveTulips челленджін бастау, мектепте «Қызғалдақ дала көркі» атты көрме ұйымдастыру, экологиялық патруль құру.	Мәселені шешуге бағытталған 2-3 нақты креативті қадам ұсынады.

9-сынып. Генетика

Тақырып: Селекция және биотехнология жетістіктері.

Оқу мақсаты:

9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру.

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Сипаттама: Қазақстандық ғалымдар құрғақшылыққа төзімді бидайдың жаңа сорттарын шығаруда IT-технологиялар мен гендік инженерияны қолданады. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

1-тапсырма:

1. Зерттеу: Биологиялық білім мен «Талап» құндылығы (ғылымға құштарлық) ел экономикасына қалай әсер етеді?

2. Талдау: Егер жас ғалым «Еңбегі адал – жас өрен» ұстанымын сақтамаса (зерттеу нәтижелерін қолдан жасаса), бұл ауыл шаруашылығына қандай зиян келтіруі мүмкін?

3. Шығармашылық: Еліміздің биологиялық ресурстарын тиімді пайдалану үшін болашақта қандай цифрлық жоба (қосымша, датчик т.б.) ұсынар едіңіз?

Тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Биологиялық ғылымның маңызын түсінеді, академиялық адалдық (Ар-ождан) пен білімге құштарлық (Талап) құндылықтарын талдайды.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор
1. Талап және экономика	Жаңа сорттар өнімділікті арттырады, бұл елдің экспорттық әлеуетін көтереді. Ғылымға құштарлық (Талап) жоғары технологиялық мемлекет болуға жол ашады.	Ғылым мен экономикалық даму арасындағы байланысты негіздейді.
2. Ар-ождан (Академиялық адалдық)	Егер деректер қолдан жасалса, сезімтал сорттар егістікте қурап қалып, фермерлер шығынға батады, елдің азық-түлік қоры азаяды. Адалдық - ғылымның негізі.	Ғылымдағы адалдықтың (немесе оның жоқтығының) зардаптарын сипаттайды.

3. Цифрлық жоба	Өсімдіктің суға қажеттілігін қашықтан анықтайтын мобильді қосымша немесе топырақ құрамын бақылайтын Smart-датчиктер жүйесі.	Биология мен IT ұштастырылған 1 инновациялық идея ұсынады.

3-тапсырма. Адам анатомиясы

8-сынып


Тақырып: Жүрек-қантамырлар жүйесі аурулары (гипертония, инфаркт, тахикардия, ишемиялық ауру, атеросклероз, инсульт). Аурудың себептері: тұқым қуалайтын ауруларға бейімділік, салауатты өмір салтын дұрыс ұстанбау т.б.

Оқу мақсаты:

8.1.3.12 қантамыр жүйесі ауруларының себептері мен ауру белгілерін сипаттау.

Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық

Сипаттама: Жүрек — адам организмінің негізгі «қозғалтқышы». Оның үздіксіз жұмысы адамның өмір сүру сапасына тікелей байланысты. «Адал азамат» өз денсаулығын күтуді қоғам алдындағы жауапкершілігі деп түсінеді.



Сурет 2.10.1 Жүректің құрылысы

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Суретке қарап, жүректің негізгі екі бөлігін (камераларын) атаңыз.
2. Жүрек денсаулығын сақтау үшін «Адал азаматқа» тән 3 нақты әрекетті жазыңыз.

3. Неліктен өз денсаулығыңды күту «Ар-ождан» (жауапкершілік) құндылығына жатады?

Тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Жүректің құрылысын біледі және салауатты өмір салтын қалыптастырудың азаматтық маңызын негіздейді.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор

1. Жүрек бөліктері	Жүрекшелер (оң және сол), қарыншалар (оң және сол).	Жүрек камераларының атауын дұрыс көрсетеді.
2. Адал азаматтық әрекеттер	1. Зиянды әдеттерден (темекі, вейп, алкоголь) бас тарту. 2. Жүйелі түрде спортпен шұғылдану (еңбекқорлық). 3. Табиғи, пайдалы тағамдарды таңдау.	Денсаулықты нығайтуға бағытталған 3 нақты іс-әрекетті жазады.
3. Құндылықпен байланыс	Өз денсаулығын күту бұл мемлекетке, отбасына және өзіне деген адалдық. Дені сау адам елдің тірегі, ол қоғамға пайда әкеле алады.	Жауапкершілік пен денсаулық арасындағы логикалық байланысты түсіндіреді.

4-тапсырма. Көру мүшесі

8-сынып

Тақырып: Көру мүшелерінің құрылысы. Көрудің маңызы. Көру қызметінің бұзылуы. Көру гигиенасы.

Оқу мақсаты:

8.1.7.1 көруді қабылдаудың ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережесін сипаттау.

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Сипаттама: Көз — адамның сыртқы дүниеден ақпарат алуының негізгі арнасы. Алайда, кейбір жандарда бұл мүшенің қызметі туа біткен немесе жүре пайда болған себептермен шектелген. «Адал азамат» айналасындағы адамдардың қиындығына бейжай қарамай, эмпатия таныта білуі тиіс.



Сурет 2.10.1 Көздің құрылысы

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Суреттегі көздің оптикалық жүйесіне жататын 2 құрылымды атаңыз.
2. Көруі нашар немесе мүлдем көрмейтін адамға қоғамдық орындарда қандай нақты 2 көмек көрсетер едіңіз?
3. Неліктен ерекше қажеттіліктері бар жандарға көмектесу «Бірлік және «Ынтымақ құндылықтарының көрінісі болып табылады?

Тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Көздің құрылысын ажыратады, көруі нашар жандарға эмпатия танытудың азаматтық маңызын түсіндіреді.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор

1.Көз құрылымы	Тор қабық (рецепторлық бөлім), көз бұршағы (линза қызметі).	Көздің екі құрылымын дұрыс атайды.
2. Эмпатиялық әрекет	1. Көшеден немесе баспалдақтан өткізіп жіберу. 2. Қажетті ақпаратты (автобус нөмірі, дүкендегі баға т.б.) дауыстап оқып беру.	Мұқтаж жанға көмектесудің 2 нақты жолын ұсынады.
3. Құндылықпен байланыс	Бұл қоғамдағы бірлікті (Ынтымақтастық) нығайтады. Өзгенің жағдайын түсіну және қол ұшын созу адамның рухани байлығы мен мейірімділігін көрсетеді.	Эмпатияның әлеуметтік және рухани маңыздылығын негіздейді.

5-тапсырма

8 сынып

Тақырып: Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу: амебалық қантышқақ, фитофтороз, оба, күл, лейшмания, герпес

8.4.3.1 қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар қоздыратынмен туындайтын аурулардың ерекшеліктерін сипаттау және алдын алу шараларын сипаттау.

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Сипаттамасы: Күнделікті өмірде біз мыңдаған көрінбейтін микроорганизмдермен (бактериялар, вирустар) жанасамыз. Қол гигиенасын сақтамау — тек жеке бас мәселесі емес, бұл — айналаңыздағы адамдарға (отбасы мүшелеріне, сыныптастарға) ауру жұқтыру қаупін тудыратын әрекет.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қол жумай тамақ ішудің биологиялық салдарын түсіндіріп, шағын мәтін жазыңыз.

2. Неліктен гигиена ережелерін сақтау «Адал азаматтың» бойындағы Жауапкершілік құндылығына жатады?

3. Мектепте жұқпалы аурулардың таралмауы үшін «Ынтымақ» құндылығы аясында қандай бірлескен ережелерді енгізуге болады?

Тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Микроорганизмдердің адам ағзасына әсерін біледі, гигиена сақтауды азаматтық жауапкершілік ретінде негіздейді.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор

1. Биологиялық салдар (Мәтін)	Лас қол арқылы ағзаға түрлі патогенді микробтар мен паразит жұмыртқалары түседі. Олар асқазан-ішек жолдарында көбейіп, дизентерия, сальмонеллез немесе гепатит сияқты ауруларды тудырады. Бұл іштің ауруына, улануға және иммунитеттің әлсіреуіне әкеледі. Сондықтан тамақ ішер алдында қолды сабынмен жуу денсаулық кепілі.	Қол жумаудың салдарын биологиялық тұрғыдан сауатты түсіндіреді (60 сөзге дейін).
2. Жауапкершілік құндылығы	Гигиена сақтау өзіңді ғана емес, өзгені де қорғау. Ауру жұқтырған адам басқаларға қауіп төндіреді. Адал азамат өз денсаулығына жауапсыз қарау арқылы қоғамға зиян келтірмеуі тиіс.	Гигиена мен жауапкершілік арасындағы байланысты ашады.
3.Бірлескен әрекет (Ынтымақтастық)	Сыныпта «Таза қол» бұрышын ұйымдастыру, ортақ пайдаланылатын заттарды (есік тұтқасы, парта) таза ұстау, ауырған жағдайда өзгелерге жұқтырмас үшін маска тағу немесе үйде оқшаулану.	Ынтымақтастыққа негізделген 2-3 нақты ұсыныс береді.

6-тапсырма.

9 сынып

Тақырып: Экожүйедегі энергия тасымаланың тиімділігі. Энергия ағыны және қоректік тізбектер.

Оқу мақсаты:

9.3.1.2 энергия ағымының тиімділігін есептеу;

9.3.1.3 энергия, биомасса және сандар пирамидаларын салыстыру.

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Сипаттамасы:Қазақстанның кең байтақ даласы — бірегей экожүйе. Мұндағы ең маңызды буынның бірі — киік (ақбөкен). Ол — мұз дәуірінен аман қалған, біздің даламыздың тірі символы. Оны сақтау — әрбір адал азаматтың парызы.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қоректік тізбек құрыңыз: Суреттегі организмдерді (өсімдіктер, киік, қасқыр) пайдаланып, дұрыс қоректік тізбек құрыңыз.
2. Экожүйелік талдау: Егер браконьерлік немесе ауру салдарынан киіктер саны күрт азайса, осы экожүйедегі басқа буындарға (өсімдіктер мен жыртқыштарға) қандай әсері болады?

Тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Қоректік тізбекті дұрыс құрады, экожүйедегі өзгерістерді болжайды және ұлттық символдарды қорғаудың маңызын түсіндіреді.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор
1. Қоректік тізбек	Шөп (өсімдіктер) - Киік (консумент I) - Қасқыр (консумент II).	Қоректік тізбектің реттілігін дұрыс құрады.
2. Экожүйелік талдау	Киік азайса, қорек болмағандықтан қасқыр саны да азаяды. Ал өсімдіктер жабыны бақылаусыз өсіп, экожүйенің тепе-теңдігі бұзылуы мүмкін.	Популяциялар арасындағы өзара байланысты сипаттайды.
3. Құндылықпен байланыс	Киік - біздің ұлттық байлығымыз бен мақтанышымыз. Оған қамқорлық жасау - туған жердің табиғатын аялаудың (Сүйіспеншілік) белгісі. Оларды сақтау арқылы біз келешек ұрпаққа табиғи мұрамызды табыстаймыз.	табиғатқа деген сүйіспеншілікті ұштастырып түсіндіреді.

Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «География» оқу пәнінің мазмұны арқылы іске асыру (7–9-сыныптар)

Жаһандану жағдайында жүріп жатқан қазіргі әлеуметтік-экономикалық, экологиялық және мәдени үдерістер табиғи және қоғамдық жүйелердің өзара тәуелділігін күшейте түсуде. Климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы, урбандалу, көші-қон үдерістері мен әлеуметтік теңсіздік сияқты жаһандық сын-тегеуріндер қоғамның өмір сапасына тікелей әсер етіп, өсіп келе жатқан ұрпақтан қоршаған ортаға жауапты әрі саналы көзқарасты талап етеді. Осы тұрғыда білім беру жүйесі қазіргі заман әлемінің күрделілігін түсіне алатын, ұлттық құндылықтарды құрметтейтін және қоғамның орнықты дамуына белсенді қатыса алатын тұлғаны қалыптастырудың негізгі факторы ретінде ерекше рөл атқарады.

7–9-сыныптардағы «География» оқу пәні тәрбиелік әлеуеті жоғары пәндердің бірі болып табылады, себебі ол табиғат, халық, адамның шаруашылық қызметі және қоғамның аумақтық ұйымдасуы туралы білімді біріктіреді. География білім алушыларда әлем туралы тұтас көзқарас қалыптастырып, географиялық ойлауды, экологиялық мәдениетті және азаматтық жауапкершілікті дамытуға, сондай-ақ жергілікті, өңірлік және жаһандық үдерістердің өзара байланысын түсінуге ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы адал, жауапты, еңбекқор, әділ және отаншыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осы бағдарлама құндылықтарын «География» оқу пәнінің мазмұнына кіріктіру оның тәрбиелік бағыттылығын күшейтіп, білім беру мен тәрбиелеу үдерістерінің тұтастығын қамтамасыз етеді. Бұл Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (ҚР МЖБС) және жаңартылған оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді.

Жаңартылған география оқу бағдарламасы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын және құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталған, бұл пәнді негізгі орта білім беру деңгейінде «Адал азамат» бағдарламасының идеяларын іске асырудың маңызды құралына айналдырады

Іс-әрекеттік тәсіл практикалық, зерттеушілік және жобалық қызмет арқылы оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыруды қамтамасыз етеді, бұл құндылықтарды саналы түрде меңгеруге ықпал етеді. Жүйелік тәсіл географиялық құбылыстар мен үдерістерді өзара байланыста қарастыруға мүмкіндік беріп, білім алушыларда әлемді тұтас қабылдау қабілетін қалыптастырады.

География мектеп пәні ретінде табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуін, аумақтық айырмашылықтар мен өңірлердің даму заңдылықтарын зерттейтіндіктен, тәрбиелік әлеуеті жоғары пән болып табылады. География мазмұны арқылы қоршаған ортаға құндылықтық қатынас, адам еңбегіне құрмет, табиғи ресурстарды пайдаланудағы жауапкершілік және қоғам дамуындағы адамның рөлін түсіну қалыптасады.

География курсының мазмұны «Адал азамат» бағдарламасында айқындалған базалық ұлттық құндылықтарды: адалдықты, жауапкершілікті, еңбекқорлықты, әділдікті, отансүйгіштікті және азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл құндылықтар дерексіз түрде емес, табиғи ресурстар, халық, шаруашылық қызметі және экологиялық мәселелерге қатысты нақты географиялық тақырыптарды зерделеу арқылы ашылады.

Мысалы, «Қазақстанның табиғи ресурстары» тақырыбын оқыту барысында оқушылар пайдалы қазбалардың, су және жер ресурстарының аумақтық таралуымен танысып, оларды ұтымды пайдалану мәселелерін талдайды. Бұл тақырып арқылы елдің табиғи байлығын сақтауға жауапкершілік, сондай-ақ ресурстарды өңірлер мен ұрпақтар арасында әділ бөлу қағидаларын түсіну қалыптасады. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ластамау, экологиялық мәдениетті дамыту және туған жерге ұқыпты қарау дағдылары қалыптасады. Табиғи ресурстарды игеру мен қорғауда еңбек адамының рөлі ерекше екені

түсіндіріледі. Еңбек адамдарының — геолог, шахтер, мұнайшы, эколог, су шаруашылығы мамандарының — ел экономикасын дамытуға қосатын үлесі қарастырылады. Бұл оқушыларды еңбекке құрметпен қарауға, мамандық таңдауда жауапкершілік танытуға және адал еңбектің құндылығын түсінуге тәрбиелейді.

Географияны оқыту барысында «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын іске асыру проблемалық оқыту, жобалық және зерттеушілік қызмет, практикалық-бағдарланған тапсырмалар мен оқу пікірталастары арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан мен әлемдік қауымдастықты қамтитын экологиялық, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық мәселелерді талдаудың маңызы зор.

Географияны оқу барысында білім алушылар жергілікті және жаһандық үдерістердің өзара байланысын, табиғатты ұтымды пайдаланудың маңызын және орнықты дамудың қажеттілігін түсінеді. Туған өлкенің экологиялық жағдайын зерттеуге бағытталған жобалық жұмыстар белсенді азаматтық ұстанымды және ел болашағына жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

«Географиялық зерттеу әдістері» бөлімі білім алушыларда ғылыми таным туралы түсінік, объективтілік және ақпараттың шынайылығы қағидаттарын қалыптастырады. Бақылау, өлшеу, деректерді талдау және дереккөздермен жұмыс жасау адалдықты, ғылыми жауапкершілікті тәрбиелейді.

Зерттеу әдістерін меңгеру арқылы оқушылар фактілерді тексеруге, негізделген қорытынды жасауға және қате шешімдердің салдарын түсінуге үйренеді. Бұл «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарымен тікелей байланысты.

«Картография және географиялық деректер базалары» бөлімі кеңістіктік ойлауды, ақпаратты талдау және түсіндіру дағдыларын дамытады. Карталармен, геоақпараттық жүйелермен және статистикалық деректер базаларымен жұмыс жасау сыни ойлауды, дәлдікке ұқыптылықты және ақпараттың нақтылығына құрметті қалыптастырады.

Картографиялық материалдарды пайдалану аумақтық айырмашылықтарды, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық әркелкілігін түсінуге мүмкіндік беріп, әділдік сезімін және аумақтардың теңгерімді дамуы қажеттігін ұғындырады.

Физикалық география мазмұны Жердің табиғи компоненттерін, табиғи үдерістерді және олардың даму заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Бұл бөлім арқылы экологиялық мәдениет, табиғаттың құндылығын түсіну және қоршаған ортаны сақтаудағы адам жауапкершілігі қалыптасады.

Табиғи зоналарды, климаттық үдерістерді және табиғи ресурстарды зерделеу табиғатқа ұқыпты қарауды, ресурстардың шектеулілігін түсінуді және орнықты дамудың маңызын ұғындыруға ықпал етеді.

«Әлеуметтік география» бөлімі халықтың орналасу заңдылықтарын, демографиялық үдерістерді, көші-қонды және қоғамның әлеуметтік құрылымын қарастырады. Әлеуметтік үдерістерді талдау адамға құрмет, төзімділік және әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Әлеуметтік мәселелерді зерделеу арқылы оқушылар өмір сапасының табиғи жағдайлармен және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен өзара байланысын түсініп, белсенді азаматтық ұстаным мен әділдік сезімін қалыптастырады.

Экономикалық география адамның шаруашылық қызметінің негіздерін, экономиканың салаларының орналасуын және ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттарын ашады. Бұл бөлімді оқу еңбек пен өндірістің, инновацияның қоғам дамуындағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Еңбекке құрмет, экономикалық дамудың маңызын түсіну және табиғи әрі адами ресурстарды пайдаланудағы жауапкершілік қалыптасып, еңбекқорлық пен жауапкершілік құндылықтары нығаяды.

«Елтану және саяси география негіздері» бөлімі әлем елдері мен өңірлері, олардың саяси құрылысы мен геосаяси үдерістері туралы түсінік қалыптастырады. Ерекше назар Қазақстан Республикасына, оның әлемдік қауымдастықтағы орнына және өңірлік үдерістердегі рөліне аударылады.

Елтануды оқыту отансүйгіштікті, ұлттық мәдениет пен мемлекеттілікке құрметті қалыптастырады, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

География мұғалімі тәрбиелік міндеттерді іске асырудағы негізгі тұлға болып табылады. Ол тек пәндік білім беріп қана қоймай, білім алушылардың дүниетанымын, табиғатқа, туған өлкеге және қоғамға деген қатынасын қалыптастырады. Мұғалімнің кәсіби ұстанымына байланысты оқушылар оқылатын материалдың құндылықтық мәнін қаншалықты терең түсінетіні айқындалады.

Педагогикалық өзара әрекет барысында жауапкершілік, еңбекке құрмет, ынтымақтастыққа дайындық және азаматтық ұстаным сияқты қасиеттер қалыптасады. Мұғалім оқу қызметін адам әрекетінің салдарын ұғындыруға және экологиялық әрі әлеуметтік жауапты мінез-құлық қалыптастыруға бағыттайды.

Білім беру үдерісінде интерактивті әдістерді, проблемалық оқытуды, зерттеушілік тапсырмаларды, пәнаралық байланыстарды және практикалық жұмыстарды қолдану ұсынылады. Бұл формалар білім алушыларды оқу қызметіне белсенді тартуға және тұрақты құндылықтық ұстанымдарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Тиімді әдістемелік тәсілдерге карталар мен диаграммаларды талдау, кейстермен жұмыс, жобалық тапсырмалар және топтық пікірталастар жатады. Тапсырмалардың практикалық-бағдарланған сипаты географиялық білімді

нақты өмірмен байланыстырып, қоршаған әлемге жауапты көзқарасты қалыптастырады.

Ұсынылған әдістемелік тәсілдерді іске асыру нәтижесінде білім алушыларда географиялық мәдениеттің негіздері, экологиялық сана және азаматтық жауапкершілік қалыптасады. Олар кеңістіктік үдерістерді талдау дағдыларын меңгеріп, адам қызметінің салдарын бағалауды және саналы шешім қабылдауды үйренеді.

Күтілетін оқу нәтижелері ҚР МЖБС талаптарына сай келеді және функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды, құндылықтық бағдарларды қалыптастыруды қамтиды. «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын «География» пәнінің мазмұнына кіріктіру қоғамдық игілікке және орнықты дамуға бағдарланған тұлғаны тәрбиелеуге ықпал етеді.

Осылайша, «География» оқу пәні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының базалық ұлттық құндылықтарын іске асырудың тиімді құралы болып табылады. Ол оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз етіп, білім алушыларда отансүйгіштікті, экологиялық мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті және рухани кемелдікті қалыптастырады. Жаһандану жағдайында география әлеуметтік жауапты, саналы әрі рухани дамыған тұлғаны даярлаудың маңызды құралына айналады.

География 9-сынып

3.1 Литосфера

Қазақстанның минералдық ресурстарын тиімді игеру

9.3.1.5 Қазақстанның минералдық ресурстарын олардың қорларын, экономика үшін маңыздылығын және пайдалану болашағын талдай отырып бағалау;

Тақырыбы: Қазақстанның табиғаты, экономикасы және халықаралық қатынастары

Құндылықтармен байланыс: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

Құндылықтар: жауапкершілік, әділдік, еңбеккорлық, отаншылдық

Сабақтың мақсаты

Оқушылар:

- Қазақстанның табиғи ресурстары мен экономикасының даму ерекшеліктерін сипаттайды;
- Қазақстанның халықаралық қатынастардағы орнын анықтайды;
- Табиғи байлықты ұтымды пайдалану мен елдің дамуына азаматтық жауапкершілікпен қараудың маңызын түсінеді.

Құндылыққа бағдарлау

«Адал азамат» құндылықтары:

- Әділдік пен жауапкершілік;
- Еңбеккорлық, еңбекке құрмет;

- Тәуелсіздік пен отаншылдық;

Сабақ барысы

География 9 сынып 5.1 Табиғи ресурстар

9.5.1.1 Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін жіктеу.

9.5.1.2 Табиғи ресурстардың (соның ішінде туристік-рекреациялық) экономикалық және экологиялық әлеуетіне баға беру.

Тақырыбы: Қазақстанның табиғи ресурстары және оларды ұтымды пайдалану

Құндылықтармен байланыс: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы

Құндылықтар: жауапкершілік, әділдік, отансүйгіштік

Сабақтың мақсаты

- Қазақстандағы негізгі табиғи ресурстарды сипаттау;
- Ресурстарды ұтымды пайдаланудың маңызын түсіндіру;
- Табиғи байлықты сақтауда азаматтық жауапкершілікті ұғыну.

Қызығушылықты ояту мақсатында оқушылар кең орны бар бірнеше суреттерді қарастыра отырып төмендегі сұрақтарға жауап іздейді.

Бағыттаушы сұрақтар:

- Суреттер нені бейнелейді?
- Бұл ресурстарды дұрыс пайдаланбасақ, қандай салдар болуы мүмкін?

Құндылықты қалыптастыру:

«Табиғи байлық – халықтың ортақ қазынасы. Оны қорғау – әр азаматтың жауапкершілігі»

Мағынаны ашу (жұптық жұмыс)

- Қазақстанның 3 негізгі табиғи ресурсын ата;
- Бір ресурстың экологиялық мәселесін және шешу жолын ұсын.

Топтық жұмыс

Тапсырма:

- «Қазақстан ресурстары – ұрпақ аманаты» тақырыбында постер дайындау.
- Постерде: мәселе – салдары – шешу жолы – құндылық.

Қорытынды

«Адал азамат табиғатты қорғау арқылы Отанға адал қызмет етеді.»

Бағалау

- Нақты мысал келтіреді
- Шешім ұсынады
- Құндылықты байланыстырады

Үй тапсырмасы

Эссе: «Табиғи ресурсты қорғау – менің азаматтық міндетім»

«Жаратылыстану» пәнінің мазмұнына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын кіріктіру

Қазіргі жаһандану үдерісі табиғи, әлеуметтік және технологиялық жүйелердің өзара байланысының күшеюімен сипатталады. Мұндай жағдайда мектептегі білім беру жүйесі тек пәндік білім берумен шектелмей, білім алушылардың құндылықтық бағдарын, экологиялық мәдениетін, ғылыми дүниетанымын және азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруды көздеуі тиіс

5–6 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» пәні осы міндеттерді жүзеге асыратын базалық кіріктірілген пән болып табылады. Пән мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, табиғат, адам және қоғам арасындағы өзара байланысты тұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы білім беру жүйесінде тұлғаның рухани-адамгершілік, азаматтық және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарламаның басты мақсаты – адал, жауапты, еңбекқор, елжанды және әділетті тұлға тәрбиелеу. Осы мақсаттар «Жаратылыстану» пәнінің мазмұндық және құндылықтық бағыттарымен толық үйлеседі.

Жаратылыстану пәні табиғатты, адамды және қоғамды біртұтас жүйе ретінде қарастыра отырып, оқушылардың адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, экологиялық сана және қоғамдық мүддені жеке мүддеден жоғары қоя білу сияқты қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» бастамасы аясында қоршаған ортаны қорғау, табиғатты таза ұстау, қалдықтарды азайту және экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған саналы әрекеттерді қалыптастырады.

Пән мазмұны еңбек адамының қоғамдағы рөлін де айқындайды. Оқушылар табиғи ресурстарды игеру, сақтау және қорғау ісінде еңбек ететін мамандардың (эколог, инженер, геолог, агроном және т.б.) еңбегін бағалап, олардың қоғам дамуына қосқан үлесін түсінеді. Бұл арқылы оқушыларда еңбекке құрмет, табандылық және өз ісіне жауапкершілікпен қарау сияқты қасиеттер қалыптасады.

Жаратылыстану пәні табиғатты, адамды және қоғамды біртұтас жүйе ретінде қарастыра отырып, оқушылардың адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік, экологиялық сана және қоғамдық мүддені жеке мүддеден жоғары қоя білу сияқты қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Адал азамат» құндылықтарының Жаратылыстану пәні арқылы жүзеге асуы

Тәуелсіздік пен отаншылдық;

Ғылым әлемімен танысу барысында оқушылар:

- дерекке сүйеніп ой қорыту;

- бақылау нәтижесін бұрмаламау;
- ғылыми адалдық қағидаларын сақтау сияқты ұстанымдарды меңгереді. Адалдықты тек моральдық ұғым жауапкершілік нормасы ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Ғылыми тәжірибелер, бақылаулар мен зерттеулер барысында адал болу – «Адал азамат» бағдарламасының негізгі идеяларының бірі болып табылады.

Жасампаздық пен жаңашылдық.

«Ғалам. Жер. Адам», «Экология және тұрақты даму» бөлімдері арқылы оқушылар:

- табиғатқа зиян келтірудің салдарын;
- адам әрекетінің экожүйеге әсерін;
- болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсінеді. Жеке әрекет пен қоғамдық салдар арасындағы байланысты ұғындырып, Әділдік пен жауапкершілікке тәрбиелейді.

Оқушы өзін табиғаттың жай ғана тұтынушысы емес, оны сақтауға міндетті азамат ретінде сезіне бастайды.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

«Заттар және материалдар», «Табиғат физикасы», «Әлемді өзгертетін жаңалықтар» бөлімдері еңбек пен ғылымның, ізденіс пен табандылықтың маңызын ашады. Оқушылар:

- ғылыми жетістіктердің еңбектің нәтижесі екенін;
- ресурстарды үнемдеудің еңбекке құрметпен қараудан басталатынын;
- кез келген жаңалықтың артында ұзақ зерттеу мен жауапкершілік жатқанын түсінеді.

Бұл еңбексүйгіштік, мақсатқа жету және жауапты әрекет ету сияқты «Адал азамат» құндылықтарын бекітеді.

Әділеттілік және жауапкершілік.

Экологиялық мәселелерді қарастыру барысында оқушылар табиғи ресурстарды әділетсіз пайдалану, экологиялық теңсіздік, әлеуметтік салдар туралы ой түйеді:

- әділеттілік ұғымын терең түсінуге;
- әлсіз топтар мен болашақ ұрпақ мүддесін ескеруге;
- ортақ игілік үшін әрекет етуге бағыттайды.

Осы арқылы оқушылар жеке пайдадан гөрі қоғамдық мүддені жоғары қою дағдысын меңгереді.

Отаншылдық және туған жерге құрмет «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының отаншылдық ұғымы табиғатты қорғау, туған жердің байлығына жауапкершілікпен қарау арқылы нақты мазмұнға ие болады. Жаратылыстану пәні:

- жергілікті табиғи нысандарды зерттеу;

- туған өлкенің экологиялық ерекшеліктерін тану;
- табиғатты қорғау іс-шараларына қатысу арқылы экологиялық отаншылдық сезімді қалыптастырады.

Отаншылдық ұран емес, нақты әрекет ретінде танылады.

Тәрбиелік нәтижелердің күшейтілуі. «Жаратылыстану» пәнін «Адал азамат» бағдарламасымен кіріктіру нәтижесінде оқушыларда:

- адал және жауапты мінез-құлық;
- табиғатқа, адамдарға және қоғамға құрмет;
- саналы таңдау жасай білу;
- ғылыми және азаматтық ойлау қалыптасады.

Нәтижесінде оқушы:

- табиғи ресурстарды ұқыпты пайдаланатын;
- экологиялық мәселелерге бейжай қарамайтын;
- өз әрекетінің салдарын түсінетін;
- қоғам игілігі үшін әрекет етуге дайын адал азамат ретінде қалыптасады.

Пән мазмұнын «Адал азамат» бағдарламасымен кіріктіру оның тәрбиелік әлеуетін күшейтіп, табиғатты құрметтейтін, саналы, адал әрі жауапты тұлға тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

6.5 Табиғатты қорғау

5.6.5.1 Қазақстан Республикасындағы экологиялық проблемаларды топтастыру және олардың туындау себептерін анықтау

6.6.5.1 Қазақстан Республикасындағы экологиялық проблемалардың себептерін талдау;

6.6.5.2 STEAM/STEAM жобаларының идеяларын ұсыну

Тақырыбы: Жер – біздің ортақ үйіміз (табиғат компоненттері және оларды қорғау)

Құндылықтармен байланыс: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы Құндылықтар: жауапкершілік, отаншылдық, әділдік

Сабақтың мақсаты

- Табиғат компоненттерін (ауа, су, топырақ, тірі ағзалар) ажырату;
- Табиғатты қорғаудың маңызын түсіндіру;
- Қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынас қалыптастыру.

Қызығушылықты ояту – «Суретке қарап болжа»





Бағыттаушы сұрақтар:

Суреттерден нені көріп тұрсыңдар?

- Қай суретте табиғатқа қамқорлық бар?
- Табиғатты қорғау неге әр адамға ортақ міндет?

Жауапкершілік құндылығын қалыптастыру:

«Табиғат – бәрімізге ортақ. Оны қорғау – адал азаматтың борышы.»

Мағынаны ашу (жұптық жұмыс)

- Табиғаттың 4 компонентін ата;
- Әр компонентті қорғаудың бір жолын ұсын.

Топтық жұмыс

Постер: «Табиғатты қорғау – менің ісім» (мәселе – салдары – шешім – құндылық)

Қорытынды

«Табиғатты аялау – Отанды аялау.»

Үй тапсырмасы

5 – 6 сөйлем: «Мен табиғатты қалай қорғай аламын?»

6-сынып

Тақырыбы:Су ресурстары және оларды үнемдеу

Құндылықтар: жауапкершілік, еңбекқорлық, әділдік

Сабақтың мақсаты

- Су ресурстарының маңызын түсіндіру;
- Суды үнемдеу жолдарын анықтау;
- Су – ортақ байлық екенін ұғындыру.

Қызығушылықты ояту – «Суретке қарап болжа» (5–6-сынып, кіріктірілген)

Пәні: Жаратылыстану. Сынып: 5 – 6

5.6 Экология және тұрақты даму

5.6.2.1 экожүйені сипаттау және оның құрамдастарын анықтау;

6.6.2.1 графикалық бейнелер негізінде экожүйенің құрамдас бөліктері арасындағы байланыстарды сипаттау;

Тақырыбы: Табиғи ресурстарды сақтау және экологиялық мәдениет Құндылықтармен байланыс: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы Құндылықтар: жауапкершілік, отансүйгіштік, еңбекқорлық

Сабақтың мақсаты

- Табиғи ресурстарды түрлеріне қарай жіктеу;
- Ресурстарды қорғау жолдарын ұсыну;
- Экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Қызығушылықты ояту – «Суретке қарап болжа»





Сұрақтар:

- Қай сурет табиғатқа пайдалы әрекетті көрсетеді?
- Қай әрекет зиян келтіруі мүмкін?

Әділдік және жауапкершілік құндылығын қалыптастыру:

«Табиғи ресурсты сақтау – адал азаматтың борышы»

Мағынаны ашу

- Табиғи ресурстарды қалпына келетін / қалпына келмейтін деп бөл.

Топтық жұмыс

Жоба: «Жасыл мектеп» идеясы (1 ұсыныс)

Қорытынды

«Экологиялық мәдениет – адал азаматтың белгісі»

Үй тапсырмасы

Сурет салу немесе 5 сөйлемдік ой-толғау:

«Мен – табиғат қорғаушысымын»

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі стратегиялық мақсаты – білім алушының академиялық білімін дамытуымен қатар, оның азаматтық жауапкершілігін, моральдық-этикалық ұстанымдарын және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Осы мақсатты іске асыруға бағытталған «Адал азамат» бағдарламасы тұлғаның адалдық, жауапкершілік, әділдік, заңға бағыну, отансүйгіштік секілді базалық құндылықтарын дамытуға арналған кешенді тәрбиелік бағдар болып табылады.

Оқу тапсырмаларын құндылықтық мазмұнмен толықтыру білім алушыларды фактілерді жаттаудан гөрі, тарихи ақпаратты мәндік тұрғыдан талдауға, заңдық тұрғыдан дәлелді пікір қалыптастыруға және жеке көзқарасын негіздеуге үйретеді.

Білім мен тәрбие бірлігін қамтамасыз ету – ұлттық білім беру саясатының басты принциптерінің бірі. Құндылыққа негізделген оқу тапсырмалары білім алушының құқықтық және азаматтық санасын дамытуға, әлеуметтік жауапкершілік механизмін қалыптастыруға, тұлғаның адамгершілік нормаларды түсінуіне және қоғамға бағдарланған мінез-құлық үлгілерін меңгеруіне ықпал етеді.

Тарих пәндері бойынша тапсырмалар білім алушыларды тарихи оқиғалар мен тұлғалардың әрекеттерін себеп–салдарлық байланыста талдауға, олардың қоғам дамуына ықпалын бағалауға және әділдік, жауапкершілік, отансүйгіштік тұрғысынан пайым жасауға бағыттауы тиіс. Мұндай тапсырмалар фактілерді жаттаудан гөрі тарихи деректердің мәнін түсінуге, түрлі көзқарастарды салыстыруға, өткен тәжірибеден тағылым алуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім алушылар тарихи сананы, азаматтық позицияны және ұлттық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастырады.

«Құқық негіздері» пәнінен құндылыққа бағдарланған тапсырмалар құқықтық нормалардың мәнін ұғындыруға, заң мен моральдың арақатынасын түсіндіруге, құқық пен міндеттің бірлігін пайымдауға және нақты өмірлік жағдаяттарда заң талаптарын қолдана білуге бағдарлануы қажет. Білім алушылар құқық бұзушылықтың себептері мен салдарын талдай отырып, әділетті шешім қабылдау, жауапкершілік жүктеу, азаматтық белсенділік таныту мәселелері бойынша өзіндік тұжырым жасайды. Бұл олардың құқықтық мәдениетін, заңға құрметін және әлеуметтік жауапкершілігін нығайтады.

Сонымен, пән мазмұнына құндылықтарды кіріктіру білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың құндылықтық ұстанымдарын қалыптастыруға, саналы әрі жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай жасайды.

Тапсырмаларды құрастыру принциптері

1) Тарихи деректің нақтылығы мен дәлдігі
2) Проблемалық жағдаятты қолдану
3) Құндылықтық мазмұнды айқындау
4) Білім алушының жеке шешімін талап ету
5) Дәлелге сүйенген қорытынды
6) Тұлғалық рефлексия элементтерін енгізу

Әдістемелік ұсынымдар «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында «Адал азамат» құндылықтарын кіріктірудің жалпы бағытын айқындайды. Ұсынылған құндылықтық мазмұнға негізделген сабақ үлгілері білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, құқықтық мәдениетін, әділдікке негізделген ойлауын және қоғам алдындағы міндетін түсінуін дамытуға мүмкіндік береді.

2.13. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі - білім алушыларды тек пәндік біліммен қаруландыру емес, сонымен қатар олардың бойында жауапты азаматтық ұстаным, әділдікке ұмтылыс, қоғам алдындағы жауапкершілік және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру. Осыған байланысты «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы тұлғаны жан-жақты дамытудың құндылықтық негізі ретінде қарастырылады және білім беру мазмұнымен тығыз байланыста іске асырылуы тиіс.

Бағдарлама құндылықтары оқу процесімен жүйелі түрде кіріктірілген жағдайда ғана білім алушының санасында тұрақты мінез-құлықтық бағдар мен азаматтық сана қалыптасады. «Қазақстан тарихы» пәні мазмұны жағынан азаматтық жауапкершілік, әділдік, заңға құрмет, заң мен тәртіп, тәуелсіздік пен отансүйгіштік құндылықтарын қалыптастыруда маңызды. Тарихи оқиғалар мен құбылыстарды зерделеу барысында білім алушылар өткен мен бүгінді байланыстырып, өз елінің тағдырына жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Оқу процесінде құндылықтарды кіріктіру білім алушылардың тарихи оқиғаларға баға беруіне, дереккөздермен жұмыс жасауына, әртүрлі көзқарастарды салыстыруына, қоғамдық құбылыстарға сыни көзқарас танытуына және өз азаматтық позициясын айқындауына мүмкіндік береді. Бұл құндылықтарды оқу тапсырмалары, тарихи деректер, дәйексөздер, зерттеу және жобалау жұмыстарына жүйелі түрде кіріктіруді қажет етеді.

Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнында ұлттық мемлекеттілік, тәуелсіздік жолындағы күрес, тарихи әділдік пен азаматтық жауапкершілік мәселелерінің қамтылуы оқу процесінде пән мазмұны арқылы адалдық, әділдік, заңға құрмет және азаматтық парыз құндылықтарын табиғи түрде ашуға мүмкіндік береді. Тарихи оқиғалар мен тұлғалардың қызметін зерделеу барысында білім алушылар нақты тарихи жағдайларда қабылданған шешімдердің салдарын талдай отырып, азаматтық жауапкершіліктің маңызын түсінеді.

Құндылықтарды кіріктірудің маңызды ерекшелігі – тарихи мазмұнды бағалаумен байланыстыру. «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу процесінде білім алушыларға әртүрлі тарихи дереккөздермен жұмыс жасау, ресми құжаттар мен жеке естеліктерді салыстыру, оқиғаларға әділ баға беру ұсынылады. Сонымен қатар «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» және «Еңбек адамы» қағидаттарын жүзеге асыру негізінде ұсынымдар беріледі.

Бұл әдістер білім алушылардың әділдік пен шындыққа ұмтылу құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Абай облысы, Бесқарағай ауданы, Беген ауылы, Беген орта мектебі КММ, тарих және география пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Жапарова Айжан Сағынаевнаның іс-тәжірибесінен

Оқу пәні: Қазақстан тарихы

Сабақ тақырыбы: Сақтар туралы мәліметтер.

Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?

Оқу мақсаты: 5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;

Құндылықтар: Тәуелсіздік және отаншылдық, Әділдік және жауапкершілік, Заң және тәртіп, Азаматтық парыз

Тапсырма «Тарихи дерек арқылы әділ бағалау» әдісі

*1-дереккөз***.** Геродоттың «Тарих» еңбегінен үзінді

«Олар жаяу және ат үстінде де соғыса алады. Найза, қылышпен қаруланады, садақты жақсы атады. Жауынгерлерінің бәрі мерген. Найзаның ұшын, жебе, қылышты және аттың сауытын мыстан жасайды. Баскиімдерін, белдіктерін, аттың ер-тұрмандарын алтынмен әшекейлейді. Алтын мен мыс өте көп. Олар егін екпейді. Үй малдарын өсіріп, балық аулайды. Сүт ішеді. Күнге табынып, оған жылқыны құрбандыққа шалады.»

2-дереккөз. Страбонның «География» еңбегінен үзінді

«Каспий теңізінен бастап сақтардың басым бөлігін дайлар деп атайды. Ал олардан шығыс жақта массагеттер тайпалары қоныстанған. Олардың ортақ аты – сақтар, бірақ әр тайпаның өз атауы бар. Олар көшпелі халық. Массагеттер Кирге қарсы соғыста ержүректілігін көрсетті. Күнге құдай ретінде сеніп, оған жылқыны құрбандыққа шалады. Олар атқа мінудің шебері. Жауынгерлері садақ, қылыш және балтамен қаруланып, сауыт киеді. Елдерінде алтын, мыс көп. Егіншілікпен айналыспайды, мал өсіріп, балық аулайды.»

Тапсырма:

1. Екі деректегі сақтар туралы ортақ мәліметтерді анықта (кемінде 3).

2. Екі деректің айырмашылықтарын көрсет (кемінде 2).

3. Геродот пен Страбон сақтардың қандай қасиеттерін ерекше атап өткенін жаз.

4. Сақтардың өмірінен «Адал азамат» құндылықтары қалай көрінеді?

Бұл тапсырма ежелгі авторлар Геродот пен Страбон еңбектерін салыстыру арқылы білім алушылардың дерекпен жұмыс жасау, талдау, дәлелдеу және тарихи білімді құндылықтармен байланыстыру дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

Сабақта мұғалім:

– екі дерек мәтінін таратады;

– ұқсастық–айырмашылық кестесін ұсынады;

– әр тұжырымды мәтіннен дәлелмен жазуды ұсынады;

– бағыттаушы сұрақтар арқылы (география, әскери сипаттама, тұрмыс ерекшелігі) салыстырмалы ойлауды дамытады.

Білім алушы:

– кемінде 3 ұқсастық пен 2 айырмашылықты анықтайды;

– сақтардың батырлық, жауынгерлік, көшпелі өмір салтын дерекке сүйеніп сипаттайды;

– тарихи мысалдарды «Адал азамат» құндылықтарымен (адалдық, батырлық, жауапкершілік, елге қызмет) байланыстырып қорытынды жасайды.

Бағалауда тек факті емес, дәлелді талдау мен құндылықтық тұжырым ескерілуі қажет. Бұл тапсырма білім алушыны:

- дерекпен жұмыс жасауға,
- салыстыруға,
- әділ қорытынды жасауға,
- тарихи әрекетті құндылықпен байланыстыруға,
- «Адал азамат» болудың тарихи негізін түсінуге үйретеді.

Сабақ тақырыбы: Қазақ хандығының құрылуы.

Зерттеу сұрағы: Неліктен Қазақ хандығы Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет деп саналады?

Оқу мақсаты: 6.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтау; 6.2.1.3 тарихи оқиғалар мен процестердің сабақтастығын сипаттауда «Ұлы Дала» ұғымын қолдану

Құндылықтар: Тәуелсіздік және отаншылдық, Әділдік және жауапкершілік, Заң және тәртіп, Азаматтық парыз

«Тәуелсіздік – ұлтқа артылған аманат пен жауапкершілік» дәйексөздегі ойды іс-әрекетке айналдыру ұсынылады.

1-тапсырма. Топтық жұмыс «Кроссенс картасы» әдісі

Кроссенс үшін 9 суреттен тұратын кроссенс құрылады. Төмендегі 9 ұғымды пайдаланып, Қазақ хандығының құрылу тарихын және дәйексөздің мәнін байланыстыра отырып логикалық тізбек құрайды:

1. Қазақ рулары (бірлік)
2. Керей хан
3. Жәнібек хан
4. Моғолстан аумағы
5. Тәуелсіздік туы
6. Аманат (домбыра/бесік символы)
7. Үш жүз таңбалары
8. Сыртқы қауіп(шайқас көрінісі)
9. Қазақ хандығының картасы «Ұлы Дала»

Білім алушыларға суреттен тұратын кроссенс картасы таратылады. Әр сурет тәуелсіздік- аманат- жауапкершілік идеясы мен Қазақ хандығының құрылуымен байланыстырады.

Кроссенс әдісі арқылы білім алушыларға Қазақ хандығы тарихын суреттер арқылы логикалық түрде байланыстыру ұсынылады. Суреттерді хронологиялық ретпен бермей, білім алушыларды логиканы өздері құруға бағыттау керек. Топ ішінде *талқылау → дәлелдеу → қорытынды шығару* кезеңдерін ұйымдастыру маңызды. Әр топқа жетекші сұрақ: «Сендердің тізбектерің тәуелсіздік–аманат–жауапкершілік идеясын қалай ашады?»

Білім алушылар әр суретті тарихи оқиғамен байланыстырып, құндылықтық тұжырым жасайды:

- қазақ руларының бірігуі – бірлік аманаты;
- Керей мен Жәнібек – елді әділ басқару жауапкершілігі;
- Моғолстанға көшу – тарихи таңдау аманаты;
- Үш жүз – ұлттық бірлік тұтастығы;
- Сыртқы қауіп – ел қорғау міндеті;
- Қазақ хандығының картасы – тәуелсіз мемлекеттің негізі.

Бағалау критерийі: логикалық байланыс жасау, тарихи дәлел келтіру, құндылықтарды көрсету және «Тәуелсіздік – аманат және жауапкершілік» идеясын түсіндіру 2.13.1-кестеде берілген.

2.13.1-кесте. Жеке жұмыс – кестесін толтыру

Элемент	Қазақ хандығымен байланысы	Дәйексөзбен байланысы
Қазақ рулары		
Керей хан		
Жәнібек хан		
Моғолстан аумағы		
Тәуелсіздік туы		
Аманат символы		
Үш жүз таңбалары		
Сыртқы қауіп		
Қазақ хандығы картасы		

Білім алушы: Әр элементтің (Керей, Жәнібек, рулық бірлік, Моғолстан, үш жүз т.б.)тарихи байланысын және дәйексөзбен байланысын жазады.

«Қандай тарихи факті сенің ойыңды дәлелдейді?» ,«Дәйексөзді осы элементпен қалай байланыстырасың?» сұрақтары арқылы ойталқы ұйымдастыру ұсынылады.

Мысалы:

– Керей хан – ел басқаруда әділдік көрсеткен → аманатты мойнына алған тұлға

– Жәнібек хан – халықтың тәуелсіз болашағын ойлаған → жауапкершілік символы

– Қазақ рулары – бірлік арқылы мемлекеттің негізін қалады

– Сыртқы қауіп – елін қорғау ердің борышы

– Аманат символы (домбыра, бесік) – ұлттың рухани мұрасы, оны сақтау әр буынның міндеті

Осы тапсырмалар арқылы қазақ хандығының құрылу кезеңдерін жүйелеу арқылы тарихи сабақтастықты түсіндіру жүзеге асады, шығармашылық, зерттеушілік және интерпретациялық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, дәйексөздің мәнін қазіргі замандағы жетекшілер мен қоғам өмірімен байланыстыра отырып талдау білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді.

«Заң мен тәртіп» бойынша қазақ хандығы кезеңі аясында мынадай тапсырмалар беру ұсынылады. Тапсырма. Тарихи жағдайды талдау

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Қазақ хандығында «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Жеті жарғының» негізгі мақсаты қандай болды?

2. Неліктен заң мен тәртіп мемлекеттің тұрақтылығына әсер етеді?

3. Қазіргі Қазақстандағы заң үстемдігімен қандай ұқсастықтарды байқайсыз?

Дескриптор:

- тарихи заңдарды сипаттайды;
- заңның қоғамдағы рөлін түсіндіреді;
- қазіргі кезеңмен байланыстырады.

Осы тапсырмалар арқылы білім алушылар қазақ қоғамындағы тарихи заңдардың маңызын түсінеді, *заң мен тәртіптің* мемлекетті нығайтудағы рөлін талдайды және оны қазіргі Қазақстандағы құқықтық мемлекет қағидаларымен байланыстырады. «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Жеті жарғы» қазақ қоғамында әділдік пен бірлікті сақтауға бағытталған маңызды заңдар болды. Бұл заңдар ел ішінде тәртіп орнатып, дауларды шешуге, халықтың құқықтары мен міндеттерін айқындауға қызмет етті. Заң мен тәртіп сақталған мемлекетте тұрақтылық, қауіпсіздік және қоғамдық келісім нығаяды.

Қазіргі Қазақстанда да заң үстемдігі Конституцияға негізделіп, азаматтардың құқықтарын қорғауға, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған. Сондықтан тарихи заңдар мен бүгінгі құқықтық жүйе арасында сабақтастық бар деп қорытынды жасауға болады.

Осы әдістемелік тәсілдің нәтижесінде тарихи мазмұн мен құндылық біртұтас сабақта біріктіріліп, білім алушының өзіндік пікірін қалыптастыруға жағдай жасалады. Қазақ хандығының құрылуы мысалында «адал азамат» болу идеясын терең түсіну мүмкіндігі беріледі. Бұл оқыту тәсілі тек ақпаратты

берумен шектелмей, азаматтық және адамгершілік құндылықтарды саналы түрде меңгеруге ықпал етеді.

Тақырып: 1836–1838 жж. Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі

Зерттеу сұрағы: Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын қандай ортақ идея біріктірді?

Оқу мақсаты:

7.3.1.5 қазақ халқының отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдарын анықтау

7.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының рөліне баға беру

Айтулы дата: Исатай–Махамбет көтерілісіне 190 жыл

Құндылықтар: еңбекқорлық, жауапкершілік, әділдік, адалдық, азаматтық парыз

Тапсырма 1 Жеке жұмыс – «Адалдық сарайы» (Цицерон әдісі)

Білім алушы 4 бөлмені толтырады: әділдік, жауапкершілік, адалдық, ерлік.

Сарай сызбасы (білім алушы дәптеріне толтырады)

1-бөлме: Жер мәселесі, әділетсіздік

Бұл бөлме неге «Әділдік» құндылығымен байланысты?

Жауап: _____

Исатай мен Махамбетті әділдікке жетелеген себептер қандай?

Жауап: _____

2-бөлме: Көтеріліс басталуы

Оларды біріктірген азаматтық жауапкершілік неде?

Жауап: _____

Егер сен сол дәуірде өмір сүрсең, қандай шешімді қолдар едің?

Жауап: _____

3-бөлме: Хан ордасын қоршау

Бұл әрекеттен адал азаматтың қандай қасиеті көрінеді?

Жауап: _____

Махамбет поэзиясындағы еркіндік нені дәлелдейді?

Жауап: _____

4-топ: Тастөбе шайқасы

Неліктен батырлық – адалдықтың көрінісі?

Жауап: _____

Исатайдың ерлігін қазіргі қоғаммен байланыстырып жаз.

Жауап: _____

Бұл тапсырма білім алушының тарихи оқиғаны құндылықтық тұрғыдан ұғынуына бағытталған. Мұнда әр бөлме – белгілі бір ізгі қасиетті меңгеру құралы.

Тапсырма 2 Топтық жұмыс – «Құндылық ізі»

Білім алушылар эпизодтарды құндылықпен сәйкестендіреді (әділдік, бірлік, адалдық, ерлік).

Бұл білім алушыларды тарихи оқиғаның адамгершілік мазмұнын түсінуге мүмкіндік береді. «Құндылық ізі» топтық жұмысына сәйкес әр топтың білім алушылары әр эпизодқа сай құндылықтарды сәйкестендіріп жазады (2.13.3-кесте).

2.13.3-кесте. «Құндылық ізі» топтық жұмысына сәйкес әр эпизодқа сай құндылықтарды сәйкестендіру

Бөлме	Тарихи эпизод	Қысқаша факт	Құндылық
1	Жер тапшылығы, әділетсіздік		Әділдікке ұмтылу
2	Көтерілістің басталуы		Жауапкершілік, бірлік
3	Хан ордасын қоршау		Халыққа адалдық
4	Тастөбе шайқасы		Ерлік, батылдық

Тапсырманың мақсаты білім алушыларға:

– тарихи оқиғаның адамгершілік астарын түсіндіру,

– Исатай мен Махамбеттің мінезін құндылық арқылы тану,

– пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру.

Екі тәсіл қолдануға болады:

1. Топтар эпизодтарды құндылықтарға өзара дәлел келтіріп бөледі.

2. Әр топ бір эпизодты қорғап, «Неге бұл – ерлік?», «Неге бұл – әділдік?» деген сұрақтарға нақты дәлелдер келтіреді.

Бағалау критерийі

– Қазақ хандығының құрылуына қатысты негізгі тарихи оқиғаларды дұрыс түсіндіреді;

– аманат, жауапкершілік ұғымдарын Исатай–Махамбет көтерілісімен байланыстырады;

– дәйексөздің мағынасын ашады;

– тарихи фактілерге сүйеніп әділ пікір айтады;

– өз ойы нақты, қысқа және мәнді беріледі.

Дескриптор

– тарихи фактілерді дұрыс анықтайды;

– оқиғаларды құндылықтармен байланыстырады;

– кейіпкерлердің әрекетін дұрыс талдайды;

– дәлелді ой айтады;

– құндылықтық шешім ұсынады, қазіргі қоғаммен байланыстыра отырып жеке азаматтық пікір білдіреді.

Әдістемелік ұсынымдар: Сабақты айтулы күнмен кіріктіру әдісі. Сабақ басында «Биыл Исатай–Махамбет бастаған көтеріліске 190 жыл. Бұл датаны атап өту бізді неге міндеттейді?» деген сұрақ арқылы білім алушыларды азаматтық

ойға жетелеу. Көтеріліс эпизодтарын талқылауда әр әрекетті қазіргі қоғамдағы адал азамат бейнесімен салыстырып отыру. Сабақ соңында білім алушылардың өзіндік рефлексиясы: «190 жыл бұрынғы ерлік бүгін маған қандай жауапкершілік жүктейді?».

Исатай Таймануұлы мен Махамбет Өтемісұлын біріктірген ортақ идея – халықтың жері мен құқығын қорғау, әділдік пен еркіндік үшін күрес, отаршылдыққа қарсы азаматтық жауапкершілік. Бұл идеяны сабақ бойы «адал азамат» құндылығымен байланыстыру тиімді.

Бұл әдістемелік жоспар білім алушылардың тарихи білімін тереңдетеді, «Адал азамат» құндылығын қалыптастыруға, 190 жылдық тарихи датаны саналы түсінуге мүмкіндік береді, Исатай мен Махамбет көтерілісінің мәнін жеке азаматтық позициямен байланыстыра талдауға бағыттайды.

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия» ШЖҚ МКК, педагог-шебер Байкушикова Лаура Урустемовнаның іс-тәжірибесінен

Қазақстан тарихы пәнін оқытуда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын кіріктіру білім алушылардың жас ерекшеліктері мен оқу бағдарламасының «қарапайымнан күрделіге» принципіне сәйкес жүзеге асырылады. 9 сыныпта тарихи мазмұнның тереңдеуі білім алушылардың азаматтық санасын қалыптастыруға және құндылықтарды саналы түрде түсінуіне мүмкіндік береді.

9-сыныптағы ерекшеліктері, пәнді оқыту XX ғасырдағы күрделі тарихи үдерістерді, қоғамдық өзгерістер мен саяси оқиғаларды зерделеуге бағытталған. Осы сыныпта құндылықтарды кіріктірудің негізгі басымдығы **-** *әділдік, азаматтық жауапкершілік, заңға құрмет және азаматтық парыз* құндылықтарын қалыптастыру. Оқу мақсаттары тарихи оқиғалардың маңыздылығын бағалау, әртүрлі дереккөздерді салыстыру және тарихи шындықты түсіндіру дағдыларын дамытуға негізделген. Мысалы, саяси қуғын-сүргін, халық наразылықтары, тәуелсіздікке дейінгі қоғамдық қозғалыстарды зерделеу барысында білім алушылар тарихи әділетсіздіктің салдарын талдайды және азаматтық жауапкершіліктің мәнін ұғынады. Бұл кезеңде құндылықтарды кіріктіру салыстыру, дәлелдеу, пікір айтуға негізделген тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар тарихи оқиғаларға жеке көзқарасын білдіре отырып, өз азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

Сонымен «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын «Қазақстан тарихы» пәнін оқытуда кіріктіру пәннің мазмұндық ерекшеліктеріне негізделген, мұғалімнің кәсіби жетекшілігімен жүзеге асатын және білім алушылардың азаматтық санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру - оқу мазмұны мен оқыту үдерісінің барлық құрамдас

бөліктері арқылы жүйелі ұйымдастыруды қажет етеді. Құндылықтар сабақтың мақсаты, мазмұны, әдісі, тапсырмасы, бағалауы және рефлексиясы арқылы табиғи түрде берілгенде ғана білім алушының тұлғалық сапасына айналады.

Құндылықтарды оқу процесіне тиімді кіріктіру үшін сабақ мазмұнын пәндік біліммен қатар нақты құндылықтық нәтижелерге бағыттау ұсынылады. Осыған сәйкес, сабақ жоспарлау барысында тарихи білімді меңгертуге арналған пәндік мақсаттар мінез-құлықтық және азаматтық сапаларды қалыптастыруға бағытталған құндылықтық мақсаттармен өзара байланыста айқындалады. Мысалы, тарихи оқиғаларды талдау - әділдік тұрғысынан бағалауға, тарихи тұлғалардың қызметін сипаттау - адалдық пен жауапкершілік үлгісін анықтауға, ал дереккөздерді салыстыру - шындыққа адал болуға тәрбиелейді. Мұндай кешенді тәсіл сабақтың тәрбиелік бағытын күшейтіп, оқу нәтижелерін нақты бақылауға және бағалауға мүмкіндік береді.

Құндылыққа бағытталған сұрақтар жүйесін қолдану: Сабақ барысында білім алушылардың моральдық және азаматтық ойлауын дамытуға бағытталған сұрақтарды жүйелі қолдану ұсынылады.

Ұсынылатын сұрақтар:

- Бұл тарихи шешім әділ болды ма? Неліктен?
- Қандай құндылықтар көрініс тапты?
- Тұлғаның әрекеті адал азаматқа тән бе?
- Бұл жағдай қазіргі қоғамда қалай бағаланар еді?
- Сен қандай шешім қабылдар едің?

Осындай сұрақтар білім алушының жеке позициясын қалыптастырады.

Тарихи мазмұнды құндылықтық талдау арқылы оқыту: құндылықтарды кіріктіру тарихи материалды моральдық бағалау әрекетімен байланыстыру ұсынылады.

Тиімді тәсілдер:

- «Тұлға – әрекет - құндылық» талдау моделі;
- тарихи жағдайды бағалау тапсырмалары;
- «әділ шешім» сценарийлері;
- тарихи оқиғаға көпқырлы көзқарас қалыптастыру. Бұл тәсілдер білім алушының әділдік, жауапкершілік және азаматтық сана ұғымдарын терең түсінуіне ықпал етеді.

Белсенді оқыту әдістерін қолдану: құндылықтарды меңгертуде білім алушының белсенді әрекеті шешуші рөл атқарады. Оқытудың белсенді әдістері 2.13.6-кестеде көрсетілген.

2.13.6-кесте «Қазақстан тарихы» пәнін құндылықтық негізде оқытуға арналған әдістер

Әдіс	Қалыптастыратын құндылық
Пікірталас, дебат	Әділдік, құрмет, ашықтық

Рөлдік ойын	Азаматтық жауапкершілік
Case-study	Адал шешім қабылдау
Жобалау жұмысы	Еңбекқорлық, қоғамға қызмет
Зерттеу жұмысы	Шындыққа адалдық
Рефлексия	Өзін-өзі тану, ішкі жауапкершілік

Оқу тапсырмаларын өмірлік тәжірибемен байланыстыру: құндылықтар тәжірибемен ұштасқанда ғана тұлғалық қасиетке айналады. Сондықтан тапсырма әзірлеуде мыналарды басшылыққа алу ұсынылады:

– тарихи жағдайды қазіргі өмірмен байланыстыру;

– моральдық таңдау тапсырмалары;

– «егер сен сол кезеңде өмір сүрсең…» түріндегі тапсырмалар;

– құқықтық және азаматтық ситуацияларды талдау. Осындай тапсырмалар білім алушының әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын «Қазақстан тарихы» пәнінен оқу процесіне жүйелі әрі тиімді кіріктіру мақсатында қолданбалы сипаттағы әдістемелік материалдарды кешенді пайдалану ұсынылады. Мысалы, сабақ мазмұнын құндылықтық тұрғыдан толықтыру, тәрбиелік мақсаттарды нақты айқындау және білім алушылардың азаматтық ұстанымдарын мақсатты түрде қалыптастыру үшін оқу тапсырмалары, сабақ үлгілері, бағалау критерийлері, мониторинг құралдары мен тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде жүйелі қолдану ұсынылады. Ұсынылған матрица, сабақ жоспарлары, құндылыққа бағытталған тапсырмалар мен бағалау құралдарын күнделікті сабаққа бейімдеу мұғалімнің жұмысын нақтылап, тәрбиелік нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл материалдарды пайдалану білім алушылардың тарихи ойлауын дамытумен қатар, әділдік, адалдық, азаматтық жауапкершілік, отансүйгіштік және құқықтық сана сияқты негізгі құндылықтарды саналы түрде қабылдап, өмірлік ұстаным ретінде қалыптастыруына жағдай жасайды. Осылайша, пәндік білім мен құндылықтық тәрбиені кіріктіре жүзеге асыру оқу процесінің тәрбиелік әлеуетін арттырудың тиімді тетігі ретінде қарастырылуы қажет. 9-сыныпта пән мазмұнына құндылықтарды кіріктіру матрицасы 2.13.7-кестеде берілген.

2.13.7-кесте.

Сынып	Тақырып бағыты	Негізгі құндылықтар	Кіріктіру тәсілі
9	XX ғ. саяси үдерістер, қуғын-сүргін	Әділдік, азаматтық жауапкершілік, заңға құрмет	Тарихи әділетсіздікті талдау, дерек салыстыру, пікір айту
9	Қоғамдық қозғалыстар	Азаматтық парыз, белсенділік	Рөлдік талдау, «азаматтық таңдау» тапсырмасы

Құндылықтарды кіріктіру матрицасы *Сабақ үлгілері:* Құндылықтарды оқу процесіне кіріктіруге бағытталған қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері

беріледі. Үлгілерде сабақ мақсаты, құндылықтық нәтиже, тапсырмалар, белсенді әдістер, дескриптор және бағалау критерийлері көрсетілген. Материалдар мұғалімге сабақтың тәрбиелік әлеуетін арттырып, білім мен құндылықты біріктіре ұйымдастыруға, білім алушының азаматтық көзқарасын қалыптастыруға практикалық көмек береді.

9-сынып бойынша «Қазақстан тарихы» пәнінен құндылықтарды оқу процесіне кіріктірудің үлгілері білім алушылардың тарихи ойлауын, азаматтық позициясын және моральдық-этикалық пайымын дамыту арқылы «Адал азамат» құндылықтарын (әділдік, жауапкершілік, заңға құрмет, ар-ождан) оқу процесіне жүйелі және тиімді кіріктіруді қамтамасыз етуге бағытталған.Пән бойынша құндылықтарды оқу процесіне кіріктірудің тиімді әдістері ретінде екі педагогикалық тәсіл ұсынылады:

*Тарихи дерек арқылы әділ бағалау б*ұл тәсіл тарихи фактілер мен құжаттық материалдарды талдау арқылы білім алушының сыни ойлауын және құндылықтық бағдарын қалыптастырады. Білім алушылар тарихи оқиғаны талдап, әрбір тараптың әрекетін әділ немесе әділетсіз деп бағалайды, содан кейін өз азаматтық ұстанымын қалыптастырады.

*Дәйексөз арқылы тұлғалық бағдар қалыптастыру б*ұл тәсіл тұлғалық рефлексияны дамытуға бағытталған. Білім алушыларға тақырыпқа сай дәйексөз ұсынылады, оның мәнін ашу және қазіргі өмірмен байланыстырған талқылау жүргізіледі. Бұл әдіс білім алушылардың өз жеке ұстанымын анықтауға, моральдық-этикалық бағасын қалыптастыруға және әрекет жоспарын жасауға мүмкіндік береді.

Оқу пәні: «Қазақстан тарихы»

Сабақ тақырыбы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары.

Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының сипаты қандай болды?

Оқу мақсаты:

9.3.1.5 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығына баға беру;

9.3.1.4**.** әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылықтарын салыстырып, талдау

Құндылықтар:

– Тәуелсіздік және отаншылдық
– Әділдік және жауапкершілік
– Заң және тәртіп
– Азаматтық парыз

Тапсырма: «Тарихи дерек арқылы әділ бағалау» әдісі

а) КСРО Мемлекеттік ақпарат агенттігінің 1986 жылғы 18 желтоқсандағы ресми хабарламасынан үзінді.

«Алматы қаласында бір топ жастар қоғамдық тәртіпті бұзып, көшелер мен алаңдарға заңсыз жиналды. Олар милиция қызметкерлерінің заңды талаптарына бағынбай, тәртіпсіздік әрекеттеріне жол берді. Қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында құқық қорғау органдары тиісті шаралар қолданды. Қаланың тыныштығы қалпына келтірілді.»

Дереккөзге сілтеме: Алматы қаласындағы оқиғалар туралы ресми хабарлама, ТАСС 18.12.1986 ж.

ә) Желтоқсан оқиғасына қатысушының естелігі

«Біз алаңға ешқандай қару ұстап барған жоқпыз. Тек өз пікірімізді білдіргіміз келді. "Әр халыққа – өз басшысы!" деген талап қойдық. Бірақ бізді тыңдаудың орнына, күш қолданды. Су шашты, таяқ қолданды, ұстап әкетті. Сол сәтте мен халқымның намысын қорғау - әр жастың азаматтық парызы екенін түсіндім.»

Дереккөзге сілтеме**:** Қойгелдиев, М. *Желтоқсан 1986: Тарих және тағылым*. - Алматы: Атамұра, 2011.

Тапсырма сұрақтары:

– Екі деректегі Желтоқсан оқиғасының сипатын салыстыр?

– Қай дерек оқиғаны әділ әрі шынайы сипаттайды деп ойлайсың? Неліктен?

– Желтоқсан оқиғасы барысында «әділдік және жауапкершілік» құндылықтары қандай әрекеттер арқылы көрініс тапты?

Бағалау критерий:

– әртүрлі тарихи дереккөздердегі Желтоқсан оқиғасының сипатын салыстырады;

– тарихи деректерге сүйене отырып, оқиғаны әділ әрі шынайы сипаттайтын деректі анықтап, өз пікірін дәлелдейді;

– желтоқсан оқиғасы барысында «әділдік және жауапкершілік» құндылықтарының көрініс табуын нақты әрекеттер арқылы түсіндіреді.

Дескриптор:

– екі деректегі көзқарастарды салыстырып, кемінде бір ұқсастық пен бір айырмашылықты көрсетеді;

– оқиғаны әділ әрі шынайы сипаттайтын деректі таңдайды;

– желтоқсан оқиғасы барысында көрініс тапқан «әділдік» құндылығын нақты әрекеттермен байланыстырады;

– қатысушылардың азаматтық ұстанымы арқылы «жауапкершілік» құндылығын түсіндіреді.

Мұғалімнің әрекеті

- Екі түрлі дереккөзді (ресми және қатысушы естелігі) ұсынады
- Оқушыларды салыстыру, дәлелдеу, әділ бағалау әрекетіне бағыттайды

– Құндылықты сұрақ арқылы ашады (тікелей түсіндірмейді)

Негізгі педагогикалық мақсат: Оқушыны объективтілікке, әділ бағалауға, азаматтық жауапкершілікке үйрету.

Сабақта назар аудару керек:

– дереккөз айырмашылығы → тарихи шындық ұғымы
– азаматтық ұстаным → жастар әрекеті
– әділдік → оқиғаға баға беру

Мұғалімге ұсыныс: Дескриптор тек фактіні емес, *құндылыққа көзқарасты да* бағалауы тиіс:

– тек «біледі» емес → «бағалайды, дәлелдейді, ұстаным білдіреді».

Адал азамат құндылықтарын «Апта дәйексөздері» арқылы жүзеге асыру

Апта дәйексөзі: «Білікті білім жинап кәсіп етер, білімнің дәмін татып өсіп өнер» (Абай Құнанбайұлы)

Оқу пәні: Қазақстан тарихы

Сабақ тақырыбы: Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы

Зерттеу сұрағы: Жаһандану жағдайындағы қазақстандық білім мен ғылымның даму тенденциялары қандай?

Оқу мақсаты: 9.2.3.2 білім мен ғылым саласындағы мемлекеттік саясатқа баға беру

Жұмыс әдістемесі (Дәйексөзді сабақтың басында (қызығушылықты ояту кезеңі) немесе бекіту кезеңінде қолдану алгоритмі)

1- нұсқа

Әдіс: Кәсіби болашақты модельдеу

Тапсырма: Қазақстанның болашағы білімді, білікті азаматтарға байланысты. Сен - сол болашақты қалыптастыратын жас буынның бірісің.

Нұсқау: Өзің таңдаған бір мамандықты жазып, сол мамандыққа қажет білім, ғылым және дағдыларды көрсет.

Таңдаған мамандығым: _____

Қандай білім керек?	Қандай ғылым / технология қажет?	Қандай дағды маңызды?
Бұл мамандықтың Қазақстан дамуына қосатын үлесі:		

2 нұсқа

Әдіс: «Дәйексөз,Әрекет»

Тапсырма: Дәйексөздегі ойды іс-әрекетке айналдыр.

1. *Негізгі идея (бір тіркес):*

Абай білімді _____ деп түсіндіреді.

2. Қазіргі Қазақстанмен байланыс (бір нақты мысал):

Қазақстанда білім мен ғылымды дамытуға бағытталған бір өзгеріс /

бастама:

_____

3. Менің қадамым (нақты әрекет): Мен білім мен ғылымға үлес қосу үшін:

– терең білім аламын

– зерттеуге қызығамын

– жаңа технология үйренемін

– дағдыларымды дамытамын (біреуін таңдап, 1 сөйлеммен ауызша негіздейді)

Бағалау критерий:

– мамандыққа қажетті білім, ғылым, технология және дағдыларды анықтайды, оның ел дамуына қосатын үлесін түсіндіреді;

– дәйексөздің негізгі идеясын түсініп, оны Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуымен байланыстырады;

– Ойды нақты жеткізіп, жеке ұстанымын және әрекетін көрсетеді.

Дескриптор:

– таңдаған мамандыққа сәйкес қажетті білім, ғылым/технология және дағдыларды дұрыс көрсетіп, оның Қазақстан дамуына қосатын үлесін түсіндіреді;

– дәйексөздің мағынасын дұрыс ашып, білім мен ғылымның дамуына қатысты нақты байланыс жасайды;

– өз ойын қысқа, нақты жеткізіп, жеке ұстанымы мен болашақ әрекетін айқындайды.

Әдістемелік ұсыныстар: *дәйексөз арқылы тұлғалық және азаматтық бағдар қалыптастыру*

Апталық дәйексөз: Абай Құнанбайұлы

Мұғалімнің әрекеті:

- Дәйексөзді мотивация немесе бекіту кезеңінде қолданады;
- Оқушыны болашақпен, өмірмен, ел дамуы ұғымымен байланыстырады;
- Жеке мақсат пен әрекетке бағыттайды

Негізгі педагогикалық мақсат: оқушыда *білімге ұмтылыс, жауапкершілік, елге қызмет ету* құндылықтарын қалыптастыру.

Әдістемелік ерекшелік:

1-нұсқа → кәсіби бағдар + ел дамуы

2-нұсқа → ой → әрекет → жеке ұстаным

Мұғалімге ұсыныс: Бағалау тек жауапты емес, ойлау тереңдігін және жеке позицияны қамтуы тиіс. Екі кейсті байланыстырудың педагогикалық мәні 2.13.8-кестеде берілген.

2.13.8-кесте. Екі кейсті байланыстырудың педагогикалық мәні

1-Кейс	2-Кейс
Тарихи сана қалыптастырады	Болашақ бағдар қалыптастырады
Әділдік, азаматтық жауапкершілік	Білім, еңбек, жауапкершілік
Өткенді бағалау	Болашақты модельдеу
Дәлел, талдау	Ұстаным, әрекет

Нәтижесінде оқушы тарихи үдерістердің мәнін терең түсініп, өткен оқиғалардан тағылым алады, әділдік пен жауапкершілік сияқты құндылықтарды саналы қабылдайды, өз азаматтық ұстанымын қалыптастырады және күнделікті өмірінде дұрыс шешім қабылдауға ұмтылады. Тарихи білімін қоғам игілігіне бағыттап, ел дамуына үлес қосуға дайын, белсенді, саналы, жауапты тұлға ретінде қалыптасады, құқықтық санасы нығаяды, отансүйгіштік сезімі артады.

Сабақ барысында құндылықтарды кіріктіру үшін**:**

Құндылықты сұрақ арқылы ашу: Сабақта оқушыларға жаңа құндылықты тікелей жеткізудің орнына, оны сұрақтар арқылы зерттеуге мүмкіндік беру ұсынылады. Мысалы: «Бұл жағдайда сіз қалай әрекет етер едіңіз?» немесе «Сіз үшін әділдік деген не?» деген сияқты ашық сұрақтар қою арқылы оқушылардың жеке көзқарасы мен тәжірибесін дамытуға болады.

жауап беруде таңдау жасауға мүмкіндік беру: Оқушылардың сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту үшін дайын жауап берудің орнына, оларды өз пікірін құрастыруға, бірнеше нұсқа арасынан таңдау жасауға шақыру ұсынылады. Бұл оқушылардың белсенді қатысуын арттырады.

Біліммен қатар позицияны бағалау: Бағалау кезінде оқушының тек фактілік білімін тексерумен шектелмей, оның өз көзқарасын қорғау қабілеті мен этикалық көзқарасын бағалау ұсынылады. Бұл құндылықтарды сабақта практикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Рефлексияны міндетті түрде қолдану: Сабақ соңында оқушыларға алған білімін және тәжірибесін ой елегінен өткізуге арналған рефлексиялық тапсырмалар беру ұсынылады. Мысалы: «Бүгінгі сабақта мен үшін маңыздысы не болды?» немесе «Мен қандай жаңа көзқарасқа келдім?» деген сұрақтар арқылы олардың ойларын жүйелеуге жағдай жасау ұсынылады.

Білім алушының танымдық және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету үшін сабақта бірізді логиканы сақтау маңызды. Алдымен оқушы тарихи фактілерді түсіну деңгейінде жұмыс істейді. Мұғалім бұл кезеңде оқушыға деректі тек есте сақтауға емес, оны түсінуге мүмкіндік беруі керек. Сұрақтар арқылы оқушының фактілерді дұрыс қабылдауы, оқиғаның мәнін түсінуі қамтамасыз етіледі.

Келесі кезеңде оқушыға тарихи фактіні талдауға арналған тапсырмалар беру ұсынылады. Бұл талдау барысында оқушы деректерді салыстырады, себеп-салдар байланысын анықтайды және әртүрлі көзқарастарды қарастырады.

Мұғалім жетекші сұрақтар арқылы ойлау процесін бағыттап, оқушыны ойлануға ынталандырады.

Одан кейін оқушы дәлелдер негізінде тарихи оқиғаны немесе тұлғаның әрекетін бағалай алады. Мұғалім дайын жауап бермей, оқушыға өз пікірін деректерге сүйене отырып білдіруге мүмкіндік беру ұсынылады. Бұл кезеңде бағалау тек білім деңгейіне емес, ойлау қабілеті мен дәлелдеуге бағытталуы маңызды.

Талдау мен бағалау нәтижесінде оқушы жеке ұстаным қалыптастырады. Мұғалім оны таңдау жасауға және өз пікірін нақты көрсетуге ынталандырады. Бұл кезеңде оқушы өз көзқарасын ашық білдіруге, дәлелдер арқылы негіздеуге үйренеді.

Соңғы кезеңде оқушы әділдік, жауапкершілік, отансүйгіштік сияқты құндылықтарды саналы түрде қабылдайды және оларды өмірлік бағдар ретінде қолдануды үйренеді. Сабақ барысында нақты мысалдар, рөлдік ойындар, топтық талқылаулар арқылы құндылықтарды тек сөз жүзінде емес, әрекетте көрсетуге назар аудару қажет.

Осылайша, білім алушы өзін қоғамдағы жауапты тұлға ретінде сезінеді, мінез-құлқында тұрақты ұстаным қалыптасады және әлеуметтік жауапкершілігі артады. Күтілетін нәтиже ретінде оқушы тарихи оқиғаларды әділ бағалай алады, азаматтық ұстаным қалыптасады, білімнің қоғамдағы маңызын түсінеді, жеке жауапкершілігін сезінеді және адалдық, әділдік, отансүйгіштік қағидаларын өмірінде ұстанатын саналы, жауапты тұлғаға айналады.

2.14.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Дүниежүзі тарихы» пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын пән мазмұнына сәйкес оқу процесіне кіріктіру – тәрбиені оқытудан бөліп қарамайтын**,** заманауи білім беру талаптарына сай жүйелі жұмыс. Бұл бағдарлама оқушылардың қоғамға пайдалы, жауапты, адал тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

«Дүниежүзі тарихы» пәні мазмұнындағы оқиғаларды «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» ұлттық құндылықтарымен байланыстыра отырып оқыту – білімнің терең әрі мағыналы болуына әсер етеді. Сондықтан «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні сабақтарында «Адал азамат» құндылықтарын тапсырмаларға кіріктіру арқылы жүзеге асыру жолдары ұсынылады.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының тараз қаласының білім бөлімі Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы» КММ, тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер Хожа-Ахмедов Асылбек Асенбековичтің іс-тәжірибесінен

Сабақ тақырыбы: Алғашқы адам қалай пайда болды?

Оқу мақсаты:

5.1.1.2 адамдар тобыры, ру, қауым, тайпа секілді алғашқы бірлестік формаларын және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын түсіндіру.

Құндылықтар: Бірлік пен ынтымақ.

1-тапсырма Берілген суреттерге қарап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер (жеке жұмыс)





2.14.1-сурет. Ежелгі адамдардың аң аулау әдісі

https://fsd.kopilkaurokov.ru/up/html/2018/01/16/k_5a5dbe55eabe3/450271_3.jpeg
https://fsd.kopilkaurokov.ru/up/html/2018/01/26/k_5a6b7a147463a/452784_2.jpeg

Егер сен ежелгі тайпаның мүшесі болсаң:

- Жалғыз аң аулауға шығар ма едің?
- Неге бірге әрекет ету тиімді?

Өз ойыңды 3–4 сөйлеммен жаз

_____

_____

Дескриптор:

- Бірлескен әрекеттің тиімділігін түсіндіреді;
- Ынтымақтастықтың маңызын дәлелдейді;
- Ойын жүйелі жеткізеді.

2-тапсырма: Оқулық ақпаратын мұқият оқып шыққан соң, *«Жуан, жіңішке сұрақтар»* әдісі арқылы адамдардың бірлесіп өмір сүрулерінің себебін түсіндіріңдер (жеке жұмыс)

Сұрақтар:

1 Неліктен алғашқы адамдар топтасып өмір сүрді?

2 Бірлік олардың өміріне қалай әсер етті?

3 Қазіргі қоғамда бірлік не үшін қажет?

_____

_____

Дескриптор:

- Алғашқы адамдардың топтасу себебін түсіндіреді;
- Бірліктің маңызын анықтайды;
- Қазіргі өмірмен байланыстыра алады.

3-тапсырма Алған білімдеріңнің негізінде бірлестік түрлерін сипаттамасымен сәйкестендіріп, айырмашылығын түсіндіріңдер (жұптық жұмыс)

2.14.1-кесте. Бірлестік түрлерін сипаттамасымен сәйкестендіру кестесі

Бірлестік	Жауабы	Сипаттамасы	Айырмашылығы
1.Ру	1_____	А) Бірнеше қауымнан құралған үлкен бірлестік	
2.Тобыр	2_____	В) Ортақ ата –тегі бар адамдар тобы	
3.Тайпа	3_____	С) Туыстық байланысы әлсіз шағын топ	

Дескриптор:

- Бірлестік тобын ажыратады
- Дұрыс сәйкестендіреді.

Сабақ тақырыбы: Хаммурапи патша Вавилонды қалай қуатты империяға айналдырды?

Оқу мақсаты:

5.3.2.1 ежелгі заман тарихындағы мемлекет аралық қатынастарды түсіндіру үшін «империя» ұғымын білу және пайдалану

5.3.2.2. басқыншылық соғыстар мен империялардың пайда болуы мемлекеттердің шекараларын қалай өзгерткенін талдау

Құндылықтар: Заң және тәртіп

1-тапсырма: Оқулық ақпараты негізінде «Ақпараттық органайзер» әдісі арқылы төмендегі 10-кестені толтырыңдар (жұптық жұмыс)

2.14.2-кесте. Тарихи ұғымдарға түсіндірме мен мысал беру кестесі

Ұғым	*Түсіндірме*	*Вавилон мысалы*
Империя		
Басқыншылық соғыс		
Орталық билік		

Дескриптор:

- «империя» ұғымын дұрыс анықтайды;
- ұғымды Вавилон мемлекетімен байланыстырады;
- тарихи терминдерді орынды қолданады;

2-тапсырма: Алған білімдеріңнің негізінде Хаммурапи жүргізген басқыншылық соғыстардың мемлекет шекарасына әсерін талдаңдар (жұптық жұмыс)

Сұрақтар:

- ✓ Хаммурапи не үшін соғыс жүргізді?
- ✓ Соғыстар Вавилон аумағын қалай өзгертті?

✓ Көрші мемлекеттерге әсері қандай болды?

Себеп	Іс-әрекет	Салдары
	.	

Дескриптор:

- Басқыншылық соғыстардың себебін түсіндіреді;
- Мемлекет шекарасының өзгеруін сипаттайды;
- Себеп пен салдар арасындағы байланысты анықтайды.

3-тапсырма Оқулық ақпараты негізінде Хаммурапидің заңдары Вавилон империясын басқаруда қандай рөл атқарды?

1 Заңдардың болуы неге маңызды?

2 Заң мен тәртіп империяны қалай күшейтті?

_____

_____

_____

Жауапты 4–5 сөйлеммен жазыңдар

Дескриптор:

– Хаммурапи заңдарының маңызын түсіндіреді;
– Заң мен тәртіптің мемлекет дамуына әсерін көрсетеді.
– Өз ойын дәлелмен жеткізеді

Сабақ тақырыбы: «Қара індет» не себепті тез таралды?

Оқу мақсаты:6.2.4.1 адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіру

Құндылықтар: Еңбекқорлық пен тәртіп

1-тапсырма Бейнематериалды қарап шыққан соң, «*Қолшатыр»* әдісі арқылы адам өміріндегі қоршаған орта туралы білімнің рөлін түсіндіріңдер (топтық жұмыс) «Қара індет не себепті жылдам тарады? »https://youtu.be/g2sGmobBupg (қаралған күні 19.02.26)



Дескриптор:

– «Қара індеттің» шығу себебін анықтайды
– 1 аргумент мен 1-2 дәлелдер келтіреді

– бейнематериал бойынша 2 сұрақ қояды

– мәселеге қатысты өз позициясын білдіреді

– бейнематериал ақпаратын оқулықтағы ақпаратпен салыстырып, мәліметтің шынайылығын анықтайды

– 2019 жылғы бүкіл әлемді жайлаған Ковид-19 індетімен байланыстырып, қорытынды жасайды.

2-тапсырма Кейс-стади.

Сіз – мектептің «Денсаулық және қауіпсіздік» клубының мүшесі. Қара індетке қарсы жеке қорғау және тазалық туралы қысқаша хабарлама дайындаңыз (жеке жұмыс)

✓ 4–5 сөйлемнен кем емес

✓ Қоршаған ортаны қорғау мен гигиенаны сақтау тәсілдерін атап өтіңіз

✓ Адам өмірін қорғау және жауапкершілікті көрсету

_____

_____

_____

_____

Дескриптор:

– Хабарлама нақты және жүйелі;

– Қоршаған ортаның рөлін түсіндіреді;

– Еңбекқорлық ппен жауапкершілікті көрсетеді.

Оқу пәні:	Дүниежүзі тарихы
Сынып: 9	II тоқсан
Сабақ тақырыбы:	Саманта Смиттің КСРО-ға сапары неге мүмкін болды?
Оқу мақсаты:	9.3.2.4 «қырғи қабақ соғыстан» кейін әлемдегі интеграциялық және дезинтеграциялық процестерді айқындау; 9.3.1.4 тұлғаның тарихтағы рөлін бағалау
Құндылықтар:	Әділдік және жауапкершілік

Әдіс: «Ойлан – Жұптас - Бөліс»

1-тапсырма:

Құжатпен танысып, төмендегі сұрақтарды талқылаңыз:

1. Саманта Смит неліктен ядролық соғысқа алаңдады?
2. Оның хатынан қандай адами қасиеттерді байқауға болады?
3. Ю. Андропов Самантаға жауап беру арқылы қандай құндылықты көрсетті деп ойлайсың?
4. Егер сен Самантаның орнында болсаң, әлем лидеріне қандай тілек немесе ұсыныс жазар едің?

«Құрметті Андропов мырза! Менің атым Саманта Смит. Мен он жастамын. Сізді жаңа тағайындауыңызбен құттықтаймын. Мен КСРО мен АҚШ арасында ядролық соғыс бола ма деп алаңдаулымын. Сіз соғысқа сайланып отырсыз ба, жоқ па? Егер олай болмаса, соғысты болдырмау үшін не істейтініңізді айтыңызшы. Бұл сұраққа жауап беруге міндетті емессіз, бірақ мен неге сіздің әлемді немесе дәл біздің елді жаулап алғыңыз келетінін білгім келеді. Құдай әлемді бізге ортақ етіп, оған қамқор болуымыз үшін жаратты ғой. Бәрін жаулап алып, не оған бір адам тобы ие болуы үшін емес. Өтінемін, оған (Саманта, меніңше, бұл жерде Құдайды айтып тұр – А.Ш.) өзі қалағанын жасауға және барлық адамның бақытты болуына мүмкіндік берейік».

Саманта Смит. Манчестер. Мэн.

Дескриптор:
- Саманта Смиттің алаңдау себептерін анықтайды;
- Хаттағы бейбітшілік идеясын түсіндіреді;
- Құжаттағы негізгі құндылықтарды анықтайды;

2-тапсырма дереккөздің негізінде Саманта Смиттің қырғиқабақ соғысты тоқтатуға қосқан үлесін бағалаңдар *(жеке жұмыс)*



1. Суретте кім бейнеленген? _____
2. Бұл материал дереккөздің қай түріне жатады?_____
3. Құжаттың авторы кім? Оның тұлғасы, өмірі туралы не білесіңдер?_____
4. Дереккөз қай уақытта жазылды? Кімге арнап жазылды?_____
5. Оның әрекеті әлемдегі бейбітшілікке қалай әсер етті деп ойлайсыңдар?___
6. Самантаның бойынан қандай құндылықтарды байқауға болады?_____
7. Егер сен сол кезеңде өмір сүрсең, бейбітшілік үшін қандай әрекет жасар едің?_____

Дескриптор:
- суреттегі тұлғаны анықтайды
- материалдың қандай дереккөз түріне жататынын анықтайды
- құжаттың авторын атайды
- автордың өмірі туралы қысқаша мәлімет жасайды
- дереккөздің жазылған уақытын атайды, бағытталған тұлғаны атайды
- автордың тұлғалық әрекетін бағалайды
- құндылықтарды анықтап, жеке пікірін білдіреді.

3-тапсырма Шағын зерттеу: «1970-1980 жылдардағы КСРО мен АҚШ арасындағы қатынастар»

«1970-1980 жылдардағы КСРО мен АҚШ арасындағы қатынастар» мәтіндік ресурсын оқып, нәтижелерін тұжырымдамалық кестеге салыңыз

«Тұжырымдамалық кесте» әдісі – ақпаратты талдау және жалпылау үшін салыстырмалы 2.14.6-кесте құруға бағытталған әдіс.

Салыстыру сұрақтары
КСРО мен АҚШ арасындағы қатынастардың сипаты
1970-1980 жылдар кезеңіндегі негізгі оқиғалар

Дескриптор:

– КСРО мен АҚШ арасындағы қатынастарды аргумент келтіріп сипаттайды

– 1970-1980 жж кезіндегі 2-3 негізгі оқиғаны атайды.

Дүниежүзі тарихы пәні бойынша «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын оқу процесіне, яғни тапсырмаларға кіріктіру – оқушылардың тарихи санасын қалыптастырумен қатар, олардың азаматтық жауапкершілігін, құқықтық мәдениетін және моральдық – этикалық ұстанымдарын дамытуға бағытталған маңызды педагогикалық міндет болып табылады.

Оқу үрдісінде құндылықтарға негізделген тапсырмаларды (талдау сұрақтары, пікірталас, кейс, рөлдік ойын, зерттеу жұмыстары) қолдану оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытып, заңды сақтау, тәртіпті құрметтеу және қоғамдық жауапкершілікті сезіну мәдениетін нығайтады. Сонымен қатар, пән мазмұнын өмірлік жағдаяттармен байланыстыру тарихты оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттырады.

Сонымен, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын Қазақстан және дүниежүзі тарихы пәндеріне кіріктіру – тек білім беруді емес, саналы жауапты, заңды құрметтейтін және ел болашағына бейжай қарамайтын тұлға тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады. Бұл бағыттағы жүйелі және мақсатты жұмыс білім беру процесінің сапасын арттырып, жас ұрпақтың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне негіз қалайды.

2.15.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Құқық негіздері» оқу пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған «Құқық негіздері» пәнін оқыту білім алушылардың құқықтық білімді меңгеруімен қатар, олардың азаматтық ұстанымын, заңға құрметін және қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан оқу процесіне функционалдық және контекстік тапсырмаларды жүйелі енгізу құқықтық нормаларды тек теориялық деңгейде түсіндірумен шектелмей, оларды өмірлік жағдаяттарда қолдану арқылы тәжірибелік тұрғыда меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл білім алушылардың құқықтық ойлауын дамытып, талдау, салыстыру, дәлелдеу, шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады және құқықтық сауаттылықты арттырады.

Аталған тапсырмалар білім мазмұнына «Адал азамат» құндылықтарын кіріктірудің тиімді құралы болып табылады. «Адал азамат» ұстанымы заңға бағыну, әділдік, жауапкершілік, тәртіптілік, қоғамдық мүддені құрметтеу және отансүйгіштік қасиеттерімен сипатталады. Сондықтан құқықтық жағдаяттарды талдау барысында білім алушылар тек құқық нормаларын анықтап қана қоймай, өз әрекеттерінің моральдық-азаматтық салдарын бағалауға, әділ және заңды шешім қабылдауға үйренеді.

Функционалдық тапсырмалар құқықтың негізгі функцияларын іске асыруға негізделеді. Олар реттеуші, қорғаушы және қалпына келтіруші бағыттарда құрылады. Реттеуші сипаттағы тапсырмаларда білім алушылар шарт жасасу, мәміле рәсімдеу, неке немесе еңбек қатынастарын құқықтық талаптарға сәйкес ұйымдастыру тәртібін анықтайды және заң талаптарын сақтаудың маңызын түсінеді. Бұл – адалдық пен жауапкершіліктің көрінісі. Қорғаушы немесе жазалау функциясына негізделген тапсырмалар құқық бұзушылықтарды саралауды, олардың түрін айқындауды және заңдық жауапкершілікті белгілеуді талап етеді. Аталған тапсырмалар заңды бұзу тек жеке адамға емес, қоғамға зиян келтіретінін түсіндіріп, тәртіп пен әділдік құндылықтарын қалыптастырады. Қалпына келтіру немесе өтемақы бағытындағы тапсырмалар келтірілген зиянды өтеу, шығынды есептеу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жолдарын қарастыру арқылы әділдік пен жауапкершілік қағидаттарын бекітеді.

Контекстік тапсырмалар нақты әлеуметтік немесе тұрмыстық жағдайларды талдауға құрылады және отбасылық, еңбек, азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық құқық аясындағы шынайы мәселелерді қамтиды. Бұл тапсырмаларда білім алушылар құқықтық жағдаятты оның мән мәтінінде қарастырып, фактілерді анықтайды, қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді, нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес заң нормаларын таңдап, негізделген шешім қабылдайды. Мысалы, жұмысқа қабылдаудан заңсыз

бас тарту, көршілер арасындағы жер дауы, еңбек шартын бұзу немесе табиғатты қорғау талаптарының сақталмауы сияқты жағдайларды талдау барысында білім алушылар заң талаптарын сақтау ғана емес, өзара құрмет, әділдік және адал әрекет ету қағидаттарының маңызын түсінеді.

Сабақ мазмұнында азаматтардың конституциялық құқықтары мен міндеттерін «Адал азамат» құндылықтарымен кіріктіру ерекше маңызды. Конституцияны сақтау, заң талаптарын орындау, салық төлеу, Отанды қорғау, білім алу және табиғатты қорғау сияқты міндеттердің орындалуы әрбір азаматтың адалдық, тәртіп және жауапкершілігінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Құқықтар мен міндеттердің айырмашылығы нақты мысалдар арқылы түсіндіріліп, «құқығым бар» деген ұстаным «міндетімді орындаймын» қағидатымен тең қарастырылуы қажет.

Оқыту процесінде кейс-стади, жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірталас, сот процесін модельдеу, нормативтік құжаттармен жұмыс сияқты белсенді әдістерді қолдану ұсынылады. Мұндай тәсілдер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, коммуникативтік дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың заңға бағынатын, әділ шешім қабылдайтын, қоғам игілігі үшін әрекет ететін «адал азамат» ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен, функционалдық және контекстік тапсырмалар құқықтық білімді практикамен байланыстырып, білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін дамытады, сондай-ақ олардың бойында заңға құрмет, жауапкершілік, әділдік және отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді.

9-сыныпқа арналған «Құқық негіздері» оқу пәні бойынша «Адал азамат» құндылықтарын оқу тапсырмалары арқылы кіріктірудің ерекшеліктері.

Сабақ тақырыбы: Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?

Оқу мақсаты: 9.1.1.1 әлеуметтік нормалар жүйесіндегі құқық ұғымы мен рөлін түсіндіру.

Құндылықтар: бірлік және ынтымақ

2.15.1 - кесте Функционалдық / контекстік тапсырмалар сипаттамасы:

Құндылық: *бірлік пен ынтымақ* (қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну).	«Құқық дегеніміз не және ол қоғамдық қатынастарға қалай әсер етеді?» тақырыбы бойынша контекстік тапсырмалар нақты жағдайларға мінез-құлық қағидаларын (мораль, құқық, әдет-ғұрып, әдеп) қолдана білуін қарастырады. Бұл білім алушылардан әрекеттерді жіктеуді, норманың түрін анықтауды және олардың бұзылуының салдарын өмірді ретке келтіру үшін талдауды талап етеді.
Мәтіндік тапсырманың мысалы:	*Жағдай:* Ж. деген азамат қоғамдық көлікте жүргенде телефонмен қатты сөйлесіп, әдепсіз сөздерді пайдаланып, қарт әйелге жол бермеді. Жолаушылар оған ескерту жасады, ал автобус жүргізушісі автобустан шығуды өтінді.

	Сұрақтар: Ж. әлеуметтік нормалардың қандай түрлерін (мораль, құқық, этикет) бұзды? Мәтіннен мысалдар келтіріңіз. Ж. мінез-құлқына моральдық және құқықтық баға берудің айырмашылығы неде? Егер Ж. әдепті бұзып қана қоймай, мысалы, автобусқа граффити жазып қойса, жағдай қалай өзгерер еді? Жаттығуға арналған үлгілік тапсырмалар (материалдар бойынша): Жіктеу: Мораль нормаларына не жататынын (әлсіздерге көмек), ал құқықтық нормаларға не жататынын (ұрлыққа тыйым салу) айқындау. Салыстыру: Құқық нормаларын және әдет-ғұрыптар нормаларын (міндеттілік, санкциялар) салыстыру. *Кейсті талдау:* Суретші дәуірдің эстетикалық нормаларын бұзатын сурет салған. Бұған қоғам қалай қарайды? *Нормаларды өзгерту:* Интернеттің пайда болуы қарым-қатынас нормаларын қалай өзгерткенін түсіндіру.

Сабақ тақырыбы: Қазақстан Республикасында адам мен азаматтың қандай құқықтары мен міндеттері бар?

Оқу мақсаты: 9.2.1.2 Қазақстан Республикасы Конституциясын талдау арқылы адамның және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерін анықтау.

Құндылықтар: Тәуелсіздік және Отаншылдық (Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын бағалау)

Заң және тәртіп (Азаматтық құқықтық білім туралы түсінігінің болуы). Азаматтың міндеттерін орындау Конституция мен заңдарды сақтау, салық төлеу, елді қорғау, мемлекеттік рәміздерді (Елтаңба, Ту, Гимн), сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен мәдениетін құрметтеуді білдіреді. Құндылықтар мемлекеттік тілді, мәдени мұраны сақтауды, тұрақтылық пен тәуелсіздікті қамтиды.

ҚР Конституциясында және қоғамдық қағидаттарда бекітілген негізгі міндеттер мен құндылықтар:

Конституциялық міндеттері:

Заңдардың сақталуы: Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға міндетті.

Салықтарды төлеу: Заңмен белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу - әркімнің борышы мен міндеті.

Елді қорғау: Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы және міндеті болып табылады; әскери қызмет өткеру міндетті.

Рәміздерді құрметтеу: Мемлекеттік рәміздерді: елтаңбаны, туды, әнұранды құрметтеу міндеті.

Басқалардың құқықтарын құрметтеу: Басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, ар-намысын және қадір-қасиетін құрметтеу.

Елдің құндылықтары мен мүдделерін бағалау:

Мемлекеттік тіл: Рухани мәдениет ретінде қазақ тілін меңгеру және оқыту.

Мәдени мұра: Ұлттық мәдениетке, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға адалдық.

Тәуелсіздік және тұрақтылық: Мемлекет тәуелсіздігі, халық егемендігі және ішкі саяси тұрақтылық сияқты негіздерді қолдау.

Патриотизм: Отанға деген сүйіспеншілік, оның мүдделерін қорғауға әзірлік, елдің жетістіктерімен мақтаныш.

Азаматтық ұстанымы:

Қоғам өміріне қатысу: Әділ Қазақстанды құруға белсенді қатысу, ұлттың прогрессивті дамуы үшін жауапкершілік.

Ар-намыс пен қадір-қасиет: Қол сұғылмайтын жеке адамның қадір-қасиетін қорғау.

Осы нормаларды сақтау қоғам мен мемлекет мүддесінде әрекет ететін жауапты азаматты қалыптастырады.

Азаматтың конституциялық міндеттері – бұл Конституцияны сақтау, Отанды қорғау, білім алу және табиғатты қорғау, салық төлеу сияқты орындалуы міндетті заңмен белгіленген талаптар. Міндеттерді орындамау заңдық жауаптылыққа әкеледі, ал құқықтар ерікті түрде іске асырылады.

Контекстік тапсырма мысалдары:

«Конституциялық міндеті» тапсырмасы

Төменде келтірілген жағдайларды оқыңыз және азаматтың (Қазақстан Республикасы) қандай конституциялық міндеті іске асырылғанын немесе бұзылғанын анықтаңыз.

А -жағдай: Азамат И. жыл сайын 1- желтоқсанға дейін салық органына алынған кірістер туралы құжаттарды жібереді және мүлік салығын төлейді.

Жауап: Заңды белгіленген салықтар мен алымдарды төлеу.

Ә- жағдай: Саматовтар отбасы орманға барған кезде қоқысты жинап, отты сөндірді.

Жауап: Табиғат пен қоршаған ортаны сақтау.

Б-жағдай: Марат шақыру қағазын алып, әскери қызмет өткеру үшін шақыру пунктіне келді.

Жауап: Отанды қорғау.

В-жағдай: 15 жасар Арман аттестат алу үшін мектепке барып, ҚМА (Қорытынды Мемлекеттік Аттестаттау) емтихандар тапсыруға дайындалуда.

Жауап: Негізгі жалпы білім алу.

Д-жағдай: Азамат А., митинг кезінде көпшілік алдында қолданыстағы заңнаманы бұзуға шақырды.

Жауап: Конституция мен заңдарды сақтау міндетін бұзу.

Негізгі міндеттері: білім алу, заңдарды сақтау, салықтарды төлеу, Отанды қорғау, табиғатқа ұқыпты қарау, балалар мен еңбекке жарамсыз ата-аналарға қамқорлық жасау.

Конституция мен заңдарды сақтау туралы контекстік тапсырмалар жағдайлардың құқықтық нормаларға сәйкестігін талдауды, адам құқықтарын қорғауды немесе билік органдарының іс-қимылдарын бағалауды талап ететін кейстерді қамтиды. Олар Конституцияның үстемдігін, азаматтардың міндеттерін, құқықтық мемлекет қағидаттарын және құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті түсінуін анықтайды.

1. Кейс-міндеттер (жағдайды талдау)

Жағдай: Азамат А. Көршісінің сирек кездесетін өсімдіктеріне күн сәулесінің қолжетімділігін толық жапқан биік қоршау салуды шешті. Көрші сотқа берді.

Тапсырма: Меншік иелерінің құқықтары туралы нормалар негізінде А азаматтың әрекеттерін саралаңыз.

Жағдай: Сайлау алдындағы науқан барысында кандидат Б. Сайлау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде оның қос азаматтығы болу фактісін жасырды.

Тапсырма: Сайлау комиссиясы қолданған ескерту түріндегі санкция мөлшерлес пе? Сайлау туралы заңға сүйене отырып, жауабыңызды негіздеңіз.

2. Конституциялық нормалар мен құндылықтар

Тапсырма: ҚР Конституциясын әлеуметтік-құндылық деп атайды. ҚР Конституциясының ережелеріне сілтеме жасай отырып, осы сипаттаманың үш растауын келтіріңіз.

Жауап мысалдары:

1) Құқықтар мен бостандықтардың, бейбітшілік пен келісімнің құндылығын бекіту.

2) Отансүйгіштік және отбасын қорғау құндылықтарын бекіту.

3) Мемлекеттің әлеуметтік сипаты (еңбекті, денсаулықты қорғау, ең төменгі еңбекақы).

Тапсырма: Адам, оның құқықтары мен бостандықтары шынайы өмірде ең жоғары құндылық болып табылады деген қағидат қалай іске асырылады? Мысал келтіріңіз.

3. Азаматтардың міндеттері және құқықтық мемлекет

Жағдай: Қала әкімшілігі бейбіт митинг өткізуге тыйым салып, оның көлік қозғалысына балама орын ұсынбай кедергі келтіретінін айтты.

Тапсырма: Биліктің әрекеті заңды ма? Ұйымдастырушы өз құқықтарын қорғау үшін Конституцияның қандай баптарына (жиналыс еркіндігі туралы) сілтеме жасауы тиіс?

Тапсырма: ҚР азаматының үш конституциялық міндетін атаңыз (мысалы, салық төлеу, Отанды қорғау, Конституцияны сақтау) және оларды орындамау неге мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіретінін түсіндіріңіз.

4. Құқық үстемдігі (Конституциялық сот): *Жағдай*: Парламент ҚР Конституциясының бір бабына қайшы келетін заң қабылдады.

Тапсырма: Бұл заңды тексеруге қандай органның өкілеттігі бар? Конституцияның жоғары заң күші принципін ескере отырып, ол қандай шешім қабылдауы тиіс?

Бұл тапсырмалар баптарды білуді ғана емес, конституциялық құрылыстың мәнін түсінуді талап ете отырып, құқықтық сауаттылықты дамытуға көмектеседі.

Сабақ тақырыбы: Кәмелетке толмағандардың еңбегі заңнамамен қалай қорғалады?

Оқу мақсаты: 9.4.3.1 кәмелетке толмағандардың еңбегіне қатысты құқық нормаларын талдау

Құндылықтар: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік (еңбекті, өзінің және басқалардың еңбек нәтижелерін бағалау; еңбекті, мамандықтарды практикалық тұрғыда зерттеуге қызығушылық таныту; кәсіби өзін-өзі жетілдіру үшін еңбек қызметінің дағдылары жинақтау, еңбексүйгіштік, еңбекке баулу, табысты еңбектің маңыздылығын түсіну; уақытты тиімді жоспарлай білу және кез-келген іс-әрекеттің нәтижелеріне қол жеткізу және жақсарту үшін күш салу).

Функционалдық / контекстік тапсырмалар сипаттамасы 2.15.2 -кестеде берілген***:***

Жағдай: 14 жасар Д. әжесімен тұрады, әжесінің зейнетақы мөлшері аз болғандықтан, Д. Мектептегі оқудан қолы бос кездері, яғни каникул күндері жұмыс істеп, әжесіне қаржылай көмек беруді шешті. Д. кәмелетке толмағандықтан, ол өзінің еңбек ету құқығына қатысты бірқатар мәселелерді білмейді. *Тапсырма*: Д. заң бойынша қандай құқықтар мен артықшылықтарға ие?	
Қазақстанда кәмелетке толмағандарды қалай жұмысқа алу керек?	Көптеген кәмелетке толмағандар еңбек жолын ертерек бастауға тырысады. Сондықтан бүгінгі күні кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру кеңінен тараған құбылыс. Біреулер ата-аналарынан мүмкіндігінше ертерек тәуелсіз болғысы келсе, кейбіреулер табысын ерте бастауға мәжбүр.
Кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасасу қалай жүргізіледі?	Қолданыстағы еңбек заңнамасы жасөспірімдердің еңбек қызметін шектемейді. ҚР Еңбек кодексінің 25-бабына сәйкес, Еңбек кодексінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, кәмелетке толмағандар еңбек шартын жасасуға кедергі бола алмайды. Сонымен қатар, ҚР

	ӘҚБтК-нің 90-бабында жұмыс берушілер үшін еңбек шартын жасасудан негізсіз бас тартқаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген. Сонымен қатар, жасөспірімдердің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері белгілі бір шектеулерді талап етеді, осыған байланысты қолданыстағы заңнамада қызметкерлердің осы санаты үшін ерекше еңбек жағдайлары көзделген.
Кәмелетке толмағандар үшін қандай жас шектеулері бар?	ҚР Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес, 16 жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Жекелеген жағдайларда еңбек шарты неғұрлым ерте жастағы адамдармен, атап айтқанда: 15 жастан бастап - орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда; 14 жастан бастап - денсаулыққа зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын оқудан бос жұмыс уақытында орындау үшін; 14 жасқа дейін - кинематография ұйымдарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсаулыққа және адамгершілік дамуына нұқсан келтірмей және оқу процесін бұзбау туралы шартты сақтай отырып, шығармалар жасауға/орындауға қатысу үшін. Аталған жағдайларда еңбек шартына кәмелетке толмағанның заңды өкілі (ата-анасының бірі, қамқоршысы, қорғаншысы) қол қояды.
Кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасасу үшін қандай шектеулер бар?	18 жасқа толмаған адамдармен: – ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға (Өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімі, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі ҚР ДСӘДМ-нің 31.12.2015 жылғы бұйрығымен бекітілген); – жұмыс берушінің мүлкі мен басқа да құндылықтарының сақталуын қамтамасыз етпегені үшін қызметкердің толық материалдық жауапкершілігін көздейтін лауазымдар мен жұмыстарға; – орындалуы олардың денсаулығы мен имандылық дамуына зиян келтіруі мүмкін жұмыстарға (ойын бизнесі, түнгі ойын-сауық орындарындағы жұмыс, алкоголь өнімін, темекі өнімдерін, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру, тасымалдау және сату); – қосарлы атқаратын жұмысқа. – Бұдан басқа, кәмелетке толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі бекітілді.
Кәмелетке толмағандармен еңбек шартын жасасу үшін құжаттар тізбесі қандай?	Еңбек шартын жасасу үшін кәмелетке толмаған (оның заңды өкілі) мынадай құжаттарды: жеке басын куәландыратын құжат (туу туралы куәлік, куәлік немесе паспорт); мекенжай анықтамасын; алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат (осындай куәландырудан өтуге міндетті адамдар үшін).

9-сыныпта «Еңбек құқығы» бөлімі бойынша білім алушыларға «Еңбек адамы – қоғам дамуының негізі» тақырыбында Эссе жазу ұсынылады.

Жоспар: еңбек адамының рөлі; еңбек құқықтарының маңызы; әділ еңбек жағдайының қажеттілігі; мемлекеттегі еңбек заңнамасының рөлі.

Қорытынды «Мен болашақта еңбек адамы ретінде қандай құқықтарды білуім керек?» бойынша 3 нақты мысал келтіру ұсынылады.

Осы тапсырма арқылы білім алушылар «Еңбек құқығы» бөліміндегі негізгі ұғымдарды өмірлік мәнімен байланыстыра отырып түсінеді және «Еңбек адамы» бастамасының мазмұнын тереңірек ұғынады.

Сонымен «Еңбек адамы – қоғам дамуының негізі» тақырыбындағы эссе білім алушыларға еңбек адамының қоғамдағы орнын бағалауға мүмкіндік береді. Еңбек адамы – өз еңбегімен ел экономикасының, әлеуметтік саланың және жалпы қоғамның дамуына үлес қосатын тұлға. Сондықтан еңбек құқықтарының сақталуы, әділ еңбек жағдайының қамтамасыз етілуі және мемлекет тарапынан еңбек заңнамасының тиімді реттелуі еңбек адамының қорғалуына тікелей әсер етеді.

«Еңбек адамы» бастамасы осы құндылықтарды дәріптеп, адал еңбек пен кәсіби жауапкершілікті насихаттайды. Ол жастарды еңбекке құрметпен қарауға, өз құқығын білуге және заңды түрде еңбек ету мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды.

Қорытынды сұрақ арқылы білім алушылар өз болашағын еңбек құқықтарымен байланыстырады. Мысалы:

1. еңбек шартының жасалуы құқығы;
2. қауіпсіз және денсаулыққа зиянсыз еңбек жағдайына құқық;
3. уақытында және әділ еңбекақы алу құқығы.

Осылайша, тапсырма «Еңбек адамы» идеясын құқықтық біліммен ұштастырып, білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен еңбекке деген жауапкершілігін қалыптастырады.

Құндылықтарды оқу процесіне кіріктіруді тапсырмалар арқылы жүзеге асырудың тәсілдері:

«Құқық негіздері» пәні бойынша тапсырмаларды (нормаларды) іске асыру төрт негізгі нысан арқылы жүзеге асырылады: сақтау (тыйым салынғаннан қалыс қалу), орындау (міндеттерді орындау), пайдалану (құқықтарды іске асыру) және қолдану (органдардың билік әрекеттері).

Заң міндеттері силлогизмнің (құқықтық норманы логикалық ой қорыту арқылы негіздеу тәсілі) көмегімен шешіледі: фактілерді талдау, құқықтық нормаларды іріктеу және тұжырым.

Құқықты іске асырудың негізгі нысандары:

Сақтау: Тыйым салуды бұзатын әрекеттерден қалыс қалуды талап ететін пассивті нысан (мысалы, Жолда жүру ережелерін сақтау).

Орындау: Заңды міндеттерді орындауды талап ететін белсенді нысан (мысалы, салықтарды төлеу, шартты орындау).

Пайдалану: Субъектілердің өз құқықтарын қалауы бойынша іске асырудан тұратын белсенді нысаны (мысалы, білім алу құқығы, сотқа жүгіну).

Қолданылуы: Жеке құқықтық актілер шығаратын құзыретті органдардың билік қызметі (мысалы, сот шешімі, жұмысқа қабылдау туралы бұйрық).

Заңды міндеттерді (тапсырмаларды) шешу алгоритмі:

Құқық мәселесі: Жағдайды реттейтін құқықтық норманы (заңның бабын) айқындау.

Факт мәселесі: Істің мән-жайын талдау және олардың заңдық нормаларға сәйкестігі (шағын сәлемдеме).

Қорытынды (шешім): Норма мен фактіні салыстыру негізінде қисынды қорытынды.

Міндеттерді шешу кезінде талдау (жағдайды талдау), синтездеу әдістерін және формальды-заңдық әдісті пайдалану ұсынылады:

1.ПТМС формуласы бойынша талдау.

Позиция (мен солай ойлаймын,...)

Түсіндіру (... себебі,...)

Мысал (мен мұны мынандай мысалдар арқылы дәлелдей аламын...)

Салдар (айтылған мәселе бойынша мынандай қорытынды жасаймын...)

2.15.3 -кесте бойынша орындау.

2.15.3-INSERT кестесі бойынша тұжырым жасау

аңа ақпарат	ымды растайды лемін)	ені ойландырады (толғандырады)	енің пікіріме қарсы (түсініксіз)

3. «GROW» формуласы бойынша талдау жасау.

G-Goal-мақсаты

R-realıty-іске асырылуы

O-optıons-мүмкіндіктері

W-Way forward-алға қарай әрекет ету

4. PEST» талдау әдісін қолдану және анықтау.

P- political

E-economical

S-social

T-technical

5. Сұрақтар бойынша әңгіме құрастырып, талдау.

Кім?, Неге?, Қашан?, Қайда?, Қалай?

«Көркем еңбек» пәнін оқытуда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Білім беру жүйесінің құндылық құрамдас бөлігі. Жаңа ұрпақтарды өмірге және қоғамдағы белсенді іс-әрекетке дайындаудың әлеуметтік анықталған функциясын орындай отырып, білім беру оқушыларға қоғамның моральдық келбетін анықтайтын өмірлік құндылықтар мен мұраттарды сіңіруі керек.

Білім - адамның мәдениет әлеміне кіруінің бір жолы. Білім беру процесінде адам ғылыми білімді, өнер жетістіктерін, моральдық нормаларды, кәсіби тәжірибені және басқа да рухани-мәдени құндылықтарды меңгереді.

Білім алушылардың өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында оқытуда құндылыққа бағдарланған тәсілді қолдану ұсынылады. Құндылыққа бағытталған тәсіл – белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іс-әрекетті ұйымдастыру, орындау, оның нәтижелерін алу және пайдалану тәсілі екендігіне назар аудару керек.

«Көркем еңбек» пәні мазмұнына сәйкес оқу процесінде білім алушыларда, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық сияқты базалық құндылықтарды қалыптастыру ұсынылады. Сонымен қатар халқымыздың мәдени құндылықтарын зерделеуде және тапсырмаларда сабақтың тақырыбына қатысты ұлттық көркем шығармалар мен туындыларды қолдану қажет.

Мысалы, Қазақстан халқының сәндік-қолданбалы өнері тақырыбы бойынша 5.1.2.1 әлем және қазақ ұлттық мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау және зерделеу, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрмет және тілектестік білдіру; оқыту мақсатына сәйкес Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдени мұрасын оқып үйрену кезінде қазақ ұлттық және әлем мәдениетінің көркемдік, дизайн туындыларының ерекшеліктеріне назар аудару қажет. Тапсырмалардың көпшілігі жұпта немесе топта орындалуы керек, бұл білім алушылардың көпшілік алдында НҚА қолдана отырып талқылауы мен дәлелді аргументтер арқылы өз ойын жеткізуге дағдыландырады. Сабақтағы барлық іс-шаралар тек көркем-технологиялық білімді қалыптастыруға ғана емес, белгілі базалық құндылықтарды сіңіруге бағытталуы керек.

Құндылыққа бағытталған тәсіл оқушыларға қосымша материал немесе үлгілер беру, тапсырмаларды жекелендіру арқылы көрсетілуі мүмкін.

Білім беру құндылықтары – жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда басты фактор саналатын, оқу мақсаттары жүйесін құрудың бағыттаушылары. Сондықтан оқу процесінде білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда оқыту

мақсаттарын тиімді жүзеге асыру маңызды болып табылады. Мысалы 6-сыныпта «Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау» тақырыбы бойынша «Еңбек және шығармашылық» құндылығын қалыптастыруда оқыту әрекетін қарастырайық:

Тақырыбы: Дәстүрлі емес материалдардан портрет жасау.

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.

Оқыту мақсаты: 6.1.6.4 материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар, көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушылар:



2.16.1 сурет –Портрет жасау

1. Суретшілердің шығармашылық жұмыстарды жасау үшін пайдаланатын материалдарын қарастырады.
2. Портретті жасаудың
3. дәстүрлі емес әдістерін талдайды.
4. Шығармашылық туындыларын, сым портретін кезең бойынша орындайды.

Еңбек және шығармашылық:

- адамның еңбектегі және шығармашылықтағы жетістіктері оның табандылығы мен жан жақтылығы және өзіне деген сенімділігінен екенін түсінеді;

- адам еңбегі мен шығармашылығын бағалауда өзін-өзі басқарудың, дербестіктің, сыни ойлау мен адамгершіліктің маңызын түсінеді;

- адамның еңбек пен шығармашылықтағы жаңашылдық, білімқұмарлық, креативтілік, тапқырлық, кәсіпкерлік сияқты табыстарының маңыздылығын түсінеді;

- еңбек пен шығармашылықта өзін-өзі жүзеге асыру үшін өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсінеді.

- адам өміріндегі еңбек пен шығармашылықты бағалай біледі;

- еңбек және шығармашылық саласындағы жетістіктері бар адамдарды құрметтейді;

- еңбек пен шығармашылыққа қызығушылық таныта отырып, сол арқылы табысқа жетуге ұмтылады;

- еңбек және шығармашылық үдерістері мен нәтижелерінен қуанышты сезіне отырып, еңбек және шығармашылық үдерістеріндегі инновацияларға ұмтылады.

- өз күштеріне сенім арта отырып, еңбек пен шығармашылық үдерісіндегі өзгерістерге бейімделуге қабілетті болады;

- ынтымақтастық пен тиімді серіктес бола білу дағдыларын көрсетеді;

- өмірдегі және білім алудағы мәселелерді шығармашылық тәсілмен шешудің дағдыларын көрсете алады;

- әр түрлі еңбек және шығармашылық түрлеріне белсенді қатыса отырып, еңбексүйгіштік, кәсіпкерлік бастамашылдық және креативтілік танытады.

Тақырыбы: Қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы бұйымдары.

Құндылық: *Тәуелсіздік және отаншылдық*

Оқыту мақсаты: 8.1.2.1-Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушылар:

1. Қазақ халқының қолданбалы өнер туындыларының ерекшеліктерін анықтау.

2. Ши тоқу сәндік-қолданбалы өнерінің даму тарихын зерделеу.


3. Ши тоқу өнерінің түрлерін ажырата білу.

1. Қолданбалы өнер қалай дамыған?

2. Қазақ халқы қандай қолөнермен көбірек айналысқан?

3. Бұйымдар дайындау үшін қандай орындау әдістері мен техникалар қолданылған?

4. Халық шеберлері қандай материалдар мен құрал-жабдықтарды пайдаланған? - зерттеу сұрағы аясында жұмыс жүргізеді.



2.16. 2 сурет- Ши тоқу өнері

Тақырыбы: Көркем жазбаны орындау.

Құндылық: Жаңашылдық және жасампаздық.

Оқыту мақсаты: 7.2.1.1 Күрделі шығармашылық идеялары мен сезімдерін білдіру үшін, өнер құралдары мен әр түрлі техникада таңдалған қасиеттері мен тәсілдерін визуалды элементтерді таңдау және негізделген түрде анықтау.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушылар:

1. Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктерін анықтау.
2. Көркем жазба техникасында орындалған шеберлердің туындыларын қарастыру.
3. Әр түрлі графикалық құралдарды қолдана отырып (оның ішінде АКТ-ны қолданып) бұйымына технологиялық құжат дайындау.
4. Өз шығармашылық жұмысын жасау үшін заманауи технологияларды қарастырады және өнер материалдарын таңдайды.
5. Көркем жазбаны орындау үшін визуалды элементтерді қолдану.
6. Шығармашылық идея үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану:

- Композиция
- Түс
- Пішін
- Ритм
- Колорит
- Сызық
- Орындау техникасы



2.16.2 сурет – Замануи суретшілер картиналары

Тақырыбы: Бейнелеу өнеріндегі заманауи бағыттары
Құндылық: *Әділдік және жауакершілік*

Оқыту мақсаты: 7.3.2.1 пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы идеялар мен тақырыптарды талқылау және бағалау.

Оқытудағы іс-әрекет/ мазмұны:

Білім алушы

1. Топта ресурстарға шолу жасай отырып, заманауи бейнелеу өнерінің бірнеше бағыттарының ерекшеліктері, өкілдері, туындыларына талдау жасайды.

2. Әр түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді талдай отырып, заманауи бейнелеу өнері туындыларының визуалды элементтерінің ерекшеліктерін анықтайды.

3. Поп-арт бағытының пайда болуына түрткі болған себеп-салдарды зерттейді.

4. Поп арт стилінде орындалған коллаждарды салыстырады. Берілген жұмыстардағы идеялар мен тақырыптарды топта талқылайды. Өз жұмысында поп арт стилін қалай қолдануға болатынын анықтайды.

5. Заманауи бағыттағы экспрессионизм, кубизм, сюрреализм, абстракті экспрессионизм, поп-арт бағытындағы суреттердің бейнелеу әдістерін, олардың ерекшеліктерін талқылайды.



2.16.4 Сурет- Поп-Арт

Сонымен, «Көркем еңбек» пәні мазмұны негізінде білім алушылардың бойында Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында анықталған базалық құндылықтарды қалыптастыру және оқытудың құндылыққа бағдарланған тәсілін келесі талаптар түрінде тұжырымдауға болады:

- білім алушы тұлғасы құндылықтарды тасымалдаушы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, қазақстандық патриотизм, азаматтық

жауапкершілік, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне құрмет, ынтымақтастық және басқа да әлеуметтік маңызды құндылықтарды бойына сіңіреді.

- білім алушы тұлғасының жалпы адамзаттық құндылықтарға көтерілуін қамтамасыз етуге негізделген оқытудағы педагогикалық әдіс тәсілдерді дұрыс саралаудың маңыздылығы.
- білім алушы іс-әрекетінің әрбір түрінде құндылық-бағдарлы компонент қарастырылып, жүзеге асырылуы тиіс.

Бірлік және ынтымақ құндылын тәрбиелеу мақсатында көркем еңбек пәнінен 7 сыныптарда «Өнердегі заманауи стильдік бағыттарды зерттеу негізінде тәжірибелік жұмыс орындау» тақырыбында сабақ өтті. Қоғамның, әсіресе, ғылымның дамуы бейнелеу өнерінде өз заманына сай жаңа бағыттардың пайда болуына ықпал етеді. Оқушылар арасында өзара ынтымақтастық, жеке тұлғаның пікірін ескеру және әрбір ойдың құндылығын құрметтеп, шешім қабылдай білу, жауапкершілік, жаңаны тануға құштарлығын оятып, өнерге деген қызығушылығын дамыту мақсатында жасалған шығармашылық жұмыстарында оқушылар белсенділік танытты.

Көркем еңбек пәні мұғалімі ретінде оқушылармен ұлттық құндылықтарды ұлықтап, болмысымызды өзгелерге насихаттау мақсатында оқушылардың шығармашылығын дамыту жолында жұмыс жасаймыз. Мұндағы басты мақсат бүгінгі ұрпақтың кешегі ата-бабадан жалғасып келе жатқан ұлттық салт - сана, әдеп - ғұрып, дәстүрдің тамаша үлгісін келешекке жеткізуіне дәнекерлік жасау. Көркем еңбек пәнінде көздеген мақсатқа жету үшін біршама міндеттер қарастырамыз. Құр теориямен балалар ешқашанда табысты нәтижеге жетпесі анық. Сол себепті көркем еңбек сабағында мектебіміздегі мүмкіндіктер мен жағдайға сәйкес ағашпен, теріден, түрлі табиғи материалдармен жарамсыз болып қалған заттардың қалдығынан, қаңылтырмен, саз балшықпен жұмыс жасап, оқушылардың өзіндік қабілеттері мен қызығушылықтарын жетілдіре білуіне қолайлы жағдай туғызамыз. Пәнге деген қызығушылығын танытып, айырықша шығармашылық қабілетін байқата білетін оқушыларымыз баршылық. Оқушылардың сол ынтасын жігерлендіріп, адал еңбек жасап дағдылану арқылы абыройға жетулеріне, болашақта кәсіптің көзін ашып, өз өмірінің бағдарын сол кәсіптен табуға үйретудеміз.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтары. Жалпыға міндетті білім стандартына сай көркем еңбек пәні болашақ ұрпақты өмірге икемдеу мақсатын көздеп, кәсіби тұрғыда теорияны тәжірибе жүзінде шыңдап, әр адамның еңбек жасай білуінің өмірлік маңызын қамтамасыз етеді. «Ұлттық қолданбалы өнер – оқушылардың шығармашылығын дамытудың негізі» тақырыбында жұмыс жасай жүріп, осы тұрғыда пәнді оқыту барысында оқушылардың шығармашылық, дүниетанымдық, эстетикалық талғамдарын

қалыптастырып, қызығушылықтарын арттыру арқылы олардың өмірге бейімделіп, еңбек жасай білуге қабілеттерін арттырады.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылықтарды жетілдіру құндылықтарын білім алушылардың бойларына сіңдіру үшін «Мүсін өнері» бөлімінде саз балшықпен жұмыс жасауды мақсатты түрде қолға алдық. Саз балшықтан тұрмыстық қажеттілікке жарайтын дүниелер жасау, көркемдік мақсатында оларды әшекейлеу сынды жұмыстар атқарып, саз балшықпен жұмыс жасаудың қыр-сырын оқушыларға меңгертіп, өз беттерімен еңбек жасауға дағдыларын икемдеп, бағыт берудеміз. Осыған дейін де «Қолөнер –өркениет керуені», «Этностильде қолөнер – ұрпақ арасындағы үндесу алаңы» тақырыптарында мектебімізде ұйымдастырылған саз балшықтан жасап жатқан қолөнерімізді көрсетіп, іс- тәжірибе алмастық.

Еңбек құндылығын тәрбиелеу үшін көркем еңбек пәнінде білім алушыларды жалықпай еңбек жасай білуге машықтандыру арқылы олардың ой-санасын еңбекпен шынықтырып, қолөнер арқылы адамгершілік-рухани жан дүниесін нұрландыру арқылы ізгілікке жетелейміз. Осы жерде адамгершілік және рухани құндылықтарды басшылыққа аламыз. Әлі де уақыт еншісінде мектеп білім алушыларының еңбек жасау дағдысын одан сайын арттырып, ерінбей еңбек жасай білудің абыройға жеткізіп, өмірлеріне жарқын жол ашатынын түсіндіріп, қолөнерді дамытуға ұлт пен ұрпақтың жолында үлес қосып еңбек етеміз деген ойдамыз.

Визуалды өнер бөлім бойынша төмендегі тақырыптарды өткен кезде (Бейнелеу өнеріндегі көркем құралдары. Бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары. Классикалық өнердің үздік туындылары. Қазақстандық суретшілердің шығармашылығы. Натюрморт өнері. Ұлттық сәндік натюрморт) міндетті түрде мәдениет жәнедәстүрқұндылықтарымен қоса ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттегі өнерінің шығармаларымен таныстыру арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастырамыз.

Бірлік және ынтымақ құндылықтарын топтық жұмыста, бірлескен шығармашылық жұмысты орындау және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесінің қалыптасу барысында іске асыруға болады.

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығы өзінің көркем жұмысын ұйымдастыра білу, мақсатын анықтау, жұмыс кезеңдерін айқындау, қажетті құралдарды табу, өз жұмысының нәтижесін бақылау және бағалай алуөз идеясы мен жұмысына қатысты түсініктеме беру және конструктивті ұсыныс қабылдау, әртүрлі жағдаяттарда тиімді және бірегей шешім таба білу кезеңінде іске асады.

Көркем – шығармашылық пен кеңістік ойлау, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін визуалды және тактильді өнер тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттігін қалыптастыру кезінде Бірлік және ынтымақ,

жаңашылдық және жасампаздық құндылықтар мақсатты түрде жалғасын табады.

Бірлік және ынтымақ құндылықтарды дарыту арқылы оқушылардың құзыреттілігін қалыптастырып, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелейміз.

Көркем еңбек сабағында оқушыларды қолөнер арқылы ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу күн тәртібіне түскен емес.

Көркем еңбек сабағының мақсаты: қолөнердің барлық салаларын бағдарламаға енгізіп, ұлттық педагогиканың негізінде шәкірттерге білім мен өнегелі тәрбие берудің тиімділігін көрсету тиіс. Көркем еңбек пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз: еңбекқорлыққа, ұлтжандылыққа, рухани мәдениетке, іскерлікке, табандылыққа, шыдамдылыққа, ізденімпаздыққа және жаңашылдыққа. Осы тұрғыда бірлік және ынтымақ пен дәстүр құндылықтары іске асады. Әсіресе отбасы құндылықтары, себебі сәндік – қолданбалы өнердің туындыларының тәлім-тәрбиелік мәні ерекше. Қазір 6 сыныптарда «Зергерлік бұйымдар» тақырыбын өтіп жатырмыз. Қыз баланың тәрбиесіне байланысты зергерлік бұйымдардың маңызы зор екенін баланың санасына жеткізу – пән мұғалімінің міндеті екенін есімізден шығармаймыз. Сол сияқты 5, 6, 7 сыныптардағы ер балалардың жұмыстарының ерекшелігі жөнінде ақпарат берген кезде мақсатты түрде әке тәрбиесі, жанұядағы ұл бала үшін әкенің рөлі, әкенің сөзбен емес, іспен тәрбиесі жөнінде әңгіме міндетті түрде жалғасын табады.

Қолөнердің тәрбиелік мәні арқылы оқыту кезеңінде өнерге, өзіне деген көзқарасын, білімін, біліктілігін арттырып, шығармашылыққа баулимыз. Әр оқу пәні оқушы алдында мүмкіндігінше еңбек пен мамандықтар әлемін ашады. Бұл мүмкіндік әсіресе технология пәнінде жүзеге асырылады.

Көркем еңбек – шеберлік, іскерлік, білгірлік мектебі. Осы жерде еңбек құндылықтары іске асады.

Ұлттық құндылықтар, сол сияқты Тәуелсіздік және отаншылдық құндылықтарды тәрбиелеу мақсатында отан сүйгіштік сана - сезімнің қалыптасуына байланысты шығармашылық тапсырмалар орындау барысында іске асады, мысалы Конституция күніне, 25 қазан – Республика күніне, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне, рәміздерді бейнелеу барысында)

Ал, патриотизмнің рухани жағына келер болсақ, өз халқыңның тарихын және оның жас ұрпаққа үлгі етер жақтарын білу, халқыңның біртуар ұлдары мен қыздарын мақтаныш ету, олардың ерлігі мен жетістіктерін әлемге паш ету қазіргі әлемдік бәсекелестік жағдайында патриотизмге тәрбиелеудің маңызды элементі екені түсінікті. Дегенмен, ақпараттық технологиялардың дамуы өскелең

ұрпақтың өзге елдің арзан мәдениеті мен отансүйгіштік сезіміне, ұлттық санасына тосқауыл қоятын идеологиясымен уланууына себепші болуда. Осындай жағдайда этномәдени тәрбие беру, ұлттық салт-дәстүрлерді заманауи құралдар арқылы насихаттау мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек, сонда ғана жастрды отансүйгіштікке тәрбиелей аламыз және патриотизм құндылықтарын тәрбиелейміз.

Демек, бүгінгідей цифрландыру заманында қазақстандықтарды патриотизмге тәрбиелеу, қалың көпшіліктің отансүйгіштік санасын қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Өкінішке қарай, кейбір жастар отансүйгіштік сезімін өзіне өмір сүруге қолайлы жерге немесе мәдениетке айырбастап жатады. Сол себептен, ұлттық құндылықтардың бірі ретінде отансүйгіштік сезімін балабақшадан бастап тәрбиелеу елдің болашағын тәрбиелеудің негізі болып табылады. Сонда ғана қазақстандық патриотизм ұлттық құндылықтың іргетасына айнала алады

Бүгінгі таңда табандылық пен сенімділік құндылықтарды тәрбиелеу өзекті мәселенің бірі. Баланың алғашқы ұстазы бала демекші, отбасы балаға дұрыс тәрбие беру керек. Бірақ бұл мәселе пән мұғалімінің де құзіреттілігінде. Мінез – мысалы, батылдық, табандылық, алған бетінен қайтпау, төзімділік, сенімділік және адалдық өз қызметін табысты ұйымдастыру және осындай күрделі дүниеде барынша максималды нәтижеге жету үшін балаға жан – жақты тәрбие беру керек. Көркем еңбек сабағында ағашты көркемдеп өңдеу барысында меніңше табандылық пен сенімділікті баланың санасына сіңдіруді іске асыруға болады. Жұмыр ағашты қашаумен өңдеудің өзі өте күрделі процесс. Баланың бойына ағашты өңдеу дағдысын қалыптастыру үшін міндетті түрде шыдамдылық пен еңбексүйгіштік, сенім мен табандылық қажет. 5 сыныптан бастап 9 сыныпқа дейін бірте-бірте қалыптасатын дағды тек табандылықтың арқасында іске асады. Бүгінгі таңда компьютер мен телефонның баланы еңбекке баулу өте күрделі процесс. Әрине, компьютердің көмегі шексіз, бірақ блгілі бер мөлшерде болу керек. Жоғары сыныпта ағаш пен темірді ұстазы арқылы меңгерген оқушының сөзсіз табандылығы мен сенімі мықты болады. Әсіресе сенімі, себебі ол еңбегінің нәтижесінде ұлттық бұйым жасауды үйреніп, атакәсіпті жалғастыру мақсатында өнерге бір табан жақындады, демек ол баланың мамандық таңдау кезінде де өзіне сенімділігі мол болады.

Мәдениет адамның өзін-өзі тану және қарым-қатынас өлшемін көрсетеді. Мәдениетте адамның сыртқы және ішкі әлемді игеруінің, оның қалыптасуы мен дамуының белсенді тәсілі көрінеді. Мәдениет денсаулық туралы белгілі бір білім жүйесін ғана емес, сонымен бірге моральдық принциптерге негізделген оны сақтау және нығайту үшін тиісті мінез-құлықты білдіреді.

Денсаулық – құндылықтардың иерархиялық баспалдағында, сондай-ақ адамның мүдделері мен мұраттары, үйлесімділік, сұлулық, өмірдің мәні мен

бақыты, шығармашылық жұмыс, бағдарлама және өмір ырғағы сияқты категориялар жүйесінде жоғарғы сатыны алатын табиғи, абсолютті және тұрақты өмірлік құндылық. Халықтың әл-ауқатының өсуіне, оның табиғи бастапқы қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты денсаулықтың салыстырмалы құндылығы артып келеді. Осындай әңгімені балалармен үнемі жүргізу керек, әрине ситуацияға қарай.

«Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру бағдарламасының идеяларын басшылыққа ала отырып, оқушылар өнердің кең ауқымын бағалауда өз дағдыларын жетілдіріп, адамдардың құндылықтарын, қарым-қатынастары мен арман-қиялдарын бейнелеу өнері арқылы бейнелеуге болатыны туралы түсініктерін кеңейтеді. Олар өздерінің көркемдік дағдыларын дамытып, шығармашылық шешімдерге жетелейтін өнер туындыларын жасауға қажетті мүмкіндіктерін арттырып, өздерінің көркем туындыларын дүниеге әкелуді жоспарлай білу қабілетін жетілдіретін болады. «Көркем еңбек» пәні үшін кез келген ықпал ету білім алушылардың уәжін қолдауға, олардың білімі мен дағдыларының дамуына, өзін-өзі бағалау қабілетіне, оқу үдерісі мен нәтижесін дамыту үдерісіне сындарлы әрі сергек түрде ықпал ету маңызды болмақ.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын музыка пәні сабағына кіріктіру

Музыка пәні
Бөлімі: Қазақ халқының музыкалық мұрасы
Сабақтың тақырыбы:
Қазақ халық әнінің әуенділігі
Сырлы ән «Бір бала»
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:
5.1.1.1 – музыканың түрін, стилі мен жанрын, музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау;
5.1.2.1 – дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау;
5.1.2.3 – қазақ халқының және әлем халықтары музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау;
5.1.3.1 түрлі әндерді орындау барысында музыканын көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу
Сабақтың мақсаты:
Қазақ халқының музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтап, тыңдалған шығарманы талдайды, музыканың стилы мен жанрын анықтайды.
Құндылық:

Тәуелсіздік және Отаншылдық. Өз елінің тарихын таныта отырып, Отаншылдыққа тәрбиелеу.

Жасампаздық және жаңашылдық. Ән орындауда шығармашылық қабілет дамиды. Халық әндері арқылы туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық мәдениетке құрмет қалыптасады.

1-тапсырма.

Тыңдалым. Бейнеролик.



1.17 Сырлы ән «Бір бала»

Сұрақ қою арқылы жаңа тақырыпты ашамыз. Оқушылар өз идеяларын ортаға салады.

- Ән дегеніміз не?

-Жанр дегенім не?

-Жанрлар қалай бөлінеді?

(бейнероликке сай қосымша сұрақтар қойылады)

Ән өнері халқымыздың сарқылмас қазынасы. Ән адамның көңіл күйі, қуанышы мен мұңы. Әуезді сырлы әндер ғана бүгінге дейін жетіп, өз мағынасы мен мазмұнын өзгеріссіз жеткізіп отырған. Ондай әндердің бірі халық әндерінің бірі «Бір бала» әнін тыңдаймыз.

«Бір бала» әнінің эстрадалық және классикалық заманауи түрленген түрін тыңдап әннің сипатына мінезіне назар аударады. Халық әндері арқылы туған жерге сүйіспеншілік, ұлттық мәдениетке құрмет қалыптасады.

2-тапсырма:

Халық әні «Бір бала» әнін талдайды. Адалдық – ән мәтінінің мағынасын шыншыл жеткізу.

Құрмет – халықтық дәстүр мен өнерге деген сыйластық.

3-тапсырма. Өздік жұмыс.

«Бір бала» әнінің сөзін кітаптан

мәнерлеп оқып, интернет желісінен тыңдап, үнтаспадағы әуенге қосылып, әннің көркем бейнесіне жеткізе отырып орындап, өз қалауыңмен әнді түрлендір.

Бөлімі

Қазақ халқының музыкалық мұрасы

Сабақтың тақырыбы:

Айтыс өнері. Қыз бен жігіт айтысы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:

5.1.1.1 - музыканың түрін, стилі мен жанрын, музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау;

5.1.2.1 – дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау;

Сабақтың мақсаты:

Дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың анықтайды және өз шығармашылығын көрсете алады.

Халқының өнерін құрметтеуге үйрету. Айтыс өнері

Әділдік және жауапкершілік

Ақындар шындықты ашық айтып, әділ пікір білдіреді.

Заң және тәртіп

Айтыста сөз мәдениетін сақтау, қарсыласты құрметтеу маңызды.

Бірлік және ынтымақ

Қоғамдық мәселелерді бірлесе талқылау мәдениеті қалыптасады.

Бөлімі: Қазақ халқының музыкалық мұрасы

Сабақтың тақырыбы: Айтыс өнері. Қыз бен жігіт айтысы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:

5.1.1.1 – Музыканың түрін, стилін және жанрын, музыкалық көркемдеуші құралдарды анықтау, тыңдалған шығарманы талдау.

5.1.2.1 – Дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканың жанры мен стилін, айтыстың түрлерін анықтау.

Сабақтың мақсаты:

Оқушылар дәстүрлі халық әндері мен аспаптық музыканы анықтай алады, айтыс өнерінің ерекшеліктерін түсінеді және өз шығармашылығын көрсете алады.

Құндылықтар: *Әділдік және жауапкершілік*

Ақындар шындықты ашық айтып, әділ пікір білдіру; оқушылар айтыс барысында өз пікірін дәлелді жеткізеді.

Заң және тәртіп

Айтыста сөз мәдениетін сақтау, қарсыласты құрметтеу, тәртіп пен этикетті сақтау.

Бірлік және ынтымақ

Қоғамдық мәселелерді бірлесе талқылау, пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру.

Халық өнеріне құрмет

Айтыс өнері мен дәстүрлі әндер арқылы ұлттық мәдениетті бағалау, өнерге сүйіспеншілік қалыптастыру.

Ой қозғау: Шығармашылық.

5-7 буынды өлең құрау:

Өлеңнің бірнеше түрлері бар. Олар буын арқылы ерекшеленеді.11буынды өлең құрау үшін алдымен 5 буынды өлең құрап аламыз.

Бала
Ала
Дала
Қала

5 буынды өлең құрау үшін әрбір сөздің мағынасына сай 3 буынды сөз тіркес табайық:

Үлкендеу бала
Киімі ала
Жүргені дала
Арманы қала

7 буынды өлең құрау үшін

-еді
- деді
-болды...сөздерін қолданамыз:

Ол үшін ұйқастырған 5 буынды өлеңімізге мағынасына сай етіп
Аталған сөзді тіркейміз:

1-тапсырма.

«Кинометофора» әдісі арқылы айтыс туралы мағлұмат беру.

2-тапсырма. Тыңдау.

1.Қалай ойлайсың қызбен жігіт айтысы өз ойларын айтыстың қай жолдарында білдірген?

2Берілген қыз бен жігіт айтысына қандай сипаттама берер едің?

3.Тыңдаған айтыста не байқадың?

Айтыс туралы мәлімет



1.17. Айтыс туралы ақпарат

Қыз бен жігіт айтысы — айтыс өнерінің бір түрі. Бұл айтыстың басқа айтыстардан негізгі айырмашылығы — айтысқа түскен қыз бен жігіт арасында әзіл-қалжың, сондай-ақ әлеуметтік жағдай көбірек сөз болады. Қыз бен жігіттің өнер жарысы кейде қайымдасу не жұмбақтасу түрінде болады. Мысалы, Әсет пен Ырысжанның, Үлбике мен Күдерінің айтыстарының озық үлгілеріне жатады. Сара Біржанмен айтысқанда «Тамағым жас баланың білегіндей, Иығым тік сандалдың терегінде, Бет алдым қоңыр қаздың кеудесінде, Тал бойым жолбарыстың жүрегіндей», - деп айтыс өнерінің көркемдік деңгейі жоғары болатынын дәлелдей түседі. Сүйінбай – Күнбала, Үлбике – Күдері, Біржан –

Сара, Әсет – Ырысжан, Жамбыл – Салиқа, Омарқұлов –Тәбия, Ләтипа – Кенен, Әжек – Шәріп жамал, Мұсабек пен Манат, т.б. айтыстар Қыз бен жігіт айтысының шынайы үлгілері.



1.1.17-сурет. Қыз бен жігіт айтысы.

3-тапсырма. Тыңдалым

Бейнероликтен қайым айтыс туралы сюжет көреміз.

Сөз айтайық көшелі,
Мерейің сонда өседі,
Бабаларым шетінен,
Ақын болған кешегі.

Балалар осы төрт жолды әуенге қосып орындап көрейік.

Оқушыларға 5-7 буынды өлең құрауға үйрету, қызығушылықтарын арттыру.

Шығармашылық жұмыс жасайды

Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді.

Қыз бен жігіт айтысын тамашалап, төмендегі сұрақтарға жауап береді.

Қайым айтыс туралы түсінік алады.

Оқушылар микрофон арқылы өз пікірін білдіреді.

Сабақ арқылы оқушылар әділдік, жауапкершілік, тәртіп және ынтымақтастық сияқты «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын бойына сіңіреді. Сонымен қатар, ұлттық музыкалық мұраны танып-білу арқылы шығармашылық қабілеттері дамып, халық өнерін құрметтеуге үйренеді.

Сабақтың тақырыбы: Орган музыкасы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:

6.1.1.1 – Тыңдаған музыкалық шығарманы талдау және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтау.

6.1.2.1 – Классикалық музыка жанрлары мен түрлерін анықтау.

6.1.3.1 – Әуеннің көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізе отырып, екі дауыспен немесе канон элементтерін қолдана отырып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау.

Сабақтың мақсаты:

Музыкалық шығарманы талдайды және өнердің түрлері, стилі мен жанрларын, сонымен қатар өнердің өзге түрлерімен байланысын анықтайды.

Классикалық музыка жанрлары мен түрлерін ажыратады.

Құндылық:

Тәуелсіздік және Отаншылдық

Қазақстандағы орган аспабының тарихы мен оның еліміздегі мәдени маңыздылығын атап өту арқылы оқушыларда ұлттық мақтаныш сезімін ояту.

Жасампаздық және жаңашылдық

Классикалық музыканың шығармаларын тыңдау арқылы шығармашылық ойлау мен жаңашылдыққа ынталандыру.

Білім алушылар классикалық музыканың жанрлары мен түрлерін анықтап, симфониялық оркестрлер мен музыкалық аспаптардың дыбысталу ерекшеліктерін ажыратады. Қазақстанның кәсіби музыкасы арқылы ұлттық өнерге адалдық, тарихи сананы құрметтеу және мәдени мұраға жауапкершілікпен қарау құндылықтары қалыптасады. Жобалық жұмыстарды жоспарлау мен таныстыру барысында оқушылар еңбексүйгіштікке, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға және өзгенің еңбегін әділ бағалауға үйренеді.

5–9 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнін оқытудағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын кіріктіру тәсілдері

«Дене шынықтыру» пәні білім алушылардың физикалық дамуын ғана емес, сонымен қатар олардың денсаулыққа жауапты көзқарасын, өмірлік дағдыларын, табандылық пен жауапкершілік, ынтымақтастық пен патриотизм сияқты базалық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады. Пән мазмұны Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айқындалған құндылықтар жүйесімен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Жалпы құндылықтарға қол жеткізу тетіктері

- топтық және командалық жұмыстар;
- жеке жетістікке бағытталған мақсат қою;
- өзін-өзі бағалау және рефлексия;
- жарыс және ойын элементтері;
- ұлттық спорт түрлерін қолдану;
- қауіпсіздік пен денсаулық сақтау талаптарын сақтау.

5-сынып

Тақырыбы: Қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған жалпы дамыту жаттығулары

Оқу мақсаты: 5.1.1.1 – дене жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс дағдыларын меңгеру және қауіпсіздік ережелерін сақтау

Құндылық: Бірлік және ынтымақ

Құндылыққа қол жеткізу: Білім алушылар жаттығуларды дұрыс орындау арқылы денсаулықты нығайтудың маңызын түсінеді, дене белсенділігінің ағзаға оң әсерін сезінеді, қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыланады және салауатты өмір салтына жауапкершілікпен қарау қабілетін қалыптастырады.

5-сынып

Тақырыбы: Қауіпсіздік техникасы және дене жаттығуларын дұрыс орындау

Оқу мақсаты: 5.1.1.2 – дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік ережелерін сақтау

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

Құндылыққа қол жеткізу: Білім алушылар өз денсаулығы мен өзгелердің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауды үйренеді, жарақаттың алдын алу дағдыларын меңгереді, қауіпсіз орта қалыптастырудың маңызын түсінеді.

Қауіпсіздік техникасын сақтау және дене жаттығуларын дұрыс орындау барысында оқушылар өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Сабақтағы қауіпсіздік ережелерін орындау арқылы жарақаттың алдын алып, өзіне және өзгелерге қауіп төндірмеудің маңызын түсінеді. Жаттығуларды дұрыс техникамен орындау денсаулықты нығайтуға ықпал етіп, салауатты өмір салтын ұстануға бағыттайды. Осылайша оқушылар жауапкершілік пен денсаулық құндылықтарын күнделікті іс-әрекетінде қолдана білуге дағдыланады. Ссылка:

6-сынып

Тақырыбы: Жеңіл атлетика элементтері (жүгіру, секіру, лақтыру) Оқу мақсаты: 6.2.3.1 – жеңіл атлетика жаттығуларын орындауда қозғалыс техникасын жетілдіру

Құндылық: Заң мен тәртіп

Құндылыққа қол жеткізу: Жаттығуларды жүйелі орындау барысында білім алушылар өз мүмкіндіктерін бағалауды, алға қойған мақсатқа жету үшін табандылық танытуды үйренеді. Жеке нәтижелерін жақсарту арқылы өз күшіне деген сенімі артады.

Жеңіл атлетика элементтерін (жүгіру, секіру, лақтыру) меңгеру барысында оқушылар қозғалыс техникасын үнемі қайталап, жетілдіру арқылы табандылық танытады. Әр жаттығуда өз қателіктерін түзетуге ұмтылып, нәтижесін жақсарту үшін еңбектену табандылықты қалыптастырады. Жаттығуларды дұрыс әрі сапалы орындау оқушылардың өз күшіне деген сенімділігін арттырады. Өз

жетістігін сезіну арқылы олар алға қойған мақсаттарына сеніммен қадам басуға үйренеді.

6- сынып

Тақырыбы: Төзімділікті дамытуға арналған жаттығулар

Оқу мақсаты: 6.1.3.1 – физикалық жүктемелерді орындау барысында төзімділікті арттыру

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

Құндылыққа қол жеткізу: Жаттығуларды жүйелі орындау арқылы білім алушылар қажырлы еңбек пен табандылықтың нәтижеге жеткізетінін түсінеді, қиындықты жеңе білу қабілеттерін дамытады.

Төзімділікті дамытуға арналған жаттығуларды орындау барысында оқушылар физикалық жүктемелерді біртіндеп арттырып, тұрақты еңбектену арқылы еңбекқорлыққа тәрбиеленеді. Қиын жаттығуларды шыдамдылықпен орындау, шаршауға қарамастан тапсырманы соңына дейін жеткізу табандылық пен жауапкершілікті қалыптастырады. Жаттығуларды дұрыс техникамен, белгіленген талаптарға сай орындау арқылы оқушылар кәсіби біліктіліктің бастапқы дағдыларын меңгереді. Бұл олардың дене дайындығын саналы әрі тиімді түрде дамытуына ықпал етеді.

7-сынып

Тақырыбы: Командалық спорттық ойындар (футбол, волейбол, баскетбол)

Оқу мақсаты: 7.3.1.1 – командалық ойындарда тактикалық әрекеттерді қолдану және өзара әрекеттесу

Құндылық: Бірлік және ынтымақ

Құндылыққа қол жеткізу: Командалық ойындар арқылы білім алушылар серіктестерін құрметтеуді, ортақ мақсатқа бірлесе жетуді, өзара көмек көрсетуді және жауапкершілікті бөлісуді үйренеді. Әр ойыншының үлесі маңызды екенін түсінеді.

Командалық спорттық ойындар (футбол, волейбол, баскетбол) барысында оқушылар тактикалық әрекеттерді бірлесе орындау арқылы өзара түсіністік пен ынтымақтастықты дамытады. Ортақ жеңіске жету үшін әр ойыншының рөлін құрметтеу, бір-біріне сенім арту және қолдау көрсету бірлік құндылығын қалыптастырады. Команда ішінде келісіммен әрекет ету, тиімді қарым-қатынас орнату және жауапкершілікті бөлісе білу оқушылардың ынтымақта жұмыс жасау дағдыларын нығайтады.

8-сынып

Тақырыбы: Ұлттық спорт түрлері (қазақша күрес, асық ату, тоғызқұмалақ)

Оқу мақсаты: 8.3.2.1 – ұлттық спорт ойындарының ережелері мен ерекшеліктерін сақтау арқылы орындау

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Құндылыққа қол жеткізу: Ұлттық спорт түрлерін меңгеру арқылы білім алушылар ата-бабадан қалған мәдени мұраның маңызын түсінеді, ұлттық құндылықтарға құрметпен қарайды және отансүйгіштік сезімі қалыптасады.

Ұлттық спорт түрлері (қазақша күрес, асық ату, тоғызқұмалақ) арқылы оқушылар өз халқының мәдениеті мен дәстүрін тереңірек түсінеді. Ойын ережелерін сақтай отырып, олар әділдікпен және жауапкершілікпен әрекет етуді үйренеді, бұл өз елінің құндылықтарын құрметтеуге әкеледі. Ұлттық спортпен айналысу арқылы оқушылар Қазақстанның тәуелсіз мемлекет екенін сезініп, өз еліне деген мақтаныш пен отаншылдық сезімін нығайтады.

9-сынып

Тақырыбы: Дене дайындығын бағалау және жеке жаттығу бағдарламасын құру

Оқу мақсаты: 9.1.4.1 – жеке физикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, дене дайындығын арттыруға арналған жаттығу жоспарын жасау

Құндылық: Жаңашылдық және жасампаздық

Құндылыққа қол жеткізу: Білім алушылар өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды, жеке даму жоспарын құруды және өмір бойы белсенді өмір салтын ұстанудың маңызын түсінеді. Өзін-өзі бақылау мен рефлексия дағдылары қалыптасады.

Дене дайындығын бағалау және жеке жаттығу бағдарламасын құру барысында оқушылар өздерінің физикалық мүмкіндіктерін талдап, оларға сәйкес тиімді жаттығу жоспарын жасайды. Жеке бағдарламаны құру кезінде шығармашылық тұрғыдан ойлау, жаңа тәсілдер мен жаттығуларды енгізу арқылы жаңашылдық қабілеттерін дамытады. Жаттығуларды жоспарлау мен орындау кезінде өз идеяларын тәжірибеде сынау, нәтижелерін бағалау арқылы жасампаздық дағдысы қалыптасады, бұл оқушылардың өз денсаулығы мен физикалық дамуын саналы әрі креативті басқаруға мүмкіндік береді.

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНЕ КІРІКТІРУ ТӘСІЛДЕРІ

Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Қазақ тілі» пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Сынып: 10

Тақырып: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет.

Оқу мақсаты: 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру

Құндылық: Заң мен тәртіп

1-тапсырма: «Мәтін панорамасы»

Берілген «Жаһандану дәуіріндегі ана тілінің мәртебесі» атты үзіндіні оқып, мәтіндегі қоғамдық-саяси мәселені анықтаңыз. Мәтіннің негізгі ойын бір сөйлеммен тұжырымдап, оны қазіргі жаһандық тілдік мәселелермен байланыстырып дәлелдеңіз.

Дескриптор:

Мәтінді талдау	Мәтіндегі қоғамдық-саяси мәселені дұрыс талдайды
Мәтіннің негізгі ойын анықтау	Мәтіннің негізгі ойын анықтайды
Мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселемен байланыстыру	Көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстырып, аргумент келтіреді

2-тапсырма: «Сөз әдебі – заң айнасы»

«Қоғамдық орындардағы сөйлеу мәдениеті және құқықтық жауапкершілік» тақырыбында эссе-пайымдау жазыңыз. Сөз мәдениетінің бұзылуы (балағат сөздер, біреудің намысына тию) қалайша «Заң және тәртіп» қағидасына қайшы келетінін түсіндіріңіз. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі тиісті баптарға (мысалы, ұсақ бұзақылық) жанама сілтеме жасай отырып, негізгі ойды анықтаңыз, сөз мәдениетінің мемлекеттік тәртіпті сақтаудағы маңызын ашыңыз.

Дескриптор:

Сөз мәдениетін талдау	Сөз мәдениеті мен заң нормаларының байланысын талдайды
Құндылықты негіздеу	«Заң және тәртіп» құндылығының қоғамдық қатынастардағы рөлін негіздейді
Өз ойын дәлелдеу	Өз ойын заңдық және этикалық тұрғыдан дәлелдейді
Негізгі ойды анықтау	Негізгі ойды анықтайды

3-тапсырма: «Тәртіптің тілі»

Мемлекеттік қызметкерлер мен азаматтар арасындағы ресми-іс қағаздар стилі мен сөйлеу этикасын зерттеңіз. Неліктен ресми қарым-қатынаста сөз мәдениетін сақтау «Заң мен тәртіптің» алғышарты болып табылады? «Әдепті сөйлеу – құқықтық мәдениеттің негізі» тақырыбында шағын үндеу (манифест) дайындаңыз.

Дескриптор:

Стилді анықтау	Ресми сөйлеу стилі мен құқықтық мәдениеттің байланысын анықтайды
Үндеу құрастыру	«Заң және тәртіп» құндылығын насихаттайтын үндеу құрастырады
Ойды дәлелдеу	Сөз мәдениетінің қоғамдық тұрақтылыққа әсерін дәлелдейді

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

10-сынып

Сабақтың тақырыбы: Д.Исабеков «Әпке» драмасы

Сабақтың мақсаты: 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету

Құндылық: Әділдік және жауапкершілік

«Әпке» драмасынан үзінді

(Сахнада: Үй іші. Омар қалаға кетпекші болып, чемоданын жинап жатыр. Қамажай оған үнсіз мұңмен қарап тұр).

Омар: *(Күйгелектеніп)* Болды, әпке! Мені тоқтатудың қажеті жоқ. Менің де өз өмірім бар. Жиырмадан астым, бірақ әлі күнге дейін сіздің айтқаныңызбен жүріп, сіздің сызған сызығыңыздан шыға алмай келемін. Бұл – әділетсіздік!

Қамажай: *(Дауысы дірілдеп)* Әділетсіздік? Омар-ау, менің «өз өмірім» қайда қалды сонда? Әке-шешемізден айырылғанда, сендерді жетімдер үйіне бермей, бауырларым тарықпасын деп жастығымды құрбан еткенім әділетсіздік пе еді? Менің иығымдағы жауапкершілік – сендердің амандықтарың болатын.

Омар: Иә, сіз бізді бақтыңыз, қақтыңыз. Оған рақмет! Бірақ енді әрқайсымыз өз жолымызбен кетуіміз керек қой. Мен жаспын, маған еркіндік керек!

Қамажай: Еркіндік – жауапкершіліктен қашу емес, Омар. Әділдік – тек өз құқығыңды айғайлап сұрау емес, айналаңдағы жақындарыңның алдындағы қарызыңды ұмытпау. Егер сен қазір мына шаңырақты тастап кетсең, артыңдағы іні-сіңлілеріңе кім үлгі болады? Олардың ертеңіне кім жауап береді?

Омар: *(Төмен қарап)* Менің де шаршайтын кезім болады...

Қамажай: Шаршау – бәрін тастап кетуге сылтау емес. Біз – бір бүтінбіз. Егер әрқайсымыз тек өз қара басымыздың пайдасын ойласақ, бұл үйдің берекесі қайда қалады? Әділдік пен жауапкершілік – біздің шаңырақты ұстап тұрған қос діңгек, бауырым.

1-тапсырма. Монолог құрау (жауапкершілік құндылығы)

Берілген үзіндідегі Қамажайдың сөзіне сүйеніп, «Жауапкершілік – отбасының тірегі» тақырыбында публицистикалық стильде монолог дайындаңыз.

Дескриптор

№	Бағалау критерийі	Дескриптор
1	Өмірмен байланысы	Мақал-мәтелдер қолданады
2	Құндылықтар	Жауапкершілік құндылығын басты орынға қояды
3	Стиль түрлерін сақтауы	Публицистикалық стиль талаптарын (риторикалық сұрақтар, екпін) сақтайды

3-тапсырма Диалог құру (Әділдік құндылығы)

Омардың «Әділдік қайда?» деген сұрағына жауап беретіндей, қазіргі заман оқушысы мен Омар арасындағы диалогты құрастырыңыз.

№	Бағалау критерийі	Дескриптор
1	Өмірмен байланысы	Сөйлеу этикеті нормаларын (сөзді бөлмеу, дәлелмен сөйлеу) сақтайды
2	Құндылықтар	Әділдік құндылығын кейіпкерлердің позициясы арқылы ашады орынға қояды

11-сынып

Сабақтың тақырыбы: Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

Оқу мақсаты: 11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау;

Құндылық: Бірлік пен ынтымақ

3.7-кесте. 1-тапсырма. «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіндегі үзіндіге сәйкес берілген кестедегі сөздер мен әрекетті және мағынасын сәйкестендіріңіз және мәтіндегі сипаттамалардың қолдану мақсатын талдаңыз:

Үзіндідегі **кейіпкерлердің сөздері мен әрекеттері**	Сөздер/әрекеттердің **мағынасын немесе мақсаты**
А1. «Қоныс жайлы болсын» – деген дауысқа жалт қарасам, ақ күмістей ұзын сақалы кеудесін жапқан қария қарап тұр екен	В3. Қожайынның ақшаны жылдам алуға деген асығыстығын, адамгершіліктен гөрі пайданы бірінші орынға қоюын сатиралық тұрғыдан көрсету

А2. – Е-е, балам менсінбей тұрсың-ау, ә! «Ер жігіт бір терінің ішінде неше арып, неше семіреді». Біз де жүрміз ғой! – деді солқ-солқ күліп	В1. Қоғамдағы баспана тапшылығының қаттылығын және адамдардың қиын жағдайда шыдамдылық танытуын көрсету үшін айтылған
А3. – Алсаңдар осы үй бос, он мың теңге, қарап тұратын уақыт жоқ, тез шешіңдер. (қожайын әйел)	В5. Көршілердің қабырғаның жұқалығынан бөлмелердің бір-біріне жалғасқанын, жеке өмірдің жоқтығын әзілмен ашу
А4. – Аяғым ісіп кетті, жетім бұрышқа енді бармай-ақ қояйықшы. Өкшем ойылып қалды-ау деймін, удай ашып тұрғаны	В2. Жас жұбайлардың шаршағанын, физикалық ауырсынуын бейнелеу арқылы пәтер іздеудің қаншалықты ауыр екенін ашу
А6. – Терезе жоқ,– деген әйел дауысы шықты қыртыс қабырғаның ары жағынан. ... – Терезе жоқ,– деп қарқылдап күлді ер мен әйел	В6. Қарияның өмірлік тәжірибесі мен оптимизмін көрсету арқылы жас жұбайларға жұбату беру, бірақ шындықтың ауырлығын жасырмау
А5. – Мына үйде бір нәрсе жетіспейді... Бір нәрсе ғана жоқ. (келіншегі)	В4. Үйдің нашарлығын, тұрмыс жағдайының төмендігін күлкі арқылы ашу және абсурдтық жағдайды күшейту

Дескриптор:

№	Бағалау критерийі	Дескриптор
1	Құндылықты негіздеу	Бірлік пен ынтымақ
	Тұжырым жасау	– мәтінді мұқият оқиды – кейіпкерлердің сөздерін түсінеді
	Талдау	мәтіндегі сипаттамалардың қолдану мақсатын талдайды

3.8-кесте. 2-тапсырма: Берілген кестеге сәйкес үзіндіні оқи отырып, деректерді анықтап және талдаңыз.

Пәтердің жалға алу бағасы	Үйдің жағдайы	Тұрғындардың алдыңғы әдеттері	Отбасының бірлігі көрініс табатын сөйлем

Дескриптор:

№	Бағалау критерийі	Дескриптор
2	Құндылықты негіздеу	Отбасының бірлігі
	Тұжырым жасау	– үзіндіге сәйкес берілген бөліктерге мысал жазады – өз ойын дәлелдей алады

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Қазақ әдебиеті пәні» пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

10-сынып

Сабақ тақырыбы: М. Сәрсеке «Қаныш Сәтбаев» роман-эссе.

Оқу мақсаты: 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;

Құндылық: Жаңашылдық және жасампаздық

1-тапсырма Мәтінді оқы. Қ.Сәтбаевтың Жезқазған кен орындарын зерттеудегі «ескі көзқарас» пен «жаңашылдық шешім» арасындағы айырмашылықты анықтау үшін төмендегі кестені толтырыңыз

3.1-кесте. Зерттеу нысаны

Р/с	Зерттеу нысаны	Ескі көзқарас	Жаңашыл шешім	Нәтижесі
1	Жезқазған мысы	Қоры аз, келешегі жоқ	Әлемдегі ең ірі мыс орындарының бірі	Үлкен комбинат пен қаланың салынуы
2				
3				

2-тапсырма Шығармадағы Қаныштың Мәскеуде Г.Оржоникидземен кездесуінде өз пікірін қорғаған эпизодын екі топқа бөліп талдаңыз.

1-топ «Аналитиктер»: Қ. Сәтбаевтың сол кездегі іс-әрекетінен «Жасампаздық» пен «Тәуекелге бару» белгілерін мәтіннен үзінді келтіре отырып дәлелдеңіз.

2-топ «Футурологтар»: Қ.Сәтбаевтың сол кездегі жаңашылдығы бүгінгі Қазақстанның экономикасына қалай әсер еткенін SWOT-талдау арқылы көрсетіңіздер.

3.2-кесте. SWOT-талдау Қ.Сәтбаев бейнесі және жаңашылдық

S (Strengths) – Күшті жақтары	W (Weaknesses) – Әлсіз жақтары
Ғылыми біліктілігі: Тұлғалық қасиеті: Адалдық:	Материалдық тапшылықтар: Тәжірибе алмасудың аздығы:
O (Opportunities) – Мүмкіндіктер	T (Threats) – Қауіп-қатерлер
Жаңа қмір бастауы: Экономикалық тиімділігі: Ғылыми жаңашылдығы:	Саяси жауапкершілік: Сенімсіздік:

3-тапсырма. Төмендегі сауалдарға жауап жазыңыз. Шығармашылық жұмыс:

– Егер Қ. Сәтбаев бүгінгі күні әлеуметтік желіде блог жүргізсе, ол Жезқазғанды ашқан кездегі «ескі мен жаңаның тартысы» туралы қандай жазба қалдыратыны туралы ойыңызды 2-3 сөйлеммен жеткізіңіз.

– Неге жаңашылдықтан қорықпау керек?. Ойыңызды романнан алынған 2 нақты фактімен дәлелдеп жазыңыз.

– Қаныштың сол кездегі шешімі «Бүгінгі жастар үшін жасампаздықтың үлгісі ме?» деген сауалға 3-4 сөйлемнен тұратын аргументті баға беріңіз.

11-сынып

Сабақ тақырыбы: О. Бөкей «Атау кере» повесі.

Оқу мақсаты: 11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

1-тапсырма. Повестегі Ерік пен Тағанның омарта шаруашылығындағы біліктілігі мен еңбекке деген ниетін мәтінен алған үзінділермен дәлелдеңіз, әрекеттерін салыстырыңыз.

1-топ «Прагматиктер»: Еріктің кәсіби біліктілігін талдаңыз. Ол білікті маман ба, әлде пайда қуған адам ба екенін дәйексөздермен бекітіңіз.

2-топ «Романтиктер»: Тағанның еңбекке келуі, омартадағы жұмыс кәсіп пе әлде құтылу ма екенін талдай отырып, 5 сөйлемнен тұратын аргумент жазыңыз.

Шешесінің сөзін Ерік үндемей тыңдады, не мақұлдағаны, не терістегені белгісіз. «Неге ертіп келдім» деген өкінішін сыртқа шығарған жоқ және неге екені белгісіз ішкі бір қызғанышы қыңсылап маза бермей жүргені де рас. Өзімнен асып кетеді-ау деген қауіптен гөрі, өзі де білмейтін дүдәмал ой көңілінде көгенделіп маңырайды да тұрады. Досының мәңгі мас күйінде мәңгіріп жүре бергені ғана көңілін жай таптыратындай. Ал Ерік тым ақылды, таңдайы тақылдаған білгіштерді суқаны о бастан сүймейтін, тіпті Алматыда оқып жүрген кезінде де суырылып алға шығып шешенсінгендерді, аузы-басы көпірген білгішсінгендерді иттің етінен ары жек көретін, реті келсе сөзбен қағытып немесе қара күшке салып оңашада мытып-мытып алатын. Мейманасы тасығандардың мысын басу, басына бақ қонғандарды басындырмау үшін жаралғандай, ішегіне қыл айналдырмайтын қызғанышпен тарылып, қайтсе де мұқату, тым болмағанда мұрнын қанатсам деп, қаны қайнап өштікпен жауығатын. Ерік әлемдегі бірде-бір жеңісті, бірде бір атақ-даңқты, жекелеген адамдардың адамзатты таңғалдыратын табысы мен ерлігін мойындамайтын.

Оралхан Бөкей «Атау-кере»
романының 135-140 беттер

3-тапсырма: Сіз – Тағансыз. Рухани тазарып, еңбекке бет бұрған сәтіңізде күнделігіңізге төмендегі талаптарға сүйеніп жазба қалдырыңыз.

Талаптар:

1. Жазбаңызда шығармадағы үш дәйексөз немесе қанатты сөздерді мағынасына сай кірістіріңіз.

2. «Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік» – бұл ақша табу ма әлде адамдық борыш па? Ойыңызды 2-3 сөйлеммен жеткізіңіз.

3. Жазбаңызды «Мен енді қауіпті будан» емеспін, өйткені ... деген сөйлемдермен қорытындылаңыз.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Шетел тілі» пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Grade 11 - Unit 1: making connections in biology
integrated with the national programme «Adal Azamat»
Role-Play Debate
«Should Kazakhstan introduce mandatory genetic screening?»
Scenario
The Ministry of Health of Kazakhstan is considering introducing mandatory genetic screening for young adults to prevent hereditary diseases and reduce future healthcare costs. However, this decision raises ethical, biological, and social concerns. A public debate is organised.
Roles
Students are divided into groups:




Figure 3.4.1. Roles for the role-play debate on mandatory genetic screening

Use biological concepts (DNA, mutation, inheritance, risk factors).
Apply the principles of "Adal Azamat": honesty, responsibility, fairness, civic duty
Participate in the debate (3–5 minutes per group).
At the end, the class votes on the final decision.
Learning Objectives
Students will:

- connect genetics to social and ethical issues;
- analyse cause-and-effect relationships in healthcare;

- demonstrate responsible civic thinking;
- defend arguments using scientific vocabulary.

Criteria	Descriptor	Points
Understanding of genetic concepts	Correctly explains at least two genetic concepts related to the topic.	1
Argumentation	Presents at least two clear and well-developed arguments supporting the position.	1
Application of values	Links the argument to the ethical principles of the programme “Adal Azamat” (honesty, responsibility, fairness).	1
Participation in debate	Responds to counterarguments and participates actively and respectfully in the discussion.	1
Use of scientific language	Uses appropriate biological terminology when explaining ideas.	1

Methodological note for the teacher

This activity integrates scientific knowledge with ethical reasoning. Through a role-play debate, students analyse a public health issue while applying genetic concepts and considering different perspectives. The task develops critical thinking, argumentation skills, and respectful discussion, while reinforcing the values of the unified upbringing programme “Adal azamat”, such as honesty, responsibility, and fairness.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Информатика» оқу пәнінің мазмұны арқылы жүзеге асыру тәсілдері (10-11сыныптар)

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Информатика» оқу пәнінің мазмұны арқылы жүзеге асыру тәсілдері

10 сынып

Тақырыбы: «Деректер қорын әзірлеу».

Оқу мақсаты: 10.3.2.1 деректер қоры жолдарының мәліметтер типін анықтау (SQL);

10.3.2.2 біркестелі деректер қорын құру (SQL);

10.3.2.3 көпкестелі деректер қорын құру (SQL);


Құндылық: Әділдік және жауапкершілік.

Контекстік тапсырма Мектепте «Адал оқушы» жобасы аясында қоғамдық жұмыстарға қатысқан оқушылардың есебін жүргізу қажет. Жоба мақсаты – оқушылардың жауапкершілігін арттыру және еңбегін әділ бағалау. Осы үшін деректер қорын құру ұсынылады. кестесіне төмендегі өрістер берілген. Әр өріске сәйкес мәліметтер типін анықтаңыз.

Кесте. 2.8.4. «Мәліметтер типі»

Өріс атауы	*Сипаттамасы*	*Мәліметтер типі*
id	Бірегей нөмір	?
full_name	Оқушының аты-жөні	?
grade	Сыныбы	?
activity_name	Қоғамдық жұмыс атауы	?
hours	Жұмыс сағаты саны	?
activity_date	Өткізілген күні	?
is_confirmed	Расталды ма (иә/жоқ)	?

Нәтиже: INT, VARCHAR, DATE, BOOLEAN сияқты типтерді дұрыс анықтау.



Сурет. 2.8.7 «Оқушылардың қоғамдық жұмысы»

Тапсырма 2 Біркестелі деректер қорын құру (SQL). Жоғарыдағы өрістер бойынша бір кестелі деректер қорын құру үшін SQL сұранысын жазыңыз.

Үлгі құрылымы:

```
CREATE TABLE community_work (
id INT PRIMARY KEY,
full_name VARCHAR(100),
grade VARCHAR(10),
activity_name VARCHAR(100),
hours INT,    activity_date DATE,
is_confirmed BOOLEAN);
```

Қосымша тапсырма:

1. Кестеге 3 оқушы туралы мәлімет енгізіңіз (INSERT).
2. 5 сағаттан артық жұмыс істеген оқушыларды шығарыңыз (SELECT).
3. Расталмаған жұмыстарды табыңыз.

Тапсырма 3. Көпкестелі деректер қорын құру

Әділ есеп жүргізу үшін деректерді екі кестеге бөліңіз:

1-кесте: Students

student_id

full_name grade

2-кесте: Activities

activity_id

student_id (сыртқы кілт)

activity_name
hours
activity_date
is_confirmed

Екі кестені құруға арналған SQL код жазыңыз.

FOREIGN KEY байланысын орнатыңыз.

JOIN арқылы барлық оқушылар мен олардың жұмыстарының тізімін шығарыңыз.

11-сынып

Сабақ тақырыбы: Ақпараттарды құқылы қорғау.

Оқу мақсаты: 11.6.2.1 ақпараттарды және зияткерлік меншікті (1996 жылғы 10 маусымдағы "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", 2015 жылғы 16 қарашадағы "Ақпаратқа қол жеткізу туралы", 2003 жылғы 7 қаңтарғы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары) қорғаудың қажеттілігін негіздеу;

Құндылық: «Заң және тәртіп пен әділдік және жауапкершілік».

Жағдаят: 11-сынып оқушылары «Жасанды интеллект және болашақ мамандықтар» тақырыбында республикалық онлайн байқауға қатысу үшін бейнеролик дайындады. Топ мүшелері интернеттен алынған суреттерді, музыканы және мәтіндерді авторын көрсетпей пайдаланды. Сонымен қатар, жобаны мектеп сайтында жариялау кезінде электрондық құжатқа цифрлық қолтаңба қойылмады. Байқау комиссиясы жұмысты тексеру барысында авторлық құқық бұзылғанын және ресми құжаттардың заң талаптарына сәйкес рәсімделмегенін анықтады.



Сурет. 2.8.8 «Жасанды интеллект және болашақ мамандықтар»

Тапсырма 1. Заңдық талдау (топтық жұмыс)

Берілген жағдаятты талдап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

Қандай заң талаптары бұзылды? Авторлық құқықтың сақталмауы қандай салдарға әкелуі мүмкін? Электрондық цифрлық қолтаңбаның болмауы неліктен маңызды мәселе? Ақпаратқа қол жеткізу және оны пайдалану кезінде қандай шектеулер сақталуы тиіс? (Жауаптарыңызды аталған заңдарға сүйене отырып дәлелдеңіз.)

Жағдаят. Рөлдік ойын форматы

Сынып 4 топқа бөлінеді:

1. Айыптаушы тарап (құқық иесі)
2. Қорғаушы тарап (стартап командасы)
3. Сарапшылар (заңгерлер)
4. Судьялар алқасы

Тапсырма 2

1-кезең: Дәлел жинау (10 минут)

Әр топ төмендегі сұрақтарға жауап дайындайды:

Айыптаушы:

Қандай құқық бұзылды?

Қандай заң баптарына сүйенесіз?

Қандай моральдық және материалдық зиян келтірілді?

Қорғаушы:

Қосымша коммерциялық мақсатта ма?

Ашық дереккөз (open source) ұғымы қолданылды ма?

Авторды көрсету жеткілікті ме?

Сарапшылар:

Электрондық құжат пен цифрлық қолтаңба қолданылған ба?

Авторлық құқық бұзылған жағдайда қандай жауапкершілік қарастырылады?

Дауды бейбіт жолмен шешу мүмкін бе?

Судьялар:

Құндылықтарға сүйене отырып (заң және тәртіп, әділдік және жауапкершілік, жаңашылдық) шешім шығарыңыз.

Қандай алдын алу шараларын ұсынар едіңіз?

Тапсырма 3

«Сот процесі» (15 минут)

Әр тарап 2–3 минуттан сөз сөйлейді.

Сарапшылар қорытынды береді.

Судьялар шешім шығарады.



Сурет. 2.8.9 «Заң және цифрлық технологиялар»

Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Химия» оқу пәнінің мазмұны арқылы іске асыру (11-сынып)

Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі, педагог-шебер Ш.А. Кудеринаның тәжірибесінен

Сынып	11
Оқу мақсаты	11.2.3.1 металдарды алудың маңызды әдістерін талдау: гидрометаллургия, пирометаллургия, электрометаллургия және олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау 11.2.3.2 ғылымда, техникада және тұрмыста қолданылатын маңызды құймалардың құрамын атау: шойын, болат, жез, қола, мельхиор, дюралюминий.
Құндылықтар: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Қазақстанда мыс кендерінің орасан зор қоры бар. Рудалардың негізгі өндірістік түрлері – құмды тастар (71%) және порфирлы мыс (24%). Мыс құмтасының ірі кен орны – Жезқазған. Жезқазған әлемдегі мыс өндірудің жетінші орында. Мыстың 92% -ы шет елдерге экспортталады. Мыс Балқаш және Жезқазған кен-металлургия зауыттарында өндіріледі. Абай атамыздың «Әзімнің әңгімесі» поэмасындағы мысты алтынға айналдыру туралы жазған өлең жолдары Мыс бақырын қолына алды дағы, Лапкеге күндегіден ерте барды. Шал дағы дереу дайын бола қалды, Бір дорбадан көмір мен көрік алды. Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң: - Мысың қайда, балам? – деп дігір салды. Мыс бақырды сындырды талқан қылып, Көмірге салды мысты, дүкен құрып. Мыс былқылдап еріген кезінде шал Шөншіктен ұсақ қара алды қырып. Алды да ол дәрісін, мысқа салды, Былқылдаған бұрқылдап мыс шайқалды. Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап, Алтын қып суынған соң қолына алды.  1-тапсырма. Өлеңде мыс алтынға айналғандай сипатталады. Химия ғылымы тұрғысынан бұл мүмкін бе? Неліктен ғылымда дәлелденбеген ақпаратқа сене беруге болмайды?
Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық	2-тапсырма. Өлеңдегі төмендегі әрекеттерге талдау жасаңыз: Мысты қыздыру «Қара заттың» пайда болуы «Дәрі» қосылғаннан кейін түсінің өзгеруі Қайсысы нақты химиялық құбылыс, қайсысы көркем бейнелеу екенін ажыратыңыз

<table>
<tr><td>Құндылық:
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</td><td>3-тапсырма.
Шалдың іс-әрекетін сипатта:
Ол қандай құралдар қолданды?
Бұл оның қандай білім мен тәжірибеге ие екенін көрсетеді?
Қазіргі химик пен алхимиктің айырмашылығын салыстырыңыз.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Құндылық:
Әділдік және жауапкершілік</td><td>4-тапсырма.
Өлеңдегі пеш, көмір, балқыған металл — қауіпті үдерістер.
Мұндай жұмыстарда қандай қауіпсіздік ережелері сақталуы керек?
Ғылымда неге қауіпсіздік бірінші орында тұрады?</td></tr>
<tr><td>5-тапсырма. Өмірмен байланыстыру (саналы таңдау)
Алхимиядағы мақсат — тез байлық.
Қазіргі химиядағы мақсат — қоғамға пайда.
Химия ғылымы бүгінгі күні адам өмірін қалай жақсартады?
Ғылымды дұрыс қолдану қандай құндылықтарға негізделуі керек?</td></tr>
<tr><td><table>
<tr><td>Дескриптор</td><td>Барлығы (балл)</td></tr>
<tr><td>Химиялық білімді қолдану</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Ғылыми талдау</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Құндылыққа сай шешім</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Логикалық ойлау</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Функционалдық сауаттылық</td><td>2</td></tr>
<tr><td>Барлығы</td><td>10</td></tr>
</table></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>Күкірт қышқылының қолданылуы
 
</td></tr>
<tr><td>Сынып</td><td>11</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты</td><td>11.2.1.18 күкірт қышқылын жанасу әдісімен алу процесін түсіндіру
11.2.1.19 күкірт қышқылын өнеркәсіптік өндірудің ғылыми принциптерін түсіндіре алу
11.2.1.20 күкірт қышқылының қолданылу аймағын атау</td></tr>
<tr><td>Құндылық:

Әділдік және жауапкершілік</td><td>Есеп:
Химиялық зауыт күніне 2 тонна H_2SO_4 (күкірт қышқылы) өндіреді. Өндіріс кезінде 2% шығын болады, ал қосымша технология енгізсе, шығынды 0,5%-ға дейін төмендетуге болады.
1. Қанша кг қышқыл шығынға кетеді?</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>2. Жаңа технологияны қолданса, қанша кг қышқыл үнемделеді?
3. Мұндай үнемдеудің экологиялық және экономикалық пайдасын ғылыми тұрғыда түсіндір.
Ғылыми деңгей: атомдық және молекулалық масштабтағы түсіндірме, реакция теңдеулерін қолдану</td></tr>
<tr><td></td><td>Жағдай:
Өндіріс залында күкірт қышқылының аз мөлшері төгіліп кетті.
Тапсырма:
1. H_2SO_4 төгілуінің металға, топыраққа, су организмдеріне әсерін ғылыми тұрғыда сипаттаңыз.
2. Шұғыл әрекеттер тізімін жасаңыз (қоршаған орта мен адам қауіпсіздігі).
3. Болашақта мұндай жағдайды болдырмау үшін технологиялық және ұйымдастырушылық шараларды талқылаңыз.
Ғылыми деңгей: қышқылдың коррозиялық әсерін, pH өзгерісін, бейорганикалық реакцияларды есепке алу.</td></tr>
<tr><td>Құндылық:

Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік</td><td>3. Сәйкестендіру тесті
Тапсырма:
Күкірт қышқылының қолдану саласын оның функциясымен сәйкестендіріңіз:
<table>
<tr><th>№</th><th>Қолданылу саласы</th><th colspan="2">Функция</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Өндірістік тыңайтқыштар</td><td>A</td><td>Басқа қышқылдар мен тұздар алу үшін шикізат</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Қорғасын аккумуляторлары</td><td>B</td><td>Электролит қызметін атқарады</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Химия өнеркәсібі</td><td>C</td><td>Қышқылдық pH түзету, металл өңдеу</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Металлургия</td><td>D</td><td>Металл беттерін тазалау, пассивация</td></tr>
</table>
</td></tr>
<tr><td></td><td>4. Функционалдық + құндылықтық тапсырма
Күкірт қышқылы – өнеркәсіпте негізгі химиялық реагент. Оның өндірісі мен қолданылуы табиғатқа және адам денсаулығына әсер етеді.
Тапсырма:
1. H_2SO_4 қолдану арқылы қандай индустриалды реакциялар жүреді? Күкірт қышқылының төгінділері мен қалдықтарының экологиялық әсерін сипаттаңыз.
2. Химиялық өнеркәсіпте қауіпсіздік және экологиялық шараларды көрсетіңіз.
Ғылыми деңгей: реакция теңдеулері, стехиометрия, экологиялық химия.</td></tr>
</table>

Құндылық: Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік	5. Қорытынды ойтолғау (эссе) Сұрақ: «Күкірт қышқылы адам өмірін жеңілдетеді, бірақ дұрыс қолданбау қоршаған орта мен қоғамға қауіп төндіреді»деген пікірді ғылыми дәлелдер арқылы талдаңыз. Бағалау критерийі: Ғылыми дәлелдер мен реакциялар қолданылған Экологиялық әсер сипатталған Қауіпсіздік шаралары көрсетілген Пікір логикалық және құндылыққа негізделген
	Есеп Зауыт күніне 10 тонна таза күкірт қышқылы (H_2SO_4) өндіруді жоспарлайды. Өндіріс барысында реакцияның жалпы тиімділігі 90%.Өндірістің қалдықтары қоршаған ортаға түссе, 1 кг H_2SO_4 40 л сумен бейтараптауды қажет етеді. Жоспарды орындау үшін өндіріске күнделікті қажетті күкірт массасы мен қышқылды бейтараптайтын судың массасын есептеңіз. *Жауабы:* Күкірттің қажет массасы: ≈ 3,63 т Су массасы бейтараптандыру үшін: ≈ 400 000 л Ғылыми түсінік + құндылықтар: экологияға жауапкершілік, қауіпсіздік, экономикалық тиімділік.
	Қосымша сұрақ: Неліктен H_2SO_4 күшті қышқыл ретінде металл бетін тазартады, бірақ органикалық заттармен қауіпті әрекет етеді? *Ғылыми деңгей:* электрондық құрылым, протонды донор теориясы (Бренстед–Лоури).
	<table><tr><th>Дескриптор</th><th>Барлығы (балл)</th></tr><tr><td>сандық мәтін есепті шығарады</td><td>2</td></tr><tr><td>қышқылдың коррозиялық әсерін, pH өзгерісін, бейорганикалық реакцияларды есепке алу сұрақтарына жауап береді</td><td>1</td></tr><tr><td>күкірт қышқылының қолдану саласын оның функциясымен сәйкестендіреді</td><td>2</td></tr><tr><td>функционалдық + құндылықтық тапсырманы орындайды</td><td>2</td></tr><tr><td>экологиялық жауапкершілік, саналы тұтыну есеп шығарады</td><td>2</td></tr><tr><td>Барлығы</td><td>10</td></tr></table>

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Биология» оқу пәнінің мазмұны арқылы іске асыру (10-11сыныптар)

1-тапсырма.

Биотехнология

Тақырып: Биотехнологияның маңызы. Генетикалық түрлендірілген ағзалар (ГМО).

Оқу мақсаты:

10.4.3.1 – Биотехнологияның заманауи әдістерін қолданудың этикалық аспектілерін талқылау.

11.4.3.4 – Генетикалық түрлендірілген ағзаларды қолданудың оң және теріс тұстарын бағалау.

Құндылық: Жасампаздық және жаңашылдық

Тапсырма сипаттамасы: Ғылым өсімдіктердің геномын өзгерту арқылы оларды құрғақшылыққа төзімді етуге мүмкіндік береді. Бұл Қазақстанның ауыл шаруашылығы үшін өте маңызды. Алайда, мұндай технологияларды қолдану қатаң этиканы талап етеді.

Орындаңыз:

1. Салыстырмалы талдау: Төмендегі кестені толтырып, ГМ-дақылдарын енгізудің оң әсері мен ықтимал қауіптерін көрсетіңіз:

3.9.1- кесте. ГМ-дақылдарын енгізудің оң және теріс әсері

Аспект	Оң әсер («Иә» аргументтері)	Ықтимал қауіп («Қарсы» аргументтері)
Экономика және ауыл шаруашылығы		
Экология және биоалуантүрлілік		
Адам денсаулығы		

2. «Биотехнолог антын» құрастырыңыз: Қазақстанның әрбір жас ғалымы ұстануы тиіс академиялық адалдық пен қауіпсіздіктің 3 ережесін жазыңыз.

1-тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: ГМО-ның пайдасы мен қаупін жан-жақты талдайды, ғылыми этика принциптерін «Адал азамат» тұжырымдамасы аясында тұжырымдайды.

3.9.2 – кесте. ГМ-дақылдарын енгізудің оң және теріс әсерінің салыстырмалы кестесі

Аспект	Оң әсер (Пайдасы)	Ықтимал қауіп (Тәуекел)

Экономика	Өнімділік артады, өзіндік құн төмендейді.	Ірі корпорацияларға тәуелділік.
Экология	Пестицидтерді қолдану азаяды.	Табиғи түрлердің генофондын ластау.
Денсаулық	Витаминдермен байытылған өнімдер.	Аллергиялық реакциялардың туындау қаупі.

«Биотехнолог антының» үлгісі:

1. Зерттеу нәтижелерін ешқашан бұрмаламаймын және тек шынайы деректерді ұсынамын (Академиялық адалдық).

2. Кез келген биологиялық жаңалықты тек адамзат игілігі мен табиғатты қорғау үшін ғана қолданамын (Жауапкершілік).

3. Қауіпсіздік хаттамаларын қатаң сақтай отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге уәде беремін (Парасаттылық).

2-тапсырма.

Тұқымқуалаушылық

Тақырып: Генеалогиялық әдіс. Шежіре құру және талдау.


Оқу мақсаты:

10.2.4.4 – Адам генетикасын зерттеудің негізгі әдістерін сипаттау.

10.2.4.5 – Генеалогиялық әдіс көмегімен белгілердің тұқымқуалау сипатын анықтау үшін шежіре сызбаларын құру.

Құндылық: Бірлік және ынтымақ

Сипаттамасы: Төменде адамның белгілі бір белгісінің (мысалы, көз түсі немесе тұқымқуалайтын ауру) бірнеше ұрпақ бойы берілу шежіресі көрсетілген. Генетикалық зерттеулерде деректерді дәл тіркеу — диагноз қою мен болжам жасау үшін өте маңызды.



Сурет 3.9.1 Адам ұрпақатарының шежіре сызбасы

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Берілген шежіреге талдау жасап, зерттеліп отырған белгінің сипатын (доминантты немесе рецессивті) анықтаңыз. Өз жауабыңызды негіздеңіз.

2. Егер ғалым немесе дәрігер шежіредегі мәліметтерді әдейі бұрмаласа (генетикалық ақпаратты өзгертсе), бұл қандай зардаптарға әкелуі мүмкін?

3. Неліктен «Ғылыми адалдық» — «Адал азаматтың» басты қасиеттерінің бірі болып табылады?

2-тапсырма жауабы

Бағалау критерийі: Генеалогиялық шежірені талдай алады, ғылыми зерттеулердегі адалдық пен жауапкершіліктің маңызын түсіндіреді.

Сұрақ	Жауап үлгісі	Дескриптор
1.Белгінің сипаты	Егер белгі әрбір буында көрініп отырса және ауру ата-анадан ауру бала туса бұл доминантты белгі. Ал егер сау ата-анадан ауру бала туып, белгі бір буынды аттап өтсе бұл рецессивті.	Шежіре бойынша тұқымқуалау типін дұрыс анықтайды.
2.Ақпаратты бұрмалау	Бұл қате диагноз қоюға, тиімсіз емдеуге және болашақ ұрпақтың денсаулығына қауіп төндіруге әкеледі. Ғылымдағы жалғандық кәсіби этиканы бұзу.	Ақпаратты бұрмалаудың медициналық немесе әлеуметтік салдарын сипаттайды.
3. Құндылықпен байланыс	Ғылыми адалдық ақиқатқа қызмет ету. Адал азамат кез келген жұмысты (есеп шығару, зерттеу) нәтижеге бағыттап, таза ниетпен, «Еңбегі адал – жас өрен» ұстанымымен орындауы тиіс.	Ғылыми әдеп пен азаматтық ұстаным арасындағы байланысты негіздейді.

10 –11 сыныптарға арналған «География» пәнінің мазмұнына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын кіріктіру

Жалпы орта білім берудің жоғары сатысындағы «География» пәні табиғат, қоғам және экономика арасындағы өзара байланыстарды кешенді түрде қарастыратын маңызды оқу пәндерінің бірі болып табылады. Пән мазмұнында геоэкология, геоэкономика, елтану, халықаралық қатынастар және тұрақты даму мәселелері қамтылады.

География пәні «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын кіріктіру арқылы білім алушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ әлемдік экономикалық және саяси үдерістерді түсінуіне және жаһандық әрі ұлттық деңгейдегі азаматтық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді.

10 сынып

Тақырып: Жаһандану жағдайындағы Қазақстанның экономикалық дамуы

Құндылықтар: Жауапкершілік**,** әділдік**,** еңбекқорлық**,** Отаншылдық

Сабақ мақсаты

Жаһанданудың Қазақстан экономикасына әсерін талдау;

Тұрақты даму қағидаларын түсіндіру;

Экономикалық шешімдердің әлеуметтік жауапкершілікпен байланысын анықтау.

Тапсырма 1 – Аналитикалық кесте

«Жаһандану: мүмкіндік пе, қауіп пе?»

Фактор	Пайдасы	Қауіптері	Құндылықпен байланыс

- Оқушы кемінде 3 мысал келтіреді.
- Қай тұста «әділдік» немесе «жауапкершілік» қажет екенін көрсетеді.

Тапсырма 2 – Кейс талдау

*Кейс***:** Қазақстан шикізат экспортына тәуелді.

Сұрақтар:

1. Бұл модельдің артықшылығы қандай?
2. Қандай тәуекелдер бар?
3. Ұзақ мерзімді тұрақты даму үшін қандай шешім қажет?
4. Бұл шешім «Адал азамат» құндылықтарының қайсысына негізделуі тиіс?

Тапсырма 3 – Зерттеу элементі

«Қазақстан – жасыл экономика жолында»

- ЖЭК үлесін анықта
- Экологиялық тиімділігін бағала
- Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілікті түсіндір

Тапсырма 4 – Дебат

Тақырып: «Экономикалық өсім маңызды ма, әлде экологиялық қауіпсіздік пе?»

Оқушылар аргументтерін құндылықпен байланыстырады.

Рефлексия

«Мен болашақта ел экономикасының дамуына қалай адал үлес қоса аламын?»

11 сынып

Тақырып: Геосаясат және Қазақстанның халықаралық орны

Құндылықтар: Отаншылдық, әділдік, жауапкершілік

Сабақ мақсаты

Қазақстанның геосаяси орнын талдау;

Халықаралық қатынастардағы тепе-теңдік саясатын түсіндіру;

Геосаяси тұрақтылықтың маңызын бағалау.

Тапсырма 1 – Карта талдау

Қазақстанның стратегиялық орналасуын картадан анықтау:

- Көлік дәліздері
- Шекаралас елдер
- Геоэкономикалық артықшылықтар

Сұрақ: Қазақстан қандай жауапкершілік жүктейді?

Тапсырма 2 – SWOT талдау

Күшті тұстары	Әлсіз тұстары		Мүмкіндіктер

Қорытынды: Қазақстан қандай құндылықтарға сүйеніп сыртқы саясат жүргізуі тиіс?

Тапсырма 3 – Аналитикалық эссе

Тақырып: «Көпвекторлы саясат – ұлттық мүддені қорғаудың тиімді жолы»

Эсседе:

- Дәлел
- географиялық фактор
- құндылықтық негіз болуы тиіс

Тапсырма 4 – Шешім қабылдау моделі

Сценарий: Әлемдік нарықта геосаяси дағдарыс орын алды.

Оқушы:

- Қазақстан үшін 2 ықтимал шешім ұсынады
- Қай шешім әділ әрі жауапты екенін дәлелдейді

Қорытынды ой

«География – тек карта емес, бұл ұлттық мүдде мен азаматтық жауапкершілік пәні.»

Адал азамат» құндылықтарын кіріктіру матрицасы

География 10 –11 сынып

10-сынып – Экономикалық география

Оқу бөлімі	*Негізгі мазмұн*	*«Адал азамат» құндылығы*	*Оқу әрекеті*	*Қалыптасатын нәтиже*
Табиғи ресурстар географиясы	Ресурстарды игеру, шикізаттық бағыт	Әділдік және жауапкершілік	Кейс талдау: «Ресурсты тиімді пайдалану»	Болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік қалыптасады
Өнеркәсіп географиясы	Индустрияландыру, өндіріс	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	SWOT талдау	Еңбектің экономикалық дамудағы рөлін түсінеді
Ауыл шаруашылығы	Азық-түлік қауіпсіздігі	Әділдік және жауапкершілік	Дебат: «Экспорт па, ішкі нарық па?»	Әлеуметтік әділет ұстанымы дамиды

Көлік және логистика	Транзиттік әлеует	Заң және тәртіп	Карта талдау	Геосаяси жауапкершілік түсінігі қалыптасады
Жаһандану	Әлемдік нарық	Жасампаздақ және жаңашылдық	Аналитикалық эссе	Сыни ойлау, ұлттық мүддені түсіну

11-сынып – Геосаясат және тұрақты даму

Оқу бөлімі	*Негізгі мазмұн*	*«Адал азамат» құндылығы*	*Оқу әрекеті*	*Қалыптасатын нәтиже*
Геосаяси жағдай	Қазақстанның стратегиялық орны	Тәуелсіздік және Отаншылдық	Геосаяси карта талдау	Ел мүддесін түсіну
Халықаралық ұйымдар	БҰҰ, ЕАЭО, ШЫҰ	Әділдік және жауапкершілік	Рөлдік ойын	Халықаралық жауапкершілік
Тұрақты даму	SDG мақсаттары	Әділдік және жауапкершілік	Жобалық жұмыс	Орнықты даму түсінігі
Экологиялық саясат	Климат, жасыл экономика	Әділдік және жауапкершілік	Кейс талдау	Табиғатқа жауапты көзқарас
Демографиялық үдерістер	Халық саны, урбандалу	Тәуелсіздік және Отаншылдық	Статистикалық талдау	Әлеуметтік теңгерімді түсіну

Құндылықтарды дамыту логикасы

Құндылық	*10-сыныпта*	*11-сыныпта*
Әділдік және жауапкершілік	Ресурстарды тиімді пайдалану	Орнықты даму
Әділдік және жауапкершілік	Экономикалық теңгерім	Халықаралық әділет
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Өндіріс, инновация	Экономикалық тұрақтылық
Тәуелсіздік және Отаншылдық	Экономикалық даму	Геосаяси қауіпсіздік
Тәуелсіздік және Отаншылдық	Ұлттық мүдде	Ғаламдық жауапкершілік

Күтілетін жүйелік нәтиже

Оқушы:

- экономикалық шешімдердің әлеуметтік салдарын түсінеді
- геосаяси тұрақтылықтың маңызын бағалайды
- ұлттық мүдде мен жаһандық жауапкершілікті байланыстыра алады
- тұрақты даму ұстанымдарын саналы қабылдайды

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндерінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері мазмұнына «Адал азамат» құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру – білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуге, тарихи білімнің тұлғалық мәнін арттыруға және білім алушылардың саналы өмірлік ұстаным қалыптастыруына жағдай жасайды.

Сондықтан мазмұны қоғам дамуының тарихи тәжірибесін, мемлекет пен құқық эволюциясын, адам мен қоғам арасындағы өзара қатынастарды зерделеуге негізделген «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері аталған міндеттерді іске асыруға кең мүмкіндік береді. «Қазақстан тарихы» пәні білім алушылардың ұлттық бірегейлігін нығайтып, тарихи жады мен сабақтастықты түсінуге, ел тәуелсіздігі мен мемлекеттіліктің құндылығын бағалауға жағдай жасайды. «Дүниежүзі тарихы» жаһандық үдерістерді салыстырмалы талдау арқылы өркениеттік дамудың ортақ заңдылықтарын ұғындырып, мәдениетаралық диалог пен толеранттылықты қалыптастырады. Ал «Құқық негіздері» пәні құқықтық нормалар мен әлеуметтік жауапкершілікті тәжірибелік тұрғыдан меңгерту арқылы білім алушылардың заңға құрметін, әділетті шешім қабылдау қабілетін және азаматтық ұстанымын бекітеді. Аталған пәндер мазмұнына «Адал азамат» бағдарламасы құндылықтарын кіріктіре оқыту білім алушылардың тарихи фактілерді, әлеуметтік құбылыстарды және құқықтық жағдайларды тек ақпараттық деңгейде қабылдауымен шектелмей, оларды құндылықтық-бағдарлық тұрғыдан талдауына, дәлелді пайым жасауына және саналы өмірлік ұстаным қалыптастыруына мүмкіндік береді. Осылайша, пәндік білім мазмұны тұлғалық мағынамен толықтырылып, тәрбиелік мақсаттар оқу процесінің ажырамас құрамдас бөлігіне айналады.

Тарихи оқиғалар мен деректерді, құқықтық жағдаяттарды талдау барысында білім алушылар тұлғаның жауапкершілік деңгейін, қабылданған шешімнің әділдік өлшеміне сәйкестігін, қоғамдық нормалар мен құқық талаптарының сақталуын және орындалуын бағалауға мүмкіндік алады.

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінен құндылыққа негізделген тапсырмалар құрастыруда келесі қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

1) Тарихи деректің нақтылығы мен дәлдігі
2) Проблемалық жағдаятты қолдану
3) Құндылықтық мазмұнды айқындау
4) Білім алушының жеке шешімін талап ету
5) Дәлелге сүйенген қорытынды

6) Тұлғалық рефлексия элементтерін енгізу

Әдістемелік ұсынымдар «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» және «Құқық негіздері» пәндері бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында «Адал азамат» құндылықтарын кіріктірудің жалпы бағытын айқындайды. Ұсынылған құндылықтық мазмұнға негізделген сабақ үлгілері, құқықтық жағдаяттар, зерттеу жұмысы, апта дәйексөздеріне сәйкес тапсырмалар білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, құқықтық мәдениетін, әділдікке негізделген ойлауын және қоғам алдындағы міндетін түсінуін дамытуға мүмкіндік береді.

3.11. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі- білім алушыларға пәндік біліммен қатар азаматтық ұстаным, құқықтық мәдениет, адалдық, қоғамдық жауапкершілік және отансүйгіштік құндылықтарды қалыптастыру. Осыған байланысты «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнымен кіріктіру маңызды.

«Қазақстан тарихы» пәні ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы, тәуелсіздік жолындағы күрес, құқықтық мемлекеттің орнығуы сияқты мәселелерді қамтиды. Бұл мазмұн аясында адалдық, әділдік, заңға құрмет және азаматтық парыз ұғымдары табиғи түрде ашылады. Тарихи тұлғалардың қызметі мен шешімдерін талдау арқылы білім алушылар тарихи әрекеттердің салдарын бағалап, азаматтық жауапкершіліктің мәнін түсінеді.

10–11-сыныптарда құндылықтарды кіріктіру тарихи мазмұнды бағалау процесімен байланыстырылады. Білім алушылар ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, мемуарлар мен зерттеушілер еңбектерін салыстыра талдайды. Дереккөздерді салыстыру, пікірталас, дәлелді жауап беру және рефлексиялық сұрақтарды қолдану білім алушылардың сыни ойлауын дамытып, тарихи айғақтарға сүйене отырып өз көзқарасын қорғауға үйретеді.

Сонымен қатар зерттеу және жобалау жұмыстары, пікірталас, тарихи эссе, дерекке негізделген дәлел келтіру тапсырмалары арқылы білім алушылар азаматтық көзқарасын қалыптастырады. «Қарапайымнан күрделіге» қағидасы тарихи материалды жүйелі меңгеруге мүмкіндік беріп, білім алушылардың ел тарихына сындарлы көзқарас танытуына және жауапты азамат ретінде қалыптасуына негіз болады.

10-сыныптағы ерекшеліктер, Қазақстан тарихын оқыту мемлекеттіліктің қалыптасуы, тарихи сабақтастық және ұлттық бірегейлік мәселелерін қамтиды. Құндылықтарды кіріктірудің негізгі бағыты - отансүйгіштік, адалдық, жауапкершілік және тарихи сана. Зерттеу және жобалау жұмыстары, тарихи

реконструкция, проблемалық сұрақтар арқылы білім алушылар тарихи шешімдердің қоғам дамуына ықпалын бағалап, жауапты азамат болудың маңызын түсінеді.

11-сыныптағы ерекшеліктер пән мазмұны қазіргі қоғамдық-саяси үдерістерді, тәуелсіз Қазақстанның дамуын және жаһандық өзгерістер жағдайындағы ұлттық мүддені зерделеуге бағытталады. Негізгі құндылықтар - азаматтық белсенділік, құқықтық сана, әлеуметтік жауапкершілік және ұлттық бірегейлік. Пікірталас, эссе және аналитикалық тапсырмалар арқылы білім алушылар тарихи білімді қазіргі өмірмен байланыстырып, өз азаматтық ұстанымын айқындайды.

«Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру пән мазмұнының ерекшелігіне және мұғалімнің мақсатты педагогикалық жетекшілігіне негізделуі тиіс. Құндылықтар сабақтың барлық құрылымдық компоненттері - мақсат қою, мазмұнды іріктеу, әдіс-тәсілдерді таңдау, тапсырма құрастыру, бағалау және рефлексия кезеңдері арқылы жүйелі түрде көрініс тапқанда ғана білім алушының тұлғалық сапасына айналады.

Астана қаласы әкімдігінің «Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия» ШЖҚ МКК, педагог-шебер Байкушикова Лаура Урустемовнаның іс-тәжірибесінен

Сабақты жоспарлау барысында пәндік оқу мақсаттары мен құндылықтық нәтижелердің өзара байланысын айқындау ,тарихи мазмұнды меңгертуді мінез-құлықтық және азаматтық сапаларды қалыптастыру міндеттерімен сабақтастықта қарастыру ұсынылады.

«Ұшқыр ой алаңы» дебат, пікірталас арқылы Адал азамат құндылықтарын кіріктіру

Жоба тақырыбы: Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы: тарихи сабақтастық және ұлттық идея

Зерттеу сұрағы: Қазақ мемлекеттілігінің дамуы ұлттық бірегейлік пен тәуелсіздік идеясын қалай қалыптастырды?

Зерттеу барысында білім алушы тарихи кезеңдер арасындағы сабақтастықты анықтап; мемлекеттіліктің эволюциясын талдау арқылы тарихи маңызын бағалайды.

Мұғалім зерттеу жұмысын мәселе қоюдан бастайды, білім алушыны дерекпен жұмысқа, талдауға, салыстыруға және дәлелдеуге бағыттайды. Әр кезеңде бағыттаушы сұрақтар қойылып, білім алушы фактіден қорытындыға өз бетімен келуі қамтамасыз етіледі. Сабақ соңында нәтиже құндылықпен байланыстырылып, білім алушы азаматтық ұстанымын тұжырымдайды, жобасын қорғайды, кері байланыс алады, рефлексия жасайды. Мұғалім бағалау критерийін алдын ала түсіндіреді қолдайды.

1-кезең. Зерттеу. Білім алушылар шағын топтарға бөлінеді,

– Қазақ хандығы кезеңі
– Ресей империясы тұсындағы өзгерістер
– Алаш кезеңі
– Кеңестік кезең
– Тәуелсіз Қазақстан

Тапсырма:

– Мемлекеттілік белгілерін анықтау
– Тарихи өзгерістерді талдау
– Ұлттық идеяның қалыптасуын түсіндіру

Білім алушылар ұсынылған дереккөздер негізінде тиісті тарихи кезеңді кешенді зерттейді: деректерді талдайды, мемлекеттіліктің негізгі белгілерін анықтайды, қоғамдық-саяси өзгерістер мен даму динамикасын саралайды, ұлттық идеяның мазмұны мен мәнін түсіндіреді. Зерттеу нәтижелері жүйеленіп, постер форматында көрнекі түрде ұсынылады. Мұғалім оқу процесінде бағыттаушы және кеңесші рөл атқарып, білім алушылардың талдау, пайымдау және қорытынды жасау әрекеттеріне педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсетеді.

2-кезең. Дебат («Ұшқыр ой алаңы») ұйымдастыру

Бұл кезеңде білім алушылардың зерттеу нәтижелерін талдау, дәлелдеу және сыни пайымдау дағдыларын дамыту мақсатында пікірталас әдісін қолдану ұсынылады. Білім алушылар алдын ала жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындыларына сүйене отырып, белгіленген тақырып бойынша екі топқа бөлініп, құрылымдалған форматта дебат өткізеді.

Әр топ өз ұстанымын тарихи деректер, құжаттар, фактілер және ғылыми тұжырымдар арқылы негіздеп, дәлелді аргумент құруы тиіс, сондай-ақ қарсы тараптың пікірлеріне сыни тұрғыдан жауап беріп, өз көзқарасын қорғауға үйренеді. Бұл процес білім алушылардың аналитикалық ойлауын, коммуникативтік мәдениетін және азаматтық позициясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мұғалім дебаттың ұйымдастырушысы қызметін атқарады: пікірталас ережелері мен құрылымын алдын ала түсіндіреді, уақыт тәртібін реттейді, қатысушыларды нақты әрі дәлелді сөйлеуге бағыттайды, эмоциялық емес, академиялық стильде пікір білдіруге жағдай жасайды.

Пікірталас соңында мұғалім негізгі тұжырымдарды жинақтауға, ортақ қорытынды шығаруға және рефлексия жүргізуге ықпал етеді, сонымен қатар білім алушылардың дәлел сапасына, дерекпен жұмыс жасауына және сөйлеу мәдениетіне қатысты конструктивті кері байланыс береді.

Осы тәсіл зерттеу нәтижесін тек мазмұндық игерумен шектемей, оны дәлелдеу, қорғау және қоғамдық диалог мәдениетінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Адал азамат» бағдарламасы құндылықтарын айтулы және естелікті даталар арқылы кіріктіру.

Айтулы және естелік даталарды оқу процесіне кіріктіру – құндылыққа бағытталған оқытудың тиімді тетігі. Мұғалім тарихи датаны сабақтың мазмұндық өзегі ретінде қолданып, оны зерттеу, талдау, бағалау тапсырмаларымен байланыстырады. Нәтижесінде білім алушы тарихи сананы дамытып, білімді өмірмен ұштастырады, азаматтық ұстаным мен құндылықтарды саналы қабылдайды, рефлексия арқылы жеке жауапкершілігін түсінеді.

Сабақ үлгісі: Оқу пәні: Қазақстан тарихы

Сабақ тақырыбы: Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы

Оқу мақсаты: 11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау;

11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу.

Құндылықтар: білімге құрмет, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, зияткерлік адалдық, отансүйгіштік.

Атаулы күнді сабақ құрылымында қолдану алгоритмі: атаулы күнді сабақ құрылымында қолдану алгоритмі ЫбырайАлтынсариннің 185 жылдығымен байланыста жүзеге асады. Мұғалім оны мазмұндық өзек ретінде алып, білім, ағартушылық, еңбекқорлық құндылықтарын ашады. Зерттеу сұрағы арқылы тарихи контекст құрып, білім алушылар дерек талдайды, маңызын бағалайды. Сабақ соңында рефлексия жасалып, білім мен азаматтық жауапкершілік байланысы тұжырымдалады. Нәтижесінде білім алушының тұлғалық ұстанымы қалыптастырып, құндылықтарды өмірімен байланыстырады, қоғамға пайдалы болуға ұмтылады.

Сабақтың мазмұндық өзегі ретінде ЫбырайАлтынсариннің 185 жылдығын қолданып, білім алушыларға білім, ағартушылық, еңбекқорлық және жауапкершілік құндылықтарын көрсету. Мұғалім тарихи фактілер мен дереккөздерді талдау арқылы сабаққа бағыт береді, білім алушылардың тарихи санасы мен азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Әдістемелік мәні: ЫбырайАлтынсариннің 185 жылдығын сабақта қолдану білім алушыларға тарихи оқиғалар мен тұлғаларды тек факті ретінде емес, құндылықтық контексте қарауға мүмкіндік береді. Мұғалім білімге құрмет, еңбекқорлық, адалдық, отансүйгіштік сияқты азаматтық қасиеттерді сабақ барысында жүйелі түрде ашып көрсетеді. Бұл әдіс зерттеу, талдау, салыстыру және рефлексия арқылы білім алушылардың тарихи санасын дамытып, олардың жеке ұстанымы мен құндылықтық бағдарын қалыптастырады, сабақтың тәрбиелік әлеуетін арттырады.

Зерттеу сұрағымен байланыстыру: Сабақта білім алушылардың назарын тарихи оқиғалар мен тұлғаға – Ыбырай Алтынсарин – бағыттап, зерттеу сұрағын қою маңызды: «Алтынсариннің ағартушылық қызметі қоғамға қалай әсер етті және бүгінгі Қазақстан үшін қандай құндылық үлгісі болып табылады?» Білім алушылар дереккөздермен жұмыс жасап, талдай отырып, себеп-салдар байланысын анықтайды, тарихи фактілерді бағалайды, құндылықтық рефлексия жасайды, өз азаматтық ұстанымын тұжырымдайды. Мұғалім бағыттап, пікірталас пен дәлелдеуді ұйымдастырады.

Зерттеу сұрағы: Ортағасырлық ғылым мен ағартушылық идеялар қоғам дамуына қалай әсер етті?

Кейс тапсырма: «Егер сен Алтынсарин мектебінің шәкірті болсаң, алған білімің мен дағдыларыңды қолдана отырып қоғамға қандай үлес қосар едің және қандай азаматтық құндылықтарды қалыптастырар едің?»

Білім алушы келесі әрекеттерді орындауы тиіс:

– *Ғылыми сала таңдау:* Ортағасырлық немесе ағартушылық дәуірдегі ғылым саласын (математика, медицина, әдебиет, педагогика) анықтау.

– *Білім мен құндылық байланысы:* Алтынсариннің мектебінде алған білім арқылы қандай азаматтық, еңбекқорлық және адалдық қасиеттерді меңгерер едің?

– *Қоғамға әсерін түсіндіру:* Сол білімді қолдана отырып, өзіңнің қоғамға қандай пайда әкелер едің?

– *Шығармашылық ұсыну:* Ойынды постер, сызба, эссе немесе шағын презентация түрінде көрсету.

– *Рефлексия:* «Менің білім арқылы қоғамға қосатын үлесім» тақырыбында 3–5 сөйлем жазу.

Бұл тапсырма білім алушыны тек фактілерді білумен шектемей, тарихи ойлау, құндылықтық бағдар және азаматтық ұстаным қалыптастыруға бағыттайды. Білім алушы тарихи оқиғаларды және Ыбырай Алтынсарин қызметін талдай отырып, білім мен ғылымның қоғам дамуына әсерін түсінеді. Ол білімге құрмет, адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік және отансүйгіштік құндылықтарын сезінеді, өз азаматтық ұстанымын қалыптастырады және алған білімін өмірінде қолдануға ұмтылады.

Атаулы күн – тарихи талдау контексі

Тапсырма: «Ғылым – ағартушылық – қоғам»

Мақсаты: Білім алушылар ғылым мен ағартушылықтың қоғамға әсерін түсініп, азаматтық құндылықтарды сезінуі.

Білім алушылардың әрекеті:

- Ортағасырлық ғылымның маңызды жетістіктерін анықтайды.
- Ғалымдар мен ағартушылардың қоғамға қосқан үлесін талдайды.
- Ыбырай Алтынсарин қызметінің тарихи мәнін бағалайды.

– Ғылым мен білімнің қоғам дамуына әсерін салыстырады.

Талдау логикасы:

1. Факт: нақты тарихи оқиға немесе тұлға іс-әрекеті.
2. Себеп: бұл әрекет не үшін жасалған?
3. Нәтиже: қоғамға, адамдарға әсері.
4. Тарихи маңызы: оқиғаның тарихтағы орны.
5. Құндылық: қандай адамгершілік немесе азаматтық қасиет көрініс тапты.

Бұл бөлім түсінікті болу үшін диаграмма түрінде жасап, білім алушыға визуалды түсінікті қылып пайдалану ұсынылады. «Ғылым – ағартушылық – қоғам» талдау логикасын түсіндіретін сызба үлгісі 3.11.3-кестеде берілген.

3.11.3-кесте. «Ғылым – ағартушылық – қоғам» талдамалық кестесі

Факт	Себеп	Нәтиже	Тарихи маңызы	Құндылық
Ы. Алтынсарин нің мектебі ашылды	Білім беру жүйесін дамыту және халыққа білім беру қажеттілігі	Қоғамда білім деңгейі көтерілді, ағартушылық идея тарады	Қазақстандағы ағартушылық дәстүр қалыптасты, ортағасырлық ғылыммен сабақтастық орнады	Адалдық, еңбекқорлық, білімге құрмет, азаматтық жауапкершілік

Білім алушы әр қадамды жүйелі талдай отырып, дерек пен құбылыс арасындағы себеп-салдар байланысын анықтайды, нәтижесін тарихи маңызбен ұштастырып, оны құндылық деңгейінде түсінеді. Осылайша білім тек ақпарат емес, саналы пайымға айналады. Мұғалім бағыттаушы рөл атқарып, сұрақ қою, салыстыру, дәлел келтіру арқылы ойлауды тереңдетеді. Нәтижесінде білім алушының тарихи ойлауы, сыни талдауы, азаматтық көзқарасы мен құндылықтық бағдарлары біртұтас қалыптасады, өткенді түсіну арқылы қазіргі қоғамдағы орнын сезінеді.

Құндылық бағдар қалыптастыру: білім алушының білімді тұлғалық ұстаныммен байланыстыруына бағытталады.

Құндылықтық сұрақтар:

- Ғалым мен ағартушыны ұлы ететін қандай қасиеттер?
- Білімдегі адалдық нені білдіреді?
- Ғылым қоғамды қалай өзгертеді?
- Мен білім арқылы қоғамға қалай үлес қоса аламын?

Мұғалім тарихи дерек, өмірлік мысал, рефлексия, пікірталас, салыстыру әдістерін қолдана отырып, адалдық, жауапкершілік, еңбексүйгіштік мәнін ашуды ұсынады. Білім алушы өз әрекетін бағалап, таңдау жасап, қоғамдық маңызын түсінеді. Нәтижесінде саналы көзқарас, тұрақты құндылық, азаматтық жауапкершілік қалыптасады, мінез-құлықта көрініс табады, өмірлік шешімдерде қолданады, қоғамға пайдалы.

Бағалау критерийлері:

– ғылым жетістіктерін анықтайды;

– ортағасырлық ғалымдардың үлесін түсіндіреді;

– ғылым мен ағартушылық байланысын талдайды;

– білім мен құндылық байланысын көрсетеді.

Жоғарыда ұсынылған педагогикалық әдістер мен тәсілдер білім алушылардың тарихи құбылыстарды терең түсінуіне, деректер негізінде дәлелді ойлауына, салыстырмалы талдау жасауына, өзіндік пікір қалыптастыруына және құндылықтық бағдарын айқындауына мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер оқу процесін репродуктивті сипаттан зерттеушілік және тұлғалық-бағдарлы деңгейге көшіруге жағдай жасайды.

Оқу әдістерін сабақтың мақсаты мен күтілетін нәтижелеріне сәйкес саналы түрде іріктеу ұсынылады. Сабақ барысында бағыттаушы және проблемалық сұрақтар қою арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, оларды дереккөздермен өз бетінше жұмыс істеуге жетелеу маңызды. Пікірталас ұйымдастырғанда қатысушылар арасындағы тепе-теңдікті сақтап, әр білім алушының ойын білдіруіне мүмкіндік жасау қажет. Кейс-тапсырмалар мен жағдаяттық талдау кезінде оқу материалын өмірлік тәжірибемен байланыстыру ұсынылады, ал рефлексия кезеңінде білім алушылардың жеке қорытынды жасап, өз ұстанымын айқындауына жағдай туғызу қажет.

Айтулы тарихи даталар мен оқиғаларды тек ақпараттық дерек ретінде емес, сабақтың мазмұндық, зерттеушілік және тәрбиелік өзегі ретінде қарастырған жөн. Әрбір тарихи факт құндылықтық мазмұнмен байланыстырылып, оның қазіргі қоғам мен жеке тұлға үшін маңызы ашылуы тиіс. Оқу әрекеті білімді жай меңгеруге емес, түсіну → талдау → бағалау → жеке ұстаным қалыптастыру логикасында құрылуы ұсынылады.

Рефлексия арқылы алынған білімнің өмірмен байланысын айқындау, тарихи тәжірибені жеке жауапкершілікпен ұштастыру және білім алушыны саналы азаматтық позицияға жетелеу – сабақтың түпкі нәтижесі ретінде қарастырылуы тиіс.

Жамбыл облысы, Тараз қаласы Б.Момышұлы атындағы № 45 қазақ классикалық гимназиясының тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер Лаубай Тоғжан Құралбайқызының іс-тәжірибесінен

«Қазақстан тарихы» пәнінен Зерттеу-жобалау қызметі немесе әлеуметтік жобалар, «SMART BALA» жобасын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Сабақтың тақырыбы: Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі

Оқу мақсаты:

11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу;

11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау.

Құндылықтар:

- Тәуелсіздік және отаншылдық
- Әділдік және жауапкершілік
- Заң және тәртіп
- Азаматтық парыз

*Әдіс: «*Дәйексөз, Әрекет, Storytelling»

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша 11-сыныпта зерттеу-жобалау жұмысын ұйымдастыру және «SMART BALA» жобасы форматына негізделген оқыту Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін терең әрі кешенді талдауға бағытталады. Аталған сабақ тарихи-географиялық зерттеу, экономикалық модельдеу, стратегиялық ойлау және құндылықтық талдау элементтерін біріктіру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және азаматтық санасын дамытуға мүмкіндік береді.


Сабақ мазмұны 11.1.2.1 және 11.1.2.2 оқу мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылады. Бірінші кезеңде білім алушылар виртуалды картаны пайдалану арқылы Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы негізгі бағыттарын (Оңтүстік, Далалық, Жетісу) анықтайды, олардың географиялық ерекшеліктерін сипаттайды және керуен қозғалысының маршруттық схемасын құрастырады. Бұл жұмыс барысында Шығыстан кіру нүктелері, негізгі қалалар, сауда орталықтары және Батысқа шығу бағыттары жүйелі түрде талданады. Аталған тапсырма тарихи-географиялық детерминизмді түсінуге, табиғи орта мен сауда қозғалысы арасындағы себеп-салдар байланысын айқындауға бағытталған.

1-тапсырма: Ұсынылып отырылған виртуалды картаны пайдаланып, Сілтемеге өтіп, https://view.genially.com/68a5ed173d72011a3aec706c бірінші керуен түйесін басу арқылы, Қазақстан аумағындағы керуен жолдарының негізгі бағыттарын анықтаңыз (Оңтүстік бағыт, Далалық бағыт, Жетісу бағыттары).

3.11.1-суретте. Ұлы Жібек жолы- ортағасырлық логистика жүйесі: 3.11.2-сурет.Қазақстан территориясы бойынша тармақтары берілген. 3.11.3-сурет.Ұлы Жібек жолы және Қазақстан қалалары көрсетілген.



3.11.1-сурет.Ұлы Жібек жолы- ортағасырлық логистика жүйесі
https://view.genially.com/68a5ed173d72011a3aec706c/interactive-image-zhibek-zholy



3.11.2-сурет.Қазақстан территориясы бойынша тармақтары
https://codepen.io/Asmerint-Asmerint/full/yyYKEVG

3.11.3-сурет. Керуен қозғалысының алгоритмі
https://view.genially.com/68a5ed173d72011a3aec706c/interactive-image-zhibek-zholy

Бағыттар анықталғаннан соң, виртуалды картаны пайдалана отырып, «Керуен қозғалысының маршруты» схемасын жасау ұсынылады: Шығыстан кіру нүктесі; Қазақстан аумағындағы негізгі қалалар; Сауда орталықтары; Батысқа шығу бағыттарының тізбегін жасап, Әр бағыттың географиялық ерекшелігін сипаттаңыз.

Дескриптор:

– Виртуалды карта арқылы Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарын (Оңтүстік, Далалық, Жетісу) дұрыс анықтайды;

– әр бағыттың Шығыстан кіру нүктесін нақты көрсетеді;

– Қазақстан аумағындағы негізгі қалаларды маршрут ретімен орналастырады;

– сауда орталықтарын маршрут құрылымына енгізеді;

– географиялық жағдай мен сауда қозғалысының арасындағы себеп–салдар байланысын көрсетеді;

– картамен жұмыс барысында ақпаратты жүйелеп, схема түрінде ұсынады.

Екінші кезеңде ойындық модельдеу форматы арқылы қалалардың урбанистік дамуы талданады. «Mission: Silk Road Impact» тапсырмалары білім алушыларды қала құрылымының элементтерін (сауда, қорғаныс, инфрақұрылым), экономикалық негізін және стратегиялық маңызын бағалауға жетелейді. Деңгейлік тапсырмалар қарапайым сипаттаудан аргументтік қорғауға дейінгі когнитивтік ілгерілеуді қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде білім алушылар тарихи деректерге сүйене отырып, қаланың сауда торабы немесе жай қоныс ретіндегі мәртебесін дәлелдейді.

Дескриптор:

– виртуалды ойын ортасында берілген 5 деңгейді толық орындайды;

– қала құрылымындағы сауда, қорғаныс, инфрақұрылым элементтерін анықтайды;

– жол болмаған жағдайда қала дамуы қалай өзгеретінін болжап, тарихи талдау жасайды;

– қаланың сауда торабы немесе жай қоныс екенін дәлелмен негіздейді;

– өз аргументін логикалық құрылыммен қорғайды.

Үшінші кезең функционалдық-логистикалық модельдеуге негізделеді. Білім алушылар керуен басшысы рөлін атқара отырып, маршрут таңдау, жүк құрамын анықтау, тәуекел деңгейін бағалау және экономикалық тиімділікті есептеу міндеттерін орындайды. «Егер… онда…» логикасы арқылы керуен қозғалысының алгоритмі құрылады. Бұл тапсырмалар математикалық есептеу, ықтималдықты бағалау, стратегиялық шешім қабылдау және тәуекелдерді басқару дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар қарақшылар қаупі, ауа райы жағдайы, маршрут ұзақтығы сияқты факторларды салыстырмалы талдау білім алушылардың кешенді ойлау қабілетін дамытады.

3-тапсырма. Функционалдық тапсырма. Сілтемеге өту арқылы, үшінші керуен түйесін басыңыз, онда сіз керуен басшысына айналасыз: Керуен басшысы ретінде сіз кедергілерді шешу керексіз, «Егер… онда…» логикасымен керуеннің қозғалыс алгоритмін жасау ұсынылады:

https://view.genially.com/68a5ed173d72011a3aec706c/interactive-image-zhibek-zholy

Виртуалды картада, берілген қалаларды оңтүстіктен солтүстікке қарай ретімен орналастырыңыз:

- ☐ Тараз
- ☐ Сауран
- ☐ Испиджаб
- ☐ Сығанақ
- ☐ Отырар

Сұрақ: Неліктен бұл қалалар дәл осы тәртіппен орналасқан? (географиялық және сауда логикасын түсіндіріңіз)

Дескриптор:

– қалалардың орналасу тәртібін географиялық және сауда логикасымен түсіндіреді;

– берілген жүк түрлерінен тиімді комбинация таңдайды;

– жүктің жалпы салмағын дұрыс есептейді;

– қауіп деңгейін бағалап, экономикалық негіздеме жасайды;

– қысқа және ұзақ маршруттарды салыстырып, тиімдісін анықтайды;

– тәуекел деңгейін (қарақшы, ауа райы) ескере отырып шешім қабылдайды;

– қарақшылар жағдайында экономикалық шығынды азайтатын стратегия ұсынады;

– «Егер… онда…» логикасымен керуен қозғалысының алгоритмін құрастырады;

– ауа райы өзгерген жағдайда логистикалық шешім қабылдайды;

– шешімін дәлелмен, қысқа әрі нақты жеткізеді;

– жол күнделігін жүйелі түрде толтырып, әрекет пен нәтиже байланысын көрсетеді.

Төртінші кезеңде 3D форматтағы виртуалды сауда базарын зерттеу ұсынылады. Бұл жұмыс қаланың инфрақұрылымдық құрылымын, экономикалық функцияларын және керуен қозғалысымен өзара байланысын түсіндіруге бағытталады. Білім алушылар сауда кеңістігінің ұйымдасу логикасын сипаттап, оның аймақтық экономикалық дамудағы рөлін анықтайды.

4-тапсырма.Сілтемеге өтіп, төртінші керуен түйесін таңдау қажет. 3D модельді 2–3 минут зерттеп, сауда базарымен танысып, сұрақтарға жауап беру тапсырмасы ұсынылады.

https://view.genially.com/68a5ed173d72011a3aec706c/interactive-image-zhibek-zholy



3.11.4-сурет Базар моделі. https://edu.delightex.com/WBW-CVR

Дескриптор:

– 3D базар моделін 2–3 минут зерттейді;

– сауда базарының құрылымын, инфрақұрылымын нақты сипаттайды;

– базарда қандай тауарлар сатылатынын анықтайды;

– базардың қызмет ету логикасын түсіндіреді (неліктен дәл осы жерде, қандай функция атқарады?);

– сауда жүйесі мен керуен қозғалысының арасындағы байланысты ашады;

– Сұрақтарға жауап береді.

Ұсынылған сабақ құрылымы «SMART BALA» қағидатына сәйкес стратегиялық ойлау, модельдеу, аргумент, тәуекелді бағалау және тактикалық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Пәндік мазмұн құндылықтық компонентпен өзара байланыста қарастырылады. Тәуелсіздік және отаншылдық, әділдік пен жауапкершілік, заң және тәртіп, азаматтық парыз құндылықтары тарихи мазмұнды талдау барысында табиғи түрде ашылады.

Бағалау тарихи дәлдікке, логикалық құрылымға, экономикалық негіздемеге, аргумент сапасына және тәуекелдерді ескеруге негізделеді. Сабақ нәтижесінде білім алушылар Ұлы Жібек жолының Қазақстан қала мәдениетінің қалыптасуындағы шешуші рөлін кешенді тұрғыдан түсініп қана қоймай, тарихи білімді қолданбалы деңгейде пайдалана отырып, жауапты шешім қабылдау тәжірибесін меңгереді. Мұндай әдістемелік модель зерттеу-жобалау қызметін дамытып, білім алушыларды талдаушыдан стратегиялық ойлайтын субъект деңгейіне көтеруге мүмкіндік береді.

*3.*12 «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні қоғамдық ой эволюциясын зерделеу арқылы білім алушылардың тарихи санасын, олардың азаматтық ұстанымын, құқықтық мәдениетін және құндылықтық бағдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Адал азамат» бағдарламасының «Бірлік және ынтымақ», «Әділдік және жауапкершілік», «Заң және тәртіп», «Азаматтық парыз» құндылықтары қоғамдық ой тарихын оқыту барысында мазмұндық түрде ашу ұсынылады. Идеялардың тарихи процестерге, революциялар мен реформаларға ықпалын талдау білім алушыларды идеяның әлеуметтік салдарын бағалауға үйретеді.

Кіріктірудің негізгі мақсаты – тарихи білімді меңгерту арқылы білім алушылардың:

- азаматтық жауапкершілігін,
- заңға құрметін,
- әділдік ұстанымын,
- адалдық пен қоғамдық келісім құндылықтарын қалыптастыру.

Кіріктірудің әдіснамалық принциптері:

– Мазмұндық табиғилық – құндылықтарды жасанды енгізбей, тарихи тақырыптың логикасымен байланыстыру;

– Проблемалық – тарихи оқиғаларды қазіргі азаматтық ұстаныммен салыстыра талдау;

– Дәлелді пайымдау – құндылықтарды эмоционалдық емес, тарихи аргумент арқылы түсіндіру;

– Мета пәндік бағыт – талдау, интерпретация, салыстыру және дәлелдеу дағдыларын дамыту арқылы құндылықтық пайым қалыптастыру;

– Талдамалық – тарихи фактілерді бағалауда әділдік, жауапкершілік және заң үстемдігі ұстанымдарын негізге алу;

– Азаматтық рефлексия – тарихи тәжірибені қазіргі қоғамдық өмірмен байланыстыру.

Сабақтың тақырыбы: Мемлекет түсінігі. Мемлекеттің пайда болу теориялары

Оқу мақсаттары

– 10.3.1.1 тарихи оқиғалар мен процестерді түсіндіру үшін «мемлекет», «билік», «басқару институты» терминдерін қолдану;

– 10.3.1.2 мемлекеттік құрылыстың ерекшеліктерін түсіндіру үшін мемлекеттің пайда болу теорияларын салыстыру.

Құндылықтар: Әділдік және Жауапкершілік – Құқықтық мемлекет пен заң үстемдігінің маңыздылығын ұғыну.

Мемлекет ұғымын түсіндіру барысында проблемалық жағдаятқа негізделген оқыту тәсілін қолдану ұсынылады. Осы мақсатта «Робинзон Крузо»

моделі тиімді әдіс ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сабақтың кіріспе кезеңінде мұғалім білім алушыларға елсіз аралда жалғыз қалған жағдайды елестетуді ұсынады және мұндай жағдайда мемлекет, заң немесе полиция қажет пе деген сұрақ қояды. Талқылау барысында білім алушылар жеке адамның оқшау тіршілігінде мемлекеттік институттардың объективті қажеттілігі шектеулі екенін пайымдайды. Мысалы, «Робинзон Крузо» ситуациялық тапсырмасын «Адал азамат» идеясымен байланыстыру:

Талқылау сұрақтары:

- Мемлекет не үшін қажет?
- Заң болмаса не болады?
- Әр адам тәртіпке жауапты ма?

Құндылықтық бағдар: Білім алушылар мемлекет – тәртіп пен әділдікті қамтамасыз ететін қоғамдық келісім нәтижесі екенін түсінеді.

Келесі кезеңде жағдаят күрделенеді: егер аралға тағы жүз адам келсе, қандай мәселелер туындайды деген сұрақ талқыланады. Бұл жағдайда білім алушылар қоғамдық қатынастардың пайда болуымен бірге тәртіпті сақтау, ресурстарды (азық-түлік, су) әділ бөлу, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қақтығыстарды реттеу сияқты мәселелердің өзектілігін анықтайды. Осы талқылау нәтижесінде мемлекет – қоғам өмірін ұйымдастыратын, тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылым екендігі жөнінде қорытынды жасалады.

Мұндай тәсіл мемлекеттің негізгі функцияларын білім алушылардың өздері шығаруына мүмкіндік береді. Біріншіден, басқару функциясы – қоғамдық тәртіпті ұйымдастыру, ортақ ережелер белгілеу және ресурстарды реттеу. Екіншіден, қорғау функциясы – ішкі және сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Осы қорытындылар теориялық анықтамамен байланыстырылып, мемлекет белгілі бір аумақта билік жүргізетін және қоғамдық қатынастарды реттейтін саяси ұйым ретінде түсіндіріледі.

Талдауды тереңдету үшін хаос пен тәртіп жағдайларын салыстыру ұсынылады. Мысалы, жасанды интеллект көмегімен жасалған бейнелер арқылы ережесіз, ұйымдаспаған орта мен құрылымдалған, тәртіп орнаған қоғамды салыстыруға болады. Бұл визуалды талдау білім алушылардың мемлекетсіз ортада тұрақсыздық пен қақтығыстардың күшеюін, ал ұйымдасқан жүйеде қауіпсіздік пен тұрақтылықтың артуын түсінуіне ықпал етеді.

Тапсырма: «Билік» пен «Басқару институты» ұғымдарын талдауда

Билік адал болу үшін қандай принциптерді ұстануы тиіс?

Заң үстемдігі нені білдіреді? қосымша сұрақ қою арқылы талдау жүргізу ұсынылады.

Құндылықтық акцент**: «**Әділдік – биліктің басты шарты»

Ұсынылған әдіс мемлекеттің пайда болуын тарихи қажеттілік ретінде пайымдауға бағытталған. Ол мемлекетті күш көрсету құралы ретінде ғана емес, қоғамдық келісім мен жауапкершіліктің нәтижесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл заң үстемдігі, тәртіп және азаматтық жауапкершілік сияқты құндылықтарды табиғи түрде сабақ мазмұнына кіріктіруге жағдай жасайды. Нәтижесінде білім алушылар мемлекеттің функцияларын механикалық жаттаудан гөрі, оның әлеуметтік мәнін саналы түрде түсінеді және теориялық білімді өмірлік жағдаятпен байланыстыра алады. Құндылықтарды кіріктірудің тұжырымдамалық моделі 3.12.1-кестеде берілген.

3.12.1-кесте. Құндылықтарды кіріктірудің тұжырымдамалық моделі

Тарихи мазмұн	«Адал азамат» құндылығы	Кіріктіру тәсілі
Мемлекет ұғымы	Заң және тәртіп	Құқықтық мемлекет түсінігін талдау
Билік, басқару институттары	Жауапкершілік	Биліктің легитимділігі туралы пікірталас
Қоғамдық келісім теориясы	Әділдік, келісім	Азамат пен мемлекет арасындағы өзара міндеттерді талдау
Зорлық-зомбылық теориясы	Заңдылық	Күш пен құқықтың айырмашылығын түсіндіру

Мемлекеттің пайда болу теорияларын оқыту барысында білім алушыларға мемлекеттің қалыптасу себептерімен қатар, оның қоғам алдындағы жауапкершілігіне талдау жүргізу ұсынылады.

Сабақ барысында қоғамдық келісім теориясын талқылауда мемлекет пен азамат арасындағы өзара міндеттерге назар аудару қажет. Білім алушыларға мемлекет тұрақтылығының негізі ретінде заң үстемдігі мен әділетті басқару қағидаттарын түсіндіру ұсынылады.

Тапсырма: «Теориялар шайқасы». Теорияларды тек салыстырып қана қоймай, құндылықтық бағалау енгізу ұсынылады:

Теория	*«Адал азамат» тұрғысынан талдау*
Теологиялық	Биліктің моральдық негізі
Патриархалдық	Әке жауапкершілігі аналогиясы
Қоғамдық келісім	Азаматтық жауапкершілік негізі
Зорлық теориясы	Заңсыз биліктің салдары

Қосымша тапсырма: «Қай теория құқықтық мемлекет идеясына жақын?» – дәлелде.

Зорлық теориясын қарастыру кезінде күшке негізделген биліктің ұзақмерзімді тұрақсыздығын талдату орынды. Бұл талдау білім алушылардың заңдылық пен легитимділік ұғымдарын ажырата білуіне әсер етеді.

Құқықтық мемлекет тақырыбын меңгеру барысында заң үстемдігі, билік тармақтарының бөлінуі және азаматтық бақылау ұғымдары құндылықтық тұрғыдан талдануы тиіс.

Білім алушыларға тарихи кезеңдердегі заңдардың әділдік деңгейін салыстыру ұсынылады. Сонымен қатар, демократиялық институттардың қалыптасуын азаматтық жауапкершілікпен байланыстыра талдау қажет.

Тарихи мысалдарды қарастыру барысында:

– заңның қоғам тұрақтылығындағы рөлін;

– құқық бұзушылықтың әлеуметтік салдарын;

– азаматтық белсенділіктің маңызын дәйекті түрде негіздеу ұсынылады.

Практикалық әдістер: Дебат технологиясы

Тақырып: «Мемлекет – қоғам келісімінің нәтижесі ме, әлде күштің жемісі ме?»

Бағалау критерийі:

- дәлелді аргументтеу;
- заңдылық принципін түсіну;
- қарсы пікірді құрметтеу.

Құндылықтық нәтижелердің индикаторлары

Деңгей	Көрсеткіш
Білімдік	Мемлекет белгілерін дұрыс атайды
Талдау	Теорияларды салыстырады
Құндылықтық	Заң үстемдігінің маңызын түсіндіреді
Азаматтық	Жауапкершілік ұғымын жеке позициясымен байланыстырады

Әдістемелік ұсынымдар:

1. Теорияларды оқытуда тек мазмұндық емес, құндылықтық талдау міндетті болуы тиіс.

2. Бағалау критерийлеріне «құндылықтық пайымдау» компонентін енгізу ұсынылады.

Сабақ соңындағы рефлексия сұрақтарын «Адал азамат» құндылықтарымен байланыстыру: Бүгінгі тақырып әділ қоғам құруға қалай көмектеседі?Азамат ретінде менің жауапкершілігім қандай?

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәніндегі «Мемлекет және оның пайда болу теориялары» тақырыбы «Адал азамат» бағдарламасының негізгі идеяларын – әділдік, жауапкершілік, заң үстемдігі, азаматтық сана – табиғи түрде кіріктіруге мүмкіндік береді.

Тарихи теорияларды салыстыру арқылы білім алушы мемлекеттің мәнін түсінеді, билік пен заңның айырмашылығын ажыратады, азаматтық жауапкершілік ұстанымын қалыптастырады.

Сонымен «Дүниежүзі тарихы» пәні мазмұнына «Адал азамат» бағдарламасының құндылықтарын кіріктіру нәтижесінде білім алушылар тек теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, тарихи ұғымдарға талдау жасап, құндылықтық тұрғыдан пайымдау, дәлелді жауап ұсынатын құндылықтық бағдарланған азамат ретінде қалыптасады.

3.13.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын «Құқық негіздері» оқу пәнінен оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша 10-сыныпта оқу процесінде «апта дәйексөздері» арқылы құндылықтарды жүзеге асыру. «Апта дәйексөздері» – білім алушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық ұстанымын және адамгершілік бағдарын қалыптастыруға бағытталған тәрбие мен оқытуды кіріктіретін тиімді педагогикалық құрал. Мақал-мәтелдер, халық даналығы, тарихи тұлғалардың ұлағатты сөздері оқу және оқудан тыс іс-әрекеттің мазмұнымен өзара байланыса отырып, білім мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтеді және пәннің құндылықтық бағдарын айқындайды.

«Құқық негіздері» пәні бойынша апталық дәйексөздер құқық, әділдік, жауапкершілік, заңға құрмет, адалдық, азаматтық белсенділік сияқты базалық құндылықтарды күнделікті оқу тәжірибесіне енгізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім алушылардың құқықтық ұғымдарды теориялық деңгейде меңгерумен қатар, оларды өмірлік қағидаттармен ұштастырып, саналы мінез-құлық пен құқықтық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Сонымен, «апта дәйексөздерін» оқу процесінде қолдану пәннің мазмұнын құндылықтық тұрғыдан байытып, құқықтық сауатты, жауапты және белсенді азамат тәрбиелеудің маңызды тетігі болып табылады.

Алматы қаласы Ы. Алтынсарин атындағы №159 гимназияның тарих және құқық пәнінің мұғалімі, педагог-шебер Асанбекова Гулмира Сагатовнаның іс-тәжірибесінен

Сабақтың тақырыбы: Азаматтық қоғам түсінігі, оның негізгі элементтері мен институттары

Оқу мақсаты: 10.1.2.2 – конституциялық принциптер негізінде азаматтық қоғамның элементтері мен институттарын ажырату;

Дәйексөз: «Адам – табиғатынан қоғамдық-саяси тіршілік иесі» деген ұғым (*Аристотельдің zoon politikon тұжырымдамасы*) адамның жеке өмір сүре алмайтынын, бақытқа тек қоғам мен мемлекет аясында, басқалармен қарым-қатынаста ғана жететінін білдіреді. Бұл адамның әлеуметтік топтармен байланысып, ортақ игілікке ұмтылатын, саналы әрі саяси жаратылыс екенін айқындайды [e-history.kz].

Құндылықтар: «Заң және тәртіп»

Зерттеу сұрақтары: Аристотель ең жақсы азаматтық қоғам (саясат) орта таптың басымдығы арқылы тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, демократия мен олигархия элементтерін біріктіреді деп санаған. Неге? Талдау.

Кейстер:

1.Аристотель азаматтық қоғамды ортақ игілікке қол жеткізу үшін адамдарды біріктірудің жоғары нысаны болып табылатын polite koinonia (саяси қоғамдастық немесе мемлекет-полис) ретінде айқындады.

2.Оның тұжырымы бойынша, адам - қоғамда ғана толыққанды өмір сүре алатын «саяси» (zoon politikon) тіршілік иесі. Азаматтық қоғам достыққа, ізгілікке және еркін азаматтар арасындағы міндеттерді бөлісуге негізделген.

3. Аристотель оқуының негізгі аспектілері:

Азамат және Полис: Азамат – бұл халық жиналысына, сотқа және мемлекетті басқаруға қатысуға құқығы бар адам.

4.Қоғамның мақсаты: Азаматтық қоғамдастықтың мақсаты тек бірге тұру ғана емес, баршаға арналған бақытты, ізгілікті өмірді қамтамасыз ету болып табылады.

5. «Саяси тіршілік иесі»: Мемлекеттен тыс адам өз әлеуетін жүзеге асыра алмайды.

6.Құрылымы мен ізгілігі: Қазіргі заманғы көзқарастардан айырмашылығы, Аристотельдің азаматтық қоғамы мен мемлекеті іс жүзінде ұқсас. Еркін азаматтардың саясатқа қатысу үшін бос уақыты болуы тиіс.

7.Азаматтық қоғамның түрлері: Аристотель оларды дұрыс (монархия, аристократия, саясат) және дұрыс емес (тирания, олигархия, демократия) деп белгілей отырып, басқару нысандары негізінде жіктеді.

8.Аристотель үшін азаматтық қоғам мемлекеттің синонимі болды және шын мәнінде азаматтар саяси қызмет пен басқаруға қатыса алатын кеңістік болды.

9.Сол сияқты, римдік мемлекет қайраткері және философ Цицерон да азаматтық белсенділік пен қоғамдық борыштың маңыздылығын атап өтіп, осы идеялармен бөлісті.

Жоғарыда кейстерде берілген 9 түрлі Аристотельдің идеяларының бірін талдау және зерттеу сұрақтарына жауап беру ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар: «Азаматтық қоғам» тақырыбы бойынша тапсырмалар қоғамдық ұйымдардың мемлекеттер тәуелсіздігін, олардың құрылымын (ҮЕҰ, БАҚ, кәсіподақтар) және функцияларын түсінуге бағытталған. Тапсырма мысалдары тесттерді, жағдайды талдауды, қоғамдық бастамалар жобаларын жасауды және азаматтық қоғамды мемлекеттік құрылымдармен салыстыруды қамтиды, бұл *азаматтық белсенділік пен құқықтық мәдениет* дағдыларын дамытады.

Құқық негіздері» пәнінен 10–11 сыныптарға арналған келесі тапсырма үлгілері ұсынылады:

– Жағдайды талдау. Ұсынылған жағдайдың сипаттамасын (мысалы, ТСЖ немесе қайырымдылық қорын құру) оқып, оның азаматтық қоғам қызметінің көрінісі болып табылатынын анықтаңыз.

– «Азаматтық қоғам құрылымы» тапсырмасы. Берілген тізімнен (парламент, министрлік, тәуелсіз газет, кәсіподақ, сот, экологиялық қозғалыс) азаматтық қоғам институттарына жататын элементтерді таңдаңыз.

– Алғышарттарды анықтауға арналған тест. Азаматтық қоғамның экономикалық (жеке меншік, кәсіпкерлік еркіндік) және мәдени-әлеуметтік (плюрализм, сөз бостандығы) алғышарттарын ажыратыңыз.

– «Бастамашыл топ» кейс-тапсырмасы. Жағдай: жергілікті аумақта саябақты кесу жоспарлануда. Міндет: азаматтық қоғам тетіктерін пайдалана отырып, іс-қимыл жоспарын құрастырыңыз (петиция дайындау, БАҚ тарту, қоғамдық тыңдау немесе митинг ұйымдастыру, мемлекеттік органдарға өтініш беру).

– Салыстыру тапсырмасы. «Мемлекет пен азаматтық қоғам» тақырыбы бойынша кесте толтырыңыз: функциялары, ықпал ету әдістері және мүдделер аясы бойынша айырмашылықтарын көрсетіңіз.

– Эссе немесе пікірталас. «Азаматтық қоғам: мемлекет серіктесі ме, әлде оның оппоненті ме?» тақырыбында өз көзқарасыңызды дәлелдеңіз.

Қорытынды (түзетілген тұжырым)

Бұл тапсырмалар білім алушыларға азаматтық қоғамның мемлекеттен тәуелсіз әрекет ететін, алайда өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында мемлекетпен өзара іс-қимыл жасайтын азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру кеңістігі екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Сабақтың тақырыбы: Адам құқығы түсінігі және оның негізгі түрлері

Оқу мақсаты:

10.1.3.1 – тұлғаның құқықтық мүмкіндіктері түсінігін көрсете отырып, адамның құқығы мен бостандығы ұғымдарын түсіндіру;

10.1.3.2 – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жіктеу (саяси, азаматтық, әлеуметтік, экономикалық және мәдени);

10.1.3.3 – адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттардың маңыздылығын бағалау (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт)

Құндылықтар: әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп.

Дәйексөз: «Ең болмағанда бір адамның құқығына қауіп төнгенде әрбір адамның құқығына қысым жасалады».

Бұл дәйексөз адам құқықтарының өзара байланысын көрсетеді. Сонымен, бір адамның құқықтары бұзылғанда немесе қауіпке ұшырағанда, бұл барлық қоғам мүшелерінің құқықтарына қауіп төнетінін білдіреді. Басқаша айтқанда,

адам құқықтары жеке емес, қоғамдық қауіпсіздік пен әділеттілік жүйесімен байланысты. Қоғамдағы бір адамның құқығын қорғау – жалпы қоғамдағы құқықтардың қорғалуына әсер етеді.

Адам құқықтары – бұл халықаралық актілерде (мысалы, Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы) және ұлттық конституцияларда бекітілген, әрбір адамның қадір-қасиетін (өмір, бостандық, теңдік) қорғайтын ажырамас, әмбебап кепілдіктер. Мемлекеттер азаматтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік бостандықтарды қамтитын осы құқықтарды құрметтеуге және қорғауға міндетті.

*І. Зерттеу сұрақтары (т*алдауға арналған сұрақтар)*:*

1.Адамның қандай құқықтары бұзылды? Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 12-бабына сүйене отырып, жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы қарастырылғанын анықтаңыз.

2.«Басқалардың құқықтарын құрметтеу» қағидаты қолданыла ма? Қызметкер (немесе компания) Декларацияның 29-бабына сәйкес цифрлық ақпаратты пайдалану кезінде шекараны сақтауға міндетті бе?

3. Кім жауапты? Егер алгоритм қате болса, заңды жауапкершілікті кім көтереді: ЖИ әзірлеуші немесе компания басшылығы?

ІІ. Кейстер:

Мәтіндік тапсырма: «Цифрлық дәуірдегі адам құқықтары»

«*ТехноЛогик» компаниясы қызметкерлердің жеке деректерін талдау үшін жасанды интеллект (ЖИ) алгоритмін әзірледі. Алгоритм әлеуметтік желілер мен жұмысқа қатысты сөйлесу жазбаларын пайдалана отырып, «адалдық индексін» құрайды және индексі 50% -дан төмен адамдарды жұмыстан босатуды ұсынады. Әкімшілік мұны олардың бизнесті оңтайландыруға және өздерінің экономикалық мүдделерін қорғауға құқылы екендігімен дәлелдейді, ал қызметкерлердің өздері желіде ақпарат берді.*

Күтілетін жауап (мысал):

Бұл жағдайда жеке өмір құқығы бұзылуы мүмкін, себебі жұмыс сөйлесулерін пайдалану мінез-құлықты толық талдауға келісімді білдірмейді. Компанияның экономикалық мүдделері болса да, олар қызметкердің қадір-қасиетін бұзбауы тиіс. Жауапкершілік компанияның басшылығына жүктеледі, себебі олар кемсітуге әкелуі мүмкін технологияларды қолдануды бақылауға міндетті.

Әдістемелік ұсынымдар: «Куббизм стратегиясы» – ойын арқылы оқыту. Кубиктің алты жағына жазылған сөздер бойынша жұмыс жасайды. Қандай да бір затты жан жақты талдайды, талқылайды, сол арқылы білімдерін қайталайды, жаңа білім жинақтайды.

1.Сипатта (түрі, түсі, көлемі)

2.Салыстыр (ұқсастығы, айырмашылығы)

3.Ұсын (қалай, қай жерде пайдаланылады?)-

4.Дәлелде (қарсы және қарсы емеспін)

5.Талда (қалай жасалған, неден тұрады?)

6.Ой толғау (бұл неден жасалған?)

Кубикпен жұпта немесе топта жұмыс жасайды.

Сабақтың тақырыбы: Меншік құқығы түсінігі және оның қорғалуы

Оқу мақсаттары: 10.3.1.6 – мысалдар келтіре отырып, меншік құқығы ұғымын және оның негізгі өкілеттілігін түсіндіру;10.3.1.7 – құқықтық жағдаятты (казусты) талдай отырып, меншік құқығын қорғау жолдарын түсіндіру.

Дәйексөз: «Меншік - алдау. Ешкім ештеңеге иелік етпейді. Сіз өмірден өткен кезде бәрі осында қалады» (Дж.Карлин)

Құндылықтар: заң және тәртіп, әділдік пен жауапкершілік

Меншік - бұл ресурстарды иеленудің экономикалық қатынастары және мүлікті иелену, пайдалану және оған билік етудің заңды құқығы. Түйінді нысандар жеке (азаматтар мен заңды тұлғалар), мемлекеттік, муниципалдық және ұжымдық нысандарды қамтиды. Меншік иесінің пайдалы қасиеттерін алуға, мүлікке қатысты әрекеттерді жүзеге асыруға және оны қол сұғушылықтан қорғауға құқығы бар.

Зерттеу сұрақтары: Меншік ұғымы дегеніміз не және қоғамдағы қандай нысандарда кездеседі?

Практикалық тапсырма: «*Әрекеттегі меншік»*

Заңды анықтамасы: Ислам пәтер сатып алды.

Иелену: Исламның нақты пәтер иеленуге құқығы бар.

Пайдалану: Ислам пәтерде тұрады.

Өкім: Ислам пәтерді сатады немесе жалға береді.

Меншік нысандарын салыстыру: Азаматтың меншігіндегі пәтердің муниципалитетке тиесілі пәтерден айырмашылығы неде? (Жауап: меншік субъектісі - жергілікті билік органына қарсы жеке тұлға; мақсаты - әлеуметтік жалдауға қарсы жеке тұру).

Жағдайды талдау: Егер Ислам муниципалитеттен пәтер жалдаған болса, ол меншік иесі болып табыла ма? (Жауап: Жоқ, ол тек пайдаланушы, ал меншік иесі муниципалитет болып қалады).

Негізгі ұғымдар: Субъект: Меншік иесі (адам, мемлекет); *Объект:* Мүлік (заттар, ақша, жылжымайтын мүлік); *Құқық түрлері:* Иелену (иелену), пайдалану (пайда табу), өкім (тағдырды анықтау); *Меншік құқығы* - бұл мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету қатынастарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы. Ол құқықтар триадасын қамтиды: іс жүзінде иелену (иелену), пайдалы қасиеттерді алу (пайдалану) және заттың тағдырын айқындау (өкім). Меншік қатынастары субъектілер (адамдар, мемлекет) мен объектілер (заттар, ресурстар) арасында туындайды.

Кейсті талдау: Азамат А., сатып алу-сату шартын ресімдеп, меншік құқығын тіркеп, пәтер сатып алды. Ол оны жалға (пайдалануға) берді, бірақ бір жылдан кейін сатуға шешім қабылдады.

1-сұрақ: Меншік иесінің үш құқықтылығы қандай жағдайда пайда болды?

Жауап: Иелену (сатып алу), пайдалану (жалға беру), билік ету (сату).

2-сұрақ: Азамат А-ның. пәтерге меншік құқығы қандай сәттен бастап пайда болды?

Жауап: Құқықты мемлекеттік тіркеген сәттен бастап.

3-сұрақ: Пәтерде тұратын жалға алушы оған билік ете ала ма?

Жауап: Жоқ, билік етуге (сатуға, сыйға тартуға) тек меншік иесі ғана құқылы.

Меншік құқығының негізгі аспектілері:

Сатып алу негіздері: Сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту, жаңа мүлік жасау шарты.

Қорғау: Меншік иесі мүлікті бөтен біреудің заңсыз иеленуінен талап етуге құқылы.

Шектеулер: Меншік құқығы басқа тұлғалардың құқықтарын және қоғамның мүдделерін бұзбауға тиіс.

Әдістемелік ұсынымдар:

«Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі: Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, білім алушыларға осы атауларға қатысты келесі сұрақтарға ауызша (жазбаша) жауап беруді тапсырады:

– Қайда? Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?

– Қалай? Өткен тақырыптардан осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?

– Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз? Әдеттегідей бұл жұмысты білім алушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындайды. Содан кейін мұғалім бірнеше білім алушының пікірін тыңдайды.

10-сыныпта «Экологиялық құқық» бойынша «Таза Қазақстан» тұжырымдамасына сәйкес Жағдаяттық талдау тапсырмасын беру ұсынылады

Жағдаят: Қалада өндіріс орны өзенге тазартылмаған қалдық су жіберіп отыр. Соның салдарынан балықтар қырылып, су ластанған.

Сұрақтар:

– Бұл қандай экологиялық проблема?

– Экологиялық кодекс бойынша қандай құқық бұзушылық болуы мүмкін?

– Мемлекет қандай шара қолдана алады?

– *Дескриптор:*
– экологиялық мәселені анықтайды;
– құқық бұзушылық түрін көрсетеді;
– құқықтық шараларды ұсынады.

Осы жағдаяттық тапсырма арқылы білім алушылар экологиялық құқықтың нақты өмірлік жағдайларда қалай қолданылатынын түсінеді және «Таза Қазақстан» концепциясының құқықтық негізін тереңірек меңгереді.

Қорытындылай келе, берілген жағдай – өндіріс орнының өзенге тазартылмаған қалдық су жіберуінен туындаған су ресурстарының ластануы және экожүйенің бұзылуы болып табылады. Бұл Экологиялық кодекс талаптарын бұзатын әрекет, яғни қоршаған ортаны ластау, табиғи ресурстарды заңсыз пайдалану және экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтамау ретінде қарастырылады.

Мұндай жағдайда мемлекет Экологиялық кодекс негізінде бірқатар шара қолдана алады: кәсіпорынға айыппұл салу, залалды өтеуді міндеттеу, өндірістік қызметін уақытша немесе толық тоқтату, экологиялық сараптама жүргізу және тазарту технологияларын енгізуді талап ету.

Осылайша, тапсырма білім алушыларға экологиялық құқықтың тек теория емес, нақты қоғамдық қатынастарды реттейтін маңызды құқықтық тетік екенін түсінуге мүмкіндік береді және табиғатты қорғауда құқықтық жауапкершіліктің рөлін айқындайды

«Құқық негіздері» пәні бойынша зерттеу-жобалау жұмыстары арқылы құндылықтарды кіріктіру

Сабақтың тақырыбы: Қазақстан Республикасы – құқықтық мемлекет

Оқу мақсаттары: 11.1.2.1 – Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық актілері (Қазақстан Республикасының құқықтық саясат концепциясы, Қазақстан Республикасының адам құқығы саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспары концепциясы және тағы басқалар) негізінде құқықтық мемлекеттің принциптерінің жүзеге асырылуын түсіндіру.

Құндылықтар: бірлік пен ынтымақ; әділдік пен жауапкершілік; заң және тәртіп; жасампаздық және жаңашылдық.

Зерттеу-жобалау жұмыстары арқылы құндылықтарды кіріктіру: «Ұшқыр ой алаңы» – дебат, пікірталас арқылы жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасы өзін ең қымбат қазынасы адам, оның құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде конституциялық тұрғыдан көрсетеді. Құқық үстемдігі, биліктің бөлінуі, соттың тәуелсіздігі және мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігі 1995 жылғы Конституцияда негізделген.

Құқықтық мемлекет ретінде ҚР туралы *пікірталастың* негізгі аспектілері:

Конституциялық негіздер: Конституцияның 1-бабына сәйкес органдар мен лауазымды адамдардың қызметі құқықтық нормалармен байланысты.

«Заң басқармасы»: Қағидат мемлекеттің теңдік пен әділдік идеясына сәйкес келуге міндетті заңдарды айналып өте алмайтынын білдіреді.

Іске асыру тетігі: Құқықтық жүйе заң шығаруды (парламентті) және құқық қолдануды (үкіметті, соттарды) қамтиды.

Мақсаттары мен сын-қатерлері: Қазақстан саяси және құқықтық жауапкершілікті қоса алғанда, мемлекеттің қызметі үшін шектеулер жүйесін әзірлей отырып, толыққанды құқықтық мемлекет құруға ұмтылады.

Белгілері: ҚР-дағы құқықтық мемлекет белгілеріне сот жүйесінің тәуелсіздігі және барлық субъектілердің заңды қатаң сақтауы жатады.

Пікірталас көбінесе конституциялық нормаларды іс жүзінде жүзеге асыруға, нақты құқық үстемдігін қамтамасыз етуге және құқықтық мемлекеттің негізі ретінде азаматтық қоғамды дамытуға бағытталады.

Құқықтық мемлекет туралы пікірталас заң үстемдігі биліктің билігін шектеп, адам құқықтарын қорғайтын жүйе құруға бағытталған. Негізгі қағидаттар биліктің бөлінуін, барлығының заң алдындағы теңдігін және мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігін қамтиды. Әділеттілікке ұмтылатын идеал қоғамдық қатынастарға бейімделе отырып дамиды.

Пікірталастың негізгі аспектілері:

Құқық үстемдігі: Заңның жоғары күші бар, ал мемлекет құқық нормаларымен байланысты.

Адам құқықтарын қорғау: Мақсаты адамның бостандығын, қадір-қасиетін және құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Билікті бөлу: Соттардың тәуелсіздігін қамтамасыз ететін заңнамалық, атқарушы және сот тармақтарына нақты бөлу.

Өзара жауапкершілік: Мемлекет пен азаматтар бір-бірінің алдында жауапты болады, бұл Конституцияда бекітіледі.

Тұжырымдаманың дамуы: Құқықтық мемлекет теориясы өзгермелі қоғамдық қатынастарға бейімделе отырып, үнемі дамып келеді.

Құқықтық мемлекет диктатура мен билікті теріс пайдаланудың алдын ала отырып, тұрақтылық пен әділдікті қамтамасыз етеді.

Төменде жалпы құқықтық қағидаттар мен ғылыми зерттеулерге негізделген пікірталас тақырыптарына мысалдар келтірілген:

– «*Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы*»: Мемлекеттің деспотқа жол бермей, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қалай қамтамасыз ететінін талқылау.

– «*Заңның басымдығы: қалыптастыру және даму проблемалары*»: Мемлекеттің жеке өмірге араласуы және заңның үстемдігі туралы пікірталас.

– «*Заңдық позитивизм: құқықтық нормалар мемлекеттің құралы ретінде»*: Мемлекеттің заң арқылы мінез-құлық стандарттарын бекітіп, әлеуметтік жанжалдарды қалай реттейтінін талқылау.

Бұл мысалдар пікірталастардың теориялық аспектілерді де (қоғамдық шарт теориясы, Руссоның көзқарасы), практикалық мәселелерді де қамтитынын көрсетеді, мысалы, аумақтық дауларды шешу тетіктері қазіргі заманғы ғылым мен практика мәселелері.

Сабақтың тақырыбы: Азаматтық – Қазақстан Республикасы конституция лық құқығының институты

Оқу мақсаттары: 11.2.1.1 – азаматтық ұғымын ашу;11.2.1.2 – қазақстандық азаматтықты алу және азаматтықтан айырылудың негіздемелерін нақты мысалдар арқылы түсіндіру.

Құндылықтар: бірлік пен ынтымақ; әділдік пен жауапкершілік; заң және тәртіп; жасампаздық және жаңашылдық

«Ұшқыр ой алаңы» – дебат, пікірталас арқылы жүзеге асыру;

«Ұшқыр ой алаңы» -тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу

Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы *жобалау жұмыстары* азаматтықты алудың (туу, қабылдау, шарттар бойынша) және жоғалтудың құқықтық негіздерін, қосарланған азаматтыққа тыйым салуды, сондай-ақ этникалық қазақтар мен мамандар үшін оңайлатылған рәсімдерді қамтиды.

Түйінді тақырыптар: Конституциялық нормалар, азаматтық түрлері және азаматтың құқықтары/міндеттері.

Жобалау жұмыстарына арналған негізгі бағыттар мен тақырыптар:

Құқықтық аспектілер:

«Қазақстан Республикасы азаматтығының конституциялық негіздері».

«ҚР-да қосарланған азаматтыққа тыйым салу: негіздері мен салдары».

«Тууы бойынша азаматтықты алу рәсімі».

Жеңілдетілген рәсімдер:

«Қандастармен ҚР азаматтығын алу ерекшеліктері».

«Сұранысқа ие кәсіп өкілдері үшін азаматтыққа қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі».

«Неке қию кезіндегі ҚР азаматтығы».

Әлеуметтік-саяси аспектілер:

«Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттері».

«Жаһандық азаматтық ұғымы мен қағидаттары».

Салыстырмалы талдау:

«ТМД елдеріндегі азаматтық туралы заңнаманы салыстырмалы талдау».

Жобалау жұмысының құрылымы:

Кіріспе: Тақырыптың өзектілігі (мысалы, қос азаматтық бойынша нормаларды қатаңдату).

Теориялық бөлім: Ұғымдардың анықтамасы, заңнамалық база («ҚР азаматтығы туралы» Заң, Конституция).

Практикалық бөлім: Нақты жағдайларды (кейстерді) талдау, азаматтықты алу/жоғалту статистикасы, іс-қимыл алгоритмдері (eGov).

Қорытынды: Азаматтықтың мәні туралы қорытындылар.

Жұмыс үшін «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңды, eGov.kz, Akorda.kz және Әділет сайттарының материалдарын пайдалану ұсынылады.

Жеке жобаны зерттеу әдісі: теориялық талдау әдісі: оқу және ғылыми әдебиетті зерделеу, талдау, қорыту болып табылады. Сонымен, «Адал азамат» құндылықтарын оқыту процесіне кіріктіру білім алушылардың құқықтық және құндылықтық түсінігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оқу материалдары мен тапсырмаларды осы құндылыққа бағыттау арқылы білім алушылар әділеттілік, жауапкершілік, адалдық және құқыққа құрмет сияқты негізгі азаматтық қасиеттерді меңгереді. Нәтижесінде, білім алушылар тек құқықтық білімді ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы өз позициясын адалдық және әділдік негізінде анықтай алатын азаматтық мәдениетті қалыптастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын оқу қызметіне кіріктіру білім беру процесінің тұтастығын қамтамасыз етуге және қазіргі заманғы мемлекеттік және қоғамдық сұраныстарға сәйкес келетін жеке нәтижелерді қалыптастыруға бағытталған жүйелі педагогикалық стратегия болып табылады. Жүргізілген теориялық-әдістемелік талдау құндылық компонентін тәрбие жұмысының дербес немесе қосымша элементі ретінде қарастыруға болмайтынын және оның оқу пәндерінің мазмұнына, оқыту әдістеріне, білім беру қызметін ұйымдастыру формаларына және бағалау жүйесіне органикалық түрде енгізілуі керек екенін растайды.

Кіріктірудің тиімділігі бірқатар негізгі шарттармен анықталады: нормативтік-құқықтық және басқарушылық қолдау, әкімшілік пен педагогикалық ұжымның іс-әрекеттерінің келісімділігі, мұғалімдердің құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыруға әдістемелік дайындығы, сондай-ақ білім алушылардың жеке нәтижелеріне жүйелі мониторинг. Осы процесте оқу жоспарына құндылық компонентін енгізуді, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды, мектепішілік бақылауды және білім беру нәтижелерін талдауды қамтамасыз ететін директордың оқу работе жөніндегі орынбасары ерекше үйлестіруші рөл атқарады.

Құндылық интеграциясын енгізу тәжірибесі мониторинг деректері негізінде тұрақты рефлексия мен түзетуді талап етеді. Педагогтерге сауалнама жүргізу, қиындықтарды талдау және табысты тәжірибелерді анықтау әдістемелік қолдауды жетілдіру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін дәлелді негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жүргізілген мониторинг бағалау құралына ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесін дамыту тетігіне айналады.

Құндылық компонентін жүзеге асыруға ресми көзқарас оның тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін екенін атап өткен жөн. Осыған байланысты жүйелі, пәнаралық үйлестіру, оқытудың белсенді және зерттеу әдістерін қолдану, сондай-ақ білім алушылардың бастамашылығын, жауапкершілігі мен азаматтық жетілуін дамытуға ықпал ететін құндылыққа бай білім беру ортасын құру түбегейлі маңызға ие болады.

Одан әрі даму перспективалары «құндылыққа толы сабақ» моделін әзірлеумен, үздік педагогикалық практикалар банкін құрумен, жеке нәтижелер мониторингін цифрландырумен және педагогтердің кәсіби өзара іс-қимылының нысандарын кеңейтумен байланысты. Осы бағыттарды іске асыру құндылықтарды оқу процесіне кіріктірудің орнықтылығы мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың отырысында сөйлеген сөзі
3. Helkama, K. 2015. Suomalaisten arvot. Mikä meille on oikeasti tärkeää? Helsinki: Suomalaisen kirjallisuuden seura
4. Hyvyys, totuus ja kauneus kasvatuksessa. 2018. Abstraktikirja. Kasvatustieteen päivät 15.16.11.2018. Tampere: Tampereen yliopisto
5. Helkama, K. & Seppälä, T. 2004. Arvojen muutos Suomessa 1980-luvulta 2000-luvulle. Julkaisussa Artikkelikokoelma tutkimushankkeesta Sosiaaliset innovaatiot, yhteiskunnan uudistumiskyky ja taloudellinen menestys. Helsinki: Helsingin yliopisto
6. Barni D., Alfieri S., Marta E., Rosnati R. Overall and unique similarities between parents' values and children's values // Journal of Adolescence. 2013. Vol. 36(6). P. 1135–1141. DOI: 10.1016/j.adolescence.2013.09.002
7. Bilsky W., Janik M., Schwartz S.H. The structural organization of human values // Journal of Cross-Cultural Psychology. 2010. Vol. 42(5). P. 759–776. DOI: 10.1177/0022022110362757
8. Daniel E., Dys S., Buchmann M., Malti T. Developmental relations between sympathy and social justice values // Journal of Adolescence. 2014. Vol. 37(7). P. 1201–1214. DOI: 10.1016/j.adolescence.2014.08.009
9. Kanekawa Education Reform Editorial Committee. (2006). Ensuring academic skills from preschool: Chikuho Kanekawa educational community. Kaihou Shuppan
10. Miyane, O. (2010). Konceptsiya shkolnogo uluchsheniya, osnovannaya na obshemu ponimaniyu sostoyaniya detey i problemyakh. Naruto University of Education, Graduate School of Advanced School Education (Unpublished final report)
11. Furukawa, H. (1990). Kouzou kowashi – psychology of organizational change. Seishin Shobo
12. Sako, H., Katsukami, H., & Shibayama, A. (2005). Case study of organizational response to classroom collapse in elementary schools. Naruto University of Education Research Bulletin

13. Wada, H. (2009). Organizational development research aiming at school improvement through teacher collaboration and principal leadership. Naruto University of Education, Graduate School of School Improvement Course, Master's Thesis (Unpublished)
14. https://pazarlar.meb.gov.tr/meb_iys_dosyalar/2021_07/06103714_09093609_degerleregitimi.pdf?utm_source=chatgpt.com
15. https://www.oph.fi/sites/default/files/documents/perusopetuksen_opetussuunnitelman_perusteet_2014.pdf
16. Luukkainen, O. 2004. Opettajuus - ajassa elämistä vai suunnan näyttämistä? Akateeminen väitöskirja. Tampereen yliopisto
17. Puohiniemi, M. 2002. Arvot, asenteet ja ajankuva. Opaskirja suomalaisen arkielämän tulkintaan. Vantaa: Limor
18. Luukkainen, O. 2004. Opettajuus - ajassa elämistä vai suunnan näyttämistä? Akateeminen väitöskirja. Tampereen yliopisto
19. Turunen, K. E. 1993. Arvojen todellisuus. Johdatus arvokasvatukseen. Jyväskylä: Atena Kustannus Oy
20. Schwartz, S. & Bilsky, W. 1987. Toward A Universal Psychological Structure of Hu- man Values. Journal of Personality and Social Psychology 53(3), 550 – 562
21. Schwartz, S. & Bilsky, W. 1987. Toward A Universal Psychological Structure of Hu- man Values. Journal of Personality and Social Psychology 53(3), 550 – 562
22. Hirsjärvi, S. Remes, P. & Sajavaara, P. 2010. Tutki ja kirjoita. Helsinki: Tammi
23. Turunen, K. E. 1993. Arvojen todellisuus. Johdatus arvokasvatukseen. Jyväskylä: Atena Kustannus Oy.121-123 беттер
24. Schwartz, S. H. (2012). An Overview of the Schwartz Theory of Basic Values. Online Readings in Psychology and Culture, 2 (1). [Viitattu 1.7.2018] https://doi.org/10.9707/2307-0919.1116
25. Helkama, K. & Seppälä, T. 2004. Arvojen muutos Suomessa 1980-luvulta 2000-luvulle. Julkaisussa Artikkelikokoelma tutkimushankkeesta Sosiaaliset innovaatiot, yhteiskunnan uudistumiskyky ja taloudellinen menestys. Helsinki: Helsingin yliopisto
26. Helkama, K. 2015. Suomalaisten arvot. Mikä meille on oikeasti tärkeää? Helsinki: Suomalaisen kirjallisuuden seura
27. Nussbaum, M. 2011. Talouskasvua tärkeämpää. Miksi demokratia tarvitsee humanistista sivistystä? Helsinki: Gaudeamus

28. Helkama, K. 2015. Suomalaisten arvot. Mikä meille on oikeasti tärkeää? Helsinki: Suomalaisen kirjallisuuden seura
29. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767

Мазмұны

Кіріспе.....		3
	Құндылықтарды оқу процесіне кіріктіру: халықаралық және отандық тәжірибе	5
	Тәрбие құндылықтарын оқу процесіне кіріктірудің теориялық-әдіснамалық негіздері	28
	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар	68
	Қорытынды.....	346
	Пайдаланған әдебиеттер тізімі.....	347

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарын оқу процесіне кіріктіру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Басуға 18. 03.2026. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 20.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы»
010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда»
БО, 16-қабат